



# ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ

## жала мен нала

1 20.10  
22887к




«Жалын»



# ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ

## жала мен нала

Повестер мен әңгімелер



АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1990



ББК 84Қаз 7-44

III 32

Пікір жазған — Габбас Қабышев

Ш 4702250201—65 18—90  
408(05) 90

ISBN 5-610-00606-6

~~104~~

© «Жалын» баспасы, 1990

# ПОВЕСТЕР



## ЖАЛА МЕН НАЛА

Екі қабатты үйдің қарсы алдына қалт тоқтаған Райысқа ағылып келіп, ішке қойып кетіп жатқан бала-лардың кейбіреулері ғана таңырқаса бағжылып, оды-райысып өткені болмаса, көпшілігі бұрылып та қара-майды. Ал бұлар оқып жүрген кезде мектеп аула-сынан бөтен біреудің сұлбасы көрінсе бітті — бәрі жа-па-тармағай анталай қадалатын. Қазіргілерге ештеңе таңсық емес. Әлдебір жайды қызу әңгімелеген екі ке-ліншек бұған көздерінің қықтарын тастап, безден-без-ден басып барады. Қанша туған мектебі болса да жатырқаушылық сезімнен арыла алмай, қолапайсыз селтип тұр. Ай-шай жоқ, ішке кіріп баруға да дауа-ламайтын тәрізді, жүрегі лұпіл қағып, тынышсыз соқты. Осы үйдің табалдырығын алғаш аттаған шақтағы бірен-саран жағдай еміс-еміс есінде. Санасының терең түкпірінен еңсөлі де зәулім, самаладай жарық ғимарат қылаңытқан сәтте, ыстық бір нәрсе көкірегін желпіп өткендей болды. Туған мектебіне он жылдан кейін кайтып оралып отырған беті екен бұл. Дүниеде бұдан өткен биік үй жоқтай көрінетін со кезде. Ал қазіргі қалқайған қалпынан етene жақын момақандық аңға-рылады. Окушыларға зейін бұра қарағыштауға көшті. Андал қараса, ересектері еркін, мығым басады, та-ғы өздері әлденелерді айтып мәз-мейрам. Қішкентай-ларының жүздері үян да тымпиынқы. Солар құраллы жүгіріп өткен қызы балалар құлындаі сүйкімді. «Дәл осындай уағымызда біз қандай едік өзі?» Әрқайсысы-ның кескін-нобайын түстеп ажыратып, айырмаса да, ауылдастарының әр түрлі тұрпаттары жадында жаң-ғырығатын сияқты. Қатарындағы балалардың біресе о жағына, біресе бұ жағына шығып, кім болса соған үрінып, тыныш таппай аласұра елірген қара домалак.

бала өзімен он жыл бірге оқыған Серіктен аумайды екен. Мұны соның інісіне үйғарған. Сондай беймазалығы үшін балалар Серікті «сайтан» деп атап кеткен еді. «Мынау енді қандай атты иемденді екен?» деп ойлады. «Мен бұлардың біразын оқытатын боламын рой, сонда!».

Ішке енгендеге жүрегі дес бермей лүпілдең соғып, көкірегіне ыстық бу шымырлай жайылды. Мұғалімдер бөлмесіне бірден кіріп баруға ыңғайсызданып, амалсыз бөгеле берді. Ұзыннан-ұзак дәлізді балалардың шуылы кернеп тұр. Осындағы тіршілікті кірпік қақпай шолған атақты адамдардың кейіптерінде сейіле коймайтын сұс бар. Бір қабырғаға тұтас ілінген соғысқа қатысан адамдардың суреттеріне төне қадалды. Көбісі — қаршадайынан білетін шалдары. «Бізді мына шудың ортасына әкеліп қойғаны несі» дейтіндей аңқайыңқы көмбіс сыңайларында жатырқаушылық бардай. Назарын әркімге көп кідіртпей осылайша жүгіртіп етіп тұрған. Қенет бесіншіден сегізінші класқа дейін тарих пәнінен сабак берген Досаевтың кескінін ұшырatty. Танертеңнен алып-ұшқан көнілі аяқ астынан ортайып: «Серіктің әкесі Қеңеске дейін бар, Досаев оны баяғыда пленде отырған деген сиякты еді. Сонда менің әкемнің суреті мұнда неге ілінбеген?» деді ішінен. Досаевтың бейнесіне қайтадан көз тігіп, кияптындағы ойлылыққа ұқсайтын сарабдалдықты ұзак барлады.

Конырау соғылғанын да сезбесе керек, окушылардың шу-дабыры сап басылып, зал тылсым тыныштық құшағына еніпті. Екінші қабаттағы директор кабинетіне баруға оқтала бергені сол еді, мұғалімдер бөлмесінің есігі жайлап ашылып, ар жақтан бір топ кісі сайтіп шыға келді. Бұл оларға, олар бұған таңырқаса қарасты. Зәуреш апайы өңін әлі бермегенге ұқсайды, ал Санат пен Жылқыбек ағайлары боз бас болып улгеріпті.

— Ал қартаймай көріндер енді. Өзін оқытқан балаң өзінмен бірге жұмыс істеген сон-ак, аксақалдыққа мойын бүрган деген осы.

Бәрінен бұрын жетіп келген апайы қолын алып, катты сілкіледі. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен берсе де ешқандай артық-ауыс әңгімеге бармайтын қаталдау кісінің емен-жарқын қалпына сенер-сенбесін білмегендей, бұл бір сэт анырып қарады. Зәурештің шарасы

үлкен көзінен сыншылдықтың баяғыдан таныс байыпты уытын сезді. Санаттың сүзіле қарағандағы жанарына ұялайтын жылы нұр қараторы кескініне іркілген шаршаңқылықты елеңпей жіберетін секілді. Осы ағайының әзіл-қалжынға үйректігінен бе, «химия қызын, ашиды миң» болса да, бұлар әйтеуір жалықпайтын. Ал мына Жылқыбек ағайының қақ-соқпен онша ісі жоқ, кіріп келіп дереу бойлықтар мен ендіктерді, құрлықтар мен мұхиттарды түсіндіре жөнелетін. Ол жағынан келгенде бұл қаснеті институт мұғалімдеріне қатты ұқсайтынын кейін барып ойлаған еді. Осы сәтте қуақы жымын алған Санат:

— Зәке, он жерден қартайдым деп айт, айтпа, бұлар бәрібір саған жастығын бермейді. Бір күні төбемізден қарайтын дәу бастық болып шыға келсе, өзіміз оқытқан шәкірт еді деп кергіп те тұра алмаймыз біз жазған. Одан да, Райысжан-ау, ат-көлігің аман ба, үйлібаранды болдың ба, болсаң кішкентайларың қанша деп сұраған жөн.

— Біздің алдымызды орап кететін қашанғы әдетің еді, бұл баланың бастық болатынын да елден бұрын өзің айттың. Жақсылықтың бәрі сенікі-ақ болсыншы, біз Зәуреш екеуміз қызғанбай-ақ қоялық.

Жылқыбектің сөздеріне үшлеуі бірдей құлді. Жүзі өрттей қызарып кеткен Райыс ұстаздарына көзінің астымен қарады.

— Элі үйленген жоқпын, — деді.

Танымайтын ортаға тап болғанда кім мұны өстіл елеп, аспан-сайбақ етер еді. Өзін кексе жігіт санағына қосса да, қазір нақ бозөкпе баладай сезінді. Қөңілін түсініксіз қуаныш тербеумен бірге бір босаң се зім жүрегін сыйдатып өтті. Мұның өңіндегі құбылыстарды байыптай түскісі келгендей үш жақтан қадалған сыншыл назардан қысылып та барады. Санат осы кезде екінші қабатқа аппаратын тепкішекке көз қызығын тастанап, бойын жиып ала қойып тіктеліп алды.

— Эне, бізге қарай Сәкен келе жатыр. Оқушымыздың алдында әжелтәуір болып түрғанда ол кісі мақтамен бауыздап жүрсе үят шығар, қой, есіміз барда елімізді табайық.

— Ештеңе жоқ, оқытқан баламыздың бәрі мұғалім болып жатса қайда жүр. Сәкен де қуанады, қуанбаса қуантамыз, — деп, әңгімеге киліккен Зәуреш сынғырлап күліп жіберді.

Бір жайды сарыла ойлап, соның түбіне жете алмаған кейіппен өтіп бара жатқан Сабыр кенет қалт токтады. Әйнектің ар жағындағы қоңыр көздеріне жылы нұрды молынан ұялатып, езуіне куакы кулкі үйірді. Бұл кісі не айтпақ екен дегендегі бәрі оның аузын баққан күйі тынып тұр.

— О, ғозелдер, көзайым болып ұлгергенсіңдер ме, дұрыс.

Сабыр бұған бүкіл денесімен бұрылып, бір уақ сазара қадалды. Бала кезінен етене таныс осы момақан пішіннің селт етіп лезде сергектікке көшетін болмысында қандай құдірет барын кім білсін, Серік екеш Серікке дейін директор десе сымдай тартылып, сыптай болып тұра қалатын. Сөйткен кісінің мысы қай жерінде. Байыптаң қараса, акқуба дөңгелек кескінінен жыпжылы жуастық аңқиды. Әлденені айтуға оқталғанда аузын шүйіріп, мықылшыл қалыпқа көше қоятын тұрысының өзінде кісіні баурап әкететін ерекшелік бар. Қоңыр даусын соза әндептіп шығарады. Ондайда реңі күреңіте шымырлай жөнелетінінен бұл әйтсе де әжептеуір жатырқап тосылады екен.

— Жақсылықты жақсылық деп түсінгенге не жетсін. Білсендер бар ғой, мен сендердің осыларының өзіне разы болып тұрған жайым бар. Қуанатын жасқа келіп тұрып, қуанбайтын елді де көргенбіз.

Болымсыз жымиып тұрған Санат дереу қатқыл сыйнайға еніп, назарын Сабырға жорта наразы таставады.

— Осы, Сәке, өкшенізді басып келе жатқан бізді әлі бала көретініңіз-ай! «Қолда өскен аттың тай аты қалмайды» деуші еді. — Сабыр тіксініп қалғандай одырая қарады.

— Санат шырағым-ау, біз енді көп болса бес жыл жұмыс істейміз. Саған әлі қайда, кемінде он, он бес жыл бар. Қырма сақал қырыққа келген біреу үйленбegen сон, жаңағы жерде інісі айтады дейді: «Осы ағам не өлмеді, не кезекті бермеді» деп. Орнымды жастарға берейін деп аудандағыларға құдайдың құтты күні қақсаймын.

— Қартайып тұрған жоқсыз ғой, ағай, — деп арада Зәуреш сөзге килікті.

Сабыр аяқ астынан қабағын сұстана түйе қойып, үшеуіне бір-бір шүйіліп барып, назарын Райысқа салды.

— Мына Райыс та кейін өздерің сняқты жақсылықты жақсылық деп үғынуы үшін осы тұрған бәріміз кл-

сына ертіп барып таныстырып шығалық, — деп, ешкімге қарайламастан өзі бастай жөнелді. Оның соңынан үи-тұңсіз ілескен үстаздары бір-біріне қараң, жымыңжымың етісті. Санат уақытының тығыз-таяң екендігін сездіргісі келгендей сағатына қарагыштал:

— Сәкең айтқаннан кейін жүрмеске амалың жоқ, әйтпесе алтын уақыт дегенің заулап отырып бірталай жерге барып та қалыпты, — деп үрлана бұған көзін қысып қойды.

Салып ұрып бара жатқан Сабырдың нак қазіргі қалпынан мазаң ойдан арыла алмаған бір көнілсіздік сезіледі. Соғысқа қатысқан кісілердің ортасынан орынды ойып алып тұрған Досаев та осылай журуші ме еді? Түкпір жақтан екінші қабатқа қарай көтерілетін тепкішектің тұсында директор қызыл тақтаға әспеттеп айқастыра іліп қойған күрек, сүймен, шелек, балондарға бір мезет сұстана шуйіліп өтті. Оған сонша тесілетіндегі не тұр деген сыңайда бәрі бір-біріне таңырқаса қарасып қойды.

— Осындағы баттасқан шанды қазір елемей өте берсем де ешқайсысың кінә қоймайтын едіндер. Бірақ соны мына шыққыр көзім көреді, көрген соң сөйлемей тұрмайсын. Жасымызда әке-шеше деген жарықтық неге зарлай береді деуші ек? Енді өзіміз де зарзаман болып бара жатырмыз.

Оның сөзін жыныған қалыптарында тыңдаған үшеуіне кенет Сабыр жалт бұрылды да, сәл бөгелген күйі ләм деп тіл қатпай жоғарыға қарай бет алды. Жүзіндегі манағы момақан жайдарылылықтың ізім-ғайым жоғалғанына антарылған Райыс ыстық-суғы алмакезек ауысатын ендігі өмірдің түрлі қитұркысынан жүрегі сескене ме, көнілі тынышсыз қобалжи берді.

— Райыс, көрдің ғой, бұл ағаларың күледі, ал мен жылап жібере жаздауға шақ қалып келемін. Айтқызбай істейтін адамдардан айналып кетпейсің бе, бұл күнде, — деді Сабыр.

Өз-өзінен қуыстанып, ана екі ағайына үрлана қарады. Олардың жүздері түк болмағандай жайдары. Директордың мұндай қалтарыстары тек өздеріне ғана мәлім секілді көздері күлім қағады. Эрбір кластың тұсынан өткен сайын көнілі өрекпі берді. Қарсы алдындағы бөлмеде химиядан лабораториялық тәжірибе жасайтынын есіне алды. «Казір бұл не болды екен? Бүгінгі кабинеттік жүйе дегеніміздің ұшқыны бізде сон-

да-ак бар екен-ау» деді ішінен. Сол есікке жетіп келген Сабыр тұтқаны ұстаған бойы біршама бөгеліп барып ашты. Арғы жақтан толассыз шудың дабыры қатты естілді. «Сабыр ағай соған бола кідірген екен ғой» дегенше болған жоқ:

— Міне, Райыс, мұнда қазір сенің бесінші класың орыс тілін оқып жатыр. «Ой, бесінші клас па» деп ол-қысынбай-ақ кой. Бұлардың бір күні оныншыға қалай жетіп барғанын да сезбей қаларсың. Сонда сен де мына Санат ағана ұқсан алтын уақытыңды жеткізе алмай әбігерге түсіп жүрерсің. — Сабыр есікті шалқайта аша түсіп, ішке жайлап енгенде, шу құлақ жаратындағы күшті естіліп барып сап тынды. Ортада сабақ түсіндіріп тұрған талдырмаш қыздың қағаздай аппақ өніне лыпып қан жүгіріп, әлденеден секем алған сыйнайда көзі кең ашила кейін шегіншектеп кетті. Мұншама адамның топырлап кіріп келгеніне не жорық дегендей, орындарынан атып-атып тұрған оқушылар үрпісіп-үрпісіп қалды. Санат пен Жылқыбек ағайларының жүздерінде өзіне бала кезден мәлім сұсты ұстамдылық молая түсті. Мұғалима қызыға әлденелерді сыйырлап айтқан Зәуреш апайы бұған көз қызығын бірекі мәрте тастап қойды. Айттар сөзін ойша жұпташ алысы келгендей оқушыларға ұзақ қадала аялдаған Сабыр аузың шүйіре ашқанда мыскыл шалыс әлденені езуіне жиып ала қойғанын көрді. Жүргегі өз-өзінен лұпілдеп, жиі-жій соқты. Көз әйнегін жарыққа онды солды шағылыстыра жарқ-жүрк еткізген директор шұғыл серпіле жәнделіп, тікейіп алды.

— Осынша адам сендерге еріккеннен келіп тұрған жоқ. Мына Санат пен Жылқыбек ағаларың, ана Зәуреш апаларың не нәрсеге болсын алтын уақыттарын кия бермейтін кісілер. Райыс деген ағаларың жоғары оқу орнын бітіріп, сендерге муғалім болып келді. Оқытқан шәкіртіміздің енді өзімізben жұмыс істейтінін көрген соң он жасқа жасарып қалған жайымыз бар. Егер сендердің араларыңнан кейін осындаі әлетке жететінің шықса, біз онда жиырма жасқа жасаратаң шығармыз.

Директор сөзінің әсері қандай екен дегендей бұл ұстаздарының кескініндегі құбылысты бақылады. Әрқайсының жүздеріне ойлылық іркіліс тауыпты. Енді оқушыларды байыппен жайлап шолуға кірісті. Он жақканаттың бірінші қатарындағы үкідей бағжия қалған қыз баланы әлдекімге ұқсатады, бірақ оның кім екені

есіне түссе ше. Ал соның қасындағы оқушы онша ешкіммен аралас-құраласы жок жоғары көшеде тұратын сныршы кісінің кейпіне келеді. Жолығып, амандаса қалсаң: «ей, мұның рас па?» дейтіндегі аңыра селтиіп барып үн қатады. Мына баланың да қара домалақ ұсқынынан сондай момақандықты андауға болатын тәрізді. «Серіктің үйіндегі он шақты баланың біреуі осында отырған шығар?» деп оқушыларға назарын жағалата тастағанмен оған ұқсас ешкім көріне қоймады. Кенет оң жақтағы қатардың сонына таман отырған қалың беті бұлтының, мұрны делдиңкі біткен оқушыны шырамытатын секілді қалт тынды. Коңыр көзінің аясындағы естиярлыққа ұқсас әлденеге әуелі алданып, аңқайып қалды. Титтей де қымсынып қоймайтын марғаулау болмысы баяғы Досаевқа қатты келеді. Мұның тесіліп қарап қалғанына көзін төңкере тастап наразылық білдіріп, қабағын шытынғанына дейін әкесінен аумайды. Қекірегін от қауып, тұла бойы дуылдап өтті. Сабырдың не деп жатқанын зейін қойып тындармады. Өзіне бола еріп келген ағайлары мен апайын да ұмытып, қалың қабақты балаға арбалып қалғандай селтиіп тұра берді. Директордың «Райыс, Райыс» дегенін естігендеге барып, сelt етіп бойын жиып алды. Мұның бағанадан сөзін тындармай өзімен-өзі болып тұрғанын сезген Сабыр тұла бойын бастан-аяқ сүзеттінгіп шықты да, қуақылықпен жымып қойды.

— Ағаларыңың түсінің сұқыттығын көрдіндер ғой, кейбір апа~~л~~арыңың сабактарында шулағандай шулансандар, айтпады деп журмендер, тұра бар ма, ондырмайды.

Өні өрттей қызырып кеткен Райыс осы кезде Досаевтың баласы жакқа көзінің қырын еріксіз тастады. Селт етпестен сазарған күйі отырған оның мына болмысында балалыққа жуыспайтын байсалдылық бар. Зәуреш апайы шарасыз кейіпте жымып қана тұр екен. Биғайша атты мұғалима қыздың кескінінің алабұртқанына жылы шырай танытып, бүкіл денесімен бұрылған Сабыр:

— Қалқам, уақытыңызды белгениңіз үшін сізге көп рақмет, — деді де ешкімге қарайламастан кете барды. Мұндай оқыс кимылды күтпеген Райыс асып-сасқан күйі Санатқа қарады. Сабырдың сырт бітіміне ұзак қадалып барып, еңсесін тіктеп алды. Зәуреш пен Жылқыбек екеуінің қабақтарына үялай қалған кіrbіңнен

әжептәуір құystанып: «Бәріне сыр алдырып койдым-ау, шамасы» деді. Сыртқа шыққан соң: — Сәке, — деп дауыстаған Санатқа Сабыр жалт бұрылды.

— Досаев марқұмның елуге келіп жасаған тойында сөйлеген сөзі есінізде ме, «келгендеріне де, келмегендеріне де ракмет» демеп пе еді.

Аққұба жүзі аяқ астынан алабұрта жөнелген Сабыр:

— Бұл білмestіk дегенің кісіні өстіп соңынан опындыратыны жаман да. Жас болса келді, бас болса істемейді. Сендерге ракмет айтуды ұмытып кетіп бара жатыр екем ғой, қара басып, — деді.

— Ой, Сәке-ай, сізге әзіл айтудан да қалып барамыз ғой, бұл.

— Әзілде, әзілде, — деп көзін бір қыырға қадап барып кенет Санатқа қайта шүйілді. — Осы Досаевты көрінде тыныш жатқызысақ қайтеді?! — Райысты иегімен нұскады. — Мыналар ненің қадірін біледі.

Директордың назары енді өзіне ауғанын байқаған бұл оның әлpetінен қатулықтан гөрі бір нәрсенің ба-бына тереңдеп барып, содан көнілі оңбай қалған құлықсыздықты танып, құты қаша түсті.

— Сәке, біз жүре берелік, — деп, Санат кілт бұрылғанда қалғандары да соны күткендей ләм деместен оның соңынан ілесті. Сабыр аса құпия жайды айтатындаи бұған ақырын жақындал келді.

— Сен ойлап қалып жүрме, аналар маған ренжіп бара жатыр екен деп, түк те олай емес. Менде басқа шаруаң жоқ болса, завучтан сағаттарынды белгілей бергің, — деді де, мұның қолтығынан ұстап, төмен қарай алып жүрді.

Ал бұл мұғалімдер бөлмесіне бірден кіріп баруға әлденеден ыңғайсыздана береді. Терезенің тұсына келіп, сыртты шолды. Қара күздің шымырлаған салқын мезгілі. Бастары біргеңіс қырқылған ағаштың сапсары жапырактары елпелек қағады. Кіші Досаевтың қымсынып қоймайтын сыйданыңқы әлpetі ойна оралғанда: «Қайда барсам да Досаевтардан құтыла алмайтын болдым ғой. Оны көрінде тыныш жатқызбай жүрген кім сонда?»

— Райыс-ай, сен әлі тұрсың ба?! — деген дауыстан селт етті. Дәл осы сәтте өзін баяғы окушы сияқты сезінді. Әлі күнге дейін шешіліп, бір ақжарқындық танытпайтын мінезін ойлады. «Мен енді Досаевтың баласының класс жетекшісімін» деді төтеннен бір ой ки-

мелеп. Оның баяғыда айтқанының ақ-қарасы әлі толық анықталмағанын есіне алғанда бас шекесі зырқ ете тусты. «Досаев неге мезгілсіз өлді екен?!» деді тістеніп.

Сабыр кім бар екенін көргісі келгендей мұғалімдер бөлмесінің есігін шалқайта ашып, ішке бас сұқты да, Райыска жүр деген ишара жасады. Оқушы кезінде бұл бөлмеге анда-мұнда ғана кіретін. Сонда мына «Т» әрпіне ұқсастырып қойылған ұзыннан-ұзақ үстел, жағалай тізілген орындық, он жақ қабырғада қаз-қатар түрған шкаф — бәрі жасаулы жиһазға толы сарай спектанатын. Мұнда қазір де ешқандай жұпымылық жоқ екен, не нәрсе болсын шашауы шықпай рет-ретімен орналасыпты. Төрде қағазға шұқшиып отырған кісі бейсауда кіріп келгеннің бірі — директор екенін байқаса да ұстамды қалыптен оны көзімен бір сүзіп өтті. «Мынау кім?» дегендей Райыска да байыпты қарады. Тағы қандай жұмыстың ұштығын шығарғалы келді екен деген сыңайда бастығына сазара қараған қалпының өзінде ештеңден саса қоймайтын сабырлылық бар. Оку ісі жөніндегі орынбасарына өзімсінген райда сениммен келген Сабыр:

— Кенеке, мына жігіт туралы кеше айтып ем ғой. Соны, міне, енді өзініздің қоластынызға әкеліп отырмын. Қолдан өсіп шыққан оқушың дыңдай математик болып оралса, жан қала ма, класына Санат, Жылқыбек, Зәуреш — бәріміз апарып, таныстырып та қайттық, — дегендеге оның өңіндегі манағы салғырттық тез сейіліп, лезде кунақ шырайға көшті.

— Жарықтық қариялар алдым өспесе өспесін, артым өссін деп тілейді деуші еді, Сәке. Онда мереке сізде екен ғой.

— Айтпаңыз, Кенеке, қуанған да бір, қорықкан да бір. — Сабыр әдетінше аузын шүйіре ашқанда езуіне жиыла қалған куакы күлкіні андады. — Осы жаңа ғана Санатқа ренжіп ем, реті келген соң айтайын деп түрменин. Досаевты білесіз ғой, соны ен кенжесі бірде абайламай «ата» деп қойса керек. Бұл сөзден оның шошынғаны сонша, «сұмдық-ай, мені балам ата деді» деп марқұм көпке дейін аузынан тастамай айтып жүрді. Ал сол Досаев қазір тірі жургенде мұғалімдердің мұғалімі болатынына қалай қарайтын еді, кім білсін.

— Ол кісі аталықтан неге қашты екен? — Сабырға сұраулы жүзбен байыпты қараған оку ісінің орынбасары қабағын кере болымсыз жымиды.

— Ата болудан неге қашты дерің бар ма, Қенеке. Мына жарық дүниеде өзімізді жуырманда өлмейтіндсей көрстініміз барғой кейде, — деп Сабыр Райыс жаққа назарын екі ойлы тастады.

— Мыналар сол ата деген сөздің төркінін білуден дә қалатын шығар, әуелі. Ата болудан Досаев ағалары қашқанда, бұлар қайда барып ондырады дейсін.

«Ондырады дейсінге» Райыс әжептеуір елеңдеді. Сабырдың Досаевты аузынан тастамай, ылғи мысалға ала беретініне таң. Эйтсе де ол туралы не жақсы, не жаман демейтініне қайран. Ал оқу ісінің орынбасары Сабыр әңгімесінің күрмеу-түйінін ойша тарқатып отырғандай белгісіз тараңқа назарын қадай береді.

Бұрнағы жылы жатақханадағы студенттердің бір қызылкенірдек дау-тартысы осы сәтте ойына сап ете түсті. Дөңгелек жүзді төрт көз жігіт әдеті ме, көзәйнегіне қолын қайта-қайта апарып, түртпектеп тыныш таппады. Қісіге бойкүйе здеу әлпетпен қарагыштай да береді екен. «Достоевскийдің Раскольниковы «Адамдар шындықтан қорқады деген» деп әңгімеге килікті. Мұндағы ақылды сөзге тым тосаң шығатын даусының сәйкеспейтініне көнілі сонда әжептеуір ортайып калған еді. «Адамдар шындықты айтудан қорқады» дегенді қазір ішінен әлсін-әлі қайталай береді.

Үйіне тақаған кезде жалғандағының бәрін мансұқ етіп, есіктің алдында осылай қаракетсіз отыруға өмір бақи бекінген сыңайдағы әкесін көрді. Тек бұл жақындағанда ғана тікtele жөнделіп, бір жөткірініп алды.

— Иә, мұғалім батыр, қалай, сабағының өткіздің бе? — Қөзін сыйрайта қадағанда сопайған жағының әжімдері қатпарлана жиырылды. Мұнысынан баласының мұғалім болып, сабак беруін қызықтағандыққа қоса, мақтанышы қабат білінеді. Қенет ұлының өніндеңі кірбінді анғарып, «мұнысы несі» дегендей аңтарыла қарады. «Осының балалығы қалмаған ба, өзі?» Кескініне еш қатылдық жимастан Әbdібай жауап тоса шүйіліп әлі отыр.

— Қеке, менің класымда Досаевтың баласы оқиды екен, — деді.

Қара торы жүзі сүрлана қүреніткен Әbdібайдын кос шырағына ызбар үялай қалды. Әкенің салыңқы ажары ойдан әбден сарылып, қажып-сансыраған сияқты көрініп кетті. Шешіліп сөйлесудің орайын таппаған Райыс ауызғы бөлмеде аяқ киімін шешіп жатып, әкесіне кө-

зінің қызығын үрлана тастанды. Осы кезде «келіп қалдың ба, балам-ау» деген шешесінің әдеттегі сыйдайсының әлпетімен қарсы ұшырасты. Шаруасын үнемі ың-дыңсыз атқара беретін анасының бітіміндегі момақан көмбістік қөнілін бүрын-сонды дәл бұлай сыйдатып па еді, сыйдатпап па еді, білмейді. «Мен өзімді қанша жоғары білімім бар азамат болым, жұмыс істеуге кірістім десем де, Досаев әңгімесінің ақ-қарасын әлі айырмағаным қалай?» деген ой санасында қылаңтып өтті. «Досаевтың ата деген кенжесі жаңағы өзі оқытатын салыңқы қабағы шығар? Соғысқа қатысқандардың арасында ол маңқылып тұрса, менің әкем есіктің алдында күйкип отыр. Бұл кісінің суреті шынында оған неге ілінбеді екен? Досаевтың айтқанындағы бір кілтиппан болғаны ма?» Эскерде жүргенде: «осыдан тұра ауылға барған соң бәрінің анық-қанығын сұрамасам ба, қарап тұр» деген батылдығына босаң сезім еш қылау түсірмейтін. Сөйткен ауылына да келді. Бастапқыда ол ойы жадынан шығып кеткендей болды. Қекіректі сыйдатқан екі жылғы сағыныш, дос-жаранға қосылып апай-топай тіршіліктің ырқымен кетуі, ақыры біртіндеп сабасына түскенде сол құрғыр батылдығын біржола жоғалтты емес пе. Содан оқу, бірінші, одан екінші курсты біткеннен кейін деп жүріп уақытты оздырып алды. Енді келіп Досаевтың баласымен ұшырасып отыр, ұшырасқанда — өзінің оқушысы.

Ертеңінде тамағын апыл-ғұптыл ішіп, мектепке тұра жөнелді. Жол-жөнекей асықпай жайбарақат бара жатқан оқушыларды да басып оза бергенде тұсынан құйындытып өткен «Белорусь» анадай жерге барып, кілт тоқтады. Дық етіп секіріп түсіп, өзіне қарсы жүрген-нің жалпақ кескінін бірден таныды. «Мынау Мұқанғой, кәдімгі бақа, бақа, бақ-бақ, басың неге жалпақ» қой деп, Райыс еріксіз кідірді.

— Эй, ұзынтура, салып-ұрып қайды бара жатырсын? — Райыстың қөніліндегі алып-ұшқан сағыныш дес бермей кететіндегі көрінетін. Жол бойындағы балалардың бәрі бұларға жаппай жалт қараса қалғанынан катты қуыстанип, анқаландап өзіне жетіп келген Мұқанды тосырқай қарсы алды. Бәз баяғы қалпы, екі езуі құлағына жете ырсылып күліп тұр.

— Эй, Мұқан, байқасаныш, балалар естіп қалса үят болады. Мен енді анау-мынау емес, кәдімгідей мұғалім екенімді білмейсің бе, не?!

Шырттай киініп шедіреіп алған Райыстың қалпына Мұқаң бір мезет бажырая карап, күні кеше өзімен тел өскен бұған мұғалімдікті шынымен қимай ма, әйтеуір, тас шекесінсін шыға алайған көзінде таңырқау басым. «Бақабас» деп балалар мұның басының үлкендігіне бола емес, мағынасыз шақырайған мына көздері үшін атаған екен-ау деп ойлады. Барлығынқы қоңыр даусынан қатты есейіп кеткен сарынды аулады. Еш нәрсеге алаң бола қоймайтын кейпіндегі қамсыздық әлі сол қалпы екен.

— Сен жаман да мұғалім болдың-ау, енді оны жумайсың ба? — Мұқан өзімсінгендіктің бұл өтеуі тым қымбатқа түсіп жүрмесін дегендей сенімі нық.

— Сабактан қалып бара жатырмын, ал жақсы, — деп бұл оған қолын ұсынды.

Мектепті бітіргеннен кейін Серікпен де, Сейітпен де, осы Мұқанмен де өте сирек жолығатын. Қөптен асыға күткен кездесудің бірі осылай болады деп тіпті ойла-мапты. Есік пен төрдей биік торы атқа шіреніп отырған Досаевты бала кезінде бір бәйгеде көргені бар. Төңірегіндегі шал-шауқан сонда Досаевтың аузын бақса, ол жазғандарда оның түк ісі жоқтай тұрған бойы паң. Мына шуылдақтардың жанында амалдың жоғынан тұрмын-ау дейтін сол бір кейпі қазір ойлап қараса ол айналасындағылардың берінен өзін жоғары қояды екен ғой, «Досаевтың алдында сол шалдардың қандай кінәсі бар?!» — деді бұл кенет. Сақалдары қауғадай, бөріктері қазандай асықпай жаймен басатын шалдардың көбінің көзі қазір тайған. Өмірінің бәрін есік алдындағы орындықта өткізетін әкесін кенет қай санатқа жатқызарын білмеді. «Соғысқа қатысқандардың суретінің ішінде Досаев бар да, менің әкем неге жоқ?» деген түйткіл сауал көкейінен кетпей көлденең тұрып алды. Екі ортада әкесін не анаған, не мынаған қоспау сүмдүк түсініксіз көрінді. «Атаңа нәлет бұл шалдар өңкей надан, кертартпа» деп еді Досаев бірде сабак үстінде. Осы сөз сөйтсе санасына мықтап бекініп алыпты. Содан бастап шал біткенге аяушылықпен мұсіркей қарайтындықты шығарып еді. Бала кезінде соғысқа тек Досаев сындылар ғана барады, тек сол сындылар ғана ерлік жасайды деген ойдың орнығып, ал қалған жүрттың бәрі күр әшейін жүрген далакпай көрінуіне кінәлі сол — Досаев, басқа ешкім де емес. Райыс солардың бәрін балалыққа аудара салғысы келгенімен

жүректің терең тұпкі қалтарысынан дес бермейтін шынышыл үн бас көтеріп шыға келеді.

Мұғалімдер бөлмесінде бірлі-жарым адам өзара шүйіркелесіп тұр екен. Кешегі Биғайша деген қыз өзіне таңырқаулы пішінде жалт қарады. Сондайлық таза, сондайлық аппақ қыздың сырт қалпы қалалық ыңғайға келгенімен томырылған үяңдығына тан. Была-йынша ширақ болғанымен балаларды игерे алмайтын болбырлығын ойлаған заматта Райыс Биғайшага бір түрлі мұсіркей қарады. Өзінің бойынан да осындаі бір осалдықты сезінетін бұл тез шығып кетудің қамымен журнал тұратын үяларға еңкейгені сол еді:

— Сіз 5 «Б» класының журналын іздеп жүрсіз бе? — деген дауыстан еріксіз іркіліп барып, артына жалт бұрылды. Мұғалім қыздың көзімен көзі түйіскен сэтте көнілін төтенше бір ынтық сезім қытықтап өткендей болды. Сонысын сырт көзге білдіріп қойғандай кескініне бұрқ ете қан тебе:

— Иә, — деді.

— Ол менде, — қыз журналды майыса ұсынды. Райыс оны ала салған бойы ләм деместен сыртқа бетtedі. Биғайшаның да, өзгелердің де мұндай шалт оспадарлықты тосырқай қалғандарын анық сезді. Тоңмойын жаратылысына іштей қатты опынса да өмірдегі тәртіп пен рәсімнің бәрін бірдей сақтай беру мүмкін еместігін ойлады. Белінен бір-ак басып жүре беруге де болмайтыны мәлім, сөйтсе де сондайға өзінің икемі жоқтығына амалсыз жүгінді. Класқа кіріп келгенін балалар орындарынан атып-атып тұрғанда бір-ак білді. Отрындар деген ишарат жасамастан журналды әуелі үстелге қойды, содан соң барып бәріне жаппай назарын салды. Осының өзі неге керек, әшейін далбаса дейтіндей айналасына немкеттілікпен қараған кіші Досаевты көрді. Бұл қанша тұксип, түнере түскенімен, селт ете коймайтын меммен салғырттық. Қыз балалардың кейбірі шошынулы сыңайда бакырайып қарайды. Осы кішкене аралықтың өзінде бір-екі оқушының іштері пысып кеткендей миықтарынан күліп, еріндерін жымқыра тістеп алыпты. Эр уақыттың өз Серігі мен Сейіті болса, мына екеуі солар шығар, бәлкім. Сонда бұлардың Мұқаны қайсы? Эрқайсысына назарын тұрактата түсіп кідіргенімен, ол пошымдас ешкім көрінбеген соң, кез күніғын кіші Досаев жакқа елеусіздеу тастап қойды. «Бұлардың Мұқаны осы емес пе екен өзі?» Бірақ бұл

оійнан тез қайтты. «Мұқан корқак. Ал мынау сәл шыдасаң үлкен Досаевқа ұқсап көзәйнегін жұлып алып, тесіреіе қадалатын сиякты». Аппақ қағазбен тысталған журналға көзі түскенде ғана сабак өткізу керектігін ойлады.

— Отырындар! — деді де, тізімге әуелі жалпылай көз жүгіртіп шықты. Содан соң оқушылардың бағаларын шамалады. Кулімбетова Айна деген қыз ғана бұрын бестік баға алышты. Ежелгі тәжірибе ме, жок, әлде жақсы оқитын балаға ынтық бола ма, әйтеуір Райыс осы фамилияны бірінші атады. Нак осы сәтте Досаевтың оқушыларды әкелерінің аттарымен Әбдібай, Кенесбай, Серікбай деп шолак қайыратыны есіне түсіп, миығынан бір күліп қойды. Қазір өзі де «Күлімбет» деп барып, «ованы» соңынан бір-ақ қосты. Соған кәдімгідей ыңғайсызданып, Әбдесбаевты шұғыл тез айтты. Орнынан созаландап тұрған қара домалак оқушыға сәл іркіле тесіліп барып деру Болысбаевқа қөшті. Шетінен бәрін өстіп тұрғызып, бет-жұздерін аныктап қарал алыш, Кулімбетовага назарын қайта аударды.

— Үйге қандай тапсырма берілгенін айта қойшы.

Орнынан қымсына көтерілгей қыз:

— Дайындалған жоқпын, — деді. — Даусынан кінәліліктің жүрнағы да сезілмейді. «Ылғи мен айта берем бе, басқалардан неге сұрамайсыз» деген реніш бардай. Райыс анырып көп тұрып қалды. Өмірде өз өтімділігін бұлдайтын әдettің ежелгі құйтырқұсы ма бұл, оны айырып, сараптауға еркі жетпеді. Осындайларға ылғи есе жіберіп келгендіктің қарымтасын қайтарудың бір кезегі жетті-ау акыры дейтін табашыл сезім ырық бермей өршіп барады. Тек сыр бергісі келмей тұксінкі қалпы: — Отыр, екі! — деді. Бір сәт тосырқай қараған оқушы жалп етіп отыра кетті де, бойын төтенше долылық буғандай екі қолын жастана жылап жіберді. Райыс бұған зейін бүрмай журналға кайта шұқшиды. Өнкей үштік баға қойылған фамилияның тұсына еріксіз кілірді.

— Әбдесбаев, сен айтшы, — деді. Сөлбіреіе тұрған қара домалак «менен не сұрамакшы» деген танырқау шалыстанған киястықпен көзін төңкере қадады. — Білесің бе, білмейсін бе? — деді бұл шыдамы таусылып. Оның салғырт нышанында ештеңеден хабары жоқтығына опыну емес, мазаны алудың жайсыз нәубеті келгенінен шошыну ғана бар. Бұған көзін ара-арасында

сақ тастаған сайын жанары алайып, қарашықтары дег-бірсіз ойнақшып кетеді. Үлкен Досаев баяғыда бұларды оқытқанда білмей келген баланың құнделігіне бір күнгі сабактың орнын тұтас қамтып екіні баттитып бір-ақ қоятын. Ал мынаған ондай екіні он жерден қой, бәрібір түк өнбейтінін білді. «Кіші Досаев қалай болды екен?» деді.

— Досаев, сен айтып көрші.

Әуелі маған бірдеме деді ме дегендей жан-жағына қаранып алып, орынан аспай-саспай көтерілді. Осы сәтте оның соншалықты сүйкімсіз емес екенін байқады. Тек қабағын сәл шытынғандаға ғана қалың беті бұлкете түскенін аңғарды.

— Тендеулер.

Мынаның әкесінен аумайтын жүзін бақылаған сайдын: «Бір пүт, бір пүт нан жеп, балшықтай-балшықтай болып отырасындар» деген қоныр даусы құдды өмірдегідей дәл құлағының тубінен естілгендей болды. Досаевтың балаларды соншалықты жақсы көре қоймағанына нақ осы жолы көзі жеткенинә қатты таң қалды. Өмірінің түйткілді жағдайына айналған оның сондағы әңгімесінің өзі жаңағы ойын растай түскендей. Енді оның баласының бойында біреуді жақсы көретін қасиеттің болатынына кім кепілдік береді.

— Ал тендеулер дегеніміз не? — Селт ете қалған оның қоныр көзінің шарасынан «мынау қайтеді-ей» дейтін қомсынуға үқсас әлдене барын андады. «Бұл Досаевтың өрен-жараны, демек, мұның қанында да сондай опасыздық бар» деп қәміл сенетін еді. Бақса, мынауың сынарезу бірбеткей ме, қалай өзі? Қөзін бұған қаймықтай тіке қадап, өткен тақырыпты жайлап айта бастады. Бетіндегі жыпырлай қаптаған ұсақ секпіл торғай жұмыртқасінікі секілді шұбар ала. Сонысина қарамай сабакты жүйелі білетіндігін байқатқан оған:

— Отыр, бес! — деді.

«Бәсе, осылай болу керек кой» деген райда төнірегіне сеніммен көз тастап, орына маңғаз барып жайғасты. Райыс бір кезде жаңағы Әбдесбаевтың әлі отырмай қақынп тұрганын көрді. Ұябұзбас моянтопай кейпінен көніліне бір сезік кіріп қоймайтын алаңсыз қамсыздық анқиды. Оған отыр деп айтудың да ыңғайын таппады. Бүгінгі тақырыпты өткен сабакпен түсіндіріп жатқанда да назары оған еріксіз түсे берді. Осы сәтте бес жыл класс жетекшісі болған

Жібек апайының бір мінезі ойна аяқ астынан оралды. Сабақ білмейтін оқушыны ол осылай тұргызып қоюп, бір уақытта барып, «неғып тұрсын, отырмайсың ба» деп тіл қататын.

— Әбдесбаев, отырсаншы, — деді бұл да сөз арасында оған антарыла қарап. Бағанадан бері шынымен байқамаған ба дегендегі көздері жыпылықтал, абыржы қараған қалпы орнына жалп етіп отыра кетті. Үйге берілген тапсырманы қадала сұрап, қабағын қанша шытса да дәл мұндай әсері болмағанда бір елеусіздеу әрекеттің құдіретіне шын таңырқады.

Көне дәуірдегі спартандықтардың балаларын тәрбиелеуі мен Демосфеннің өзін шешендікке қалай баулығанын Досаев мына ұлының құлағына құйып үлгерді ме екен?

Райыс оған бір мезет шүйіле қадалды. Өзіне деген ене бойғы бір түрлі қарастан ол қысташағандай назарын жиі-жіі бұрып әкетуге айналды. Кейде мұны жақтырмағандай қабағын қинала шытынған кезде бұған үлкен Досаевты сол күйі қайталаган кішкене құбыжық секілді көрініп кетеді. Сабакты түсіндірудің сондайда бастапқы екпінінен айрылып қалады. Ақыры қонырау соғылғанда, «осы тақырыпты үйден пысықтап келіндер» деп, тез жиналышп сыртқа шықты.

Жібектің сол баяғы бір әдісінің Әбдесбаевтың құтын алатындей не бәлесі бар екен? Оның қой көзіндегі байыпты ұстамдылықтан түк қалмай «мынаның беталысы әлден-ақ қатты, мұның ақыры не болып тынады» деген мазасызық үйірілген әлпеті көз алдынан көлбендеңдеп кетпей қойды. Жібекті он жерден қайталасын, онда тұрған не бар? Бірақ бір қолайсызызықта тап болып, тынышы қаша беретіні қалай? Егер осы күні басқа жаққа ауысып кетпегенде бәрін Жібектің өзінен сұрап, анық-қанығына жетер ме еді, жетпес пе еді? Класс жетекшісін әйтсе де еске алған сайын ескіден көкейіне сакталып қалған өкпе-назы көкірегін ондырмай сыздата ауыртып өтеді. Бәрібір әкесінің Досаев болғаны үшін мұның алдында кіші Досаевтың, әрине, еш кінәсі жоқ. Оны сонысы үшін жек көретінін мойындау бірақ азап. Оқушының біреуіне жылы қабак танытып, келесісіне рай бермей тымырайып алу — педагогика жарықтықтың талабына мұлде қайшы.

Дастарқан басында отырған әкесі мен шешесі үлдарының көңілсіз екенін байқады. Әлденеден сезігі бар-

дай, тіпті әкесі бұған үзақ тесілді. Үнемі түзде жүргендей өні тотығыңқы, суалыңқы жағы қатпар-қатпар әжім. Шайын сораптап үрттаған сайын екі шықшытының бұлшық еттері бұлтылдаپ ойнап, көзінің зәрлі уытын мұның өнменіне тіктеп қадайды. Ойлап қараса, ес білгелі бері әкесін осы қалпында көріп келеді еken. Қазір мен сенің әкеңмін дейтін нышанынан зіл артурың жүқканасы да сезілмейді. Сен бала, мен әке болсақ қайтейік, кім әке, кім бала болмай жатыр дейтінге үқсас қабағында кейістік бардай. Босаға жақта жайғасқан шешесінің дөңгелек жүзінде де мазасыздық басым. Состиып тұрып қалған бұған бір-екі мэрте көзін кең аша таңыркай қарап:

— Бала оқытқан қалай еken, шаршадың ба? Тамағыңды іш, — деді. Қең-мол пішілген денеге шіңкілдеп шығатын дауыс мұлде үйлеспейтінін бұрын қалай анғармаған, қазір бәрі тосын.

Бұл түпкі бөлмеге кіріп, кітап-қағаздарын орнына қойды, пенжегін шешті. Сыртқа шығып қолын шайып, сүртінді. Осы бір ұсақ-түйек қимылдың бәрінде шешесінің: «Бала оқытқан қалай еken, шаршадың ба?» деген сұрағын іштей әлсін-әлі қайталады. Бір ауыз сөз көніліндегі кіrbінді жуып-шайып, сергітіп жібергендей болды. Дастанқан басына жайғасып отырып жатып, өзінің бүгінгі бір жіберіп алған әбестігін айтатындаі қысыла күлді.

— Досаевтың баласына бес койдым.

Басын шүғыл көтерген әкесі бұған сұстия тесіліп қарады. Қөзінің аласы ұлғайып, қараышқтары кәдікті ойнақшыл өтті.

— Осы сен тентек Досайдың баласынаң басқа ешкімді оқытпайтын болғансың ба, өзін?! — дегенде даусына зіл араласты.

Әкесінің сөзі шапалакпен тартып жібергеннен де жаман әсер етті. Тіл қатуға шамасы жетпей дүлей ашу бойын билей, қыстығып барады. Әкесі міз бакпаған күйі әлі отыр. Ұақыттың сарытап белгісіндей аясы қызығылт тартқан жанары тұнық емес, тек төнене қадалған сайын сарғыш тартқан тамыры бадырайып көрінеді. Райыс кесесін шиыра төңкеріп атып тұрды. Еш нәрсенің байыбына бара алмаған шешесінің шошынған сыңайынан еріксіз тосылып, түпкі бөлмеге жұлқынып кіріп кетті. Мұнда бір мезет состоғып қалды. «Досаевтың баласы дедім ал. Досаев шамына тиеді еken, бая-

ғыда қайда қалып еді?» Осы кезде әкесі тоқтаусыз күркілдеп жөтеле жөнелді. Мұндайда оның жұп-жұка жүзінің қатпар-қатпар жиырылған әжімдеріне дейін зор келіп, қып-қызыл болып, білеуленіп кететін әдеті еді. Бір кезде қақалып-шашалып түсініксіз бірденелерді айтты. Шешесі жазған ләм демеді. «Мен не деген сорлымын, кімнің ақ, кімнің қара екенін әлі анықтай алмай жүрген». Құнделікті дайындалатын орнына сылқ етіп отыра кетті. Жазған әкесінен бар жайды анықтап сұрауға мұның батылы неге жетпейді? Райыс өз басының қорқақтығы Ақберген дейтін кісіге барғаннан басталатын сияқты көрді. «Оған қай бетіммен жүгіндім екен?» Қара бұжыр қапсағай денелі Ақберген зор бітіміне келінкіремейтін жіңішке даусын оқыс шаңқ еткізіп шығарып:

— Ей, ол Досаев бәріміз Тәшкенде тамақ асыраған жоқ па едік. — Қонырқай көзінен күйтүркы сәулені тоятсыз ойнақшытқан ол: — Иә, ол кезде соғыстан Эбекенің Тәшкенге бір келіп кеткені рас. Эй, бірақ Эбекене сонда бір кәдік болды-ау, — деген. «Сондағы кәдігі несі?» деді. Бұл бұдан он жыл бұрын сұрайтын жай еді. Зілдей салмақ денесін батпандап басып, өткір заттың жүзі етін онды-солды осқылап өткендей денесі тітіреніп кетті.

Ортаңғы бөлмеге кенет жұлқынып шықты. Өзіне селтие қарасқан әкесі мен шешесінің ұстамды қалыптарынан екпіні қайтып, босаңси бастағанын сезді.

— Көке, сізге Тәшкенде бір кәдік болды дейді гой. — Райыс осы сезді айтқанда демі тарылып, тұла денесі дуылдап, шымырлап өтті. Әбдібай ұлына көз қиығын әнтек сұық тастады. Кенет абыз езу тартқанда ашуызбар жоғалып, шырайы жайдарылана түскен тәрізденді. Бір ызбар шалыс күлкі не ұлғайып, не біржола өшпей кескініне айбар-сұсты мол ұялатты.

— Ия, болды. Ал оны кімнен білдің?

— Ақбергеннен.

— Сонда Ақберген қандай кәдік болғанын айтқан жоқ па? — Әкесінің өңіндегі манағы наразылық ізім-ғайым жоғалды. Балағын түрініп, оқ тескен балтырының құж-құж шұңқырын тыр-тыр қасынып, окты көзін тағы бір қадап өтті. — Досаев соғысқа барып па, өзі?

— Білмеймін.

— Досаев кезінде ол әңгімені маған айтқан жоқ, саған айтты. Ендеше оның соғысқа қатысқан, қатыспа-

ғанын неге білмейсің? — Бір сәт томырылып үнсіз отырған Әбдібайдың кескініндегі ұстамдылық біртінде ызыбарлы сұска ұласты. — Әбуғали дегенді сенің естуің бар ма?

— Иә.

— Ол кім, білсең айтшы?

— Сіздің ағаңыз.

— Иә, менің ағам! — Әбдібай ашуға ерік беріп қатты айғайлап жіберді. Қағіlez кейіп тым жүдеу. Қүйеуінің түріндегі өзгеріс сыралғылыққа ұқсамайтын болған соң, шешесінің көзі шарасынан шыға бақырағып кетіпті. — Оны көрінде өкіргір Досайдың баласы да, Ақберген де білетін еді. Сол менің Әбуғали деген ағам танкист болып соғысты. Бір ұрыста танкісі өртенип, өзі қатты күйіп қалыпты. Жарты жылдай госпитальда жатқан соң бір-екі адам үйге әкеліпті. Алдында осының бәрін айтЫП, шешем хат жазған болатын. Амалым қайсы, іштен тынып жүре бердім. Жерімізді немістерден тазартып болып калған кез. Ойда жокта маған бір күні жас солдаттарды алып келу үшін Ташкентке командировкаға барасың демесі бар ма. «Иә, сәт» деп қуанып кеттім. Әйтеуір жөні келсе ауылға барып, Әбуғалиды көріп қайтатынымды ойладым. Қанша дегенмен майданнан шалғай, сәл де болса кеншілік шығар деп сендім. Сөйтіп Ташкентке де келдік. Бұл жерде интендантық әскердің құрамында біздің ауылдан Ақберген, Досайдың баласы, ауданнан тағы бірқатар адам бар екен. Командиріме жағдайды айтЫП, ары сұрандым, бері сұрандым, жалынып, жалпайып та көрдім. Жібімеді де жібермеді. Содан ауылға тарттым да кеттім. Тура мені күтіп түрғандай келген соң Әбуғали өлді. Оны жерледік. Біраз күн кешігіп, оралмаймын ба, соғыс уақытының заны катал, келген бетте штрафной батальонға айдады да жіберді.

— Ал Досаевтың сізді сатқын деуге қандай хақысы бар?!

— Ол иттің баласының менен гөрі оқыған-тоқығаны көп, әр нәрсені, бәлкім, артығырақ ойлайтын шығар. Соғыс кезінде ондайға барған мен де онып түрған жоқпын. Бірақ мен ол айыбымды каныммен жудымғой. Ал Досайдың баласының менде не әкесінің құны барын мен қайдан білейін?!

Райыс та, шешесі де үн-түнсіз. Ал Әбдібай бір нүктеге қадалған күйінен танбады. Уақытты осыншалық-

ты созып алғанына опыну сезімі Райыстың етжүрегін сыйздатып ауыртып, ішін от шарпып өткендей қызынып барады. Сұлесок басып сыртқа шықты. Құні бүгінге дейін әкесіне құдікпен қарап келген кінәсін жуып-шаудың қындығын ойлап, көзіне ыстық жас үйірлді. «Атана нәлет, Досаев-ай!» деді тістеніп. «Аты-жөні жоқ қаралай салуға қалай дәті барды?! Құбыжық шалыстаңған Досаев бітімі көз алдына келді. Тұтқылдан өшпенделік сезім шекесін шынылдатып, көз алдын қаруытып жіберді. Қаша шиыршық атқанымен шара-сыздық меселін ондырмай кайтарып, дел-сал күйге ұшыратты.

Серікті балалар Сайтан, Сейітті Быдық дейтін. Бәленің бәрі сол Сайтан мен Быдықтан шықты.

Лабораториялық сабак өтер алдындағы үлкен үзіліс. Быдық пен Сайтан жуандau ұзын нұскағыш таяқты есікке сүйеп, сыртқа шығып кеткен балалар ішке кіре бергенде кеуделеріне солк ете түскен әлдебір сұмдықтан шошына абыржып, тұра қалғанын тамашалайды. Ал бұған балалар қыран-топан құлісіп, мәз-мейрам. Анау-мынауга еліге қоймайтын Райыс та Серік пен Сейіттің қимылын көз жазбай бақты. Бір кезде әлденеден ынғайсызданғандай айналасындағы қыздар мен балаларға көз қығын ұрлана тастап, орнынан ебейдесіз көтеріліп, есікке бетtedі. Нұскағыш таяқты қолына қолапайсыздау алып, мұнымен не іstemекші болғанын ұмытып қалғандай сәл тосылып қалды.

— Эй, Эвкалипт, есікке тіре, — деп, Серік Райыстың қасына жетіп келді. Сейіт пен Серік өздеріне таңылған лақап атқа еш қымсына қоймаса, ал Райыс бойының ұзындығына бола қойылған Эвкалипт деген бәледен қатты қысылады. Оның өзі баяғыда ботаника сабағынан шығып еді. Дүниедегі ең ұзын ағаш — эвкалипт, класс балаларының ішіндегі ең ұзыны Райыс, демек, біздің балалардың эвкалипті дегенді ойлап тапқан дәү де болса осы Сайтан. Мұның өніндегі өзгеріспен түк ісі жоқ ол таяқтың келесі ұшын шап беріп ұстай алып, өзіне қарай жүлки тартты. Бір шамдағай қимыл қажет болғанда тілінің ұшын екі бүктеп тістеп алатын әдетіне бақты. Серіктің қалпындағы еркіндікке қызыға аңқайған бұл дегеніне көніп, таяқты қоя бере салды да, әлпеті нарттай қызарып, орнына арбаңдал барып жалп етіп отыра кетті. Ұзын таяқшаны

тайғанап кетпесін дегендей есікке ықтияттап тіреумен әуреге түскен Сайтанның әрбір қымылын көз жазбай бақты.

— Эвкалипт, көрдің бе, осылай тіреу керек! — ол басын кегжите бұған бір маңғазданып қойды. Ду күлгөн балалардың өзіне жаппай қарағанынан қысылғандай Райыстың өңі қып-қызыл болып кетті. Осы кезде есікті әлдекім жүлқып ашып қалғанда; тағы бір қызықтың қалай аяқталатынын тағатсыз күткен балалар іштерінен тына қалысты. Ал таяқ есеппен дәл ыршып барып әлгінің кеудесіне солқ етіп түскеніне балалар жамыраса күлді. Әуелі кіре берістегі партада отыргандар, одан кейін орындарынан бәрі көтеріле бастады. Күлкі де, сөз де пышақ кесті тыйылып, баппен асықпай жүретін Досаевтың бір орнында қалшия қатып қалғанына таңырқаса қарасты. Кеудесіне наизадай қадалып тұрған таяқшаны серпіп те жібермейді. Бұкіл ашуызасын мандайына жиып алғандай қатпар-қатпар. Қоныр көзіне ызбар үялата оқушыларды шолған сайын тапал бойы етеп тенселіп, тіректі таяқтан табатындай қайта нықтала қалады. Біршама уақыттан кейін барып Досаев таяқты лактырып кеп жіберіп, табалдырықтан бері аттаған бойда бірер сәт селтиіп тұрды. Колын жүрегінің тұсына апарып, ауырсына қабағын шытты.

— Указканы есікке тіреген кай иттің баласы? — Сейітке одырая қараған заматта Досаевтың сұық назарынан ол басын төмен тұқырта қойды. — Эй, Еласаров, класс жетекшілерінді шақырып кел, жүгір! — Сыртқа қарай беттеген Сейітті балалар көздерімен ұзатып салды. — Түһ, жүрегім-ай! — Досаев колын кеудесінен алмаған күйі қинала тіл қатты. Балаларда еш шаруасы жоқтай терезенің тұсына таяп барып, көкірегін қақ айыра ауыр күрсінді. Көктемнің лайсан мезгіліндегі тұнжыраған бақты бейілсіз шолды. Кенет есіктен кіріп келген жас әйел Сейітті өзінен оздырып жіберіп, балаларға, одан соң терезеден сыртты көздеген Досаевқа танырқай бөгелді.

— Бердібек ағай, жай шақырттыңыз ба?

Досаев бұкіл денесімен бұрылды. Қатты жәбір көрген кейіпке көшіп, даусы мұсәпірлене бұзылып шықты.

— Қарағым Жібек, мен соғыс мүгедегімін. Дәл қазір бір өлімнен қалдым. Осылардың ішіндегі бір жүгенсіз ана указканы, — босағада жатқан таяқты көзі-

мен нұсқап көрсетті. — Есікке сүйеп қойыпты. Ойымда ештеңе жоқ кіріп келсем, бір сұмдық нәрсе төсіме қадала кеткені. Есім ауып, әрең-әрең жан шақырып тұрганым.

Жібектің сопақша келген пішіні күрт өзгерді. Сирек ұшырасатын секпілдеріне дейін бадырая ноқаттанып, қой көзі кең ашыла үлкейіп, ләм деп тіл қатпастан на зарын әркімге бір сұық бөгеді.

— Мұны істеген кім, шындарыңды айтыңдар! — Элдеқалай абыржы тосылған Жібек кенет балаларды шеттерінен тұрғызып: — Сен бе? — деп, біртіндеп сұрай бастады, бірақ тиісті жауап ала алмады. Бәрі қабақтарын түйген күйлері «білмейміз» десті. Кезек енді бір партада отыратын Сейіт пен Серікке келді.

— Кеңесбаев, Еласаров, кім мұны істеген?

— Ушеуміз, — деп Сейіт күнк етті.

— Қай ушеуің? — Жібектің даусы төтенше ышқынып шықты. «Сен бәле де осының ішінде барсың-ау» дегендей Жібек Серікке жақыннады. Қара торы кескіні сұрлана қалған Серік әлдебір жазаның зауалын тартатында жүрексіне жүзін төмен салды.

— Қай ушеуің деймін мен саған, Еласаров?

— Әбдібаев, Кеңесбаев, мен...

— Әбдібаев, Кеңесбаев, сен... — Серік пен Райыска алма-кезек көз тастаған Жібек даусын таңырқай созды. — Әбдібаев, жаңа сұрағанда неге бірден мойында мадың? Бар, әкендей ертіп кел! Эйтпесе мен сені сабакқа кіргізбеймін. — Жібекке көзінің астымен сүзіле қарған Райыс орнынан қозғала қоймады.

— Әбдібаев, мен саған айтып тұрмын, бар, әкендей ертіп кел! — Райыс Жібектің өзіне осынша қадала қалғанына таң. «Серік пен Сейіттің әкелерін неге шақыртпайды» деп ойлаған заматта қаны басына шапты. Қөзі ашулы үшқын атып, партаның қақпағын сілке қатты жапты. Тарс еткен күшті дыбыстан әуелі Досаев, одан соң Жібек селк ете түсті. «Бұ екеш бұған дейін қыр көрсетеді, сонда не болғаны» дейтін жүздерінде аныру бар. Сыртқа беттеп бара жатқан мұны Жібек көзімен шығарып салды. Ал Досаев Райыстың сонынан одырая бір қарады да, балаларға жайлап бұрылды.

— Қарағым Жібек! — Даусы биязы да жұмсақ. Бұлк ете түскен қалың бетінен болымсыз діріл білінді. — Мен мұның әкесі Әбдібайды білемін. Ол баяғыда не-

містерге сатылып кете жаздаған. Ал енді ондай кісінің баласы кімді ондырады дейсін.

Жібек шиырышқа атып бастарын жерден алмай сұміреп тұрған Серік пен Сейітке жетіп келді.

— Ағаны шақыртсан қайтесің, онбаған? — деп Серіктің негінен үстай алды да ары-бері сілкілеп жіберді. — Ол кісінің сенсіз де жұмысы басынан асады.

Жібектің әлдебір шалт кимылынаң жасқана үрейі ұшып бағжия қалған Серік өзінен дene бітімі әлдеқайда ірі Сейітке жақтырмай қарады. Қырынан қарағанда оның бүйрек бетінің шығыңызы сүңегі ішке қарай құшия бітіп, жапсырыла салғандай тоқаш мұрны бітімсіз көрінетініне көзі осы жолы жеткендей таңырқай ақырды. Басын ішке тыға желкесін күжірейтіп, көзімен ішіп-жеп қарағанына ересек адамдардаған болатын дық аңғарылады. Жібек діңкесі құрығандай бір сәт кимылсызы қалды. Сейіт пен Серіктे түк ісі жоктай бір кезде ортаға шықты. Ушкір таяқтын утыы енді-енді тарағандай Досаев та жайдарылана түсті. Тек бір нәрсені жадынан шығарып алды, соны есіне түсіре алмаған кейістікпен бір жөткірініп қойды. Осы кезде Жібек оған жалт бұрылды.

— Аға, бұларды сабактың сонынан алып қалып сөйлесемін, — деді. Тағы бірдене айтпақ болған райынан тез қайтты да бұрылып жүре берді.

Қабағындағы кіrbің сейілмesten Досаев орнына баппен жай fastы. Алдынан қия өтпейтін балалардың кішіктігіне әбден еті өліп кеткен кейпінен селкостық байқалады. Қасы әлденеден сезік алғандай жиырылып жазылады. Қалың журналды ары-бері аударыстырып отырып, бір тұста шұқшия қалды.

— Ақатай. — Мұрнына қарай сырғып түсіп кеткен көз әйнегін елеместен басын көтерді. Сып беріп орнынан тұрған талдырмаш қызға бір мезет сазара қарады. — Ақатаева, неге үндемейсін? Әбдібай, — сәл іркіліп барып, тізімге қайта шұқшиды. — Бейсенбай.

— Бар, — деген бір-екі баланың даусы қосамжарласа шықты.

— Исадай. — Ешкім жауап қата қоймаған соң, басын жұлдып алды. Көз әйнегі мұрнының ұшына ілінген калпы есік жақтағы қатардың соңғы партасына мойнын созды. Қаперіне сштене кіріп-шықпай колын жастана үйктап кеткен Мұқанға қызықтап қараған күйі

мысқылмен жымып қойды. — Экесі Исадайдың төрінде жатқандай шіренеді ғой, мынау, — деді.

Балалардың ду күлкісінен оянып кеткен Мұқан Досаевтың да, окушылардың да назары өзіне ауғанын көріп абыржып қалды. Қолын жастанғандағы ізі жалпак шикілсары бетіне білем-білем түсіпті. Езуінен акқан сілекейін алақанымен тамсана сүртіп үлгерді.

— Үндіктің айғырына ұқсап күжіреймей, тұр орнынан! — Досаевтың қатқыл шыққан даусынан кейін класта тырс еткен дыбыс білінбеді. — Жүгендіз, ноқтасыз өскен атана нәлет, надан. Үйінде бір пүт нан жеп, балышқтай болып семіріп алып, мектепке үйқтауға келген екенсің ғой. — Досаев орнынан ширақ көтеріліп, сәл алға жүрді. — Осы сендер қызықсындар. — Шіренген тұрысында нығыздық бар. Сүмірейген Мұқан мүлде есінен шығып кеткендей өні лезде жайма-шуақтанып қалды. — Осы мені кім деп ойлайсындар? Жүрген бір ақымақ дейсіндер ме?! Қешегі соғыста Әбдібай сияқты неміске сатылған да жоқпын, немесе мына Кеңесбаевтың әкесі сияқты пленге де түскен жоқпын. Тұп-тура қып-қызыл майданың ортасында жүрдім.

Қара торы пішіні ду етіп қызарған Серік басын төмен түкіртып алды. Құтын одан сайын қашыра түскісі келгендей Досаев ақырын басып, қасына жақындалды. Лезде шаршаған кейіпке көшіп, Серікке төне қарады. — Кеңесбаев, сенің әкен бір колхоздың бастығы болса да мен шындықты айтатын адаммын. Пленде болған-болмағанын сенбесең, сұра өзінен.

Осы кезде қоңырау тынымсыз шырылдай жөнелді. Досаев айтпағым көп еді дегендегі бөгеліп барып, үстел үстіндегі класс журналын колтығына қысты. Орындарынан әлі қозғала қоймаған балаларды жаңа байқағандай қасын кере бір шолып, есікке беттеді. Оның қарасы қөзден таса болған кезде окушылар орындарынан жаппай өре түрегелді. Тілін екібүктеп тістеп алған Серік өзіне-өзі әлі келе алмай отырған Сейіттің иығынан қойып қалды. Ол көз аясындағы ызбарлы уытымен сазара қарап, қарашұбар жүзін күйзелте шытынғанымен ләм деп тіл қатпады. Серік оны лезде ұмытып, арт жағына бұрылды да балалардың әрекетін бақлауға көшті. Кітаптарын жиыстырып жатқан Мұқанды көргенде жүзіне лезде күлкі жүгіріп өтті.

— Эй, бақа, бақа, бақбақ, басың неге жалпак? — деп Мұқанның назарын өзіне аударып алды. — О, жү-

генсіз, ноқтасыз өскен надан. Бір пүт наң жеп, балшықтай болып семіріп...

Балалар ду күлкіге басты. Шикілсары өні құлағына дейін қызарған Мұқан:

— Ой, кетші-ей, пленнің баласы, — деді.

Класс ішін күлкі тағы көміп кетті. Мұқаннан дәл мұндайды күтпеген Серік назарын әркімге тиянақсыз аудара состиып тұрғанда, Нәзира деген қызben көзі түйіспін қалды. Кластағы ен сұлу қыз саналатын Нәзираның өзіне деген салқынрайын байқады.

— Немене мәз боласын? — деді. Нәзираның сынышыл да кінәмшіл қарасынан мұның бойында түсініксіз қысылу пайда болды. Бірақ оны елеместен партасынан ытқып шығып, қасына жетіп келді. Шұғыл әрекетке барадағы әдетіне бағып, тілін екібүктеп тістеді де, Нәзираның қолынан шап беріп ұстай алды. Мұның тосын қылығынан әрі шошынып, әрі таңырқаған қыз енді қолын тартып алуға әлектеніп бақты. Манағы колайсыз жайды жадынан мүлде шығарып жіберген ол Нәзираны қапсыра құшактай алып, көтере жөнелді. Аяқ-қолы тырбана жан дәрмен карсылық көрсеткен қыздың жүзі өрттей қызарып кетті. Дабырласа күлген окушылар Нәзираның жылап жіберуге шақ қалғанын байқап, сап тыйылды. Осындайда күлкіні қошемет көретін Серік балалардың тым-тырыс бола қалғанынан сезіктеніп, Нәзираны дік еткізіп жерге коя салды. Құпку болып үсқыны кашып кеткен қыз:

— Оңбаған, — деп бетін баса жылап жіберді. Серіктің етжүргегін елжірете сыйдаткан түсініксіз сезім жанжүесін жінішкелеп ауыртып өтті. Сағы оңбай сынып, көп назарынан қашқақтаған күйі заттарын жиыстыра бастады. Сейітке қарап еді, оның миығындағыны не күлкі, не мыскыл екенін айыра алмады. Сыртқа беттеп бара жатқанда балалардың назары тек өзіне ауғандай көріп, қатты ынғайсызданды. Әсіресе «пленнің баласы» деген Мұқанның жасқаншақтау кескіні көз алдынан кетпей тұрып алды.

Серік тас көшені бойлап отырып, үйіне бұрылатын жай жолға түсkenін де білмей қалды. Бұғінгі әнгімені әкесі естісе не іstemек? Кенет Райысты ойлаған кезде жүргегі шым етіп, «Эвкалипті неге қосып жіберді?!» деп, Сейітке деген ашуы қозып кетті. Қарсы алдындағы өрге бұрылып, дөң үстіндегі Райыстардың үйіне көз жіберді. Есігінің алдында өзіне тесіле қарап тұр-

ған оның қарасын бірден байқап, карайламастан жүре беруге дәті жетпей, амалсыз кідіруге айналды. Райыстың қолын бұлғап, өзін шақырганын көргенде онымен бетпе-бет жүздесуден қашқактайтын қолайсыз күй кеше сілейіп қалды. Ол да сайға қарай жүгіріп түсті де, кішкене көлденең кезеңнен сопаң етіп шыға келді. Қорбандарған олапатсыз жүрісті бір мезет тамашалай қараған Серік жайсыз көңіл күйден бүтіндегі арылмаса да, болымсыз жымиып:

— Эвкалипт, Досаевты өлтіріп коя жаздадың ғой, — деп, қарқылдаپ күліп жіберді де, салқын кескінінен тосыла абыржыған қалпы жол жиегіне тізерлеп отыра кетті. Бір қызырып, бір қуарған Райыстың тұксиген әлпетінен қашқактап басын тәмен тұқыртып алып, жерді айқыш-үйқыш сыйғылауға көшті.

— Серік, мен кеткен соң не болды? — Әлдебір жаманнан күдіктенгендей даусы бір түрлі жүрексініп шықты. Оған аңтарыла қарағанымен Серік ләм деп тіл қата коймады.

— Серік, сенің папаң колхоздың бастығы, Быдықтың папасы бригадир болғандықтан шакыртпады.

Райыстың не айтқысы келгенін түсінбеген Серік аңқайып қараған кезде әлпетіндегі табиғи алансыздық біржола жоғалды.

— Бәрін бұлдірген Быдық кой... — Даусы күтпеген жерден ширығып шықты. Томсырайып отырған Райысты мұлдем ұмытып, жан баласының көзіне түспеген әлденеден сыр аулағандай бір нүктеге ұзақ қадалды.

— Быдық сонда не деді? — Райыс Серікке тәне түсті. Өзін тарпа бас салатындаі мұның сүйк сынайынан сескенген Серік әлденеше оқталып барып, ойындағысын ақыры айтып тынды.

— Досаев сенің папанды немістерге сатылған, менің папамды пленде болған деді. — Деуін дегенмен Серік басын тәмен тұқырткан күйі кимылсыз отырды да койды. Райыстан еш дыбыс болмаған соң оған көз қығын үрлана таstadtы, бақса ол тіпті бұған бұрылып та қарамапты.

Райыстың көз алдынан әуелі жүрек түсын үстаған Досаевтың тапал бітімі елес беріп өтті. Ал Жібектің өнінде әлдебір ойдың іркіліс тауып, өзіне сезіктене қарауында күдік пен сенімсіздік жатқандай. Бұдан былайғы әрекеттің түк мағынасы қалмағандай состыныңды тұрысынан аумады. Көз алды қарауытып, шираты-

ла жыбырлаған сағым толқындана көлбеп, айнала төңірекке көлеңке қалың үйісқандай болды. Серіктің дәңгелек қара торы пішінінен бәз-баяғы ойнақылықты аңдағанда Райыс жирене жалт бұрылып кете барды. «Мұның әкесі пленде отырып шыққан соң құтырып тұрғой» деді. Әкесінің үнемі салыңқы қабағы есіне түскенде, басы солқылдай жөнелді. Бойын діріл билеп, теңселе басып келеді. Жұдырығын тас түйіп, тістеніп алған кескіні шуберектей бол-боз. Арт жағына бұрылып қарамаса да, Серіктің өзін бағып тұрганын сезді. Қішкене дөнге шыға бергенде есік алдындағы орындықта екі бүктеле отырған әкесінің күйкі кейпіне көзі тусты. Бәрінен көнілі қарадай қалған оның осы бір тұрқы бір кездегі ауыр айыбының зауалын тартып отырғанға ұқсайды. Әкесі бір кезде басын жаймен көтеріп, қалшиып тұрган Райыска таңырқай қарады. Әуелі ұлының тосын сыңайын қызықтағандай бөгеліңкіреп, «балалығыңа болайын» дегендей жымиып қойды. «Сонша тесілгені несі» деп кейістікпен назарын бұрып әкетті. «Қеке, Досаевтың айтқаны рас па?» дегенді іштей күбірлеп қайталай берді. Әкесінің қазіргі пұшайман қалпы артық-ауыс әңгіме тұрмақ көкейіндегі түйткіл сауалды сұрауға жібермейтін секілді. Әбдібай жан қалтасындағы темекісіне қол салғанда, тұтін иісін алдын ала сезгендей күрк-күрк етіп ұзақ жөтелді. Қөшеден ары-бері өткендерге шүйіліп:

— Жермен-жексен болып тұқың-тұқың кетіп бара жатқан кім анау? — деп жарықшақтана шығатын даусын қамсыз созды. Жауап қатпаған соң ол жалт бұрылғанда бұл дереу назарын сол жаққа тастап білмеймін дегендей иығын қиқаң еткізді. Класс жетекшісінің «әкенді ертіп келмесен, сабаққа жібермеймін» деген сөзін дәл қазір құп көретіндей. Досаевтың әңгімесінен кейін әкесін ертіп бармақ түгіл, балаларға енді қайbetімен кездеспек.

— Эй, сенің бір жерің ауырып тұрган жоқ па?

Әкесінің әлденеден күдіктене сұрағыштағанынан ешкімге тіс жарып, сыр ашпай қелген құпия саяқсуының сырына енді қанықкандай.

— Эй, саған не болған? — Даусы қатқыл шықса да ұлының сескенбей көзін өңменіне тұра қадағанына абыржы тосылды. Өні қатты бұзылған ұлының бұл қылышын неге жорырын білмей дағдарған Әбдібай:

— Балам-ау, айтсаншы, біреу тиді ме, әлде бірдене деді ме?

Ақыры еш қайран жоқтығына көзі жеткендей орнынан сүйретіле көтеріліп, қора жаққа бет алды. Экесінің сырт кейпін көзден таса болғанша бакқан Райыс: «Досаевтың айтқаны рас болса не істемекпін?» деді. Осы уақытқа дейін қаперіне ештеңе кіріп шықпаған күндерінің бұдан былай көнілсіз болатынын ойлағанда көкірегі сыйдал кетті. Көзіне келіп қалған жасты да елемеді. «Бәрін бұлдірген Быдық» деген Серіктің сөзін есіне алды.

Қора жақта оны-мұныны шұқылап қайткан Әбдібай манағы орнынан тапжылмаған ұлына таңырқай қарап койды. Шалқая ашылып қалған қакпаны орнына келтіре алмай біраз әуреленіп тұрып та көзінің киығын тастанады. Ары-бері ырғап, түк шығара алмаған соң сілки серпіп жіберді. Аулаға шығып, айналасына көз салды. Экесінің әрбір қимылын бақылаудан айнып, есік алдындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Көз алдына Досаевтың жүрек тұсын ұстай алған кейпі тағы да келді. Терен қинальыс іріккен үнін талмаусырата шығарғандағы әллpetінде мұның санасты жете бойламайтын мағына бардай. Ондайлық міндесу тек Досаевқа ғана жарасатын сиякты. Райыс алакөніл күйде көп отырды. Бір кезде әкесі жаққа қайта қарады. Ол сейтсе дөң басына шығып, жан-жакқа көз жүгіртіп тұр екен. Онысы тілдесіп, шер тарқататын кісі таппаған жалғызырағандыққа үқсайды.

Төрт күн қатарынан сабакқа бармай қойған бұған Жібек ақырында Серікті жіберіпті. Әдеттегі шодыр бейбастақтықтан бүтіндей арылып, имене қарағанмен үнемі күлімдеп тұратын қап-қара тұнық жанары меймілдей мөлтектеп, күмілжи береді.

— Апай саған ертеңнен қалмай сабакқа келсін деді. — Әдеттегі құйтұрқылығына көшер-көшпесін білмей тосылып, сынықтықты сақтауға шамасы әзер жеткен Серік Райыстың әңгімеге зауқы жоқтығын байқаған соң кілт бұрылды. Әлдекімге наразы сынайда біраз аралыққа басын салбыратып барған ол кенет жол бойындағы жатқан бос қалбырды қанғырлата теуіп жүгіре жөнелді. Данғырлаған тосаңдау дыбыс ауаға ашы сінеді. «Әкенді ертіп келмейінше сабакқа кірмейсін» деген Жібектің қатқыл даусы сияқтанып басында бірер сәт шынылдаپ тұрды. Балалардың өзін анталай

қоршап алған кейіптері көз алдына келгенде мектепке баар-бармасын білмей екіұдай күй кешті. Енді кештің батып, таңың атпай қоя тұруын қалады.

Аспанды құрсаған бұлт кей-кейде ұсак дым бүркеді. Қөнілді ғана жадау тартқызбай, адамның сықпытастыны да қашыратын қектемнің ыбылжыған бір қолайсыз шағы. Үйреншікті төбешігінде қалқайып Әbdібай тұр. Ауланың сыртына шыққан Райыс әкесі жакқа анда-санда көз тастайды. Кою қара түн шымырлап түскен сайын қөніліндегі түйткіл молайып, бәрібір таңың атпай қоймайтынын ойлап мазасы кете бастады. «Мынаның әкесі сатқын екен» деп тұс-тұстан қадалатын көздер санаасында және қылаңытқан сәтте ол жаққа қарай аттап басуға тіпті хұқы жоқтайды.

Төсегіне жатқан соң да кірпігі айқаспай дөңбекши берді. Түннің соншалықты ұзак болатынын бұрын кім білген. Санасына мың-сан ой килігіп, сабыр-шыдамы таусылды. Мұның бәрінен құтылудың бір жолы — өлім секілді болып көрінді де тұрды. Бірақ ол дегенің қандай, білсе бүйірмасын. Өзі өлгеннен соңғы жайды көзіне елестетіп бақты. Шашын жайып жіберіп, басы-көзін токпақтап жылаған сорлы шеше, жан баласына тіке қарай алмай еңсесі түсіп егілген әке, үрпіп-үрпіп тұрған Сайтан мен Быдық. Балалардың ортасында Жібек безеріп алыпты. Ал Досаев топырлаған жүртты қақ жарып келіп:

— Бұл баланың өліміне кінәлі бір ғана адам, ол — әкесі Әbdібай,— деп әдеттегідей ыңырана сөйлейді. Шөге түскен әкесі бір ауыз қарсы сөз айтпай жон арқасы шодырая солқ-солқ жылағанда басы жерге тиетіндей салбырап кетіпті. Селт ете қалған Райыс әкесіне жаны ашығаны сонша, көзінен ып-ыстық жас ыршып-ыршып шықты. «Көке, Досаевтың айтқаны рас па, өтірік пе?» Намыс пен үятка қоса мұнда әке жанына ондырмай жаракат салатын бірдене барынан да имене ме, әйтеуір, нақ солай сұрауға батылды жетпейді.

Атар таң атты-ау, ақыры. Мәңгіріп ұзақ отырды. Басы мең-зен, көзі үдай ашиды. Түндегі бір қиялында өзін өлімге қиналмай қыып жібергенін ойлады. «Досаевтың айтқаны рас болып шықса қайтпекпін?» Кеше кешкілік бос қалбырды данғырлата теуіп жүгіре жөнелген Сайтанның қылышы еріксіз есіне түсті. Бір кезде атып тұрып апыл-ғұпым киінді де төсегін жинағы. Қітаптарын реттеп сөмкесіне салды. Ортаңғы бөлмеге

шыға келіп еді, шешесі шай камдал, мұны күтіп отыр екен. Сырттағы уақ малды жайғап жүр ме, әкесі көрінбейді. Анасы мұның ұсқынына бағиып таңырқай қарады.

— Рахым, түнде бір жерің ауырды ма, үйқтай алмадың, фой.

— Жок, — деді бұл асып-сасып.

Үйқтай алмағанын шешесі қалай сезіп қойды деген ой көкейінен кетпеді. Сыртқа шыға берісте жолыққан әкесінің өзіне деген күдікті қарасына да аялдамай жүгіре жөнелді.

Топ-тобымен бара жатқан балалардың бәрі де алаңсыз, бәрі де мәз-мейрам. Ара-арасында әлденені айтып қатты күлгендерін естігенде олар мұны сөз ететіндей өзінен-өзі қуыстаңа бастайды. Ешкімге қосылмай осылайша шеттеп саякси берген бұл қызыла-қызыла мектептің алдына қалай жеткенін де білменті. Есіктің көзінде жоғары класта оқитын кезекші екі қыздың қыдиып тұрғандарын да ескеруге шамасы жетпей ішке ене бергені сол еді, мұның қолынан біреуі шап беріп үстай алды. Жалт бұрылғанда өзіне шүқшия төңген біреуі: «Әй, сатқынның баласы, сен қайда барасың?» дейтіндей бетінен оты шыққан Райыстың тізелері қалтырап кетті. Анау қолын тас қыл үстап жібермеген күйі кейін қарай сілки серпіп қалып:

— Жан-жәғыңа қарамай қайда барасын, ұятсыз! Комсомолдық значогің қайда? Жүгір, үйіңе барып тағып кел! — деді.

Санасында «ұятсыз» деген сөз жаңғырығып, шекесі шыңылдан кетті. Жол-жөнекей кезіккендерден қуыстана, берекесі қашты. Бұрын-сонды бойынан дәл мұндаидар мен шешесі бұл беймезгіл уақытта кіріп келгенде «бұған не бол қалды» деген сыңайда бір-біріне состия қарады.

— Жаңа ғана айтпап па едім, бұл окуды қойған деп. Әкесінің даусы күнірене шықты. Оларға бұрылған та қарамай, төрге озып, значогің такты да сыртқа шыға жөнелді. Жүгіргеннен жүгіріп отырып келсе, сабак әлдеқашан басталып кетіпті. Дәлізде еден жуушы әйелден басқа қыбыр еткен пенде жок. Бұған сыңыл суық назарын тастаған ол «мынау алғі Әbdібайдың ба-

ласы екен-ау, алда жазған-ай, а» дегендей қабағын кере таңырқай бір қарап қойды.

Төр жақ бұрыштағы есіктен кенет Жібек шыға келгенде, бұл қатты састы. Райысты барлай қараған күйі бірер сәт іркіліп тұрды. Бейіл бұра жақындап келгенде кескінінен өзін аяп мұсіркеуден де өзге «осында да бола ма екен» деген кешірімді кінәлаушылықты андады.

— Сен қайда жүрсің, Райыс? — Арада түк болмағандай Жібектің көрнеу бейғам тіл қатқанына бұл селт етіп бағжия қарады. Қанша шүйілгенімен көз қарасынан бой тіксінетін зіл байқалмайды. Райыс әллетеңен балаға лайықсыз қамығуды андаған Жібек әлденеден құты қашып: — Бұдан былай сабактан қалушы болма! — деді. Бұл сөзді айыптау емес, бір түрлі өтінгендей жұмсақ айтты да, мұғалімдер бөлмесіне қарай бұрылып жүре берді.

Бұл орнынан тапжылмаған күйі тұрды да қалды. Үй ішін әлдеқашаннан бір жайсыз салмақ басып тұратыны есіне түсіп кетті. «Әкемнің немістерге сатылғаны рас болғаны ма?» деді ішінен. Әйтпесе оның еңсесі неге түсінкі, шешем неге бір жарқ етіп қоймайды? Кенет ту сыртынан:

— Райыс, сен неғып тұрсың? — деген Жібектің даусынан селк ете тұсті. Қазір Досаевтың сабағы екенін шынымен апайы білмей ме, жоқ, білсе де әдейі айтып тұр ма, соған көзі жетпей дал. Әрі-сәрі күйде залда көп жүрді. Мұғалімдер бөлмесіне асығып бара жатқан кейбіреулер «сабак жүріп жатқанда мынаның тұрысы қай тұрыс» дегендей бір-бір қарап өтеді. «Елдің бәрі менің жағдайымды біледі екен» деп түйді. Әкесінің сұлесоқ жүріс-тұрысы көз алдына келді. Сағы сынғандықты жасырып-жауып, елге көрнеу қитарлықпен қарайтындаид көрінеді. Осы кезде безектеп шырылдай жөнелген қоңырау үнінен төбе құйқасы шымырлап, жүрегі атқақтай соқты. Тұс-тұсты әуелі шу кернеп барып, зал іші апыр-топыр балаға толды. Манманаң басқан Досаевтың қарасын көргенде бойын тіктеп ала қойды. Өзіне-өзі ырза кейіппен жан-жакқа назарын самарқау тастайды. Пошымында Райыс үғынуға әлі ертерек бір сарабдал ақылдылық бардай. Мұның тұсынан өтіп бара жатып, шырамытатын біреуіндей тесіле қарады. Қолкілдеген көзінің айналасын жыптырлаған ұсақ әжім торлаты. Шүйілген сайын жүзінен

шаршап-шалдыққан бейілсіздік сезіледі. Бір сәт сүзіле қарап тұрып, кірбің ұялаған жүзін бұрып әкетті. До-саевты көзімен ұзатып салған бойы бұл селтиіп тұра берді. Бір-ак тұтам бойын алға қарай зорлықпен ең-кейтетіндегі қысқа аяқтарымен жан дәрмен тырбан-тырбаң басқандағы қимылты тым оғаш.

— Эвкалипт, — дегенге қараса, өзіне қарай күліп келе жатқан Бақабас — Мұқан.

— Сайтан бүгін сені келеді деп еді ғой. — Оның көңіл жықпас жалтақ қалпында момакандықтан өзге кісіні өзіне баурай қоятын ерекшелік сезілмейді. Әйтсе де мұны лақап атымен атағаны іштартудың сырын аңдататындей. Сондықтан балалардың арасынан осы Бақабасты жолықтырғанына қатты қуанды.

— Мұқан, мен туралы Досаев әнеугүні не деді, айтшы?! — деді оған тесіле қарап. Әлдебір нәрсені парықтағандай лезде ойлылыққа көшкен ол көзін бұған тұрақтатпай басқа жаққа аударып әкеткенде, Райыстың жүргегіне бір жіңішке зат бойлап енгендей шым ете түсті. Беті өз-өзінен ысынып, дуылданап барады.

— Айтсаңы, Мұқан! — Даусы сыйдана шықты. Райыстың тұксиген сұсты қабағынан жасқанған Мұқан басын тәмен тұқырта қойды.

— Сенің папанды немістерге сатылып кеткен деді.

Мұқан екеш Мұқанға дейін Серіктің бұған жеткізген әнеугүнгі сезін айна қатесіз қайталағанына таң қалған жок. Жібектің манағы сынық қалпы ойына кенет сап ете түсті. «Сабаққа бара бер деуі — «енди қайтесің, жағдай солай болса» дейтін мұсіркеуден де жаман бірдене сияқтанды. Безере қалшиып қалған бұл:

— Эвкалипт, Эвкалипт, апай саған қарай келе жатыр, — деп Мұқанның жанұшыра сыйырлап, жеңінен жұлқып тартқылағанына да селт етпеді.

— Әбдібаев, сен әлі сабаққа бармағансың ба? — Ашуы ырық бермей даусы шаңқылдан шықкан класс жетекшісі қасына жетіп келді. Мұның өңіндегі балаға лайықсыз ұстамдылықтан бойы тіксінген Жібектің секпіл жапқан сопақ кескінінен әлденеден секем алушылық білінді. Оқушысының өзіне жалт қарагандағы көзінде өшпендейлікке ұқсас уыт барын аңдап, не дерін білмей тосылып қалды. Әйтсе де, қабағын болымсыз керген Жібек асқан төзімділікпен жауап тосып әлі тұр.

Райыс күп-ку болып кеткен жұзі жирене қүрәнітіп, есікке қарай жалт бұрылды.

— Эбдібаев, тоқта, бері кел! — деген мұғалимасының даусына бұрылмастан жүре берді.

Райыс жол-жөнекей қездескен адамдардың біріне де назарын салмай сүйт келеді. «Қазір барып әкемнен бәрін сұрамасам ба! Егер рас болса, онда не істемекпін?» Қос шекесі қатты солқылдал, көз алды бір қаруытып, бір бозаңытады. Манағы сәттегі бүкіл денесін алға жіберіп, томпаңдаған Досаевтың бей-жай жүрісінде алаң атаулыдан түк жоқ, мына жаратылсына, айнала бек разы кейпі көз алдынан көлбендеп кетпей қойды. Есік алдындағы орындықта құжірейіп отырган экесін көріп, еріксіз тоқтады. Сырт пошымындағы осы бір көңілсіздік бәрінен түнгіліп, қалған өмірін итшілеп өткізуге бел шешкен адамға қатты үқсайды. Дауасыз шарасыздыққа тап болған Райыстың кеуде тұсы тымырсық ауаға тола, тынысы тарылып бара жатқандай, өзегін бір абын нәрсе шарпып өтті. Сазара қалған бетінің әр қатпарын жаза таңырқап барып жирып, содан шошығандықты ірке бағжиган экесі:

— Ей, саған не болған тағы? — деді.

Ләм деп жауап қатпай үйге кіріп бара жатқан ұлын көзімен есікке дейін ұзатып салды. Аяқ астынан күркілдеп жөтеле жөнелгенде желқакты өні қүрәніте шымырлап, қалтасындағы темекісіне қол салды. «О, тоба, мұнысы несі» деді.

Мектептен шыққан беттегі батылдығынан жүрдай айрылып, осы бір шарасыздықтан құтыла алмаған Райыс түлкі бөлменің төріне етпетінен құлай кетті де: «өлікпін, өлікпін» дегенді үздіксіз қайталай берді. Нала сезім көкірегіне шымырлап тұтас жайылды. Кластас балаларының ішінде Мұқаннан басқасымен жүздесуден қашқақтауын қорқақтыққа әлде басқаға жорырын білмеді. Досаевтың бейнесі көз алдынан көлбендеп өткенде: «Мен оны өлтіремін!» деді.

— Эй, мұғалімің келді, тұр! — деген экесінің даусынан жекіру емес, күйзелген адамның шарасыздығын андады. Басын еппен көтергенде экесінің көзін түйісп қалды. Жанары қунақ жылтырағанымен үнірійген жүзі салыңқы екен.

— Жүр, ана мұғаліміңнің алдында сөйлеселік.

Экесінің соңынан құлықсыз ілесіп, сыртқа шыға берістегі кішкене бөлмеде етженді денесін тік ұстал, кой

көзін кең аша өзіне ызбарлы шүйілген Жібекпен ұшырасты. Бойын тіктеп иба көрсөтудің жоралғысын жасағанмен түсініксіз енжарлыққа тап болды. Жібек мұның тұла бойын түгел тінте шолып, әлдеқандай өзгерістің белгісін іздегендей ұзақ кідірді. Секпілді жүзіне бұрқ етіп қан теуіп, қыр мұрнының жұқа танауы кусырылып кеткендей. Тиянақ таба тұрғысы келгендей сәл шегініп нықталып алды.

— Ата-ана тәрбиесін көрді деп сені кім айтады?! — Бағана мектептегі ұстамдылығынан бүтіндей айрылып шаптығын шыға келген. Безеріп тұран бұған түк әсер ете алмағанынан қорсынғандай көзін ақшитып сәл жақындағанда түсті. — Әнеугүнгі Досаев ағайға істегенің анау. Ал бүгін тоқта десем қарамай кетіп қалғаның мынау. Сонда сені жалынып оқытпақпаз ба?

— Досаевқа бұл не істеп қойып еді? — деп сөзге Әбдібай килікті. Жібекке осы сұрақты қитығына тиғісі келіп әдейі қойылғандай көрінді ме, әйтеуір, пішіні аяқ астынан бояудай бұзылып кетті. Көзге ұрып тұран қараниеттілігінен жүрегі айнығандай лезде салғырттыққа көшіп:

— Сізге, не, ұлыңыз айтқан жоқ па? — деп сұрады. Сыншыл назарынан енді бұған не дер екенсің дегенді анғару қын емес еді. Әбдібай сұраулы пішінде әуелі Райыска түйіліп, содан соң аң-таң күйі Жібекке қарады.

— Қарағым, бұл оған не істеп қойып еді? Пәлелі жерден аулақ жүр деп, құдайдың құтты құні қақсаймын бұған, — дегенде жүзіндегі кейістік одан сайын ұлғайып, басын кегжите қойғанда жүзінде не момакандыққа, не қияңқылыққа келмейтін тосылыс бар.

— Ол ешқандай пәлелі жер емес, үлкен кісі. Балаңыз оқытын орын пәлелі болса, онда оқытпай-ақ қойыңыз, — деп Жібек шал ете түсті. Әңгіме төркіні қайда жатқанына көзі анық жетіп, бағанадан айтқан сөзі құрдалаға кеткеніне қамыға қалған мұғалима Райысты бастан аяқ жаман көзімен тағы бір шолып өтті. — Төрт күн бойы сабаққа бармаған балаңызды ақтағанша, ұрсып та, айналып та ақыл айтатын сіздің жөніңіз емес пе?! Бүгін есікке таяқ тіресе, ертең темір тірейді, — деп Әбдібайға тіке қараған Жібек «айтты не, айтпады не» дегендей қабағын шытты. «Не деп кетті, құдай-ау, ағашы несі, темірі несі» деген сыңайда Әбдібай біресе баласына, біресе мұғалимаға қарайды.

— Досайдың баласы тіл-көзден аман ғой, әйтеуір, — деді бір кезде қысынқы көзін Жібекке қунақы қадап. Рекіндегі келемеж ізім-ғайым жоғалып, тағы бірдеңе айтуға оқтала бергенде Жібектің өзін шошынған сынайда бағып тұрғанын аңғарды да, амалсыз тосылды.

— Балаңыздың төрт күн бойы сабакқа неге бармағанын сұрамағаныңызға әлі таң қалып тұрмын. — Жібек бұл сөзін Әbdібайға емес, Райысқа бағыштағандай бірер сәт енді оған шүйілді. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деп бекер айтылмаған-ау, бұл қалай болды дегендей, жүзіндегі абыржұлы іркіліс ұлғая сағы сынып, тауы шағыла:

— Жақсы, сау болыңыз, — деді де шығып кетті.

Әке мен бала состиган-состиган қалпы тұрды да қалды. Жібектің кескінінде не десендер о дендер, бәрін өмір көрсетеді дейтін ұстамды тәқаппарлық бар. Райыс әкесі жаққа ұрлана көз тастайды. Оның жүзінен тоңторыс кінәлаушылықтан гөрі әлденеге аландашылыққа үқсайтын абыржу сезілді. Суалыңы жағының бос терілері қатпарлана жиырылып, иегі жөнсіз үшкірленіп кеткен сияқты. Өздерінен тыс бір әлемет екеуінің арасын байланыстырып тұрған дәнекер жіпті үзіп жібергендей Райыстың балаң санасы әзәзіл құдікке толып кетті.

— Маған көрсететін жақсылығынды бастаған екенсің, балам. — Әbdібайдың даусынан қыжыл білінді. «Неге менің әкем өзге балалардың әкесіндей емес» деген ой қапелімде басына шапты. «Көке, сізді Досаев сатқын дейді, сол рас па?» деген сөз тілінің ұшына оралып тұрғанымен соны ай-шайға қарамай айтып салуға батылы құрғыр жетпейтініне тіпті қайран. Ал әкесінің түксіген қабағы өзінен сыр аулағандай қадала түскен сайын шамырқана шамырлайды. «Осы үшін азап шегіп жүргенімді білмейді-ау» деген ой қөкейіне оралды.

— Эй, сен маған неге одыраясың, — деді Әbdібай. Бала болып әкеден қаймылып, жүрексінудің белгісін таппаған нышанында қорыну да жоқ емес. Әкесінің кескініндегі құбылысты баққан Райыс қатты-қатты сөздерін айттып, ұрса түссе екен деп тіледі. «Досаев мұны немістерге сатылып кетті десе, ойына ештеңе кіріп шықпайды ғой» деді ішінен. Мұндайдан зықысы шыққан Райыс үнсіз тынды. Ашу-ыза дейтіннің қауқар-куаты қалмағандай көрініп кетті.

— Оскен сайын адам бола ма десем, бада болып бара жатырсын, — деді бір кездे әкесі. Манадан бергі үстамдылығынан бүтіндегі айрылып, түпкі бөлмеге қарай жүгіріп кіріп кетті. Осы заматта әкесімен оңаша ұшырасудан қашқақтайтын сезімге тап болды. Қекірегі өксік-өкінішке толып, бет-жүзін ыстық жалын әлсін-әлі шарпып, ду-ду еткізеді. «Өлікпін, өлікпін!» деген сөзді ырқынан тыс қайталай берді, қайталай берді.

Райысты ертеңгісін әкесі ояты. Ұйқысын аша алмаған мәңгірген қалыпта бір нүктеге сазара қадалып ұзақ отырды. Бесіктен белі шықпай жатып мұншалықты бейілсіздіктің сырына бара алмай дағдарған әке жазғаның кейпінде де шарасызың басым.

— Ей, не білгенің бар, өлтірсөң де айтып өлтірші! Сені бағып-қакқаннан басқа жазығымыз қайсы? Әлде бірдене естідің бе?

Әкесінің тік төмен қулаған қыр мұрны дедиіп кепті. — О, тоба, саған бірдене көрінген шығар! — деді сөз таба алмағандай киналып. Өні құп-ку. — Сен бүйтің берсең жетістіреді екенсің. Не түлей емес, не жынды емес, құтымызды қашырып біттің! Бала емес, пәлесің, білдің бе! — Эр сөзін таптаң айтып тұрған әкесі кенет айғайлап жіберді. — Жүзің төмендер, елге қарает болып қалсаң да школыңа бар, құр сүлдерімді сүйретіп жүрген маған көрсетпе мұндай сұмдығынды!

Бағанадан айтылған ашулы сөздердің астарына Райыс енді дендегендегі орнынан атып тұрды. Апыл-ғұптыл киініп жатып, сөмкесі жаққа назарын екі ойлы тастап та қойды. Мұның бойындағы шарасызың әкесін сесскенте ме, әйтеуір, бұған жалтақтап қарай береді. Сыртқа сүйретіліп шыққан Райыс мектепке қарай журууге жүрегі дауаламайтындағы аяғын құлықсыз басады. Кетіп бара жатып артына еріксіз бұрылып қарады. Есіктің көзінде өзін бағып тұрған әкесі:

— Эй, бетіңнен басқандай не болды соңша?! — деді.

Әкесінің даусы бастапқыдай сенімді шықпағанын андады. Кенет оған жаны қатты ашып кетті. «Досаев бірдене білмесе айтпайды ғой, демек, бәрі рас болғаны ғой». Бір нәрсеге алаңдап қоймай, жайбарақат тіршілік кешу бақытынан айрылып қалғанын ойлаған саяны өзегі өртене тұсті.

Тас көшеге түскенде жол бойымен мектепке қарай ағылған қыздар мен балалардың қарасы мол екенін

көрді. Оларға кешегідей тағы да қосыла алмады. Өздері әлденеге мәз-мейрам. Бәлкім, «мынаның әкесі сатқын болып шықты, оны Досаев айтты» десіп бара жатқан шығар.

Мектепке кірер сәтте еріксіз аялдады. Кешегідей бүгін кезекшілер жоқ екен. Класқа таянғанда балалардың улап-шулаған дауыстары еркін естіле бастады. Тұтқаны ұстап тұрып, қолын қайта тартып алды. Осы күйінде тұра берсе мұғалімдердің көзіне түсетінін ойлаап, қысылып та барады. Аяқ тықыры естілген соң, есікті жайлап ашып, ішке ене бергенде жаңағы у-шу сап басылды. Жым бола қалған балалар Райысты таныған соң жаппай күліп жіберді. Ал бұл көп бөгелмestен өз орнына озды.

— Эвкаліпт келді. Бойы бұрынғысынан бір метр үзарып кетіпти, қараңдаршы, — деп, Серік дүңгірлеп сөйлей жөнелгендеге класс іші жаңғырыққан күлкіге ұласты. Серік әзілі Райысты бір пәс болса да қолайсыз күйден арылтқан сияқтанды. Партаға жайғаса беріп, бүкіл назардың өзіне ауғанын сезді де, тұқырая төмен қарап отырып алды. Балалардың әлпеттерінде бұл қайда жүріп, қайдан келді дейтін таңырқаушылық бардай.

— Аナンы қарандаршы, мойны жирафтікіндегі ұзарап кетіпти. — Серік тыныш тұрмай тағы бір сөз қыстырып жіберді. Балалар ду күлді. Қызарақтаған Райыс оған көзін сүзе қарап қойды. Қара торы дәңгелек кескінінен тоқмейілділік аңғарылады. Көзінің қарашықтарынан өткір ұшқын ойнайды. Ал оның қасындағы Сейіттің ұскыны алабөтен күреңітіп, бұған бір түрлі сүйк шүйіле береді. Осы қарастан мұның тұла бойы тіксініп, іш дүниесі қызып ала жөнелді. Мұның алдында өзінің айбы барын сезіне ме, әйтеуір, оның да көнілінен бір түйткіл кетпейтін сағы сынық тәрізді.

Райыс біртіндеп өзіне-өзі келе бастады. Әркімнің жүзіндегі өзгерістерді жіті бақылауға көшті. Тіп-тік отырған Нәзираның арқасына құлаған ток бұрымы, қозғалақтаса бітті, шынжырбаулы сағаттың жуан тіліндегі жаймен тербетіледі. Бұған көзін төңкере тастал, райынан әуелі еш өзгеріс байқалмағанына абдырап, соынан томсара қалады. Қыздың түп-тұнық жаңарындағы нұр тиянақ тапқызып отырғызбайтын құпия қалтарысы мол тосын халге душар етеді. Ішінен айтқан әр сөзі сарайында жаңғырығып, көнілі алыш-үшатын күй енді Нәзираның қас-қабағындағы әр өзгеріске

қарай ауытқытынын сезді. Өзінің санасын иелік ете алмай кеудесін ыстық жалын қауып, түсініксіз алақұйын сезімдермен арпалысып бақты. Осы сәтте Нәзираның өні өлденеден күрт өзгерді. Осы кезде әкесінің жағдайы есіне оралып, қалшиып қатты да қалды.

Класқа бір кезде Жібек кіріп келді. Қашанғы әдептінше оқушыларды үнсіз тұрып, түгендең шықты. Райысты көрген сәтте таңырқағандай қасын керіп, бір мезет шүйіліп барып дереу салғырт райға көшті.

— Сендер қазір у-шусыз отыра тұрындар. Қөршілерге кедергі жасап үят болып жүрмесін. Жетінші кластың балалары деген есейген, бәрін түсінеді деп ойлаймын.

Жібектің ызбарлылау қарасына тағы бір ілініп кеткенін байқады. Жанын жегідей жеген ойдың қайтадан бас көтеріп, өре түрегелгенінен дегбірі қашты.

— Сонымен шуламайсыңдар ғой, балалар?

— Шуламаймыз! — деп бәрі жамыраса үн қатты.

Осылар өтірік айтып тұрған жоқ па дегендей балаларды байыппен үнсіз шолып шықты. Әрқайсының бойындағы қасиеттерін жүйрік көңілмен шамалағандай болымсыз езу тартты да, сыртқа бетtedі.

— Эй, жираф, мойныңды созып не көрінді сонша, — деген Серіктің даусынан селт ете түсті. Балалардың дуқулғенінен қатты қыстынды. Серіктің жүзінде, бакса, Досаевтың әңгімесіне օпық жегеннің еш белгісі жок. Орнында бір минут дегбір тауып отыра алмай жанжағына алақ-жұлақ қарайды. Әлдебір жайды санаына салып, зерделеген сыңайды селтие қалады. Бірақ бұл күйінде ұзак бөгелмestен шұғыл серпіліп, кандай қызық ойлап тапсам екен деген пішінде іркіліп біраз тұрды. Қаперіне ештеңе кіріп-шықпастан үйқтап жатқан Мұқанды көргенде басқа дүниенің бәрін есінен шығарып жіберіп, бұқіл ынта-бейлі соған ауып кетті. Сып етіп тұрып, дыбысын білдірмей мысықша басып келді. Балалардың бәрі бұл тағы не сойқанды ойлап таппақшы дегендей оның әрбір қимылын көз жазбай бақылауға көшті. Ал ол Мұқаннның желке тұсына жақындал қалт тоқтады. Шалт әрекетке баардағы әдептінше тілін екі бүктеп тістеп, басбармағымен Мұқаннның шүйдесінен осып өтті де, жасырына қалды. Басын жұлып алған ол қыран-топан күлгөн балаларға алақтап қарады. Бейmezгіл үйқтап кеткеніне ыңғайсызданып қана коймай жанағы қолдың уытын ауырсынған-

дай қабағын тыжырына шытынды. Қарсы алдында өзін бағып отырған Сейітке көзін ежірейтті. Мұның алаңғасарлау қалпына мырс етіп күліп жіберген ол:

— Эй, Бақабас, басыңдан тайтұқыр алған мен деп отырсың ба? — деді.

Жасырынып отырған Серік осы кезде орнынан лып көтерілді де қайқайтып және бір осып етті. Жалма-жан желкесін ұстай алған Мұқан көзін алартып:

— Қойсаңшы, ей, ауыртып жібердің ғой, — деді.

Тайтұқыр алғанның кім екенінде де шаруасы жоқ, ашық қарсылыққа да бармайды. Жасқаншақ та жалтақ қалпынан уйренишкіті сайқымазақтыққа ілініп кетем бе деген қаупі сезіледі. Бұғынып, бүрісе түскен Мұқанның төбесінен Сейіт те бір тайтұқыр алып үлгерді. Оның добалдай қолынан бастап, шошайған жуан басбармағынан, аясы қып-қызыл көзіне дейін бітімсіздіктің ұсқынын аңдағандай Райыс қатты жиренді.

— Бақабас, маған неменеге қарайсың? — деді оған бүкіл денесімен бұрылған Сейіт. Мұқанның әлпетіндеғі жексүріндықты өзі ғана сезіп, өшпендейтілігі соған одан сایын қозатындағы пішіні сұрлана күренітіп барады. Көзінің қараышқтары кәдік ойнақшыл, жанарынан жылтындаған тікенек-тікенек ұшқын шашырайды. — Неге қарайсың, Бақабас? — Даусы кекесінді, зілді. Басын жасқана көтеріп алған Мұқан жойқын қимылдан сезіктенгендей бағжия қараган күйі кейін шегіншектеді. Шарасына сыймай атырылған жанары жасаурап, жалпақ беті нарттай қызарып, алаулап кетіпті. Сейіттің өңіндегі ызбарды шынға, әлде ойынға балай алмай состоя ошарылған Серік Мұқанның желкесіне қимастықпен бір түрлі үздіге жұтынып қарайды. Тілін жалма-жан екібүтеп тістеп алып, қолын тағызып еткізді. Шүйде жағын қос қолдап ұстай алған Мұқан өзіне тесірептің қалған Сейітке назарын сәл бағыттап тұрып. бақырып жылағаны Серіктің көніліне сыймай даракылана күліп жіберді. Бірақ ешкім қостай қоймағанына абыржи қалттынып, әр түстан өзіне қадала бастаған назарлардан берекесі ұшып:

— Бақабас, ойнағанды білмейсің бе, — деп, солқылдан жылап отырған Мұқанның иығынан ұстап, өзіне тартты.

Сейіттің тоқаш мұрнының ұшы тершіп, кескіні күріндеп тутігіп кетіпті.

— Ойнап жүріп жыласаң таз боласың, білдің бе!

деп, тайтүкүрды үсті-үстіне ала бастады. Қарсылық көрсетуге еш айла-шарғысы қалмаған Мұқан өкіріп жылауға көшті. Сейіттің айзы бұған да қанбайтындей жөнделіп отырып: — Ей, мынау жылайды, — дегенде ашаң тартқан жүзіне таңырқау шалыстанған әлдене үйірлді. Мұқанның жосықсыз жыласы қитығына қатты тиетіндегі ұсқыны төтенше сұрлана құбылып барды. — Сен бағанадан бері өтірік жылап отырсын, шын жылауын керек. — Сейіт манадан бергі әрекетін місе тұтпай, енді Мұқан басының тиген тұсынан тоңқылдатып шертуге көшті. Сейітті тұмсында қөріп отырғаны осы тәрізді Райыс оған таңырқай қарап қалыпты.

— Сейіт, қойсаңшы! — деген Нәзираның сөзін шыбын шаққан құрлы көрер емес. Бақырып-өкіріп жылаған Мұқанның басын умаждап ұстап, бұған енді не істесем еken деген кейіппен іркіліп барып, шапалақпен тартып-тартып жіберді, одан сайын қорғаншақтай тұсқен Мұқан пора-порасы шығып жылады. Бір жакқа қашып кетпесін дегендегі тағы оның қолынан тас қып ұстап алышты. Мұқан тілті жүлқынып, қарсылық та көрсетпеді.

— Қандай оңбағансың, Сейіт! — деп, Нәзираға шырылдап жүр. Ал Мұқанға ұрынған сайын жанын жай таптыратын рақаты бардай Сейіттің қара шұбар кейіпі шырайлана бал-бұл жанады. Езуіне болар-болмас іркіліс таңқан күлкі оны тым есейген секілдендертіндегі әлpetінен естиярлықты айқын байқатады. Қөзінен тоят таппайтын ұшқынға қарасаналы түркynың жаманат хабаршысындей тынымсыз жылт-жылт етеді. Серік манадан бері артық қимылға барудан жүрексінетіндегі селтиіп қана түр.

Райыс сөзге әлденеше рет киліккен Нәзираға, бәлениң бәрін өзі бастап алышп, енді барып бір шетте қағажу түрған Серікке бір мезгіл ішіп-жеп қарады. Содан орнынан асықпай жайлап көтерілді де, Сейітке ақырын жақындаң келді. Райыстың түксие тұсқен ұсқынынан сескенген балалар бір сүмдүк болатындей іштерінен тынулы. Мұқанды зар енірете жылатудың қызығына тұсқен Сейіт Райысты байқамады да. Тек бұл иығына қол салғандаға ол қалттынып, өзіне таяу түрған Серікке, сонаң соң артына жаймен бұрылды. Райыстың сұстанып кеткен пішінінен аяқ астынан құты қашып, іркіліп қалды. Мәмлеке шақырған жалбарынышты жүзін байқаған сайын Райыс өзінің амалсыз іркіле

беретініне тан. Қоңыр көздің ызбарлы уыты өңменіне қадалғанынан секем ала кейін шегінген Сейіт дойырлау шалт әрекетті құтті. Ал Райыс дәл осы жерде үршаша кетудің желеуін таба алмай бір қолайсыздыққа тап болды. Қенет Сейіттің пішінінде де Досаевқа ұқсайтын бірдене бар тәрізді көрініп кетті. Доғалдау тоқаш мұрны еш жерінен санлау кірмейтін сайқымазақ бірдепедей. Сырттан бір үстемдікті сезген заматта көп нәрсесін аңлай алмайтын көрнеу аланғасарлығы Райысты қатты жирендірді. Досаевтын әңгімесі осыған бола шықты деген ой басын солқ еткізіп үрүп өтті. Сейіттің езуінен бағана байқаған күлкі ізім-ғайым жоғалыпты. Көзін тайдырып әкеткенде кірпігінің жиі жыпылықтап кеткеніне дейін аңғарды. Райыс өзінің батыл әрекетке бара алмай тұрғанынан ыңғайсызданып «Менің әлім жетеді, мұны бірақ неге үрмаймын?» деп ойлады. Біреудің өзіне арашаши болғанын майданған Мұқанның солқылдал жылаған арыны басылып, Райысқа әлсін-әлі қарайды. Оның ықылық ата өксіп жылауы өзгелдердің өзіне деген аяныш сезімін оятқысы келген зымияндыққа ұқсап кетеді.

Райыстың өзіне төне түскенінен сескенген Сейіт басын кегжең еткізе шалқақтай шегініп, таяныш іздеғендегі партаның жақтауын қолымаң ұстай алды. Шакшинған шегір көзінен қапы қалмай қарсыласуға камданған жылт еткір үшқын білінді. Қенет есік жайлап ашылып, ішке қарай үмсініп кіріп келе жатқан Жібектің мол денесі көрінді. Сыртқа дейін естілетін балалардың әдептегі дабыр-дұбыры шықпай, тым-тырыс тыныштық орнағанына әуелі таңыркай бөгеллі. Соңғы кезде атышулы бола бастаған Райыстың, Серік пен Сейіттің жат тұрыстарына аңыра қарады. Басын көтермestен дыбыссыз жылаған Мұқанға көзі түскенде:

— Исадаев, тұр! Не болды саған? — деді.

Орындарына әлі жайғасып ұлгерменеген Райысты да, Сейіт пен Серікте де ісі жоқ, пәле бір шықса осы Мұқаннан шығатындей оның солпайынқы кейпін сүйк шолды. Басын одан сайын төмен тұқырта түскен Мұқан ләм деп жауапқа келмедин.

— Дап-дардай жігіт болғанша жылаған сені көрдім, Исадаев! Саған кім тиді, айтши. Еласаров па, Қенесбаев па, жоқ, әлде Әбдібаев шығар? Осы сендерге есейген сайын ақыл кіре ме десем, бала болып барасындар. Еласаров, тұршы орнынан!

Сүйретіле құлықсыз көтерілген Сейіт бітімінде селт етпейтін керенаулық басым. Қөзінің астымен сүзіле қарап, еш нәрседе ісі жоқ ұя бұзбас бір момақан қалып танытты. Ал құты қашқан Серіктің жүзі куреніте сан құбылды. Райыстың көзі осы сәтте Нәзирамен түйісп қалды. Әуелі бетіне бұрқ еткен бояу бірте-бірте жайылып, құлағының түбіне дейін қызырып кетті. Қос бұрымын ары-бері бұлғандатқан қызы қаздия қалып, қолын көтерді.

— Нәбиева, не айтайын деп ең?

— Апай, Исабаевты Еласаров ұрды. Әбдібаев болмағанда Еласаров оны аямайтын еди.

Сейіт Нәзираға оқты көзін қадап:

— Бақабасқа бірінші мен емес, Сайтан тиісті ғой, сен неге өтірік айтасын! — деді.

Пішініне көнілсіз ой ірке бөгелген Жібек кенет Се-рікке назарын шаршаңқы таstadtы.

— Сайтан деген ат алып жетіскең екенсін! Сенің біреуді коса іліп әкететін бір жаман әдетің бар еken, Еласаров. Мен мына Қеңесбаевты ақтап отырғаным жоқ. Мұның да бір басына жетерлік әңгімесі бар. — Серіктің қасына жақындал келген Жібек түкірайып алған одан бір сәт көзін алмай қадалды да, қайтадан Мұқанға бұрылды.— Өзінді Бақабас дегізіп, біреу ұрса жылап... Сенің Еласаровтан бір жерің кем бе, Әбдібаев арашаға түспесе, соққысына көне бермекпісін? Шырактарым-ау, ақыл кіретіндей жасқа келіп қалдыңдар ғой, бұл! Ешкім сендерге жаманшылық ойламайды, білсендер. Кейде ұрсып та, жалынып та түсіндіргім келеді. Орыс халқының «Арынды жасыңнан сақта» деген сөзі бар. Осы кезден қалай қалыптастыңдар, со-лай кетесіндер. — Тағы бірдене айтпаққа оқталып ба-рып, сағатына үнілді. Содан назарын балаларға жалпы таstadtы. Көніліндегі түйткіл сейілмеген мазаң күйде үстеліне барып жайғасып, класс журналына белгі соға бастады.

— Уақыт аз қалыпты, үйге тапсырма берейін, жазып алындар, — деді.

Үйге берілетін тапсырмаға Райыстың көнілі ауа қоймады. Осы жаратылыс жаратылыс болғалы бері өмір кешіп келе жатқандай сезінді. Әлдебір кедергі-ге бола көп нәрсені айырып, ажыратпаған ба, қалай? Жібекке енді анырып ұзак қарады. Класс жетекшісін бір түрлі жек көрмейтін секілді. Тек Досаевка бола

жүрегі өкпелі сыздайды. «Арынды жасынан сакта» деген сөз санасында жаңғырығып өткенде тұра өзіне арналып айтылғандай көрінді. «Шынында, менің әкем осы кім?» Кескіні бүрк етіп қызырып кетті. Жантала-сып әлденелерді тұртіп алып жазып жатқан Сейітке әлдекалай көзі түсті. Басы зыңылдан ала жөнелді. Ет-жүрегі езіліп ауырып, кеудесіндей удаи ашып барады.

— Райыс, сен неғып жазбай отырсың? Білсөн, техни-кадағы жаңалықтардың бері алғаш биология зандылықтарына сүйенген, — деген Жібектің сөзінен бойын жиып алып, дереу қаламына жармасты. Үйге берілген тапсырманы жазып отырған сыңай танытып: «Арынды жасынан сакта» деген сөйлемді сойдақтатпай, бір жолға тәртіппен ықтияппа түсіріп шықты.

— Осы тапсырманы оқып келіндер! — Қоныраудың соғылуын күтпестен сыртқа беттеп бара жатқан Жібек Сейіттің тұсына қалт тоқтап, оны бірер сәт сыншыл райда шолып тұрып: — Еласаров, сабактың сонынан маған жолығып кетші, — деді.

Мектептен шығып, үйіне қарай аяңдап келеді. Жібектің өзіне деген көзқарасының өзгергенін байқады. Жылт еткен жылышықты малданғандық емес, көnlін-дегі түйткіл мен алаң бір мезет ұмыт болса — осылай алып-ұшатын әдеті. Қоктемнің салқын-саялы мезгілін-дегі желліген самал сарайын ашып, бойын сергітіп өтті. Жан-дуниесін бірде жабырқатып, бірде жадырататын тұрақсыз көңіл күй тағы қайда апаратыны бей-мәлім. Құдікті ойлар қайтадан бой көтерсе бітті, қо-балжып, қоңылтақси бастайды. Артына бұрылып қарады. Балалардан бөлініп, саяқсып келе жатқан Мұқанның қарасы көзге ерек шалынады екен. «Өзінді Ба-қабас дегізіп, біреу ұрса жылап» деген Жібектің сезі ойына оралды. Бір топ қыздардың ортасында өзін ер-кін ұстап, әлденені айтып, дарақыланған күлген Серіктің нысапсыздығына қайран қала қалт тоқтады. Мұның анырып қалғанын көрген ол:

— Жираф, бері кел, әңгімелесеміз, — деді. Үнінде бәз-баяғы қамсыз сарын. «Қыздардың көзінше Ұзын-тұра, біресе Эвкалипт, біресе Жираф деп бұл да бәле болды фой. Ол әкесінің, әрине, пленде болғаны үшін үялмайды». Кенет өзінің Мұқаннан түк айырмашылығы жоқ екенін ойлады. Мұқан Сейітке ешқандай кар-сылық жасамаса, ал бұл әкесінің соғыста не істеп койғанын әлі күнге сұрап ала алмай жүр. Бағанадан осын-

дай оймен селтиіп тұрған Райыс Серіктің өзіне жақындаپ қалғанын байқамапты. Өнді ойнақы. Езуіне жиылдып қалған күлкінің қаймағы бұзылмастан сол қалпы тұр. Онымен сөйлесуге зауқы соқпай Райыс жалт бұрылды да жүре берді.

— Жираф, тоқтасаңшы, — деп, оның таңырқай дауыстағанына да қарайламады.

Есік алдындағы орындықта селт етпес көңілсіз кейінде отырған әкесін көргенде, құлазулы сезім жанын одан сайын жабырқатып жіберді. Әке пішінінде бала кезден таныс баяғы сол кіrbіn. Ол жанын жегідей жеғен әлдебір жайсыз уәйімнен зардап шеккен жандай. Күннен күнге ұсқыны да өзгеріп, берекесі қашып бара жатқан сияқты. Қалған санаулы ғұмырын осылай аяқтауға біржола бекінген сыңайындағы еңжарлық мұның жанын бебеу қақтыратын болғалы қашан. Ұлының қылғы да қитығына тиіп біткендей Әбдібай қабағын шытып:

— Бейсенбінің қызы саған бүгін ұрысқан жоқ па? — деді.

Сурауын сұрағанмен назарын көлденен тас жолда ары-бери өтіп жатқан жүргіншілерге аударды. Бір күн ауру, бір күн сау дімкәстікке еті әбден үйреніп, қу жанын шуберекке түйіп жүрген қалпы әбден зеріктіріп жібергендей. Күрк-күрк жөтелгенде алқымына тас тығылғандай даусы әрдайым тұншыға булығып шығады.

— Көке, сіз осы соғыста болдыңыз ба? — дегенде Райыстың үнінен діріл білінді.

Әбдібай әуелі мұны тосырқаған сыңайды шекесімен қарады. Сазарған әллетінде әлде қамығу, әлде толқу сияқты бірдененің барын сезді. Бұл сұрағы қай сұрап дегендей жүзіне таңырқау үйірген әкесі бір мезет абдырап:

— Бардым, қайтеді? — деді.

Әкесінің бұл сұраққа дегбірі қаша қалғанын неге жорырын білмей дағдарған Райыстың мұрны бір дедиіп, бір кусырылды. Өзіне ежіре耶 қараган әке көзінен кәдік шалыс ұшқын жылт етіп ойнап өткенін аңдады. Сол ұшқыннан мұның санасында күдікті ой тағы қылаң берді. Әкесінің алдында өзін еркін ұстаудан бүтіндей айрылып, жиі-жій тұтыға бастады.

— Ана Досаев сізді соғысқа барған жоқ депті.

Әбдібай жөнделіп отырды. Мынау не айтып кетті дегендей ұлына бір уақ ойланған қарады. Рекінің қаны

қаша абдырағандай іркіліп барып, біртінде қатая, сұрлана түсті. Қөзін тура мұның өңменіне тіктеп, жаңағы сөзді Досаев емес, құлды ұлы айтқандай қабағын күйзеле шытынды.

— Досайдың баласынан өзің соғысқа бардың ба деп неге сұрамайсың сен?! Маған келіп анау үйтіп айтты, мынау бүйтіп айтты деп тұрсың.

Райыс әкесінің аяқ астынан ашу шақырганына таң. Досаевтың сөзін егер сол күйінде жеткізсе не болмак. Әбдібай орнынан атып тұрғанда ұзынтыра бойна не болмағандай тенселіп кетті. Ұрынарға қара таппай айналасына алақ-жұлак қараған кескінінен тыз етпес ұшқалақтық сезіледі. Қоз аласының жиегін қамти жапқан қызыл еттен жан кетіп қалғандай тым суық.

— Қызталак, мен Сталинградтың қып-қызыл өртінің ішінде жүргендеге, ол мынау Тәшкенде болған, енді келіп соғыстым дейді. Ойпыр-ой, бет жоқ қой итте, бет жоқ! — Досаевка еш дауа жоқтығына көзі анық жеткендей осы бір сөздерді бір түрлі күйзеле айтты. Қабағындағы кірбің одан сайын молая түсіп, селт етпейтін селсоқ кейіпке көшті. Осы бір байыпсыз ашушандық Райыстың қөнілін әжептеуір қонылтаксытып жіберді. Үлкен адамдардың бірін-бірі жек көруден де былай, бірін-бірі жауапсыз қаралай салудың мәнісіне жете алмай тосылды. Арадағы сөздердің қайсысы ақиқат, қайсысы жалған екенін айырып-ажыратудың киындығынан емес, осыншалық таусылып, азап шегудің салмағын бұдан былай көтеріп жүрудің мүмкіндігі жоқ тәрізденді. Осындай жағдай тек өз басындаған ұшырасып, қалған балаларда болмайтынын ойлаған сэтте тұла бойын өшпендейлік сезім бунап ала жөнелді. Жайсыз әнгіменің одан әрі ұшығып кетуінен жүрексінетін халде тұрып-тұрып, үйге кірді. «Досайдың баласынан өзің соғысқа бардың ба деп неге сұрамадың сен?!» деген әкесінің шаңқылдан шыққан даусы құлағының түбінде шынылдал әлі тур.

Түпкі бөлмеде отырған Райысқа әкесі мен шешесінің күнкілдеп сөйлескендері еміс-еміс естіледі. Бірақ олардың не деп жатқандарын тындауға зауқы соқпады. Қөнілінің жосықсыз құлазитынына да, екіудай шарасызыққа да көндігіл бара жатқанын сезді.

— Райыс, тамағынды ішпейсің бе! — деген шешесінің даусынан селт етті. Шала бүлініп, шырқынды қашыратын ештеңе жоқ дейтін басалқалы үн жанын жай

таптыратында жұмсақ естілді. Эйтсе де, есікті қысылып-қымтырылып ашып, әкесі жаққа назарын тастады. Төрде жамбастап жатқан оның өцинде бәз-баяғы салмақтылықтан бөтен өзгеріс байқалмайды. Тек бұған сыншыл да сұраулы пішінмен ұзақ шүйілді. Әлпетіне кейістік үйірілгендері әдетінше жақ сүйегінің бос терілері қатпарлана жиырылды.

— Досайдың баласы соғысқа барғанда не істеп койдым дейлі соншалықты, қырып-жойған шығар жаман қатты?

Ұлының әлпеті бұрқ етіп қызыарып кеткеніне абыржыған шешесі күйеуінің болмысындағы немкетті әрі өкпе шалыс сызды түсінбей состыып:

— Балаң қайдан білсін, айдаладағы Досайдың соғысқа барған-бармағанын, оған барып қырып-жойғанын, — деді.

Басын кегжите қойған Әбдібай: «сен осы бірдененің жөнін біліп алмай тұрып сөзге араласпай-ақ тыныш отырсаң қайтеді» дегендегі әйеліне алая қарап:

— Баяғыда сүйегі қурап қалған Досайды айтып отырғам жоқ, — деп айғайлап жіберді. — Иттің баласын қараши, мына тұрған Тәшкеннің төңірегінен шықпай, тағы өзі соғысқа бардым деп шіренеді. Ана Сейітжапар, Ақберген үшеуі бір жерде болған. Ақберген арақ ішкен сайын Досайдың баласының опасыздығын жыр қылып айтушы еді, кейінгі кезде онысын қойыпты.

Райысқа әке сөзі нысанага тимей жатқандай көрінді. Тек «Досайдың баласының опасыздығы» дегенге селт ете түсті. «Көке-ау, Досаев не дейді, сіз не дейсіз?» Көкейіне келіп қалған осы сауалды қоя жаздал барып тоқтады. Күйеуі мен ұлының дәл қазіргі түсінуге қын мінездеріне, аяқ астынан орнаған қолайсыз тыныштықтан жаутаңдап кеткен ана болмысындағы жалтақтыққа мұның етжүрегі сыздап ауырды. Міз бақпайтын сүйқ қалпын сақтаған Әбдібай қолындағы кесесін шиырып лақтырып жіберетіндей шошайта ұстап, шайды сораптап ықылассыз үрттайды. Осы сәтте басына мың-сан ой келген Райыс әкесіне: «Досаев сізді немістерге сатылып кетті» дегенді айтуға өзінің батылы еш жетпейтініне көзі жетті.

Мектепке Райыс бүгін тым ерте келді. Қөніліне алан кіргелі бері жұрт тек өзін бағып тұратындаі көрінеді. Санасын сансыратып тастайтын ойлардан запы болғалы қашан. Бүкіл класс балаларының алдында әнеуғұн-

гі Досаевтың айтқанын есіне алса бітті, қаны басына шабады, шекесі шыңылдап, көзі қарауытып кетеді. Міне, енді елден бұрын келіп, жападан-жалғыз отыр. Күн көзінен қалтарыста орналасқан бөлме іші алакөлеңке. Терезенің арғы жағындағы қалың бақ екі қабатты мектептің қалқасын сағалай маужырайды. Қөлденең көшениң жиектей түскен күн сәулесі көлеңке үйисқан бақ ішіне болымсыз шашырайды. Осы көрініске алдана қарап тұрған ол жайлап есік ашылғанда селт ете жалт бұрылды. Өзіне бағжия қарап қалған Серік бір кездे ыржынып күліп жіберді. Райыстың тұксиген қабағынан состия іркіліп барып, орнына асықпай жайғасты. Қөп ұзамай балалар топырладап келе бастады. Назарын ешкімге тіктемей кірген Сейіттің де сағы сынық. Нәзира кешегіден сұртілмей қалған тақтадағы жазуды өшірді. Бәрінің соңын ала жеткен Мұқанның өнінде әлденеге алаңдап, тосырқау деген атауымен жоқ. Өңмендеген журісімен өз орнына қарай озып бара жатқанда болымсыз күлімсірегенін Райыс анық байқады. «Кешегі жағдайды бұл сонда тез арада-ақ ұмытып кеткені ме?» деді ішінен.

— Райыс, сен бүгін кезекшісің, — деп, так ете түскен Нәзираның саңқылдаған даусы құлағының түбінде дірілдеп тұрып алғандай болды. Кезекшісің деген сондық кездегі көніл күйіне сәйкеспейтіндегі бір түрлі тосаң естілді. Неге екені белгісіз, Нәзираның дә әлпеті ала-бұртып кетіпті. Қенет кезекшісің деу, «қазір Досаевтың сабағы, абайла» деген ескертпедей көрінді. Досаевпен беттесу кезегінің тағы бір қияметі тұрғанын ойлады. Жол-жәнекей кездесе қалғанда ол шалқақтап, ток сыңайына белгісіз ой ірке сәл бөгеледі. Содан маңғаз қалпына біреудің көзінің сұғы өтіп кетіп жүрмесін дегендегі жорта сынық тартып, бәсекен басады. Бұрын бір жерден көріп, соны енді есіне түсіре алмай тұрғандай мұрнының үстіне сырғып түскен көз әйнегін жұлып алып, ұзақ антарылып үңгілетін пішіні көз алдынан сол күйі көлбендереп өтті. Фамилиясын Эбдібайлата шорт қайырып, тақтага шығаратын қылышына ашула-нудың орнына, қақтығысқысы келетін ниеті ояна бастады. «Ағай, сіз соғыска бармапсыз ғой» деп айтатын сөзді қапы жібермеуді ойлады. Балалардың дабыр-дұбырына көніл бөлмей өзімен өзі отырған. У-шу саптынып, орындарынан бәрі жапа-тармағай көтерілгенде, бұл да қалай атып тұрғанын сезбей де қалды. Суыт

кіріп келген Жібек балаларға назарын бір түрлі дегбірі қаша тастаған сияқтанды. Өні қуаң тартып, коныр көзінің қараышқтары шықтана мөлтілдеп, әлденеге абыржулы кейіпте ұзак тосылды. Бір сәт көзін окушылардан асыра қабырғаға таstadtы. Әлдебір жайға кайран қалып, соның зардабын санасына жеткізгісі келмегендей қинала-қинала тіл қатты.

— Балалар, — тым-тырыс қалған окушылардың әліптің аяғын естиярлықпен баққандарыңа таңырқаған сыңайда көзін кен ашты. — Кешегі түні Досаев Бердібек ағаларың машина апатынан қайтыс болыпты. — Жібектің жарықшактана шыққан даусынан қалтыраған діріл білінді. Бұрқ етіп қызыл бояу шарпыған жүзі сұрланып, бетіндегі секпіл нүктелері жыптырлай қаруытады.

— Ол кісі біз түгілі, біздің әкелерімізді оқытып еді. — Назарын кенет Райысқа тіктеді. Сыншыл сыңайда сыр аулау, әлдебір тоқтамға келгеннен кейінгі байыптылыққа көшкендік байқалады.

Бұл хабарға әлі де сене қоймағандай демдерін іштерінен ала тынған балалардың жүздерінде таңырқауда, қалайша дейтін абыржу да жоқ емес. Досаев өлімін естіген заматта Райыс айызы қана табалайтын пиғылына дес бере алмайтынан қатты қуыстанды. Жібектің өзіне қадала қалған сәтте осынысын оқып, сезіп тұрғандай дегбірі қашты. Қызарып кеткен жүзін төмен салды.

— Ол кісіні жерлейтін күні бәріміз барамыз, — деп, Жібек класс журналына шүқшиды.

Бір нәрсенің байыбына бара алмаған Райыс екіүдай күй кешті. Өзгелер нендей күйде отыр еken дегендей, балаларды шеттерінен барлап, қарай бастады. Ортаңғы қатардың алдыңғы партасында отырған Серік пен Сейіттің қап-қара желке шаштарынан төмен айрықшалана көрінетін шодырайған сүйектері күп-күрен. Көз жанары шарасына сыймай атырылған Нәзираның қалшиған қалпында бұл сонда қалай дейтін шошыну арасында таңырқау басым. Соңғы орындағы Мұқанның өңіндегі жоқ, ол мумкін емес дейтін сенбеушілікте естиярлыққа үқсайтын бірдене бар. Қекшіл көзін белгісіз тарапқа қадағанда бәз-баяғы баландық, жанын ештеңеге ауырта қоймайтын марғаулық байқалады. Райыс осыларды бағып отырып, көңіл күйінің түсініксіз бір қалыптығынан тағы да қуыстانا бастайды. Досаевтың

өлімін жадынан лезде шығарып жіберіп, жаңа сабақ түсіндірудің әрекетіне қызу кіріскең Жібекке де қарады. Нышанындағы бейілділік балаларды өзіне үйіріп әкетіп барады. Барлық жанаң мұғалимаға арбалып қалғандай. Ал мұның қабыргасына Досаевтың өлімі бәлендей батпаса да, өмірде күтпеген жағдайың соңшалықты тез, аяқ астынан бола салатынына таңырқашылық күшіне бастады. Жібек әнгімесіне қаншалық дән қойғысы келгенімен бір сарынды жіңішке шығатын дауыс басында сүйкімсіз даңғырлап жаңғырыға берді. Мұрнына сырғып түскен көз әйнегін жұлдып алып, ошарыла қарайтын Досаевтың кейпі көз алдына келді. Оның өлімін әкесі естісе қайтер екен? Қыбы қанғандағы әке пішінін қанша елестеткісі келгендімен онсынан ештеңе шықлады. Осы кезде қоңырау соғылды да Жібек сабағын аяқтады. Аса тығыз шарапаларынан кешігетіндей балалар алдарындағы заттарын сөмкелеріне апай-топай сұнгітіп, өре түрелді.

Өзінің білімділігіне наsatтанатын тоқ сыңайда әңгіме бастайтын Досаев жаратылсынан тіршілігіне деген разылығы қатты сезілетін. Тұлкінің күшігін қойына тыға салып, сапқа тұра қалған спартандықтың әлгі бәле қанша тырнап, азаптаса да сыр бермейтін төзімділігіне немесе Демосфеннің теніздің жағасына барып сөз сөйлеп, берекесін қашыра қиқандай беретін иғына жоғарырактаң қас қылыш асып, сөл қыбыр етсе осып түсетін ыңғайға келтіріп, ақыры шешен болғанын әңгімелегендеге Досаевтың салбыранкы салғырт жүзі бір қунақтанған ширақ кейіпке енуші еді. Райыс дәл қазір өзінің Досаевка деген өшпенділігі жоқтығына таңырқады. Тек қайдағы бір табалағыш сезімді сырт көз байқап қойғандай өз-өзінен қуыстанып, берекесі қашады. Сөйтсе де әлгі тұлкінің күшігін қойнына тығып ала қойған спартандықтың төзімділігі мен Демосфеннің ерік-жігері туралы сондай сүйіспеншілікпен әңгімелуе, басқа басқа, ал Досаевтың аузынан шығуы мүмкін емес сиякты.

Баяғы орнынан тапжылмай әкесі отыр екен. Оны көрген заматта көңілі алыш-ұшқан тағатсыз күй кешті. Жақындағы түскен сайын селт етпес сол марғау қалпын таныды. Оны осыбір көнілсіздіктен арылту өз қолында тұргандай ентіге жетіп келген Райыс:

— Қеке, Досаев өліп қалыпты! — деді.

Бір түрлі сүйінші сұрағандай асығып-аптығып келді.

— Тек! — деп, басын жұлып алған әкесі бұған ажырая қарады. Қүрөңіткен кескініне «балам-ай, соңша не көрінді, өлім ойыншық па саған» деген реніш үйіріп, қабағын шытты. — Түске дейін өлген кісіні естімеді деп тұрсың ба, барып та шықтық.

Гіршілікте өлім дейтін нәрсенің кездейсоқтығынан шошынатын кейінде Әбдібай ұзақ бөгелді. Райыс әкесінің жүзінде қайғырып-қамығудың терең сызаты жоқтығын байқады. Бірақ Досаев өлімінің әсері неге күшті болды деген ойдан еріксіз мұдіре берді. Әйтсе де Досаевтың бір ауыз сөзіне бола мұның шегіп жүрген азабын әкесінің тіпті сезбейтініне налыды. «Мен әлі айтқан жоқпын, егер айтатын болсам, өлмесе өмірем қапсын» деп шыға келер. Шеке тамырлары солқылдалап ала жөнеліп, көз алды ысынып барады.

— Ол сізді немістерге сатылып кеткен депті.

Әбдібай ұлына жақтырмай қарады. Қүрөңіте шымырлаған қарла торы кескіні сұстана түскендей. Қысыңқы көзінің қоңырқай қарашибеттери дегбірсіз үшқын атады.

— Оны маған не қыл деп айтып отырсың?! Ол өлмей түрғанда қайда қалып едің? Досайдың баласы қағынайын деп қағынбаған шығар, осынысына көрінейін деген ғой. — Қатқыл үнінен шамшыл сарынды аулай алмады. Үстамдылығын жорта сақтап отыр дейін десе, жүзі өрт сөндіргендегі тұтігіп кеткен. Көзінің сұғын тұра мұның өңменіне қадап: — Бәсе, бұған не болды деп ойламаймын ба?! Досайдың баласы мейлі жарайды, қараниет-ақ болсын, ал Бейсенбінің қызына не жок, бәрін көріп, естіп тұрып, әнеугүні тепсініп кетке-нін қарашы! — деді.

Әкесінің өңіндегі күйзеліске үқсайтын төтенше өзгерісті ұзақ барлады. Жүзінде опыну да, наза да бар секілді. Райыс бір жағдайға түсінбей дал. Сыртқа шығаруға жүрексініп келіп, абайсызда айтып қойған жаңағы бір кесапат сөзге әкесі неге ашуланбайды? Өзіне тұксніп қарағандағы сұық райынан бір жағдайды дендер ойлауға дәті жетпей дегбірі қашатын секілді. Түйіні жуырманда шешілмейтін, әйтеуір, шым-шытырық бірдене. Балалардың алдында Досаевтың айтканы анау да, әкесінің сөзі мынау. Ішкі күдігі қайта бас көтерді. «Әкем менің шынымен сатқын ба, мен

сонда сатқының баласы болғаным ба?!» деп, тығырыққа тіреле берді. Элденеден карманып ұстамаса, дүние шыр көбелек айналып бара жатқандай көрінді.

Райыс өлімді жерде кек болмайды дегенге жүгінер-жүгінбесін білмей, түпкі бөлмеде қалшып әлі отыр. Бір ку ағашты есікке тірегенге бола балалық өмірінің бүлінгенінің обалы Досаевқа деп он жерде айтқанымен ештеңенің орын толмайтыны белгілі. Өкініш тәрізді кермек сезім кеудесін сыздатып-сыздатып өтеді. Сонда Досаевты жерлеуге бармай қоюын өзіндік карсылыққа жорыса да, көнілі қөншімейтін бір ықылассыз күйден арыла алмады. Енді келіп оның салынқы қабақ баласына: «Сенің әкеніңді елдің бәрі жек көретін, аты-жөні жок қаралай салатын. Соғысқа барды ма, бармады ма білмеймін, әйтеуір, қатты сиқырситын» десе жақсы бола ма? Бұдан да бәрібір меселі қайтпайтынын түсінді. Түбінде онысы қекірегінен запыран болып лықсып шығып кете ме деп қауіптенетіні де рас. Оның бір ғана сөзі ушін кішкентайынан булыға тығыллып өскендіктің өкісігі қазір де аһ деп қалса бітті, қолқасын қауып, кеудесін ыстық дем кеулеп кетеді. «Өле-тін Досаев өлді, оның қараниеттілігі ақыры өзіне жақсы болған жок. Оның өлімі таза кездейсоқтық болса да, ал мен неге ылғи жөнсіз жайларға сене берем осы?»

Манағы томсырайған қалпынан аумай, бір нүктеге сазара қадалып қалған әкесінің кейпіне ашпалы есіктің жақтауынан ұрлана көп қарағыштады. Кенет «штрафной батальон» деген сүмдыштың абыройсызыдымын қоса, айтып жеткізуге қын ауыртпалықты ойлаған уақытта тұла бойы тіксініп, шымырлап өтті. Мынау пәни дүниеде бір жазған өз еншісіне тиесілі қындықты өлермендікпен көтерсе, екінші біреууге ондай сын мандайына көрнеу жазылмайтын сияқтанып кетті. «Сорлы әкем! Мұның көрген азабының жанында Досаевтың жаласы түкке де тұрмай қалатын шығар, әуелі?» деді ішінен. «Осы біздер неге шешіліп сөйлесе алмаймыз?» Мұншалықты шеккен тауқыметтің аздаған иғлігін көрмеуден жаман қорлық жоқтай. Әке денесіндегі құбыжықтанып біткен шор-шор жаракаттарды ақыл-есінен мұлде айрылған әлденеге ұқсата койды. «Осыншалықты сенімсіздіктің салдарынан оған киянатым тиіп жүрген жок па екен?» деген күдік ойна

сап ете түсті. Осының бәрін айтып, кешірім сұрап, көңілдегі кірді жуып-шаюға жетпейтін тоңмойындық қана кінәлі секілді. Іштен таусылып, құпияны қанша тіс жарып ашпауға бекем осынау тірліктерін сыйнышыл сырт көз үнемі бақылап тұратындаі көрінеді.

Бір кезде әкесі орнынан сүйретіле көтерілді. Еңкіш бойын қинала жазғанда қарауытқан кескінінен манағы ашу-ыза әлі толық сейіліп болмапты. Кенет бұл отырған жаққа жалт бұрылып, одырая қарағанда әлпетінде бір ойдың ұштығына жетпей сансыраған селқостық қана қалыпты. Эке жүзіне үялаған мұндай кірбінді көріп отырғаны осы секілді сасқалақтап қатты абыржыды. Арқасы шымырлай мұздаған бұл есіктен екі бүктеле шыққан әкесінің қоянның жонындаі күжірейіп кеткен жотасы мен біраз уақыт сембеген күрк-күрк жөтелгеніне дейін етжүргегін езіп, елжіретіг жіберетін аяулы нәрсесіндей сезінді. Осы сәтте әке өмір бақылық әке, ал өзінің маңдайына бала болып қалу несібесі жазылғандай көрініп кетті.

Мектепке қарай таң ертеңгісін келе жатқанда да әкесінің кешегі болмысы көз алдынан кетпей көлбен-деп тұрып алды. Онысы және бұрынды-сонды көріп жүрген тыз етпе аушашандыққа мұлде ұқсамайды. Ат-жақты арық жүзіндегі қатпар-қатпар әжім, шалт тастағанда шарасындағы бой тіксінетін уыт — бәрі терең-деп дендерген күйзеліс пен қиналыстай. Жаңын жегідей жеп жүрген мазаң ой сондықтан да ұсқынын мың-сан құбылтатын секілді. Жүрек тұсы тұтқылдан тағы да сыздай жөнелді. Досаевтың баяғы сол лаңынан кейін төрт күн бойы мектепке бармай, ақыры шақыртып болмаған соң келгенде есіктің көзінде қыдырып тұрған әлгі ересек екі қыз: «Галстугің қайда, ұятсыз, бар тағып кел» дегені қазір есіне сап ете түсті. Өзіне-өзі қатты жаңы ашып кетті. Досаев сүмның жапқан жала-сы анау, бетінен басқандай болып құр сүлдесін сүйретіп мектепке келгендергісі мынау. Мандайымен жартас-ты соққандай есенгіреп үйіне қайтса... Райыстың шекесі дың етіп, көзінің алды қарауытып, бұлдырап бара жатқандай көрінді. «Жан алғыштай қыдың-қыдың еткен қыздарға жалынышпен жаутандау он беске келіп қалған сойталдай жігітке онай тиді дейсін бе?» Әлдекім мұның өніндегі өзгерістерді бағып тұрғандай көрініп, жан-жағына қарап алды. Тас көшенің бойындағы әр үйдің тұсынан шығып тұрған балалардың жо-

ғарыдан келетін топты асықпай тосқан кейіптерінде үлкен кісілерде ғана болатын басалқалы естиярлық бардай. «Кіші Досаевта таза балалық нышан бағ ма?» деді бір кезде өзіне-өзі. Досаевтың баласы болғанға үшін ғана осы бір сұрапқа оң жауабын беруге еркі жетпейтіндегі. «Балаға сену керек, оларды ала-ламай жақсы көру керек деп үйреткен жоқ па» деді ішінен тағы. Райыс өз бойындағы пендешілікті ойлаған заматта көңілі қадімгідей қоңылтақсып қалды. Мектепке кіргенде де осы бір қуыстанушылықтан арыла алмай, жүріс-тұрысындағы олпы-солпылыққа таңырқап қарай беретін секілді.

Мұғалімдер бөлмесіне кіре берісте Сабыр карсы жолықты. Бұған одырая бір қарап, амандастын ишаратын жасады. Мұның селт етпейтін сұық райынан на-зарын тайқыта тәмен түсіріп, томпандыған жүрісімен сыртқа беттеп барады. Мектеп директорының өзіне деген карасынан әкімдік мысы барын андады. Мұғалімдер бөлмесіне кіргенде терезе жақта әрқашандағыдай бір топ әйел шүйіркелесе әңгімелесіп түрғанын көрді. Төрде отырған оқу ісінің менгерушісі бұған көзін сүзіп өтіп, жазып жатқан қағазына кайта шұқшиды. Ал ана Бигайша жас болса да кексе әйелдердің ортасында түрғанда байқалмай қалатынына таңырқаған күйі журналды алып кете бергені сол еді:

— Шырағым, сен осы жоспар жасайсың ба, жаса-майсың ба? — деген байсалды шыққан қатқылдау дауыстан амалсыз кідірді. Күнделікті жоспарды көрсете берудің ынғайы келе бермейтін кездер де бар. Мына бір топ әйелдің көзінше жалпақ-жұлпанға ұксайтын болған сон, сұрай қалса көрсетермін деп ойлаған. Мұғалималар сөздерін кілт доғарып, бұған антарыла қарасты. Бигайшаның бетіне қызыл ойнап, қас-қабағын кере, көзін төңкере таstadtы. Қескіні ду етіп қызырып кеткен бұл оқу ісінің менгерушісіне жалт бұрылды. Әдепкіде осы бір шалт қимылынан ыңғайсызданып тақалды.

Асықпай жайлап ашып, әр жолға шұқшия кадалған ана кісі бір кезде:

— Осылай көрсетіп түрған киын емес шығар, — деп, байыптылығынан еш жаңылмай езу тартып қойды.

Райыс жасы үлкен адамдардың мінездеріндегі ірілі-үсакты қылышты сәтті андап болжаудың қыындығын ойлады. Бұл кісінің көзінше жаңағы бір топ мұғалім

әйелдердің қысылып-кымтырылмай әңгіме соққандарына не жорық?

Бала оқытуға еті біртінде үйрене бастаған секілді. Тұрлі ойдың шырмауынан шыға алмай класқа кіріп келеді, орындарынан атып-атып тұрған балаларға отырындар дейді де, бірден сабакты түсіндіруге кірісп кетеді. Бірақ өзі жетекшілік ететін кластағы кіші Досаев дертіне айналып бара жатқан бірденеге ұқсайды. Іздеп тұратын секілді назары ылғи соған түседі. Осы біреу маған бәле болды ғой дейтіндей ол да қабағын кіржитіп, көзін бұған қырын тастайды. Бұғін де бәрінен кештеу созаландап тұрды. Китығуын қитыққан Райыс сыр бермей тұксіп, оны бір сәт үн-тұнсіз барлады. Әбдесбаевтың жалпақтау пошымы да назарына бір ілігіп өтті. Құлімбетованың қап-қара жанары мөлдіреп, жатырқаулы сыңайда селтиіп калғанын андады. Қайдағы бір аяушылық сезім көкірегін шымырлатып жібергенде, ширақтығын аяқ астынан жоғалтып алады.

— Әбдесбаев, сен бұғін дайындалып келген шығарсың? — Сенімінің шамалылығын білдіріп алғандай үні бәсеп. Орнынан ауырлау көтерілген Әбдесбаев екі иығы салбырап, сүмірейіп барады. Бірер сәт Райыс оны көз алмай бақты. Мұндайда Әбдесбаев нобайынан балалық нысан жоғала бастайтынына таң. Құдды зәрезап болып, бәрінен көнілі қалып, түңілген сынайға енеді.

— Әбдесбаев, сен тақтаға шықшы, — деді амалы бітсе де жұмсақ тіл қатып. Осы кезде біреудің сынқ етіп күліп жібергенін естіді. Эрбір баланың жүзін бағылтап шолуға кіріскенде кіші Досаевтың кескіні кунақ, күлкінің ізі өшпей езуіне жиылып қалғанын көрді. Мұның өзіне қадалып тұрғанын андап, екі қолын алдына салды да үлгілі оқушылық қалыпқа лезде көшті. Өзінің жанары нұрлы екен. «Мұның көзіндегі үшқын мына Әбдесбаевта неге жоқ болды екен?» деді. Оның жаратылысындағы марғаулық шымбайына қатты бататындей бұл атып тұрып, қасына қалай жетіп барғанын сезбеді. Тәмен тұқырып алған оның басын эрең көтеріп, назарын аударып алды. Қараашықтары көзінің күйрігіна тығылып, аласы мағынасыздау үлғайып, ақшиып барады. «Қақ-соқта түк ісі жоқ біртоға адам болады-ау түбінде. Біреулерді басына шығарып алатын ез шығар, бәлкім. Бұған қандай амал жасаса жөн?» дейтін шарасызыққа ұрынды. Осы кез-

де сарт ете қалған дыбысқа еріксіз бұрылды. Караса, орнына тез жиналышп үлгерген Досаевтың тымлишп алып отырғанын байқады. «Бұл өзі неге құтырып алған?» деп ойладап:

— Досаев, тыныш отыр! — деді. Шынымен қаймық-қандай жузі мүләйінкі тартты. «Мұны әкесіне бола жек көрем бе, жоқ, сүйкімсіз сүйкімсіз бе? Осы Әбдесбаев қанша можантопай, қанша кеше болса да жек көрмеймін. Неге?»

— Әбдесбаев, не істеуге болады, өзің айтшы? — Онымен ақылдастып, сырласқысы келгендей бір түрлі толқып тіл қатты. Ол екі иығын қомдана күжірейіп, көзінің астымен қарағаннан басқа әрекетке бармады. Мұндайда Досаевтың «ұндіктің айғырына ұқсамай» деп тілдей жөнелетінін ойына алды. Енді оның ұлы жаққа еріксіз көз салды. Алдындағы баланың желкесінен нұқып қалып, жайбаракат қана отыра қалғанының үстінен түсті. Алдындағы окушы да қабағын кіржитіп, қолын сілтеп кеп жібергенде шалқая шегініп үлгерген Досаев дарытпады. Кенет өзіне қадалып тұрған мұны сезе қойды да: «мынаны қараши, өзінен-өзі ұрынып отыр» дегендей иегін изеді. Басында қалың бетке мұншалықты сергектікті қимай таңырқай беретін. Өзін місе тұттай, басынғысы келетін ыңғайын танығандай болды. Осы бір ой көкейіне қапелімде келгендे басына ыстық қан шауып, көзінің алды тұманданып кетті. Ұстамдылығынан қанша айрылмауға тырысқанымен кіші Досаевтың тұсына тұтігіп жетіп келді. «Мынау қайтеді-еїй» дейтін оның сескенулі сыңайынан балалыққа тән емес, жөргекке сіністі әлдебір зымияндықты аңғарғандай әуелі қалттынды. Ал ананың шарасы үлкейіп, дедиңінкі танауы кусырылып барады. Мұның ақырының андысын баққан ұстамдылығында да әкесін сол күйі қайталайтын бірдене бар. Кенет Райыс оның желкесінен нығыздап ұстай алып, тік көтөріп тұрғызды да алға қарай шиыра серпіп калды. Бірқауым аралыққа дедектеп барып, екпінін әрең төжеген ол — «мынаның есі дұрыс па» дегендей одырая қарады. Райыс оны желкелеген күйі есіктен сыртқа мытып жіберді. Суық сыңайынан балалардың үрлисіп қалғанын андады. Әбдесбаевтың салбыранқы ұсынындағы пұшаймандыққа манағыдай жан ашу сезімімен емес, көзтүрткі сүйкімсіздіктен әбден запы болғандай оған жеріне қарады.

Кластар шыбынның ызыны естілгендегі тыныштық орнанты. «Ұстамдылық керек жерде дүлей ашудың ырық бермей, ағаттыққа апарғаны-ай» деген опыну санасына ондырмай сызат сала қылаңытты. Сабасына түс алмай ары-бері жүрді. Өзіне қадалған көп көз таңыркаса жәутендейді. Ақ, қара, сары кескіндердің кесел-кінәрреттан таза анырулы қалыптарында мынау ұзынтыра мұғалімнің ожарлау мінез-құлқынан шын то-сырқау бар ма, қалай? Қолайсыздықты сейілтудің ретін таппай бөгеле берді. Бір кезде Әбдесбаевты қөзінің астымен шолып: «Отыр» деген сәтте даусы өзіне тосын әрі кату естілгендей болды. Әбдесбаевтың бойындағы осыншалықты жігерсіздікке ме, өз бойынан байқалған осалдыққа ма, әйтеуір, ашуы катты қозды. Өзіне анта-лаған көздердегі секемшілдік пен сыншыл естиярлыққа үқсанған жылт-жылт еткен ақылды ұшқынмен әр ұшырасқан сайын құты қашатын сияқты. Енді бірде мұның қалпындағы олпы-солпылыққа таңырқаулы балалық ынтызарлықты аңдады.

Бұрынғы мұғалімнің өткізген сабактарына амалсыз көз жүгіртті. Оның көбінесе қойған уштік бағалары ұзынды-қысқалы, артық-кемі білінбей көгенделе тізіліп түрғанына таңырқады. Ал өзінің Құлімбетоваға қойған екілігі мен кіші Досаевқа қойған бестігі мыналардың қасында тырбынқы, көзге тым қораш.

— Құлімбетова, тақтаға шықши, — деді журналдан көз алмаған күйі. Бұрынғы мұғалімнің үш қоюға келгендері үқыптылығына қызыққандық емес, «сонша жыпрылата бергені несі» деген ой тербел өтті. «Әбдесбаевқа да үш, ал Әбдесбаев біреу емес, көп болса қайтем?» Құлімбетованың кенет үздік-создық шыққан үнінен селт ете басын көтерді. Демін ентіге алған кішкентай қыздың қап-қара көздері жәудірей мөлдірейді. Мұнысы несі дегендегі аңыра селтиіл қалды. Екі тізесі қалтырап түр екен. Бір жадырап қоймайтын түксінікі қабынан мұншалықты қаймығушылықты сезгенде күистанушылық пен көңіліндегі түйткілден бүтіндей арылып, бойы жеңілейіп шыға келді. Құлімбетованың сөздері қыыспаса да зейін қоя тыңдаған кейіп танытты. Қалтырап-дірілдеген қыздың нақ осы қалпынан бір ләззат алатын секілді түсініксіз күй кешті. Және оған ыңғайсызданбайтынына таңырқады. Осы күнге дейін Досаевқа ғана ысырып келген жамандық атаулы өз бойынан табылатынына көзі жеткен сәтте жайдары-

лылығын жоғалта бастады. Өзіне деген ашу-ыза ал-кының тіреліп, кескіні қуреніте жөнелді.

— Құлімбетова, жақсы, отырағой, — деп акырын үн қатты. Жасқа толы мөлтілдеген шарасы сәби бей-күнәлілікпен бұған бір сәт төңкере таstadtы. Үрку, то-сырқау қабат білінген мына пішінге шүйіле түскен са-йын етжүргі сыздап ауыратын сияқты. Сүйекпен біт-кен кіді тоңмойындық қазіргі жайсыз сәтті сейілтіп жіберуге икемсіз еді. Құлімбетова тауы шағылып, сағы сынған қалпында орнына беттеп барады. Райыска бұл сағат тым үзарып кеткендей көрінді. «Бүгінге дейін біржакты ойлап келгеннен саумын ба, өзі?» Осынша баланы үйіріп қойып, өзімен-өзі болып кеткеніне ын-ғайсызданып, дереу жаңа сабақ түсіндіруге көшті.

Райыс жол-жөнекей «Досаевтың баласын шығарып жіберудің орнына тыныш отыр деп бір-екі рет ескеरт-кенім дұрыс па еді» деп ойлады. Осы күнге дейін өзін көрнеу алдаусыратып келгендей сезінді. Сол Досаевты бұрын қандай жексүрын санаса, өзінің бүгінгі пен-дешілігі арқылы енді оны жазғырып, қаралауға хұқы жоқтай.

Кішкене тәбешікке шыға келгенде күнделікті отыра-тын орнында әкесінің қарасы көрінбегеніне көнілі сәл елегзігендей болды. Ауызғы үйде күйбендең жүрген шешесі әдетінше бұған бір қарап, үйреншікті тіршілі-гіне кіріспін кетті. Момакан шешесіне дейін сыр беріп алғандай сезінді өзін. «Түк те болған жоқ, тек Досаевтың салыңқы қабақ баласын желкесінен ұстап, сыртқа шығарып жібергеннен басқа» леді ішінен. Райыс осы мезетте өзін-өзі ақтауға тырысатын қыстанушылықтан арыла алмады. Әлі тапжылмай состыып түрган шешесі-нің сезікті кескінінен абыржи іркіліп барып, ішке сыр беріп кіріп кетті. Шекесін үздіксіз дыңылдатқан бір ыр-ғакты ызындаған сарыннан зықысы шығып, төсегіне ки-імшен құлады. Тізелері қалтылдап, сабакты жыламсы-рап айтқан Құлімбетованаң кейпі көз алдынан көлбен-деп өткенде бір масаттанушылық сезім жанын жады-ратып жібергендей болды. Қыз баланың онысы сыннан өтер алдындағы толқыныс екенін ойлаған заматта — соны әжептеуір малдана қалғанынан ішінен қатты қо-лайсызданды. «Досаевка деген жеккөрінішім өз бойындағы пендешілікті сездірмей жіберген бе, тіпті?!».

— Эй, Райыс, тамағынды ішпеуші ме ен?! — Айқ астынан шыққан дауыска ашу-ызалы сарын тосаңдау

қосамжарласты. Сол дыбыс терең бейқамдық қойнауына сіңіп жоқ болғандай бір сәт тыныштық орнады. Сәл бөгелсе шырқын қашырып тағы еститіндегі орнынан тез көтерілді. Дастанқан басына келген соң шешесінің жүзін бажайлап шолды. Қара торы томпактау шырайына мазаң ой ұялап, соның әсерінен кескіні қызыл күреңітіп шымырлайтын секілді.

— Қекем бір жаққа кеткен бе?

Шынында ол қайда кетіп еді деп шешесінде түсіре алмағандай тосылып барып, қабағын шытты.

— Тұмауратып қалған ба, жатыр ғой. — Немкеттілеу үнде одан басқа не бітіруші еді деген ренішке ұксайтын қыжыл бар. Мұнысы әкесінің қиястау мінезінен әбден запы болғандықка жорып, шайын апыл-ғұпты ішे бастады.

Дайындық сабағын өткізіп, үйіне қайтып келе жатқан беті. Мана түсте алай-дулей халді басынан кешсе, қазір бей-жай. Жаратылысының осындауда нашарлығына мойынсұнғанда көнілі кәдімгідей пәсейіп қалағы. Мектептегі он жылы, институттағы бес жылы үлкен жүректілікке баулыған-ақ тәрізді еді. Тарынудың адамшылыққа жат — жақсылық емес екенін терең зердемен емес, әлдебір шарасыздық арқылы түйсініп, соның бәрін еріксіз ойлататын бір төтен күш бар. Бірақ ол не, білмейді. Түстен кейін мектепке барғанда да есіктің көзінен Сабыр тағы жолықты. Кіре берістегі алакөлеңкеге көз әйнегі шағылысып, сол баяғы жортасының қалпымен сәл бөгелді. Пішініне самарқаулықты молынан үйіріп, жанын жеген ойдан әбден қажып, айтпасқа амалы қалмағандай қабағын шытты.

— Райыс, сен неге осы бір жарқ етіп қоймайсын? Қашан көрсем, түнеріп түксінесің де жүресін, — деді. Әуелі жайлап шыққан қоңыр даусына қиқу араласқанда дөңгелек жүзі алабұртып кетті. Осындауда дұрыстап жауап қайыра алмайтынына налыды. Әйтпесе: «Көніл күйіміз мәз болып жүргенде бітіргеніміз шамалы. Адамдардың көбісі өмірін көнілді өткізгісі келеді» десе де болатын еді. «Сонда сенің әкенінің бітіргені көп екен ғой» десе не уәж айтпак.

Әдеттегі орнынан әкесі тағы көрінбеді. Тек шешесінде жол жаққа мойның әлсін-әлі соза қарағыштал түрекен. Онша-мұншаға селт ете қоймайтын кейпінен мазасыздандық айқын сезіледі. Бейсаут келген бейтаныс адамнан тосырқағандай өзіне абдырай қарап:

— Ты же не будешь же винить меня в том, что я не могу помочь тебе? — спросил я.  
— Я не буду винить тебя, — сказала она, — но я буду винить себя, что я не сумела помочь тебе.

Я сидела на краю кровати и смотрела на нее, не зная, что сказать. Маленькая девочка сидела на кровати, и я видела, как ее глаза блестят от слез. Я сидела на кровати, и я видела, как ее глаза блестят от слез.

— Ты же не будешь же винить меня, — сказала она, — но я буду винить себя, что я не сумела помочь тебе.

— Ты же не будешь же винить меня, — сказала она, — но я буду винить себя, что я не сумела помочь тебе.

Я сидела на кровати и смотрела на нее, не зная, что сказать. Маленькая девочка сидела на кровати, и я видела, как ее глаза блестят от слез. Я сидела на кровати, и я видела, как ее глаза блестят от слез.

— Ты же не будешь же винить меня, — сказала она, — но я буду винить себя, что я не сумела помочь тебе.

ДЕНЕ НАРДОСЫ ТАКЕНИК. БАСМЫЛЫН САМАЛДЫН НИМАНЫП  
СҮРГҮН КЕДЕЛІ.

— ЕҢІН ҚАРДЫМДЫН СҮРГҮН СИНЕСІЛДІК САЛАЛЫ АЛ-

АДЫН. — АДА!

Рұғастын жүрек түсі әзім шоқусті. Әмбілдең ал-  
дебір астамшылыкка жол беріп алды. Тонның көсірінен  
әке мен шешеней нақіріне жетпеген нокансызына оғын-  
дан сезімі әртіп, өтәнінің демі тағызынгы бадалы. Сыл-  
яялласа жіріп жылан жіберетінін дезіні. Шешенейн  
жиденеден дәкем ала нараған ұсынышта ырынды-  
лыктан борі биажат әкітіркавушылық ғанаң дағбірі  
кашты. Бір кездес сыртқа атып шыкти.

Кай барытын бетке алып келе әкітканым білменді.  
Шілтеуір, жүгіріп келеді. Бір ырыксызың көлкететтіп  
әкетіп бадалы. Қаниша шыношың атқанымен шілде на-  
расызылдыктан бір бірден болбырлық көңілкітік ғарменді.  
Шырт нараған тунесе алдебір аумакты қыба тозанын-  
зорайып барып қайта ым-зия қоралатында көнілі  
жасағисе де зейін бұрыт аныктап нарауға. Носын жок.  
Кирға ғастантын паска жок. Жеталы тантан көйтіп та-  
різді көзіне жаржы етіп шашынып налады. Қотарғыш-  
ып, сайдары жүргіреп әндан зөвнің түшкіннеге көріп  
отырғаны дәріліккілі. Алдебір таулеге шарындықтын  
жаржы етіп түсінен аниколан тірімнің біледі. Зерсіп  
шының сінің жок болып жететінік шеңдері таныт мез-  
жазбай бакты. Өзін көнет нараған түннен шым-шым жа-  
тып бары жақандын дезіні. Мұндағынты жалғызда-  
ратын құлазушылықта бүркін-онан түнделмеганындан-  
ба, бір тұшайман бейшіз арады қалад қіберді. Етіліп  
еziлмейтін, әзегі де анып жәткендейтік, жіңін-  
чен налададан да әзеге түсініксіз борту тарынын да ани-  
тасы. Ата-анасымен ренжісіп тиен-нашыт шинканды-  
баланның сілесін ёбден-ната үйнісіндерінде жасалып бір  
нұтыксызын.

Түнгі көзі түркінгенінен көзін азгеріп бөлді. Сары-  
шын-шүлесөх тұрып, ғалбырған нарын шілдесіндеңді. Оны  
Жонне-шімірлатағерен ғалып-ғалып түсініксіз дезін аудіс-  
жасындаған. Шілде шарынанын килемді да жекелді. Қи-  
лемнен шарынанын төртін көзінде шарынанын түркін-  
ген. Құрғақ күзінде түркінен шімірлатағерен көзін көсті-  
пен тұтап-тұтап күзін тұрғыз. Әндес құнғанында да жағе-жо-  
шынаның бір жағасында болып келген түркінен шімірлатағерен

Мұндағы күзінде шімірлатағерен шімірлатағерен түркін-  
шімірлатағерен.

ріп кіріп кетті. Өз бөлмесіне енгендеге де бұл бір коңыл-тақ сезімнен арыла алмады. Ес білгелі қабыргаға тұтылған кілем бұрынғы көгілдір түсінен айрылғандай қаракуренденіп көрінеді. Тұрақты іргеден тапқан қоңырқай шифоньердің сырьы көше қаңсып, сәл итеріп жіберсең жік-жігі қакырай ажырап, быт-шыты шығып кететін секілді. Мұншалықты жадаулықты дәл бұлай сезінбекендіктен бе, Райыс төсегіне жатқанда да әр бұрыштаи ескен жұпнынылықтан көңілі құлази берді. Жаңа ғана өзенге барып ағыл-тегіл жылағаны сана-сында бір түрлі көмескі тарта бастады.

Ояна келсе терезенің тұсындағы ағаштың сыйдырлаған сарғыш жапырақтарынан теңбіл-тенбіл түскен сәуле тенгедей саудырап төгіледі. «Осыншалық камсыз үйқтауға дәтім қалай жетті» деп ойлап ортаңы болмеге шыға келгенде, күйбенде жүрген шешесі бұған жалт бұрылды. Қара торы жалпақ кескінінде кешегідей емес, «қайтеміз, бәрін алланың жазуы біледі» дейтінгे үқас тобасына келушілік бар.

— Апа, мен көкеме барып келейін.

— Оразанды ашпай-ақ па?! — деген шешесінің жіңішке даусынан «жауды жақындастып сонша не көрінді» дейтін жақтырмаған сарын үстем естілді.

Автобус аялдамасына жиылып қалған бір топ ауыл адамдарының қатарына қосылмай шеткерірек оқшау барып тұрды. Олардың әңгімелеріне ықылас қоймасада, үздік-создық шығатын дауыстарының әр түрлі құбылатынан өмірде бір жайға алаң болушылықтың журнағы да сезілмейтін секілді. Автобусқа жапа-тармағай мініп жатқан қалыптарының өзінен мұның бәрі осылай болуға тиіс дейтін сенімділік аңғарылатындан. Жол бойында өскен биік талдардың көмкөріле еңсерілген бұтақтары жаймен шайқатылып тербеліледі. Құлағының түбінде жағымды сусыл болымсыз шуылдан тұрғандай. Қордалы қалың үйисқан тұстарда қалтқұлт үшқан жүрекше жапырақтар кілт төмендеп, қалықтай қонақтайты. Осы бір көріністі Райыс қазір байқағандай таң-тамаша. Техниканың өгіз аян жылдамдығына келінкірейтін мына қозғалыстың өзінде күз мезгіліндегі жадау тартқан жадағай жердің бозала күңгірт реңі көңілді серпілтпесе де, жазыла құлдыранадап көзге жылы үшырайты. Әкесіне осының бәрін көріп, сезіну қайтып бүйыра ма, бүйырмай ма деген ой көкейінің терең түкпірінен қылт етіп бас көтерген сэтте

әлдебір күш жұлқып тартып қалғандай жүрегі солқ ете түсті.

Досаевтың сонау лаңынан біраз бұрын, шамасы демалыс күні болар, Серікпен ойнау үшін Таңертенгісін олардың үйіне қарай жүгіріп бара жатқан. Сол төменгі көшеде бір қартаң әйел қорасының маңында мал жайғап жүр еді. Қолына ұстаған жартылығы бар екінші әйел қаздан-қаздан басып сол түсқа жетіп келді. Өзіне қарағыштай бергеннен соң бұл секем алып жүрісін баяулата түсті.

— Жеңеше-ау, мына басқарма қайның әлгі Зәуренің күйеуін қамбашылықтан алып тастапты. — Таңертенгі тұнық ауада ол сөздің қатты естілгені сонша, мандағы тасқа тигендей бұл қалт тоқтады. Зәуре дегені өзінің шешесі де, қамбашысы — әкесі. Қақсал әйел сол жерде әдейілеп тұрып, дауыстап айтты ма, кім білсін, әйтеуір:

— Өңкіген немеге сауап болыпты, ол көксау не елге, не өз басына жақсылық жасамай ақыры тағынан тайған екен ғой, — деді.

Сонда бұл не ілгері жүрерін, не кейін қайтарын білмей бір орнында қалшия қатып қалды. Басқармасы Серіктің әкесі — Қенес. Әуелі атойлап шыға келген нағыс өшпендерлікке ұласып, тұла бойын кернел бара жатты. Қөзіне ып-ыстық жас кептеліп, үйіне қарай тұра жүгірді. Ішке ентігіп кіріп келгенде әкесінің сенсөн ішікті жамылып алып, теріс қарап жатқанын көрді. «Өңкіген көксау неме» деген жаңағы әйелдің сөзі санауда жаңғырып әлі тұр. Сонша сұyt келгені несі дегендей шешесі басын қылтитып қарап, ұлының сыңайындағы жайсыз өзгерістен абыржы тосылғаны қүні бүгінге дейін көз алдында.

Орталыққа келіп тоқтаған автобустан жаппай қозғалған жұрттың соңын ала түсіп, ауруханаға қарай беттегенде де жүрегі лүпілдей сокты. Еңселі үйдің ортағы есегінен ішке енгенде төтенше өткір дәрі-дәрмек иісі мұрның жарып өтті. Ары-бері асығыс зыр жүгірген ақжеленді адамдардың көлденең келушіге назар бұра қоїмайтынын байқады. Тек кіре берістегі үстелде отырған келіншек Райысты тосырқаған сыңайлы көзінің астымен бір қарап, алдындағы жазып отырған қағазына қайта шұқшиды. Оның қасына шұғыл барып әлденелерді сұрастырған бір-екі әйелге басын зорға кө-

теріп, самарқау жауап қатты да, назарын бұған еріксіз бұрды.

— Сізге кім керек? — деді.

— Жамбыл селосынан кеше түскен Әбдібай Ниетбаев деген кісіге келіп тұрмын.

Көкшілдеу өткір қозін белгісіз тарапқа қадаған әйелдің жауабы кешеуілдеген сайын мұның жүргі жіңі соғып, дегірі қашып барады. Әйел алдындағы қағазға шүқшиды да басын қайта көтерді. — Таңға жуық Алматыға алып кетті. Данияр Тоқсанбаев деген дәрігерге жолығыңыз, сол кісі жағдайдың бәрін түсіндіреді.

Жоғарғы қабатқа қарай жүгіре басып көтерілді. Тоқсанбаев қайда екен деп сұраса, кейбіреуі білмеймін дегендегі иығын қиқаң еткізсе, келесі бірі бейілсіздеу қалыпта жоғарғы жақты нұсқайды. Райыс үяндығынан бүтіндей арылып, әрбір есікті тосырқап-тосылмай батыл ашатынын өзі сезбек түгіл ойлауға да мұршасы келмеді. Келесі бір есікке бас сұққанда халатын шешіп, кетуге жиналып жатқан адам бұған жалт қарап:

— Kір, кір, — деді.

Селдір бүйра шашты кісінің салмақты даусы көнілін өрекпітпеді. Тек аласы үлкен көзінің қараышқтары шәлкем-шалыс ойнақши қадалатынынан бойы тікінді. Жен-жосықты тартыншақтай айтқан замат ол елең ете түсті. Әлдебір тығыз шаруасы есіне түсіп кеткендей шкафтағы кәстеміне ұмсынып барып, қолын қайта тартып ала қойды.

— Жағдай қыын, бауырым, бүйрекке сұық тиген, оның үстіне сол бүйректің давлениесі де бар. Алматыға госпитальға жөнелттік. Соғыска қатысқаны туралы документтерін, мүгедектігі болса, бәрін бүгіннен қалдырмай апарып тапсыр.

«Соғыска қатысқандығы туралы документтерін» деген жаңағы дауыс Райыстың басында жаңғырығып тұрып алды. Мұның түкссінкі әллетінің шұғыл өзгеріп кеткеніне дәрігер таңырқай қарады. «Штрафной батальонда болғандарды госпитальға жатқызбайтын шығар?» деп сұрай жаздады. Сау болыңыз деуге де мұршасы келмей сыртқа атып шықты. Бойының ауырлап, көңілінің құлазығанын да елемеуге болатынына көзі жетсе де, тек мына «штрафной батальон» деген бәледен қалай қашып құтыларын білмеді.

Мұның қарасы көрінгеннен-ақ шешесі сыртқа атып шығып, тіл қатуға дәті бармағандай күмілжи берді.

— Көкемді Алматыға жіберіпті. — Соған кінәлі өзі секілді даусы бір түрлі бәсек шықты. Шешесінің шарасына сыймай атырылған көзіне кәдік шалыс үрейдің үйірлгенін байқады.

— Алматыға! Мал болудан қалған екен ғой байғұс, енді қайттік?! — Бәрі құдды мұның қолында тұрғандай бір түрлі жалынышты қарап тұр. Қалшиып тұрып қалған Райыс осы кезде жүрексіне тіл қатты.

— Соғыска қатысқан документтерін, мүгедек болса оның куәліктерін бүгіннен қалдырмай апарып беріндер деді доғдыр. — Шошынып кеткен шешесі бір мезет үнсіз бағжынып барып:

— Документтерін! Соған жан болатын болса бума-бумасы жатыр ғой, — деді. Селт ете түскен Райыс «бума-бумасы» қалай дегендей шешесіне абдырап қарады. Сабыр-тағаты қалмай, дегбірі қаша бастады. Осы кезде шешесі көкірегін қарс айыра күрсініп, сүйретіліп тұрды да ішке қарай құлықсыз бетtedі. Мұның өзінде ақыл-санасы жете қоймайтын күрделі жағдай бардай көрінді. Бұл әкесінің штрафной батальонда болғаны үшін қатты қуыстанса, дәрігерге соғыска қатысқаны мен мүгедектігі жөніндегі анықтама қағаз болса жеткілікті. Ал шешесіне оның бәрі түк емес, тек аман болғандығы ғана керек.

— Құдай-ау, неге үндемей қалдың, керегінің бәрі мынаның ішінде, — деп, орауы жұлым-жұлым сап-сары кішкене буманы қолына ұстата салды. Дереу аударыстырып қарап жіберуге жүргегі дауаламай азырып тұрып калды. — Өстіп тұра бересің бе, балам-ау! Экең сорлы не күйде жатыр, ең болмаса барып біліп келсөнші, — деген шешесінің басалқалы дауыс ауанынан көңіліне құйқылжи төгілетін босаң, күйрек сезім көкірегіне шым-шым жайылып, кермек татитын әлдебір нәрсе қолқасын қапты. Тұла бойындағы дірілді сездіргісі келмей, қағаздың қат-қатын ептеп жаза бастады. Ең бірінші қолына іліккен тілдей сүрғылт қатырма қағазды ашып қалғанда сол жақ бетіндегі сурет көзіне оттай басылды. Атжақты ойлы пішінді жігіт, әрі бейтансыс, әрі жақын. Капитан Әбдібай Ниетбаев деген өшіңкіреген жазу балаң өмірінің алаңғасарлау бір сәтін санасында жаңғырта тербел өтті. Ағаш автомат асынып, балалармен соғыс ойнын ойнап жүргенде: «Кімді капитан жасаймыз?» дейтін бәрі. «Мен боламын» деп өнмендейтін еді сонда бұл. Әлдебір сағыныш пен қи-

мастық па, жок, Досаевтың сөзінен кейін әкесінің әске-ри шені капитан екенін білмегендіктен бе, әйтеуір, сонау жылдары көрген зәбір-жапа «көкем-ау» деген құлындағы даусын шырқыратып шығаратындей өзегі өртепіп кетті. Ықтияппа бүктелген сарғыш қағаздағы жазуға ұзақ үнілді. «Ниетбаев Әбдібай айып батальонының құрамында болып, Висла өзенінің маңайындағы бекіністі алуға қатысқан шайқаста ерлік көрсесті. Соған байланысты оған бұрынғы офицерлік капитан атағы қайтып беріліп, өзінің құрамасына жіберілді». Астында майор лауазымы өшпей сол күйі түр, тек қол қойған адамның фамилиясын оқуға біраз әлектеніп бақты, бірақ айыра алмады.

Манағы бір шырқырап шығатын құлындағы ішкі дауыспен «Көке!» деп айқайлай жаздал барып тыйылды. Тәубесіне қелгендей екі қолын төсіне қойып, селтиіп қалған шешесіне назарын бұрып, аялдауға да мұршасы келмеді. Табалдырықтан аттап-пүттап түсіп, келген жағына қарай жүгіре жөнелді. Жылдар бойы жанын жеген күдіктен бүтіндегі арылып, мынау өміржаратылысқа ынтызар жүрек алып-ұшып кеудесін бір ырғақпен ұрғылай соққанына дейін естіді. «Тек әкем тірі болса екен!» депі. Қөзінен ыршып шыққан жас жерге тырс-тырс тамып, күздің құрғақ борпылдақ то-пирағын түйір-түйір илектеп, бүктетіле ширатылып түскеніне дейін сезіп келеді.

## ШАЛ МЕН ЖЫЛҚЫ

Буырылға үйренген жылқыларының Қайыптан бірақ шыққанын естігенде: «Біреу-міреу айдады-ау, әйтпесе бір жақтағы Қайыпта несі бар?» деп шалдың ойы сан-саққа жүгірді. Күш қайта бастаған соң кежегесі кейін тартты ма, әне-міне көздел қайтам деп жүріп, күзді де өткізіп алды. Төске түні бойы жаңбыр жауып, арты қарлы боранға айналғанда: «Төменгі жаққа біржола қар түскен шығар?» деп үйғарған. Сөйтсе, онда да тура осындағыдай болыпты. «Басқалары күнін көрер-ау, әлгі күрең байталдың ұсқыны нашар еді, қайтер екен бишара» деп уәйімдей бастады. Үйдегі бесалты уақжан да бір кісінің қолын байлайды. Қемпірдің сұры анау, далаға кіріп-шығуның өзі мұн. Ты-

ғырыққа осылай тірелген сайын шал қалада тұратын балаларын есіне алатын әдеті. «Иттердің ең құрымаша біреуінің малға үйірсек болып шықпағанын қарашы!» Мұндайда өз-өзінен өзегі өртеніп, тұніліп кетеді.

Кіші ұлы Әнуар әскерден оралып, ыстық-суығы әбден басылды-ау дегенде қасқа атты алдына көлденең тосты.

— Балам, мынау елге аман-есен оралғаның атағым, ат қып мінем дейсің бе, жоқ, құс боп ұшқың келе ме, әйтеуір, не қылсаң да өзің біл.

Қөп ашылып-жарылмайтын әкесінің бұл бейіліне разы боп кеткен ұлының қара торы, жұқа өні алабұрта жөнелді. Табалдырыққа жайымен жайғасып алып, қасқа тайға ішіп-жеп қараған әкесіне бір, қалғып-мұлгіп монтаны тұрған жануарға бір қарап, жұтына түсті. Шыбындаған тайдың тынымсыз шыпылдаған құйрығы етін осып, шымылдатқанын елемеген Әнуар жұнттай жұмыр бітіміне сүйсініп, қасынан үйірліп шықпай:

— Қеке, шынымен құзеген жоқсыз ба? — деді.

Баласының сұрағына іші жылып сала берген шал «Бәсе, көрген-баққаны мал емес пе еді» деп ойлады.

— Жаралғаннан солай. Тұяқтарына қарамайсың ба, тура қолмен құйғандай. Дағыған омырауына қарашы, атты кісі еркін өтіп кететіндегі кең. Тағы өзі барып тұрған бұзық. Қашса, тура бар ма, атқа жеткізбейді. — Құдды немересінің қылышын әңгіме қылып, етжүргі елжіреп кеткендегі шалдың дәп-дәңгелек шырайы әлденеше құбылды. Әңгіме өзі туралы екенін сезгендей басын кегжең еткізе жұлып алған қасқа тай Әнуарға бұрылып, тұмсығымен бір түртіп қалды да, бастапқы қалпына көшті. Тайдың міnezі әбден өзіне сыралғы болғандықтан ба, шал жымып кана қойды.

— Қеке, мен мұны ауылға әр келген сайын мініп, тауға шығып тұрамын, — деді бір өңкей тікіррейген жалды құлатып жатып. Шошына селт ете түскен шал Әнуарға одырая қарап, катты да қалды. Түк сезбеген күйі ол тайды төңіректеп әлі жүр. «Құдайдың үрғаны-ы, бұл да далабезер болмақ па? Жетпістегі әкесі желкілдеп тұр дей ме екен?» Әшейінде ыргалып-жыргалып асықпай баппен жүретін кемпірінің осы әңгіменін үстіне сап ете түскенін қарашы. Өрекпіген көңілін баса алмаған Әнуар лекілдеп лепіре сөйлеген бойы:

— Апа, мына тайды көкем маған бердім дейді.

Осындағы Әділет пе, Қуан ба, әйтеуір, біреуге табыстап қоямын, бағып беретін шығар. Қеліп-кетіп жүргенде ара-тұра мініп, тауға барып қайтармын.

Дүниенің бәрі орын-орнында тұргандай етжеңді кемпірінің әңгімеге емен-жарқын араласқанына бұл әлі күнге дейін таң.

— Е, халық аман болсын, бір лажы болар. Шал сендердің бақтарың бола тірі жүр ғой, әшейін.

Енді, міне, сөйткен кемпірдің қабағы салыңқы, кірбің-кіржіні де көп. Бір шай бергеннің өзінде көкірегін қарыс айыра аһылап-ұхілеп, у ішкізгендей қылады. Ал анда-санда балалары келе қалса жайран қафатынын қайтерсін, тағы. Ортаныш ұлы басқаларынан өзгешелеу дызылдақ па, жоқ, шынымен ойлап қамығама, әйтеуір, ішке конбайтын тосандау сүмдықтарды айтады. «Көке, балаларыңдың сұры анау, өзіңіз болсаныз қартайдыңыз. Жаман айтпай жақсы жоқ, ертеңгі күні бірдене болып кетсөніз, бар ғой, ештеңеңің есебін таппай елге күлкі боламыз да қаламыз», — дейді. «Апырай, күн сүтқанда Қайып қай бір онған өріс дейсің. Аңыздың орны болса бір жөн, күзде-ак, шаңын шығарып айдал тастамаушы ма еді» деп, шал енді жылқылардың жағдайын ойлауға көшті. Күн төттеннен сүтқалы баяғы қатты қыстағы жылқы баққаны ойынан шықпайтын болды. «Жылқыдан әулие мал жоқ-ау, жарықтық» деді өзіне-өзі. Сай мен жыраны қалқа, ық деп жайғастырып, көз байланғанда бір-ақ үйге оралатын. Таңтеренгісін кешегі жеріне қайтып келе жатып «түннен қаншасы ұшып жығылды екен» деп қамығушы еді. Онда жердің құты қаша қоймаған кез бе, желдің ығына қарай шыр айнала жайылған жануарлардың дүркін-дүркін пыр-пыр етіп, қарды гүрсілдетіп тепкілеген жойқын қимылын тумысында алғаш рет көріп тұргандай таңырқаулы сыңайда ұзак бөгелетін. Тынымсыз уілдеген желге қылқүйрықтардан шықкан сырылдаған дыбыс қабаттасқан уақытта жүйе-жүйесі босап, ерекше күйге ұшырайтын. Кішкене аумақтың қарын әуелі теуіп аршып болған соң тоңази қалтылдап шыға келген бетеге, жусанды күрт еткізіп бірден қырқып алмасстан ернімен жымқырып жүлатынына біраз алданып бақты. Боз, қылаң, жоқ, баран ба, ширатыла қырау тұрган аксұңгі-аксұңгі жылқы біткен жарықтық танауларынан бүрк-бүрк бу атып, айнала төнірек шаңытып жатады. Сондай күндердің

бірінде ертеңгісін келсе — кешегі орнында жылқы үшты-күйлі жоқ. Тепсек жер көртышқаның індеріндегі үйме-жүйме де, шыққан із біреу-ақ. «Бұл не сұмдығын?» деп қатты састы. Қунбатыстан соққан жел өңменнен өтердей сұық. Түйетайлы сай мен ой-шұңқырдың бәрін аузы-мұрнын толтыра асып-төгілген оппа қардың жиек-жиектене қабыршықтанған мың сан түрлі бедерлі өрнегіне қанша алданбайын десе де көзі амалсыз түсे берді. Беткей-беткейдегі бетеге мен жусан жазмышқа құлдық ұрғандай қалт-құлт етіп бір уыс, бір уыс болып бүріседі. Бір тұяқтың шеңбер шаршысына дәп келетін ізben сонда көп жүріп еді. «Апрырай, бір кәдік болды-ау» дегенді іштей әлсін-әлі қайталай берген. Бір белді асып, ойпанға түскенде тарамтарам жосыған көп із алдынан жамырап шыға келді. Таң қалмасқа шарасы қайсы. Айналасын жал-қырат қаумалаған кең қолтықты жазықта пырдай болып жатқан жылқы үшыраса кеткенде сыздап қобалжыған көнілі бірден жай тапты. Жылқылар елеңдесіп бастарын жұлып-жұлып алды. «Құзғындарып тағы жетті ме» деген сыңайда одырайыса қарасып, қаудиған үрпіншікі денелерін бір-бір сілкіп, жер тебуге қайтадан қызу кірісіп кетті. Жайылған тұстары құмырсқаның илеуіндей үйме-жүйме, кардан аршылған жерлері саутамтығы жоқ таздың басындаш шұрық тесік. Дәл сонда қандай күй кешкенін кім білсін, қазір шалдың тәбе қүйқасы өз-өзінен шымырлап, тұла бойын қалтыратқан діріл жүгіріп өтті. Осы жасқа дейін көңілінде түйткіл секілді нәрсенің көбі болды ғой. Жалғанда жақсы көретін дүниесінен бірақ бұлайша ажырап, алыста қалғандай сезінбепті өзін. «Әлгі айғырдың қоқан-соқаны көп болғанымен, шындал келгенде он биені шығаруға шамасы келе қояр ма екен? Эй, қайдан...» Жөні жоқ жерде сестеніп, шеніне жан баласын жуытқысы келмейтін құр қекіректігін жақтырмайтыны рас. Он қаралы жылқыны сөйтсе де, бірінші құдайға, екінші соған тапсырғанда: не бопты, атасы айғыр ғой, шағын жылқының шашауын шығара қоймас» деп үйғарған. «Ой-прыай-а, Қайыпқа қалай барды екен, бір бәлеге кез болып қалмаса жарап еді де».

Сырттағы уакжанды жайғап үйге кіргенде шай қамдап қойып, өзін күтіп отырған кемпірінің жалпақ беті солғын, шығыңқы шықшыты пышакпен сылығандай тік жарланып, әжептеуір жүдеп қалғанын байқады.

Суықтан кірген шал пешке әуелі екі алақаның жа-йып, жылынбаққа ыңғайланған бергенде, кемпірінің күй-зеле қабағын шытқаның анғарып, қалттынды. Қи-тығуын қытықты-ақ. Бірақ ештеңеден байыз таппаған көңілі құлази берді. Малымның басы да, құты да деп қажетке жаратпай жүрген тұқыл жалды, мес қарынды манғұл шалыс жириңқасқа биесінің бітімі кенет көз алдына келе кеткені. «О, қайран қасқа бие!» Қекіре-гінде оттың қозы қалғандай тұтас қызынып кетіп, жа-лыны қолқасына дейін шапты. Алты ай жазды өткізіп, күзге салым көздеуге барғанда, бәрі кісі көрмегендей одырайсып қарсы алса, қасқа бие ғана тапжылmas-тан жайылып тұра береді жануар. «Бейшаараның азу тісіне құрт түскен сияқты еді, мына сұықта қайтып жүр екен?» деді.

— Опымой, күннің қағынғаны-ай, жалап тұр тегі. — Шалдың мұнысы — қолайсыз үнсіздікті бұзғандағысы. Жылқы жайы тілінің ұшында тұрғанымен «малыңның көзін баяғыда-ақ құрт демеп пе едім» деп өзеуреген та-башыл сезін еститінін сезіп, амалсыз тыйылды.

— Енді не қыл дейсің, жақсы бопты. Жылқы біт-кеннен айрылып, ел-жүрттың бетіне қарай алмай әлі-ақ тотып отырарсың.

«Ел-жүрттың бетіне қарай алмай не көрініпті» дей жаздал барып, коя қойды. «Бұл құрғыр от алмасын де, алда-жалда от алса көр-жердегіні қопарып бір-ақ тынады. Бәрінен де ана жылқы Қайыпқа не табам деп барды екен?» деді ішінен тағы. Қекейіне қайта-қайта орала беретін осы бір түйткілдің жауабы та-былса ғана көңілі тыншып, жайланатын сияқты.

— Жылқынды сат, сат деп ала жаздай қақсадым, кісі орнына да көрген жоқсын. Соятының сойып бер-дім, шетінен көртіп жеп жырғап отыр деп ойлайтын шығарсың. Айналайын, міндетсінсең, соймай-ақ қой, жемей-ақ та койдым. «Сенің тапқан, сенің тапқан ба-лаларың» деп көзімді ертелі-кеш шұқисың да отыра-сың. Мен, не, соларды даладан тауып әкеп пе ем?! Осы куні кім баладан опа көріп жатыр? «Бүйткен бала құрсын» деп зар қақсаған ел.

Қара торы өні құқыл тартып, көзін бұған алайтып, тайдырмай қадаған кемпір өршеленіп-өршеленіп сөй-леді. Шал сазарып отырып қалды. Бір уыс дәңгелек кескініне тоқтамды ой үйіріп, дереу қатуланды. «Ашу-ланған уақытта адам не демейді. Бұл, бәсе, бір нәрсе-

нің қоясын қазып, қопарып шығарып отырмаса көңілі көншімеуші еді».

— Сандалған неменің дені сау ма, өзі? Жегені жылқының еті, тағы маған соймай-ақ қойшы деп кергиді.

— Сүмдық-ай, сонша жылқың тұрып, біреуін жемесек елден үят емес пе?

«Кой, құрысын, мұнымен дауласып жеңбеспін» дегендей шал назарын төменшіктетіп, үн-түнсіз қалды. «Жылқыны көздел келудің жөні қалай болар екен? Мынаның сайраған қызыл тілі ғана, үйдегі малға өліп кетсе де қарамайды». Шалдың бәрінен де көңілдің аяқ астынан құлазуынан жүргегі қатты шайлыққандай. Жарымжан бейшарадай шамаң бітіп, шараң таусылып, көпке дейін өзіне-өзің келе алмай, мәңгірейесің де отырасын. Ары-бері ауыр қозғалып, күйбендеген кемпірдің анда-санда аһ-ұһ ауыр күрсінісі болмаса бір жайсыз үнсіздік. Шәлкем-шалыс, ілік-қақпа сөзге енді екеуінің де зауқы жоқтай кескіндерінде көлеңке кіrbің мол. «Қайып Буырылдан қырық шақырым, Буырылың мұнан жұз. Мініп баруға құнан жаарар ма екен? Орта жолда болдырып, қара басып қала ма? Жүрісі де жайсыз, ұрып тастайды-ау». Адам да мезгілге қарай құбылып отыра ма дейді кейде шал. Қыстың қысылтаяң шағында ойдың шарламайтын жері, бармайтын ықпылжықпилі қалмайды екен. Міне, ашуы бел ала бастады. «Ушеуіне үш жылқы еншілегеніме ешқайсысы да пысқырмайды. Жалғыз маған ғана мал керек. Мынадан бастап бәрінің сат, сат дегеннен басқа ештеңе білмейтіні несі? Ал сатайын... Сонда мынау бекзада, аналар өңкей бек пе? Өле кетсем ошақ қоңырсытуға жарамайтындарын ойламайды тағы өздері». Ортаныш ұлы бірде: «Көке, қанша жылқыңыз бар?» деп сұраған. «Он! Біреу сізді кулак, бізді кулактың баласы десе жақсы көресіз бе?» деген. Сұлтанқұл белсенді баяғыда екі сөз айтса біреуі кулак болушы еді. Ақыры онысы жақсылыққа апарып соққан жоқ. Сондықтан да кулагы құрғыр құлағына түрпідей тиеді. «Мені сонда жылқыны көрге бірге алып кете ме деп ойлай ма екен?» Малының жайына шал қайтадан қамыға бастады. «Ең құрыса үйренген жері болса екен, сонда оларды Қайыпқа не айдағап апарды?» Ортаныш ұлының сондағы сөзі жиі-жиі жадына орала берді. «Жұрт мени сонда құлақ дей ме?» Иші бір жылыша сол ортаныш

ұлына жылитын-ақ тәрізді. Қаладан өзі сирек қатынайды. Ал келсе амандық-саулықтан соң-ақ: «Көке, жылқыныздан хабар алдыңыз ба?» дейді. Истеген жерде онша жаман емес тәрізді, кім болса соған жалбактап, далбақтамайды. Бірақ өзінше тік болып, турасын жаман. Ал кіші ұлын жөніне қой. Қарайып тірі жүре берсе болғаны. Біреуді аяқ астынан аға қылып ала қояды да, құданың құдіреті тез-ақ айнып шыға келеді. Тағы өзі талайға келіп қалды, не алған қатын, не бітірген жұмысы жоқ. Ең үлкен ұлы тұрған бойы манап. Дүние көшіп жатса қозғалмайды-ау. Ел мың сөз айтқанда, бір сөз айтпай, отыра беруге дәті қалай жетеді сабаздың. Әй, ол да асып бара жатқан қай бір жақсылық дейсің. Кемпіріне салса: «бәрін бүйрық біледі» дейді. Осы елдің баласының бүйрық-сүйрыққа қарап жатқанын көрген жоқ. Қолдары бірденеге іліге ме, соған жабысып, ақырына дейін айрылмай тістей қатып қалады. Қың еткен сөз сыртқа да шықпайды. Осылай болуды ел қалай үйренді, біздің тіршілігіміз соларға неге ұқсамайды. Алысқа бармай-ақ мына көршінің балаларына қарасаң, жап-жақсы-ақ өсіп-өніп жатыр. Жандарын аямай жұмыс істейді. Кімнен кем, кімнен сорлы. Ал бұлар болса бас-басына тентіреп кетті. Сопайып-сопайып отырған біздің сиқымыз мынау. Жылқының жайы не болды, бәрінен де соны айтсаңшы».

Шал мұншалықты күйді басынан өткере бермейтін. «Соймай-ақ та қой, жемей-ақ та қойдым» деген кемпірі жаңағы азғантай қыбыр-жыбырды көтере алмады ма, қарсы бөлмедегі диванға сұлық түсіп жатып қалыпты. Куаты қайтпай тұрғанда даңғыратып салған үлкен үйінің қақ төрінде жападан-жалғыз қоқиған отырысының өзінен секем алғандай, жан-жағына алақ-жулақ етіп бір түрлі үрке қарады. Осы күнге дейін қайнаған қан базардың ортасында жүріп, ырду-дырдумен ештецені елең қылмаған сүмдүк өкініші өзегін от бол қарып өткендей болды. Тау асып қырғызға барып келетін баяғы жас шағында көрген бір құқайы, неге екені белгісіз, қазір ойына сап ете түсті. Екі кештің арасында ат шалдырғаны бар. Төңірек шымырлап қарауытқан мезгілде үйреншікті тау-тас, шоқы-төбе, қия-қапталға дейін барлығы еңселене ыздыып шыға келіп, жат пигыл, жұмбақ тұңғиық дүниеге айналып

кете бергенде-ақ жалғызырап елегзи бастады. Қенет өзіне қарай қорбандап тұра жүгірген құбыжық секілді әлденеден шошына қатты айғайлап жіберді. Анау да оқыс шыққан дауыстан жалт бұрылды. Сөйтсе, кәдігімің кірпікшешеннің үлкені жайра екен фой. Шал осы қазір өз-өзінен айғайлап жіберуге шақ қалды. Қөзіне ашы жас кептелді. Басы әңкі-тәңкі. Маужырай мұлгіген тыныштықты асыр-тасыр бұзып, сыртқы есікті жұлқып аша кіріп келген кіші ұлы әуелі құлімсіреп қарады. Әкесінің көңілсіз кейпін андал, солғын амандасты. Аузын болымсыз жыбырлатқан шал қабағын кіржите шытынды. Оң жақтағы бөлмеде қымылсыз жатқан шешесіне үрпіп тіксіне қарады. Бір нәрсенің ретін бұзып алғатында: «Амансыз ба, апа?» — деді ақырын. Жастықтан басын жұлып алған шешесі бір мезет шүйіле қарап, Әнуар екенін танығанда барып, ажарына ерекше жылылық үйірді.

— Құнім-ау, келіп қалдың ба?

Осы бір сөзден кейін-ақ Әнуар дүниені өз орнында тұрғанға үйғарды. Лезде жайдары мінезіне көшіп, әкесіне көзін құлімсірете қадады да, төргі бөлмеге сып беріп кіріп кетті. Әшейінде жай ауыр қозғалатын кемпір етженді денесімен қалқып басып, ұлының сонынан тұра жөнелді. Отыра-отыра жалықкан шал сүйретіле орнынан тұрды. Есіктің жактауына сүйене бойын жазды да, сыртқа беттеп бара жатқан. Осы кездे кемпірінің сөзін құлағы шалып қап қалт тоқтады.

— Сендердің мына әкелерің жылқының етін жалмауыздай жейсің, сенің тапқан балаларың дей ме, әйтеуір, ажалымнан уш күн бұрын өлтіретін болды.

— Өзім де не істерімді білмей басым қатып жүргенде маған осындай әңгіме айтпаңызы, апа! Жылқы да, бәрі де құрып кетсін!

Қөзі тая берсе-ақ өзін жер табандата жамандап шыға келетін кемпірінің ежелгі әдетіне еті өліп кеткен сықылды, елең қыла қоймады. Бірақ ұлының не білгені бар? «Бәрі құрып кетсе шекеміз қызады екен!» Ақкөзденген арсыз ашуға ерік бермегенмен шал іштей кіжініп, шиыршық атты. «Басы ауырып, балтыры сыйдайтындаи не боп қалды бұған? Телім-телім боп жүр дейтіндей асырап-бағып жатқан қатын-баласы да жоқ. Қызметке таза барып, таза қайтады. Мойнына біз мініп алсақ бір жөн. Өз құнімізді өзіміз көріп жатырмыз. Сонда мұның басы неге қатады?» Осының біріне де

лайықты жауап таба алмаған шал түңіліп кеткендей қолын сілтей шытынып, сыртқа беттеді. Осы кезде ар жақтан шықкан құнқіл-сұнқілге құлағын қайтадан тосты.

— Андағы киімің жүп-жүқа екен, жаурап жүрген жоксын ба? — Өзгелерінен гөрі осы баласының тілін кемпірі оңай табады. Шешелік қамқор үнін жылы-жылы шығарса бұрын жайылып салатын ұлы, неге екенін кім білсін, бұл жолы ұстамды. Дегенмен жыланның аяғын көрген кемпірі де зымстан емес пе. «Азып қалыпсың, тамағынды уағында ішіп жүрсің бе?» «Құдай сендердің алдарында алса екен бізді. Шал алжуға айналды. Ақырымыз қалай болар екен, содан қорқамын». Осы сөздерді кемпір бірінен соң бірін төпеп айтып шықпады. Эр сәт үзіліс жасап, бұрын ешкімге тіс жарып, аузынан шығарып көрмеген жайды ең сүйікті ұлына ғана айтып отырғандай кейіпке көшті. Жаңағы реніші ұзаққа бармай-ақ Әнуар лезде жадырап шыға келді.

— Жағдайым жақсы, ағаның үйінде жүрмін.

— А-а, жақсы болған екен, бала-шағалары аман ба?

«Ағасы кім тағы? Әлгі қу түяқты сөз етіп қалып еді, соны айтып тұрған жоқ па?» деді шал алға үмсүнған күйі. Аталас ағайынның баласы — Сопыбекті бастаң жаратпайды. «Ыстықтың тамырындай ылпылдаған неменің бір есебі болған фой, әйтпесе жолатар ма еді. Өзінің туған әке-шешесіне жақсылық жасамаған ол ешкімді де жарылқай қоймас. Бір шаруасын бітіріп алған соң біздің дәлдірдектің құйрығынан бір-ақ төбер». Денесі ықшам, беті дөп-дөңгелек, көзі және ойнақшып бір орнында тұрмайтын Сопыбек сайтанды кіші ұлының аға деп әлдеқандай қылғаны шалдың көңіліне бірақ сыймай барады.

— «Менің бауырьма жөндең қара, төркін жағына тарта бермей» деп жеңгейге аға ылғи тиісе береді.

— Байғұс-ай, қайтын енді. Ел не десе о десін, өзі бауырмал.

Ұлынан да өтіп лекілдей жөнелген кемпірінің қылғын неге жорырын білмей шал дал болып тұр. «Бұлар неге лезде біреуге жақын бола кетіп, екіншісінен айнып шыға келеді екен? Қазір байқап қарасаң, Сопыбектен жақын адам болмай тұр. Ертең ол да жайына қалады». Маңыз-мәнісі шамалы бос мылжыңға шалдың ынтығы құрып тұрған ештене жоқ, ағайыншы-

лықтың титтей ләззатына бола ұлы мен кемпірінің жүрек жарды әнгімеге көшкендеріне таң. Осы кезде кіші ұлы:

— Апа, мен үйленбесем болмайды екен, тіршілік қындал кетті. Көкеммен ақылдасып көресіз бе? — деді.

— Қыстың көзі қырау, заманақыр, жер тақыр, қаңтар да қабаттасып тұр, кім білсін, балам-ау.

«Бүгіндікке айтқан жібі тұзу сөзі осы болды» деп қойып, шал қозғала бергенде, ашық-шашық жатқан ыдыстардың біріне аяғы тиіп кетті. Данғұр-дұңғұр бол үйдің іші жаңғырыға жөнелді.

— Анау бәрін қиратты-ау, а! — деп, кемпір бері шыға беріп, шалымен бетпе-бет жүздесіп қалды. Кемпіріне ұзақ бедірейіп қарағанмен ләм деп тіл қатпады. Қөптен алынбаған сақал-мұрты жүзін тұтас жауып, өңін салғырттық мендей түсіпті. Секем ала сескенген кемлірдің қара торы жалпақ кескіні қызылкүреңтіп:

— Анауың қатын алам деп жатыр, оған не дейсін? — деді.

Шал сазара бөгеліп барып, бір кезде сыртқа шықты. Соғыста оқ тиген оң шынтағының жаны кетіп қалғандай шымылдап үйи бастағанын да елемеді. Колға қараған уак малға қайталап шөп салды. Жаңағы не әнгіме деген де жоқ. Мұнша ұзақ тірлігінде абырасыр ештепе болмағандай. «Жас демей, кәрі демей бұл бенде шіркін қарақан басының қамын ойлай ма, қайтеді?» — деді бір кезде. «Қеке, сіз жылқыны жақсы көресіз, біз қаланы жақсы көреміз. Берсеніз жейміз, бермесеніз «ой, осы біздің әкеміз қызық, соңша жылқыны не қыламын дейді екен, төрінен көрі жуық қалғанда» деп ренжиміз. Бәрібір жылқының тек өзінізге ғана керек. Байқап қарасаңыз, біз бәріміз сүмдыш өзімшілміз» деген ортаныш ұлының сөзі ойына орала кетті. «Ол неге соңша заржақ болып туды? Анау неге соңша санасыз, есі дұрыс адам қаңтарда қатын ала ма? Жер қара, күн жылыда қайда қалып еді? Эй, осыдан бар ма, бәрін айдал келіп, шетінен сатырлатып соймасам ба, осындағы елдің біреуі болмаса біреуіне ет керек шығар?»

Шал осы ойға тас бекінді. «Қаңтар түрмак одан зоры болып кетсе де алатын қатыныңды ал, мен жылқыларды айдал келейін, оған шейін үйдегі малға қарай тұр» деп, шал бесін шамасында атқа қонды. «Кештетіп шыққаны несі?» деген кемпіріне де жауап қат-

пады. «Құдай жолды онғартса, ертең тура осы уақытта Қайыпқа да жетермін», — деді. Құнан тебінгенде ғана қолқ-қолқ желеді, онысының өзі қолқанды түсіретіндегі тым қатты. Бір атқа жүк болатындағы сеңсең ішігін қайта-қайта қаусырынып: «Тәменгі жак сұық екен-ау», — дед қойды. Ойға қар қалың түсіпті. Дүние шетсіз де шексіз аппак. Аттың басын төте жолға бұрган шал іңір қараңғысында Самсыдағы ескі жегжатының үйіне бір-ак ірікті.

— Ойпырмай, ақсақал-ай, қартайғанда осынызды қоймадыңыз-ау. Одан да соятынын сойып, сататынын сатып, үйде тыныш жатпайсыз ба?! Қайып деген жердің түбі емес пе, жарықтық. Жаман айтпай жаксы жоқ, орта жолда құлап, немесе атқа қайтып міне алмай айдалада қатып қалып жүрсөніз, балаларыңызға таңба боп түспей ме, — деді ескі жегжатының баласы.

— Осы жолы тұқым-тұяғымен құртпасам ба, каратұр, — деді шал кіжініп.

Таң сәріден шал атқа мінді. Көк пен жерді айырып болмайтында дүние актүтек. Демі ұскірік аяз ашық жерді осқылай шымшылап, дыз-дыз еткізеді. Ішігінің жағасына бетін буркеп, қанша жасырынып бақканымен лап-лап қоятын сұық леп қойны-қонышына су-мандалап кіріп, тұла бойын сәт сайын шымырлата қалтыратады. «Күрең байталдың еті ояз еді, мынадай сұыққа ұшып кетіп жүрмесе» деді ішінен. Демі жетпегендегі құнан да жиі-жиі пыскырына бастады. Тоназиды-ау, шамасы, денесінен жүгіріп өткен діріліне дейін сезініп келеді. Балан жылқы жүрісінін ырғағын қайта-қайта бұзып, бірде шиыршық атып қаздан какса, біреке лыпып жөнелетіндегі маймандағы басады. Құлтелеңген жалының дегбір таппай қалт-құлт еткеніне бірауық алданып бақты. Осында ұзақ жолда көп ойдың біреуінің ұштығынан ұстап, соның аяғына шығу қашаңғы бір дағдысы еді. Қазір береке-тиянағы жоқ әлденелер санасын алма-кезек киіп-жарып, бір нәрсөні діттей алмай көп әлектенді. Қыстың құні баяу көтеріліп, сонау тау жақты қиястай қөлбекен шақта манадан шаңыта тұманданған ауа шұғыл сейіліп, адырқырат — бәрі тұрған-тұрған орындарында сіресіп-сіресіп қалыпты. Сұлық түскен аппак азалы дүниенің бетіндегі жалт-жұлт еткен мың-миллион шыны сағым көзін қарықтырып бара жатқан соң таптаурын қасқа жолды нысана етіп алды да жүріп отырды. «Ертеңгі

күні көзім тайып кетсе, бұларда ауыз бірлік деген бола ма, жоқ, тұқымы тұздай құрып, тоз-тозы шығып, тентіреп кетер ме еken? Мениң балаларым сөзге неге үйір еken осы?» деді бір кезде. «Ана қатын алатын дәлдірекеңнің өзі «дос-дүшпаным бар» деп, аузын алты қарың керетіні қалай? Дүшпан болатындаі сонда бұларға не жетпейді? Осы күнгінің адамы сөзді қуарын қуғанмен, артын тоспайтын шығар, бәлкім?»

Шал ойдан да жалығып, біруақ ыңылдалап ән салды. «Көтердім елу бір пүт кірдің тасын». Осы кезде құнан онбай сүрініп кетіп, тұмсығымен жер сузе құлай жаздады. Қамсыз отырган шал ұшып кетуге шақ қалып барып, жөнделіп алды. «Әй, бір құрып қалған жылқысың фой», — деп, қамшыны сауырына көміп-көміп жіберді. Үтқып-үтқып кеткен құнан әудем жер шоқырақтай желіп барып, китің-китің жүрісіне көшті. «Ойырмай, сұмдық-ай, айдалада құлап қала жаздадым-ау!» деген ойдан журегі су ете түсті. Көз ұшынан көрінген сонау бел-белес, адыр, шоқы шаңыта көлбекен сағым мазағынан қалбалақтай қалқып, тербетіле шайқатылады. «Әй, қайран қасқа ат-ай!» деді. «Мына иттердің біреуі мал баққанда қолдан шығаратын жылқы ма еді, жануар!» «Ауылға келген сайын мініп тұрамын» деген әлгі дәлдіrbай «баяғы қасқа тайым қайда?» деп сұрап та қоймады. Мұнда жасы үлғайған кісі аттың екпініне шыдамайды еken».

Жол-жөнекей кезіккен қыстаулардың ешқайсысына бұрылмаған шал: «Не де болса Қайыпқа бір-ақ барып жығылайын» деді. Зіл батпан ішігі екі иығын жаншып, қарын талдырып-ақ тастады. Қос жаурыны аши ұйып, денесі салдырағанын да ерен санамады. Қарсы алдындағы жотаны асса — Байкоңыр, содан сүт пісірім уақыт жүрсө Қайыпқа тұмсық тірейтінін топшылап-ақ келеді. «Жас болса да белі мықты еken жануардың» деп, құнанға да бір риза болып қойды.

Іңір қараңғысында ойпаңға орын тепкен шағын қыстауға бір-ақ тоқтады. Сыртта қыбырлап біреу жүр. Сембей дарылдаған моторға арпылдалап үрген бір-екі иттің үні қосамжарласып, дүние у-шу. Қораның аузына орнатылған шамға жақындаған жолаушының бей-уақыттағы сүт жүрісінен секем ала состиган үй иесі қарсы жүрді. Аттың үстінде сіресіп катып қалған жүргіншінің дөңгелене қаусырынған жағасынан бастап,

сақал-мұрты мен тұлқі тымағының бәрі қырауланған ақ қырау.

— Салаумаликум, ақсақал, иә, жолыңыз болсын! — Бір қауызға сыйып кететіндей дүниенің апшысы қуырылған шақта қонағуар сергек дауыс шалдың көнілін желпінтіп өтті.

— Айтсын! Е-е, батырекесі, мына сұығың қайтеді, жан ала ма? — дегендеге іші-бауыры қалтырап, жүгіріп өткен діріл тұла бойын тоқазытып жіберді.

Үйге кіргенде бетке үрған жылы леппен бірге былқып қайнап жатқан жылқы етінің дәмді іісі мұрның жарып өтті. Аузы теске қараған торт бұрышты темір пеш алыс жолдан арқырап-сарқырап жетіп, ысылдап-пышылдап баяу тоқтаған тепловозға үқсайды. Торға түскен кекіліктей кісіге жаутаңдал қарайтын келіншек дереу іргеге қарай шегініп, бұған жол берді. Сырттан бір құшақ сұқытты ала кірген үсті-басы ақ қырау мұны жатырқай үрпіп қалған екі қарадомалаққа:

— Бә, аяз ата келді ме? — деп шал мейірін үйіре жылы шыраймен қарады.

Белбеуінің орамдарын аспай-саспай әлденеше тарқатып жазғанына ана екеуі әуелі таңырқай бағжыып тұрды да, бір-біріне қарап, сықылықтап құліп жіберді. Кісіні тосырқамай шақшиып тұрған ана біреуінің үсқыны мына кекілік кейіпті келіншекке келіңкірейді екен. Төрге көрпе теселіп, басына жастық тасталды. Шал жайғасып отырған кезде балалар бұрышта ширатыла бүктеліп жатқан белбеуге тұра үмтұлысты. Осы кезде сырттан үй иесі кірді. Ірі кескіні көп сөзі жоқ томаға-түйік адамның кейпіне келеді. Киімдерін орынорның қойған болымсыз қимылдың өзінде шықшытының бұлшық еттері түйінделе бүлт-бүлт ойнайды. Белбеуді тартқыладап арпалысқан балаларына көзін аларта қадап:

— Тиіспей, орнына қойындар! — деп зекіп таstadtы.

Бір мезет абдырай состысып қалған кішкентайлар әкелерінің бейтаныс кісінің қасына жайғасқанын көріп, белбеуді қайта жүлқыладап тартқылауға көшті. Манаңдан көз жазбай бакқан шал: «Өздері егіз бе?» деді.

— Қап, мыналар қоя ма, жоқ, таяқ жейін деп жүр ме! — Әкелері шұғыл қимылға баратында тұрмакқа ыңғай танытқанда аналар жым бола қалды.

— Тиіспе, ойнай берсін, баланың шалды қызық кө-

ретін, шалдың жас іісті аңсайтын заманы ғой бұл, — деп, шал екеуіне құлімсірей қарады.

Жай-жапсарға қаныққан үй иесі әлі сеніңкіремегендей басын қайта-қайта шайқай берді.

— Самсыдан бүгін шықтым дейсіз бе, ой, жарықтық-ай, а! Жұз шақырым жерге атпен жүргенді қайдам, төске машинамен барып келгеннің өзінде ертеңгісін сүйек-сүйегіміз салдырап, берекеміз кетіп қалады. Жылқының қарасы көп. Жер такыр, бейшаралардың не тауып жеп жургенін білмеймін, әйтеуір, азыздан шықпайды. Бір мезгіл суатқа келгенде көремін, ішінде көкжаны да бар сияқты. Мына сұыққа үшып кетіп жүрмесе жарады да.

— Бар, бар, — дегенмен басқа шал ештеңе айтпады. «Бұл жаққа қалай келіп қалды екен?» деген сұрақ тілінің үшында тұрғанымен сөзді одан әрі соза түсуге жүрегі дауаламады. «Жириен байталдың ұскыны құздедәк нашар еді» деді іштей. Алдына келген еттен де кінәз жеді.

— Ұзак жолдан келген екенсіз, алыңыз, ақсақал, — дегенді үй иесі әлденеше рет қайталады.

Шал шайды жақсы ішті. Құні бойғы сұықтан сіре-сіп, құрысқан денесі жазылып, көңілінің хошы да келе бастады. Үй иесінің түйткілді сұрағына да қитықпады.

— Сонша жылқыны қайткенде, қартайған адамға тاماқ керек пе, керек. Қусырынып үлгермеген бала бар тағы. Жөні келсе осы жолы өзім де біразының көзін құртатын шығармын, — деді ренішін жасыра алмай.

— Ана қысыр емген тайдан басқасында ет жок кой.

— Айғыр ше? — деді шал жұлып алғандай.

— Жылқыларыңыз иесіз қалмай ма? — деді түкке түсінбеген райда анырып қалған үй иесі.

Жігітке үмсина тұскендеңі қимылдың өзін ауырсынған сынайлы шал қабағын шытынды да түзеліп отырды. Жан баласына жақ ашпай, жасырып келген жағын осы қазір айтатындай шүйіле төніп, болымсыз езу тартты.

— Сексенге келіп селкілдеп отырса да әке әкелігінен танбайды, бала балалығын қоймай ма деп қалдым ғой. Қөзім тайып кетсе бір бүйіртқаны болар, енді маған жылқы мал болып жарытпас.

Кекілік кейіпті келіншектің қалындал салып бер-

төн төсегіне жатқанда шалдың санасын сан-сапалак ой кимелеп, кірпігі айқаспай қойды. Ортаныш ұлының әлі күнге дейін баласы жоқтығын ойлады. «Осылар неге өздеріндегі жігітті көрмейді екен? Бейнеті ашы, сонысына қарай жегені қазы-қарта, жал-жая. Тағы өзінің екі баласы кісі жатырқамайды екен». Кенет сонау атамзаманғы өтіп кеткен соғысқа аттанып бара жатқан кезін есіне алды. Тас жолдың бойындағы таныс үй көзіне оттай басылғанда: «Қарауылбек, қош, аман бол!» деп, осы қазір айғай салғандай көзіне ыстық жас кептелді.

Шал бүгін де ертедетіп шықты. Бір белгілі аумақта ғана тіршілік белгісі бардай, ал осынау түтеген сүйктан жер мен аспан тұтасып кеткендегі айнала мениреу шексіздік. Эр-әр жерде көзге шалынған жусаның басы ісініп-кебінгеніне қарамастаң селтендеп ел-пелек қағады. Мұқал жоталар ұшы-қырысыз сілемденіп, дерегі жоқ қиянға созылып кететіндегі. Шал бір бел асып, кішкене жалды тік өрлеп біраз жүрген соң қарсы алдындағы түйік қалқада бүрісе-бүрісе жайылып түрған жылқыға кезікті. «Әй, жазғандар-ай, а!» деді. Осы кезде астындағы құнаны кісінеп жіберді. Бастьарын жұлып-жұлып алып одырая қарасқан қалыптарынан ширактықты аңғарды. «Корықпандар, мен бармын ғой» дегендегі мойнын доғадай иіп, қасқайып тұра қалған айғырдың ажарына қарап, шалдың көңілі бірден тыншыды. Түндегінің қарасы көп дегені рас екен. «Мыналардың ұзын-саны жиырмадан асып-жығылмасын де зуелі. Бәсе, бөтен жылқылар бастап келген екен ғой, әйтпесе бұлар үйренбеген жеріне түрмашы еді». Баяғы әдетіне бағып, шетте саяқ жайылып түрған қасқа биеге қарай аттың басын бүрді. Екі бүйірі солыңқы, қарны салбыраңқы екен. «Алда жазған-ай, ерте буаз-ау, а. Биылша жанын бағып шыққаны жөн еді» деп ойлаған шал қасқа биенің тұсына тақағанда тізгінді амалсыз тежеді. Жазғаның қоны тайыңқы да еті ояз. Қос құлағын қайышылап, кенет бүған оқыранып қалғанда, шалдың етжүрегі езіле елжіреп, арқасы тұтас шымырлап өтті. «Қайран жануарым-ай!» деді. Аттан түсіп, жал-қүйрығынан сипап, еркелеткісі де келді. Бірақ қайтып міне алмайтынынан қауіптенді. Көз көргеннің аты көз көрген. «Ана шіркіндер кімнің қадіріне жетеді дейсің. Шендеріне де жуытпайды». Қасқа бие бір кезде жылқыларға қарай

бет алды. Басқан сайын артқы сүйектері шодырайып шығып, екі саны шалбарлана керіліп-созылады. «Тоқтамай қалған жылы жоқ бейшараның. Он екі құлның дады-ау, өзі» деді соңынаң көз алмай қадалған қалпы. Кей қатындардың ұқсыны келіспесе де баланы балпа-нақтай-балпанақтай ғып табатыны сияқты бұл жазғанда да жаман құлны болған жоқ-ау, Мола кәрі, сонда да буаз. Ал ортаныш ұлының әйелі келін бол түскеніне көп болды-ау, бірақ әлі көтерген ештеңесі жоқ». Құла байталдың да ұқсыны нашар екен. Сидиып-ак қалыпты. Басын кегжитіп алған айғыр ғана бұған бір мезет парық сала қарап бөгелген тәрізденді. Содан мойнын созып жіберіп, басын жыландай сумандатып барып қайтадан қақшия қалды. «Кім болсаң ол бол, мына үйірде ешкімнің шатағы жоқ, өзімдікі» дейтіндегі кейпі тәқаппар. Бір кезде қысыр емген тайды, бірен-саран жабағыны үйірден аластагысы келгендей қуып берді. Бүкіл бір қапталының ішіне өңмецдел еніп барады. Түктері ұзара қаудып, сап түзей қатарласа жайылған жылқылардың арасынан биенің бірі айғырға тұяғын сермен қалды. «Кімнің жылқысы екен?» деп, тұрқы бөтен карагер биеге ұзак қадалды. «Өзі жас екен, құйрық-жалы төгілген келісті-ақ бие болады-ау, жануар». Қысыр емген тайдың артқы тұяғына бірдене тиғен бе, жігі ажырап, қызыл еті көлдіреп, ырсыып қалғанын байқады.

Төске айдамаққа бекінді. «Жөні келсе бөтендерді қалдырармын, қалмаса қайтпекпін, ілескен жеріне дейін ілесер» деп топшылады. «Мұндай сұықта айдал кету де оңай емес-ау», — деді тағы ішінен. Жылқыны орнынан дүркірете қозғап, көлденең белге жайлап қаптата бастады. «Қақаған қара сұықта жіті қимылдамаса басына шығып кетіп жүрер» деді. Осы кезде айғыр бір шетке сыйылып шықты. Шарасынан шәлкем-шалыс ұшқынды байқап шал лезде сезік алды. Сөйткенше болған жоқ, айғыр басын шайқақтата келген жағына қарай шаба жөнелді. Қалғандары да осыны күткендей тұс-тұстан жырылып, оның соңынаң ілесті. Ал касқа бие бәрінің кеткен жағына қарай басын кілт бүрүп, таңырқаған сыңайда біраз бөгеліп барып, кісінеп жіберді де салқылдан кете барды. Құнаның бүйірінен түртіп қап соңдарынан тұра шапты. Сенсөң ішігінің далбактаған етегінің қойны-қонышын сұық

жел кеуlep, көкірегін көк сұнгі мұз түйреп өткендей тұла бойы тітіреніп кетті. Іші-бауырының қалтырап, тоқазығаны да елемей орағыта алдынан айналып, алған бағыттарынан ойсырата кері қайтарды. Жылқы жарықтықтардың тіршілікке дыбыс бере пысқырын-ғандарына дейін көтере алмаған нәуєтек шыңылтыр ауа сәл нәрсеге қарш-қарш айрылатындаі тырсия шатынап тұр. Қаңсыған қатқақ дүниенің төскейін то-пылдата төпеген болат тұқттар дамылсыз сықырлат-қанда шыңылдаған ұшқынды дыбыс зыңылданап тынбай ілеседі. Басын кегжитіп ап осқырынып одыраңдаған айғыр аясы қызығылттанған үлкен көздерін кәдік шалыстандыра ойнақшытып, жан-жағына алақ-жұлақ тастайды. Ара-арасында наразы адамдай бұрылып қараса, сәл ғана жиырылған мойны жуандана тырсиып, тұтаса көрінеді. Қоқаң-соқаңға көшіп, біресе о шетке, біресе бұ шетке шықканда, бұлтылданап ойнаған жұнттай жұмыр жаясы шықтанып, сүмбіледей жылтылдайды. Бұқіл жылқы шалдың ыңғайынан шықпай жүріп бергеніне қытыға ширыққан айғыр үйірдін алдын кенет кес-кестей тосып, қасқайып тұра қалғанда шал: «ай-хай жануар, ай-хай» деп қатты дауыстап жіберді. Қозін алайта осқырынып, мойнын доғадай иді. Жалын күжірейте жерді тарпып-тарпып қап койқаңданап түрді. Бұған тіке шашитындаі бір кезде ышқынып барып жалт бұрылды да құйын-перен шаба жөнелді. Қөлденен төбешікке жеткенде басын қақшитып, құйрығын көтерінкіреп, қалт тоқтап, кісінеп жіберді. Жуастау үйір әлденеден сезік алып қалғандай жалт-жалт қарасып, солай қарай бәрі бірден лап қойды. Шал бір орнында қалшиып қатты да қалды. Баяғы құш-куатының жоқтығына осы жолы шын көзі жеткендей болды. «Апыр-ау, мынау атты адамды қаға-маға кете беретін түрі бар ғой» деп ойлады. Леп алу қыын мына үскірік сұық ауада көнілі құлазыған сон ба, жоқ, шынымен дүние сондай сұрықсыз қытымыр ма, шал сұлық түскен сонау қырат-адырларды тұрмак, ие бермей кетіп, келген ізімен сырғып бара жатқан жылқыға дейін жатырқап шолды. Баяғы айғыр ғана бұған қыр көрсеткендей басын кегжиткен күі осқырынып-осқырынып қояды. Бір орнында тұрмай тықырши берген құнан осы кезде шырқырап кісінегенде баяғы соғысқа кетіп бара жатып: «Карауылбек, қош, аман бол!» деп айғайлағаны ойына сап ете түсті. Тұла бойы қалты-

рап кетті. Сөйткен Қарауылбектің не болғанын кім білсін, одан бері қырық жыл деген уақытын зу деп өте шығыпты. Сондағы немере жеңгесі Қозының шашын жайып жіберіп: «Он тоғыз бастан айрылып, жалғыз қалған түяқ ең, кенжем-ау, кебін киген келмейді, кебенек киген келеді, жолынды оңғарсын, жолынды!» — деп, зар еніреп жылағанын есіне алды. Шалдың демі жетпегендей қыстығып кетті. Сеңсең ішігінің жағасын айқара ашып, көкірегін қарыс айыра күрсінгенде кеудесін ыстық жалын қауып, көзінен жас ыршып шықты. Осыдан көп жыл бұрын қырғыз асып бара жатып, екі кештің арасында өзіне тұра ұмтылған мыстан кейіпті жайрадан қатты шошынып, баж ете қалғанындей қазір де айғайлағысы келіп кетті. «Қосшыбай деген шалмын, Қосжан деген бала болғаныма кім нанаң дейсің қазір. Осы селкілдеген күйімде туа салғаным жоқ қой. «Тірілердің бәрі әулие деуші еді» жарықтық бір жама ағайыны. Сонда мен де әулиемін бе?» деді кенет өзіне-өзі. Сталинградтың маңындағы ұрыста бес-алты күн қатарынан жаяу жүргені бар. Қанға көрінді ме, сол жылғы сүкіт та қатты-ақ қағынды. Алдыңғы сапта кетіп бара жатқан командирдің есіне бұл анда-санда түсіп кете ме: «Жұзгенбаев» деп дауыстайтын. Бұл дереу үн қатса: «А, значит, живой» дейтін. Бір үрім-бұтақтан жалғыз қалғанымды білді ме екен сонда ол жазған» деп ойлады шал. «Тірі жүргеннің бәрі әулие болса әулие шығар, екі дүниені бірдей тауысып, мойнына қан жүктеген анау Жанапия да әулие». Ілік-шатыс ойлардың бірінен соң бірі киіп, әрі-сәрі күйде отырған ол аяқ астынан серпіліп, атын тебініп қалды. Жерге топ-топ тиген түяққа үздіксіз сықырлаған дыбыс қосамжарласа ілесіп келеді. Жолдың тым ұзак екенін сәттік оймен болжауын болжанмен санасының бір түкпірінде Жанапияның кейіп сұлбаланды да тұрды. Осы жолға шығардың алдында сол Жанапия төсек тартып қалды деп еді. Әнеугүнгі әңгімені ұмытып, көңілін сұрап кіріп шығайын-ақ десе де бір күш тежеп, беттеткізбей қойды. «Бас қосқан жерде менен жақсы жоқ» деп көкірегін өрге айдайды да отырады. Ауыздыға сөз, аяктыға жол бермейді. Өз-өзінен келіп ұрынды ғой, әйтпесе онда нем бар? «Әй, сен осы ауыл мен төмөндегі жылқынан басқа не біліп, не көрдім дейсін, қыстырылмай тыныш отыр» деп басқысы келген жоқ па. «Әй, пәнді, қой енді»

дедім. Төрде отырған жерінен құнжыңдал түрмакқа оқталған Жанапияның шоқша сақалы көстендей, аясы қып-қызыл көзін тесіріте қадағанда қариялылыққа жуыспайтын зады жақсылық емес сұық ұшқын өнменіңден өтердей еді. Қосшыбай шал Жанапиямен бетпебет келгендей арқасы өз-өзінен шымырлап: «Кәпірдің ұсқынының жаманы-ай» деді. «Не көріп, не қойды екен соңша?» Қөп болса өкімет жылқысын алып, жер аударғаны шығар. Одан Қытайға қашып кетіп, отыз жылдан кейін қайтып оралғаны ма?»

Төске тартқан құнан қараса басын шұлғып-шұлғып қойып, төпеп ұрып келеді. Сәл доғалана иілген мойның түгі аққиреукеленіп, төгілген жалы сусыл қағады. Тағыда әлденелер кимелеп әлегін шығарды. Орнынан қалтаң-құлтаң атып тұрып, мұны тарпа бас салатындей бол біресе Жанапия ежірейеді, «он тоғыз бастан жалғыз қалған түқ өң, кенжем-ау» деген Қозы жеңгесінің даусы құлағына келгендей болады. Қанша белді артқа тастап, қанша қырдың алдында керіліп-созылып жатқанының көлемін ойша мөлшерлегенмен көңілін оған да діттепеді. Сонау алыста үйірліп-төңкерілген сағым аумағы кейде аспан мен жерді тұтас алып көлбесе, кейде түйдектеліп-түйдектеліп барып, есіле жазылып кетеді. Қез ұшындағы беткейдің қабағында кимылсыз қалшының түрган жылқыны шалдың көзі шалды. Қасында жабағы ма, әлдене қарайды. «Алда жазғандарай-а, әл қалмаған соң қайтын» деді. Жүрек тұсы өз-өзінен шым ете түсті. «Кеудесінде жаны бар қыбырлаған тіршілік иесіне жаманат деген, әйтеуір, бірдей бол келеді екен ғой. Жан-жануарға бұл ашаршылық емей немене енді. Адам баласы өлместің амалын тапқанына кекиіп қалатын не жөні бар? Жарықтық, бұрынғылар айтушы еді, аш бол бара жатсаң бір тоқтығы бар деп, тоқ бол бара жатсан бір қаштығы бар деп. Ойпыр-ой, осы күнгі жүрттың кесірі бас жара ма, тас жара ма? Баяғыда бір үзім нанға зар болған ел бауыр еті баласын жеп қоюға дейін бармап па еді. Сен не көрдің деп кергитін жөні ме, Жанапияның». Қырғыз асып бара жатқан баяғы шактың бейуағында өзіне қарай қорбаңдал жүгірген жайраның ұсқынсыз кейпінен шошына баж ете қалғанын ойына тағы да алып: «Сонда қара басып, неге жорықты екем?» деді. Жанағы екі жылқы жаққа әлсін-әлі назарын салып, бұлдырап қарайғандардың тұм-

сырымен жер сүзе қалтылдап құлап қалуға шақ тұрғандарын сезінді. Қөңілі босап, көкірегі қызынды, жан жүрегі сыздап ауырып кетті. «Тіске ілінер түгі жоқ құтақыршылық заманда ілдәлап жанын бағып, осы күнге дейін жеткен жылқы жарықтық әулие десе әулие. Эй, бірақ жаның да, малың да тастан жаратылған ба деймін. Неше түрлі зобалаң бастан өтті ғой». Қыстың ежелгі мінезіне қанша көндіккенімен шынылтыр аяздың сүмдүк сұық лебі шалдың іш-құрылсының қуыс қалтарысын түк қоймай түгел шарлап, көзінің айналасына дейін тастай бол кеткенін де елемеді. Тек бір азынған құлазу сезімі ғана тұла бойын тоңазытатын сықылды. «Баяғы ашаршылықта жылқы қайда, бақашаян, құрт-құмырсқа жоқ болды ғой». «Он тоғыз бастан айрылып, жалғыз қалған тұяқ ен, кенжем-ау» деп зар еніреп жылап, соғысқа аттандырып салған Қозы жеңгесінің сөзі жадына оралғанда: «Өлген-жіткеннің есебін ала берген бе, жазғаның» деді әуелі жақтырмай. Он тоғыз бас бір әuletке тым көп болып көрінді. Экесі мен шешесі, бес ағайыны, олардан өрбіген балаларды ойша тізіп, санап қараса, шынында да солай. «Апыр-ау, сүмдүк, бір қауым ел болмақ екенбіз-ау. Солардың бірінің орнына мен кетсем әлдеқалай болар еді? Адамның еркіне қойсаң құзғын бол жүре беретін түрі бар ғой». Өткен-кеткен аруақтарды бұрын бұлай ойламайтын шал: «өлеріме көрінді ме, мұным не?» деп бір қойды.

Экесінің ескі жұртын бір жаз жайлараны бар. Арыны басылмай тұрып сай-саланың қойнау-қойнауын түгел шарлап, тыным таппаған еді. Жамбастана біткен еңселі тепсөнге көтерілгенде астындағы аты болдырыды. Еңіске жетектеп түсіп, қозыкөш жердегі шұғыл бұрылма кезеңге келгенде құранды ерін сыйрып алып, тартпамен бунап-түйнеді де үйіне қарай бетtedі. Есіктің алдында тұрған естияр баласы — Дарқан әкесінің беймезгіл уақытта ер-тұрманың көтеріп алғанына таңырқаған күйі:

— Апа, көкем ерін арқалап келеді, — деді қатты дауыстал.

Етженді қара торы әйелі есіктің көзінен сыйырая қарап:

— Кешелі бері қабағы қарыс жабылып қалып еді, сонысына көрінгені шығар, — дегені де құлағына анық жетті.

Қосшыбай әйелі мен ұлына бір қарап, төрге озажайғасты. Он үш, он төрт жасар баласы әкесінің ертүрманын арқалап келуінің мәнісіне жете алмай селтиіп тұр. Әкесі мен шешесіне жалтақ-жалтақ қараганмен тіл қатуға жүрексінетін тәрізді. Қүйеуінің салғырт, сынық жүзіне ұзак телміріп, жаманатты естугедәті жетпейтіндегі именіп барып, үнсіздікті ақыры әйелі бұзды.

— Атыңа не болды?

Бұл ләм демеді. Ортаға дастарқан жайылды. Жаңағы баласы сырттан самаурын әкелді. Шешесі шының аяқтарды сүртіп отырып:

— Ана екеуі қайда кетті, жоғалды ғой, шақырши! — деді.

Шешесінің тынымсыз жұмсай беретініне қабағын кіржитіп, сыртқа атып шыққан естияр бала жіңішке даусын барынша созып:

— Жарасбай, Әнуар, — деп айқай салды да, әкесінен төменірек орынға келіп жайғасты.

Бір кезде бірінен соң бірі ентелеп кірген екі бала бір сүмдышқа жаңағын айтатын кейіпте бағжия қарап қатып қалысты.

— Қуні бойы үй көрмей қайда тентірең жүрсіндер?!

— Қоқе, апа, — десті олар ентіккен күйі.

— Е, не!

— Мына сайдада тасқора бар екен, соны барып көрдік.

— Қайда? Өтірік айтасындар, — деді үлкен ұлы.

— Нан ұрсын! — Біреуі сенбейсің бе дегендегі кеңірдегін қолымен орып жіберді.

— Тек! — деп, шешесі шоршып тұсті. — Жақтарың қарысқырлар-ай, қайдағыны қайдан шығарасындар! — Сонан кейін бұған бүкіл денесімен бұрылып, алара қарады. — Әтиімнің ескі жұртына келіп отырмыз. Бір мал сойып, құдайы тамақ бермейсің бе? Әруақтар дәмететін шығар! Осыларды қайбір жетісіп жүріп көрдік дейсін, — деді.

Ішіп отырған шайын кілт доғарған Қосшыбай үн демеген бойда сыртқа шығып жүре берді. Тасқораға кешелі бері келуге жүрегі дауаламаған. Қазір қарсы алдындағы тік текшени жалдатып шығып, құлама жартастың тұсына келді. Енді, міне, әкесі мен шешесінің, бауырларының табандары анық тиғен араны ба-

сып түр. Қөңілі босап, көзіне жас үйірілді. Әкесі шыға қелетіндегі елегізіп, айналасына алақ-жұлақ қарай бастады.

Жер өзгермейді дегенмен анау андызыдаған тік жоталар алласып, шөгіп қалғандай. Ал күн көзінен бой жасыра алмаған күнгей тастарының оңған түсі тым сүрқай. Лыпасының сау-тамтығы жоқ кәдігімгі дуанаңдай үсқынсыз. Бесқоныстың жұмыр тік шоқысығана «осы өңірдің бары да, нары да өзім» дейтіндегі маңғаз. Мал аяғынан таптаурын болған сыйық-сызық, тарам-тарам жолдардың түпкі арқауын әрең ажыратып алған Қосшыбай: «Жердің құты қаша бастапты, малды қалай болса солай жайып, өрістің түте-түтесін шығарып жіберіппіз. Мына терең сайдың өзегін жарып өтетін жалғыз аяқ жол бар еді. Қөзден тайған көп нәрсе көңілден де кете ме?» деді. Аспанға шапшыған Бесқоның шоқысына түйісетін Қүшікбай сайдың құлдилаған түйіфына үйисқан көлеңке бүйіфы әрі самарқау.

Күнгейі жадағай, жалаңаш, теріскейі қалың нұжыныс екі сайдың ортасындағы тасқорадан көз алмаған күйі селтиіп түрді да қалды. Анау еніске астасқан жырада имене акқан бұлақ бар. Ал тасқора салбыраңқы жартасқа сұғына қаланған. Әуелі ұра қазылып, содан текшеленсе керек. Қожыр тастар пышақтың қырындағы өткіреніп, жерге жапсарласа тамыр алып бітісіп кетіпті. Күнгей мен теріскейге бірдей салынған қойды көздегенмен Қосшыбайдың көңілі басқада. Шалқайған төскейдің беткейінде бұлдірген терген бала болдым дегенге қазір өзі де сенбейді. Қой көздерінің қарашықтары бір мезет ерекше жылтырап өтті. Әкесінің ең кеңжесі екенін ойлады. Ертеден қара кешке дейін бұлдірген теріп жеп аузы уылып, тамаққа зауқы соқпай, жүрегі айни беретін. Шолжандау өсken бұл тасқора аузының қырына шығып алып, қоймай жылайтын. Қапсағай денелі, атжақты қарасүр әкесі есіктің көзінде тұрып, шұңқірек көзін кеңжесіне шүйілте қадайтын.

— Қел, әй, кел! Жылқының майына тары шылап берсем сап басылады. — Тымырайып алған бұл әкесінің жылы лебізін қасақана тағы күтетін. Қарқарадай кіршіксіз аппақ күндігімен одан сайдың сұнғақ көрінетін шешесі шалының елпектеуін жаратпай:

— Тоқалыннан туғандай осынды елден ерекше серкештеп, бөле-жара беретінің не? — дейтін. — Бәйбішесінің сөзін құлағына қыстырмайтын әкесі — майға шыланған тарыны ұсынып, жұбататын.

«Бес ағайынды емес пе ем, қайда кетті бәрі?!» деп орнынан ұшып тұрғанда жүргегі аузына сыймай демігіп кетті. Еркінен тыс күш ылдига қарай итермелел, дедектеп жүгіре жөнелді. Тасқораның жартасқа сұғынған тұсына жете бере шалынып жығылды. Қолын тірер қалмағанда тұмсығымен жер сүзетін еді. Тас жырған алақаны удай ашып, тызылдай бастады. Оны да елемеді. Жүйе-жүйесі босап, егіліп жылап жіберді. Парлаған жасы жүзін айғыздап ағып, тікенек жириен мұртына мөлт-мөлт ілініп қалды. Дел-сал бойын жия алмай, қимылсыз отырды да қойды. Мұжылып, кетілген тұстарға қарап, біраз жылдан соң тасқора белгісінен түк қалмайтынын ойлады.

Шалдың ойы әлденеден бөлініп кетті. Қөз талдыраш ширатыла есілген бұлышықтардан басқа төңіректе көніл желпінтер жылт еткен ештене жоқ. Құнанның қырау тұрған қылышықтарына көзі түсті. Тынымсыз бұлтылдалап ойнаған бұлышқ еттері қыстың қытымыр ызғарыча сыр берместен шиыршық атады. Өрге қарай омыраулай өршеленіп ұмтылған жас мал басын онды-солды бүлғандатып, сәт сайын пысқырынғанда — жайсыз дыбыстан гөрі кісіге ес болатын сарынды аулап, көнілі түсінікіз елегзи бастайды. Андап қараса, Қопаның ұлан жазығына да жетіпті. Мұншалықты жерге жанағыдай ойлар алданыш болып келгеніне бір жағы қатты таңырқады. «Көтердім елу бір пүт кірдін тасын» деп арасында ыңылдалап ән салды. Сталинградтың түбінде баяғы командирінің: «Жұзгенбаев, Жұзгенбаев» деп дауыстайтынына дереу үн қатқанда, оның: «А, значит, живой» дейтіні санасында жаңғырығып өтті. «Живоймыз живой ғой», — деді шал кенет өзіне-өзі.

Әкесі, одан үш ағасы бірдей өлген жылы бұл Орыс булағының тәменгі сағасындағы Көктекшеде жаңадан күрылған мойынсеріктің азын-аулак малын бакты. Ендігі бар мият тұтатын Бөлеген ағасы жаңадан үйисса бастаған жатақта дуал там соғып, сонда тұрды. Шешесі соның қолында, ал мұның соқа басы ғана. Андамұнда жайланағып барып, жатып-жастанып қайтып жүретін. Осындаі күндердің бірінде Бөлеген інісінің қамсыз-мұңсыз тірлігіне сәл налығандай:

— Құнқөріс қалай болар екен, бидай дегенің ырымға жок. Ұраға тығып қойған соңғы қапты кеше үрлап әкетіпті. Сенің жүрісің мынау, арғы-бергіні бір мезгіл ойламайсың, — деді. Анасына келіңкірейтін аққұба жүзі толқулы сәтін жасыра алмай тебіндеп шыққан болудан өңі қып-қызыл болып кетті. Жалт-жұлт еткен қараашықтары зәрлі ұшқын атады. Мынандай ғөздің төркініне бірден дендей алмаған Қосшыбай әуелі қипақтап қалды. Ағасының нені мегзеп отырғанын білмей дал. Әудем уақыт жауап тосқан Бөлекен бір кезде ауыр күрсініп, мұны барлап сынай қарады.

— Мені аландастып жүрген ойдың не екенін білесің бе?

Тіке өңменіне қадалған жанардан дәті шыдамай, бұл көзін тайқытып әкетті. «Бұл кісінің не білгені бар?» деді ішінен. Бөлекенниң сұлуша келген жүзі күкүл тартып, қалың қара мұртының бір талын әлдекім жұлқып тартып қалғандай жыбыр-жыбыр етеді.

— Экем айтуши еді, әуелі пиғыл-ниетің бұзылмасын деп. — Даусы бір түрлі қарлығып шықты. Сұсты қалпынан айнымай шарт жүгініп отырды. — Не көрінетінін кім білсін, күннен күнге тарынып барамын.

Қатпа қара келінің суық райынан қаймыға бастаған шешесі ұлының сөзін жаратпағандай қабағын күйзеле шытынды.

— Тек, онысы несі! Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді. Одан да құдайдан түп-тіршілігінді сұра.

Бөлекенниң әйелі басын жұлдып алып, енесіне жалт бұрылды.

— Қаптың түбіндегі тары таусылған соң топыракты обарсың.

— Қарағым, саған сөйлеген жоқпын гой! — Шешесің иегі кемсендеп кетті.

— Сөйлемесен, жайыңа отыр!

Ағасының жер шұқылап, үн-түнсіз қалғанына қатты қорынған бұл: «Мына жүзің ара байғұс анамды әбден-ақ тұқыртып тастаған екен-ау» деп ойлады.

— Қарлыға-ау, сонша не болды...

Бұған бүкіл денесімен жалт бұрылған женгесінің жүзі тутігіп, сыны қашып кетіпті.

— Шешенің тілеуін тілемей-ақ, тыныш отыршы, қарағым. Шалың, үш баласын бір жылда жұтқан бұл мысттан сендердің де әлі арттарында қалады, асықпа.

— Болды енді, си, тура... — Бөлеген шыдай алмай сөзге килікті.

— Сен өлік немеге не жоқ, одан да бір қап тарыға не болмадың ба, — деп, күйеуіне шабаланып шыға келді. Орынан атып тұрган Бөлеген:

— Жоғал, арамқатқыр! — деп айғай салды.

— Өлмесең өмірем қабындар! — деп, Қарлыға бұрышта ойнап отырған екі баласын дедектете жетектеген күйі сыртқа алып шығып кетті. Тоқтатпақ болып ұмтылған бұған Бөлеген ақырып тастады да, даусын бір түрлі бәсек шығарды.

— Барсын, атасына індет, содан-ақ көрдім, — деді де бұрыштағы домбырасына қол созды. Бұрауына келіп тұрган болса керек, ашы-ашы дыбыстарды үстемелетіп жіберді. Ыңыранған баяу саз тамылжыған тәтті әуезге ұласқанда шешесі де, Қосшыбай да елтіп кеткендей тым-тырыс. Домбырасын онтайына алып, құнжың қаққан Бөлеген өзін бүтіндей дүниеден оқшаулап, қара жанына жарқын сарыннан ғана демеу табатындаиды тым бейілді. Күйлі-мұңды әуен жаңадан соғылған дуал тамның ылғалына сіңіп, одан сайын жұмсарып шығып, құлакқа жағымды естіледі. Осы кезде Қосшыбай анасы жаққа назарын еріксіз бұрды. Эр адымын санап, кербез басатын бір кездегі тәкаппар, сәнсалтанаты келісті бәйбішеге шешесі мүлде ұқсамайды. Опалан-топаланы шыққан мына үйдің кір-қоқысынан бойын аулақ салып, өлсем — отырған орным киелі дейтін көзжұмбайлышқа көшкенінен ғана бурыннан бойында қалған кесектік байқалатын тәрізді. Қекайыл келіннен беті қайтып, қайраны таусылып, біржола қараетсіз қалған ұлынан тұніліп біткен шешесінің қой көзінен тіршілікке деген жылт еткен ынтызар нұр білінбейді. Тыrsия керіліп тұратын кимешегінің жақтары сөллілдеп бос қалыпты. Түсі оңып кеткен өрнек кестелеріне дейін айырып болмайтында — баттасқан кір. Арып-ашып, азып-тоза бастаған анасының ұскыны Қосшыбайдың жүргегін сыздата ауыртып өтті.

— Апа, аға, мен Ілеге мал айдасып барып қайтып келейін, оған дейін күндерінізді көре тұрыңыздар.

Шешесі үн қатпады. Тартып отырған домбырасын кілт доғарған Бөлеген інісіне таңырқағандай бағжия қарал, қабағына кірбің үйіре құнжылып, домбырасын қырғызшалап ашумен ұрғылай бастады. Жылауық үннен шекесі шыңылдан кеткен Қосшыбай одан әрі тұра

беруге дәті жетлей сыртқа атып шықты. Анасы мен Бөлеген ағасының қатты қажыңқы кейіптері көз алдына кетпей көңілінің шырқы бұзыла берді.

Араға екі-үш күнді салып Қосшыбай қайтты. Тырс етіп тамшы тамбаған сүрқай жаз. Жер-дүниенің бәрі құп-қу. Бүкіл өңір буалдырлана шаңытып түрады да алады. Сарайды ашпайтын бір аңызак құрғақ леп кеңезесін кептіріп, шөліркете береді. Мойынсеріктің азын-аулақ малын совхозға өткізгенде ондағылар бір қадақтай арпаның ұнын, бір дорба талқан, бір-екі бөлкені қоржынға салып беріп аттандырған-ды. Шұқіршілік еткен Қосшыбай: «Өлмегенге өлі балық, мұны қаужап біткенше ар жағында бір жақсылық та болып қалар» деп өзін-өзі демеп қойған.

Ел отырықшылыққа айналып, тары егіп, мал үстап шаруаны ондай бастағанда салық дегеннің түрі көбейіп кетті. Қап-қап тары, азын-аулақ біткен мал да мояныға салынған борыштың бодауына кетті. Сұлтан сияқты әпербақан белсенді шықты. Бұрындары адамның жуасы қорініп еді, қолына билік тиісімен-ак, құдай сақтасын, кім қорінгеннің басына әңгіртаяқ ойнатып, Сұлтанқұл — Сұлтанқұл батырға, одан Сұлтан төреге айналып жүре берді. Ел байғұс не істесін, қалған-құтқан азықпен қысты шықпа жаным шықпалап әүпірімдел еткерді. «Өлмеген құлға келді жаз» деп арқаны кенге енді салайын дегенде екі ортадан құрғашылық килікті. Қосшыбайдың санасын кенет үрей билей жөнелді. Қоржындағысы — мықтағанда он күндік қана азық. «Қарлыға айтпақшы: қаптың түбіндегі бітсе топырақ обамыз ба, қайтеміз?» Женгесі екі бала мен кімге барып сыймақ? Алматыдағы төркінін сағаламақ па? Аузын балапандай ашқандарды қазір кім жақсы қөрсін? Апам мен ағамның халі нешік?» Мынсан ойдың түп-түянына жете алмай дал. «Шама барда қырғыздығы әкесінің ескі жегжатын іздестіріп көрсекайтеді?»

Шолаққарғалы өзенін жағалап отырып, қасқа жолдың өкпе тұсынан бір-ак шықты. Осы сәт сабыр-тағаты таусыла көңілі алғып-ұшып, тізгінді үсті-үстіне қағып, тебіне бастады. «Дүние бір қисық жол бұрандаған» деген сөз көкейіне әлдеқалай оралды. Сонымен алданып, біраз жерді артқа тастапты қараса. Үлкен бекеттің қарасы мен мұндалап көріне бастағанда — әлдекімнің тауды бетке алып қыбырлап бара жатқа-

нын көрді. «Шалық тиғен біреу болмаса елсіз тауға лаға ма?» деді. Қарайламай кете беруге дәті бармай, амалсыз бұрылды. Желе жортып жетсе — сақал-шашы аппақ қудай қария. Мұның аманына селт етпей бедірейген күйі қалып, бір кезде ішке үңірейіп кіріп кеткен көзін өңменіне тіккеді де дереу тайқытып әкетті. Қарсы алдындағы арықтан аттап кете алмай жүрексіне кібіртік-кібіртік басып барып тұра көмейіне жеткенде іркіліп тұрып қалды. Қосшыбай дереу атынан түсіп, қолтығынан демемек бол ұмтылғанда тартыншақта, әлсіз бүлқынды. Соның өзін әлжуаз дene көтере алмай тәлтірекten құлап кете жаздады. Жөнделе нықталып тұрған соң бұған тіршілік белгісі жоқ үңірейген көзін төндіре түсіп:

— Қосеген көгеріп, көрпен ұзарғыр, жагын түскенше жамандық көрмегір, бағанағы есегімді өзіме қайтарып берші. Айдалада арам өліп қаламын ғой. Болмаса, тұра осы арада өлтіріп кет те көм, сауабым тиеді, — деді. Әл-дәрмені біткен соң даусы да талмаусырап шығады. Тірі аруақтай қалтылдаған шалдың алдында Қосшыбайдың аза бойы қаза болды. Қанша сыр бермейін десе де өнбояйнан үздіксіз діріл жүгіріп, дегбірі қаша бастады. Коржынға асып-сасып қол салды да нанның орауын тарқатып, үлкендеу үзімін жұлып алып шалға ұсынды. Ешқандай ықылас білдірмеген шал қайтадан жалбарынуға көшті. Түсіндіріп, женин айтудың реті жоқтығын үққан бұл нанды қолына ұстатты да, атка қонды. Бір белгілі аумақтан жаңылмай аспанда қарақұс қалқып ұшып жүр. «Құзғын деген сүм адамың бойынан күш-куат кете бастағанын қайдан біледі екен?» деп ойлады. Біраздан соң артына бұрылды. Шалдың сұлбасы нысана обадай қалқып әлі тұр. Ал баяу қалқыған қарақұс шеңбер ауқымын кішіріте қарияның дәл төбесінен торуылдауға көшіпті.

Қарсы алдынан және бір қарақұстың қопаң етіп ұшқанын көргенде жүрегі су ете түсті. Асырып жетсе — жасамыс әйел отырған күйі көз жұмыпты. Кішкентай екі баланың бірі — етпетінен де, скіншісі — шалқасынан сұлапты. Жаңағы құзғын шалқасынан жатқан баланың екі көзін бірдей шығарып, үнірейтіп тастапты. Қосшыбай көнілінің жүйріктігімен емес, бір сүмдик түсініксіз қорқыныш арқылы жол бойы мұндайдың әлі көп кезігетінін сезді. Сөйтсе де аялдамай жу-

ріп кетті. Жол-жөнекей қирай жығылған адам екен. Кейбір жазғандар осы өлімнің өзінен құдды ынғайсызданғандай жүзін көрсетпей ішке тыға жайғасыпты. Бір қартаң әйел тұра жолдың үстіне қылжия жырылыпты. Мұны жүзін жасырып, көміп кететін біреу кезігер деген дәмеге жорыды. «Құзғын-қарға мен қорқау қасқырлар бір жырғаған екен» деген ой санасында қылаңтып өтті. Шытыр жеп, іші кеуіп өлген малдай әр-әр жерде теңкиіп жатқан адам. Тірі қалғаны болып қыбырламай ма екен деп қарағыштап келеді. Дүниені өлік іісі алып кеткендей. Іш дүниесі де кеуек, куыс. Тіршілікте ешқашан мағына болмаған тәрізді. «Манағы бейшара шал арам өлуден неге сонша корқады? Пенде баласының өлімге дейін өзімшіл болғаны ма?» Осыдан үш-төрт жыл бұрын Жанапияның әкесі Мұлкібайдың алты жұз жылқысын қазынаға алып, өзін жер аударған кезде елдегі ағайын тәнірдің жазуы осы деп үйғарған. Сонда Мұлкібай жарықтық: «Қаррагер айғыр жылқымның құты еді, соны өзіме қындар» деп өтінді. Оған Сұлтан одан сайын қағынып, айғырды дереу ұстасып, ерттеткізді де өзі мініп алды. Қатты қорынған Мұлкібай аруақ, құдайды атап, еніреп жылап жіберген еді. Қалыс ағайын жаппай жерге қарасты. Қарагер айғыр Сұлтанның айбынын асырып, айдарынан жел естіріп жіберді ме, көп ұзамай орта шаруаға да ауыз салып, қырына ала бастады. Бұлардың да киелі санайтын құла жорғасын тартып мініп, қызылмай ғып зорықтырып өлтірді. Сонда бұл да өгіздей өкіріп жылаған. Ойлап қараса, ол — ит басына іркіт төгілген заман екен ғой. Адам баласының осындаі күйге ұшырайтынын білгенде Мұлкібай қарагер айғырға бола сақалды басымен жылар ма еді, жыламас па еді?

Өзінен-өзі елегізіп, айнала тәніректі жатырқай шолған шалдың сиықсыз сүйк дүниеден іші-бауыры қалтырай азынап, құлази жөнелді. Тырсия ісініп-кебінген шынылтыр шыны аязға топылдаған тосаң дыбыс сіңбестен айдалаға лаға қаңғып, түк таппай ақыры жолаушыны қара тұтып, құлағының түбінде сықырлап шуылдады да тұрды. Шымырлаған сағым көз алдында жыбырлап, түйдек-түйдегімен қордаланып қарауытады. Үйірде жүрген жерінен құла жорғаны ұстап мініп, Қопаға дейін тоқтамай шапқан ақікөз Сұлтанның жындысурей кейпі қазір қарсы шыға келетіндей

атқактап соғып кеткен жүрегі аузына тығыла берді. Айқебікке малынған жаңуардың шарасына сыймай атырыла айналып кеткен көзі қып-қызыл. Енеден жаңа туғандай қалталақ-қалталақ етіп, шатқаяқтап тұрған құланы ылаушылардың біріне ұстата салып, жөніне кете барған Сұлтанның сондағы порымы өрт сөндіргендей еді. Бір-екі жеті алынбаған сақал-мұрты тікіреп-тікіреп, шешек дақты сұр жүзі қатқақтап әбден шөлдеген кісідей тұтігіп кеткен. Дегбір таппай ақилаша ойнақшыған қоңыр қараашықтары нысанана діттеп қадалған уақытта тіксінетін зәрлі уыттан гөрі сштеценің мәнісіне бармай тұра жүгіретін әпербақандықтың кәдік үшқыны жылт-жылт ететінін байқаған. Бір болыс елге, белгілі құла жорға қорқырап құлап жатқанда: «Иттің балалары, маған ат әкеліндер» деп Сұлтан тепсініп шыға келіп еді. Жылқысын алып болған соң Мұлкібайдың өрен-жаранын алдына салып айдал, ұра-ұраны қоймай тінтіп, тықтырған алтын-күмісін іздетті. Ақыры түк таппайтын болған соң Мұлкібайдың бәйбішесі мен келіндерінің ұрқырап-шұрқырап жылағандарына қарамай білеziк, сырға-сақиналарының бірін де қалдырмай сыпрып алды. Басты жарып, көзді шығаратындаи Сұлтанның сондағы екпіні қатты еді, ойласа. Ылаушыны да күнде өзгертіп, атты да солай ауыстырып мінеді. Соңодайдан Сұлтанның қарасы көрінсе-ак, жұрт жан-жакқа бас сауғалап, безіп кететін. Қері-құртаң, катын-қалаш, бала-шаға демей бастарына қамшы үйіріп, алдына салып бір шыбықпен айдайтын. Үйден үй қоймай тінтіп, ұраға тығылған астықты арбаға басып ап, есіктің алдындағы уақжандықтарды айдатқызып әкететін. Аш өзектеріне түспей тұрып босып жөнелген жүрттың біразы аман қалды. «Көппен көрген ұлы той», не болса да тәуекел деп жылы орнынан қозғалмағандар қырылды ғой, не керек. Эй, көрінде өкіргір Сұлтан-ай!» Шалосы бір қарғысын дауыстап айтып жібергенін сезбепті. Ыза-кек те емес, өзегін өртеп өтер өшпендейділікке де ұқсамайтын бір шарасыздыққа тап болған шал ештегені ойлауға зауқы шаппай басын бұлғаңдатқан күйі жүрді де отырды. Көкірек тұсы қызына ашынып, әлдene деп тіл қатса — қақырап-қақырап кететіндей ауырсынғандық бар. Селт етпес сұлқ түскен дүниеден де жерініп, денесі дел-салдана марғау тартты. Кенет: «акыретке барасың не деп, төре?» деген Сүйінбай

ақынның сөзі ойна сап ете түсті. Құнжындал иғын козғал, ерге жөндөліп отырды. «Сұлтан ақыретке не деп барды екен?» деді кекесінді мырс етіп. «Елдің қарғысына қалғандар түбінде соның зауалын тартпай қоймайды деуші еді, ештеңе жоқ, Сұлтан да өлді, екі кез кебін мен елден топырақ бұйырды. Одан артық оған не керек? Әй, сол Сұлтандарының қорықпағандарына қарағанда ақырет дегенің әшейін жай нәрсе шығар?» Ел тойынып, ауқатын түзей бастаған жылдары мұның Алматыға жолы түсті. Райымбек атанаң бейтінен былай Тәшкен көшесінің төменгі сағасы онда қаптаған мола. Ал маңайы қазіргідей ел жоқ, қаңыраған қу дала болатын. Мал өткізіп келе жатқандағы баяғы құқайдан қалай шошыса, бұл жолы да сондай сезіністі басынан өткерді. Мұрын тұратын жер анғалсанғал сәнкип, көздерінің орны үнірейіп кеткен бас сүйектер ырсиып әр жерде жатыр. Тек енді-енді жидіп, сынырыла бастаған шаштардың іріп-шіріп кетпей осы күнге дейін сақталғанына бұл бір жағы қатты таң қалды. Саудыраған қу сүйектердің тұсынан өтіп бара жатып, әйтеуір, сүмдүк сезік алғанын біледі. Адам баласының бас сүйегі мұншалықты үсқынсыз болатыны бұрын ойна тіпті кіріп-шықпапты. Андал қара-са, көр біткен ойылып-опырылмаған, бұп-бүтін. «Сонда бұлар осы жерге қалай келіп қалды?» деуін дегенмән, Алматының көк базары ашаршылық жылы қайыршыға толып кеткені жөніндегі естіген әңгіме кенет есіне түсті. Бір қу қарының қамы үшін біреу онда балгерлікке көшсе, келесі біреу құмалақшылықты кәсіп қылышты. Сөйтсе де бәріне бірдей бір жапырақ жан қайдан табыла берсін, көше-көшеде ісініп-кебініп жатып өлген ғой көбі. Иістеніп, бұліне бастаған соң осы маңайға сүйреп әкеп тастағанға ұқсайды деп үйғарды ақыры. «Екі дүниені бірдей тауысса да кәріліктен жеңілмей қақаң қаққан Жанапия сол жылдары менің орнымда болса не істер еді?» деп өзіне-өзі сауал койған шал лайықты жауабын таба алмай, дал бола бастады. «Әй, дегенмен де Жанапия да тегін жаратылмаған пенде шығар, бөтен елде жүргенде өліп қап, көмүсіз қалса қайтер еді? Дәм тартып түр ғой, әйтпесе елге оралуы да екіталай нәрсе». Сексенге таяп селкілдеп тұрса да аттан түслей өстіп жортып жүргенін шал әжептеуір тәубе етті. Қыстың көзі қырауда әйел ал-

ғалы жатқан кіші ұлының жөнсіздеу қылғына ашуы келмей: «Бәрі жан тоқшылықтың аркасы» деді.

Иә, со жолы жартоганды бойлап өскен қалың талға атын бекітті де, қоржының арқалап, Бөлекеннің үйіне қарай бетtedі. Ұзынағаш өзенінен бөлінген кішкене тармақша су құлдырандап баяу ағып жатыр. Дөңге шығып, жан-жағын шолды. Тас төбедегі шаңқиған күн қуарып құлазыған дүниенің одан сайын апшысын қуырып, қүйдіріп-жандырып барады. Оқшаша төбенің басында қалшия катып қалған әйелге көзі түскенде денесі тітіреніп, кәдіктеу қалпынан бір жаманнатты сезе жүргегі тынышсыз соқты. Шешесі мен ағасын көргенше байыз таба алмаған Қосшыбай ылдымжылдым жүрді. Әйелдің тұсынан өтіп бара жатып қараса, екі үртү суалып, арып-ашқан. Аясы қып-қызыл көздерінің уытынан қорықкан Қосшыбай:

— Амансыз ба? — деді.

Әйел сelt етпеді. Қосшыбай аң-таң. Қылтаң еністе аузы күн шығысқа қараған жертөлені көріп, жалма-жан соған жетіп барды. Есіктің көзінен ішке еңкейе кіре беріп, мандайы тасқа тигендей қалт тоқтады. Бойы мұздап шымырлай жөнелді. Төргі бұрыштағы ересек бала қабырғаға жабыса түсіп, жарық дүниеге сыртын бере жан тәсілім етіпті. Әлденеден секем ала артына жалт бұрылып еді, көзі шарасынан шыға атыздай болып кетіп, шынғырып жіберуге шақ қалды. Бұдан көз айырмай қадалған қалпы қалт-құлт басқан әйел жақындап төніп келеді. Жертамның аузындағы ала-қоленкеде кейпі мамырлап жылжыған аруақтай. Желкесіне қарай жылжыған жауалығынан қобырап шығып кеткен шашы жүдеу өңіне одан сайын сұық рең беріп, сұстандырып жіберіпті. Үрейі үшқан Қосшыбай артына қарай шегіншектеп:

— Шешей, — деді денесіндегі тоқазыған дірілді ба-са алмаған күйі. Тарамыс денесін сүйрете қыбырлаған әйелдің қып-қызыл көзінде шалықты сәуле ойнайды. Алқа-салқасы шыққан бітімінде ой-анғардан түк жок.

— Шешей, не істейін?

— Өлікті не істеуші еді?!

Қосшыбай кідірместен іші-сыртты тінтіп жүріп күрек тапты да, тысқарырактан барып көр қазуға кірісті. Жаз бойы жауын тимеген жер — кесек-кесегімен опырылмайтын тас шемен. Зор күшке түсіп қазып бі-

тірді де, жертөленің аузында қымылсыз түрған әйелдің қасына барды. Әйелдің ұсқынынан бастапқыда құтықашып, үрейлене берсе, қазір бәріне үйреніп, көндіккен көнбістікпен қарайды.

— Эке мен бауырлардан айрылған сен бір мұндық, бала мен байдан айрылған мен бір мұндық. — Мұн-наласын шағатын адамы енді табылғандай әйел көз жасына ерік берді. Бір уақытта сап тыйылып, ақырын тіл қатты. — Эй, қарағым-ай, жылағанмен ештеңе орнына келмейді еken. Пенде болған соң ойлайсың, үш жарығымның ең болмағанда біреуі тірі қалса деп. Құдды қоскіндік болған қозыдай тыптырылап шетінен өлді де қалды.

Бұдан кейін үндеңій томырылып бедірейген калпы балаларына беттеді. Бұл да соңынан үн-тұңсіз ілесті. Өліктерді екеулем жүріп сыртқа шығарған соң қазылған шұңқырға бір-бірлем жайғастырды. Балалардың ғасырларынан шынғырып жіберді. Осы бір азапты сәттен тез арада құтылғысы келген бұл тез қимылдады. Төмпешікті үйіп бол күректі жерге тастағанда екі қарының үйи салдырап қалғанын сезді. Әйел де тыншып, бастапқы безерген кейпіне көшіпти.

Косшыбай одан ары көп кідірмеді. Бөлегеннің үйіне барған соң алдағы тіршіліктің қамын ақылдасып алушы үйғарып келеді. «Тұнеугұні тұлданып кеткен жеңгесі сабасына түсіп, қайтып келген шығар?» деп те үміттенді. Артына еріксіз бұрылып қараса, отырған орнынан әйел әлі тапжылмапты. «Бір жылы сөз айттып, жуатпағаным болмады-ау» деді.

Бөлегеннің үйіне кіріп келгенде бұған басын көтепіріп қарамаған шешесі бір уыс болып босағада бүрісіп отыр еken. Мұрнына мұнки бастаған өткір иіспен коса дуал тамның көктенген ылғалды лебі де келеді. Домбыраны тартып-тартып шаршаған Бөлеген үйктап та кетіпти. Косшыбай бір сүмдық болғанын бірден сезінді. Жан-дуниесінің терең түкпірінде бұғып жатқан күйзелістің өре түрекелмегенінен қуыстанса да: «Адам жаман ойға жүйрік болатынынан, бәлкім, сөйттін де шығар?» деп, өзін бір жағы актап та қойды.

— Бұларыңыз не, апа?!

Жалт етіп бір қараған сәттегі анасының рені сұпсыз еken. Көзі түп-түяны жок, тұңғиық жұмбак. Бөлегенге жалма-жан тұра үмтыйлды. Көзі мағынасыз

алайып кетіпті, жүзі көкпенбек. Булығып, үні шықпай қалған Қосшыбайдың көкірегі кенет сұрапыл қызына жөнелді.

— Апа! — деп, жанұшыра айғайлап жіберді. Дуал тамның қабыргасынан үгітіліп түсек сарғыш топырақ күрим киіздің үстіне төпелеме үйіліп қалыпты. Адам барлық жағдайдың үстінде төңірегіндегі нәрселерді көзі шала беретініне іштей қатты таңырқағанмен дүниедегі сорлылықтың бәрі бір өзін ғана төңіректеп, шықпай қойғандай сезінгенде Қосшыбай еркінен тыс әрекеттерге бара бастады. Домбыраны лактырып жіберіп ағасының қеудесіне басын қойып, тың-тыңдал қөрді. Құдды жүректің соғысына елтігендей бірер уакыт қыбыр етпеді. Тар қапастың ішінде тұншығып өлгенше құдайдың кең жерінде аяқ-қолынды еркін соза жан тапсырған әлдеқайда жақсы екендігі санасында қыланытты. Сол сәтте анасы жаққа жалт бұрылды. Бетінің шалбарланған бос еттері салбырай түсіп, шұңғайғен көздері көңілсіздікке толы. Анасының дәл қазіргі кейіпін кенет қауқар-куаты таусылып, ұша алмай шоңқып шөгіп қалған кәрі құстың бейшара кейпіне ұқсатты. Неге болса соған көндіккен сүмдүк құлықсыздыктан шошынып кеткен Қосшыбай ақылынан алжасқан кісішіне шешесіне қарай жамбастап жылжиды. Жақындал келгендегі андағаны анасының жанары қып-қызыл екен. Кимешегінің жағынан қобырап шыққан шашы аппақ. Өне бойғы үнсіздік тұнғының түнекке шым-шым батыратындағы санасы қарандылаңып, көз алдындағының бәрі шымырлап есіле жөнелді. Байқаса, шешесі өзіне қадала қарап қалыпты. Қызылы кетпейтін шырайлы ажары қазір күп бол ісініп, былшықтанған көзінің аласы лайланып тұманытады. Бастапқы қадала қараған кездегі жанарынан жөргегінен бергі етене жақындықты танығандай болғанда жүрегі өрекпіп соғып, шекесі шынылдай жөнелді. Одан ары бөгелуден жүрексінген Қосшыбай сыртқа ақырын шыға берді.

— Мені де бірге көмгін,— деді шешесі осы кезде. Бұл осында келгелі тіл қатқаны бұл. Буыны бекі қоймаған сәбидей қолын ербендетіп, сыртты оралымсыз нұсқаған кезде иегі кемсендегенмен көзінен жас шықпады.

Бөлегеннің жиған құрал-саймандарының ішінен күректі алып, жер тамның тұсындағы төбешіктен көр ка-

зуға кірісті. Шегінен шыға ашуланған кезде қариялар: «Құмусіз қалғыр» деп қарғыс айтады деуші еді. «Жарықтықтар-ай, өйтіп назаланғандарының түбі жаман болатынын білмеген ғой, білсе, олай деп айтпай қалсын». Жарқ-жүрк еткен күректің жүзі жерге қарш-құрш тиіп, шыңылдаш миын шағады. Безгегі ұстаған балаша Қосшыбай да дамыл-дамыл селк-селк етеді. «Бауырым-ау, ак жуып, арулап көме алмағанымды кеш! Топырағың торқа болсын!» — деді. «Мына жалған дүниені тәрк ете баз кешіп кетудің бір жолы өлім болса — ол алыс емес, ұзамай бәріміз қайта та-бысамыз» деген ой көкейіне берік орнығып алды.

Жер біраз қазылған соң айналасын қырнап, тегістеп бол Бөлегеннің денесін алып шығуға ішке кірді. Өліктің жанына барып бұқтусіп отырған анасы: «Сен әлі жүр ме едің» дегендей басын көтере сап Қосшыбайға ажырая қарады. Тұрғысы келіп ұмтылып та қалды. Әуелі денені алып, қазылған көрдің жиегіне апарып койды. Содан кейін шешесін ертіп шықты. Өлікті бесікке бөлдейтін нәрестедей қол-аяғын жазып жатқызыды. Шошайып отырған шешесіне қараған са-йын тыңдан киліккен жаңағы бір ой қара жанына әжептеуір демеу болатынын сезді. Бір кезде әлі бітіп, талмаусыраған шешесі қолын ербендетіп аласұра ар-палысып кетті. Қосшыбай қасына батылсызыдау барып, алғашқы топыракты ұсынды.

— Мені де тастап жібер!

Үздік-создық шыққан даусы бір түрлі қарлығынды. «Ойпырмай, екеуміздің оймызы бір жерден шыққаны ма сонда» деді тағы іштей. Сөйтсе де ұсынған топыракты алған ана қолдарын әлсіз шошаңдатып, жылжымаққа ұмтылды. Қолтығынан сүйемелдеп жақындана түскенде уысындағы топырақ Бөлегеннің денесіне су-сып төгілді. Шешесін орнына қайтып апарып, өзі де бір уыс топырақ тастап, баппен қимылдай бастады. Ағасының жүзі көрінбеуге айналғанда: «Апыр-ау, мен не істедім?» деді. Төрт адамды бір-екі сағаттың ішінде көміп үлгергенін ойлағанмен қимылдана танбады. Төбесі кәдімгідей шошайып шыққанда күргін сылқ еткізіп тастай салды. Демін ауыр алған сайын қол-қасын от қауып, кеуде тұсы удай ашып барады. Басы ауған жаққа тентіреп кеткісі келетін ниеті жеңсік бермейтіндей көрінді. «Сонда бұл дүниеде кімдер қалмақ?!» деді кенет өзіне-өзі. Әлі қанша адамның шы-

рафы өшіп, көзі жұмылатынын ойлауға да дәті жетпеді. «Жұт — жеті ағайынды» дегенниң өзі осы екен-ау» деді. Қосшыбай мазасыздана шешесіне жалт бұрылды. Өзінің өлім сағатын көмбістікпен күтіп алуға тас бекінген анасы басымен жер тіреуге шақ қалыпты. Мұның өлуге де хақысы жоқ екен-ау, ойлап қараса. «Жан тоқшылықта айтылған сөздердің бәрі өтірік» деді бір кезде. «Күйік деген адамды өлтіреді демеуші ме еді. Шешем болса шоқып отыр. Мен — көр қазушы болып кеттім. Өлген ешқайсымыз да жоқ». Дәл осы сэтте әлдене деп үн қатпаса тынысы бітіп, қыстығып кеткен Қосшыбай:

— Апа! — деп, айғайлап жіберді.

Тіпті даусы өзіне жат естілді. Бағанадан іштей арпалыса булығып, аласұргандықтың бәрі сыртқа шыққан кезде анасының алдына өкіре сұлап түсті. Қанша уақыт жатқанын да білмеді. Орынан түрмакқа онтайланғанда шешесінің тарамыстанған арық саусақтары бет-жүзін сипап өткенін сезді. Басын жұлып алса — жүдеп-жадаған қорқынышты кейіп өзіне төніп келеді екен. Осының алдында ғана жат сезім иектеп, жанын жегідей жеген күдік бәрі лезде ұмыт болды. Шама-шарқы қаужыраған шешесін ес тұтып, серпіліп, сергін деді. Тағы бір пәлеге ұшырамай түрғанда Қырғызға жылжып кетуді ойлап, сүйретіле көтерілді.

Анасының қолтығынан демеп, біраз жерге дейін жеткеп көрді. Соның өзіне тұла бойы дірілдеп, қалталақтап ентігіп кетті. Бұл сұрымен жер өндімейтінін білді. Коржының бір иығына асынып, арқаламаққа үйғарды. Шамасына қарамай шешесі бүлкүнып, қарсылық жасап бақты. «Әй, шіркіннің қеудесі-ай, тұра баяғыдай» деп ашуланып кеткен Қосшыбай қышап тұрып арқалағанда-ақ зілмауыр салмақ белі мен тізесіне тұскенін бірден сезінді. Былқ-сылқ еткен анасының денесін ұстау оның үстіне ыңғайсыз екен. Қарақұсы үйіғандай көзі қарауытып, шымырлай жөнелді. Белі сынып ауырып, тізелері қалтырағанына қарамай ақырын-ақырын жүрді. «Сүйегі ауыр екен-ау, жарықтықтың. Әкеміздің өлпешін көп көріп еді, содан да шығар? Әйтпесе бұл кісінің нәр татпағанына бірталай күн боп қалды-ау. Аузына кішкене талқан салып қою керек еді, бір дем алғанда көрерміз. Әуелі атқа жетіп алалықшы, содан бір бүйіртқаны болар» деп

ойлап, қаракөтермегі жартоғанға қарай ғеттеді. Бір кішкене аралыққа жүргеннің өзінде мандайынан бұршақтанған тер алқымына құйыла бастады. «Кішкене жер жүре түсейін» дегенмен де шамасы жетпеді. Шешесін жерге қоя салып, ентіккен күйі қисайып жата кетті. Бір ыңғайда кішкене жатса-ақ шілденің тапжылмайтын күні тиген тұсын күйдіріп, ойып түсетіндей тым абы. Басы зеңіп, көзі талып кеткен Қосшыбайға дүние қап-қара сағым бол есіліп, жер шыркөбелек айналып бара жатқандай көрінді. Мандайымен жер сузуғе шақ қалып отырған шешесінің болымсыз тербеліп қоятынын андады. Қоржынның аузын шешіп, бір уыс талқанды ап дауыстап ұсынғанына бірақ селт етпеді. «Алсаңызшы, апа, кішкене қуат болады» дегеніне де көнбеді. Уысындағы талқанды не істерін білмегендай біраз іркіліп барып, бір кезде аузына ытып жіберді. Күтір-күтір шайнац, сөлін тілімен үйіргенде тандайына татып, бүкіл жан-дүниесі тіршіліктің сиқырлы нәрін тойымсыздықпен қажетсіне түсті. Қекірек сарая ашылып, көзі шырадай жанды. «Шешемді осы жерде қалдыра тұрып, атты алып келсем қайтеді?» деді кенет. Тұтындан басына келген осы ойға қуанып кеткені соңша, атып тұрды да қоржынды иғына асына салып, жартоғанды тікеден-тіке бетке алды.

Атақоныңқа барып, бір-екі күн қалған-құтқанды талғажау қып тыныққан соң, ары — Қырғызға аспақ. Күйіп кеткен бүкіл өнірден мына жырағана аман қалғандай қекпенбек. Жайыла тарбиып өскен талдың сарғыш жапырақтары тынымсыз елпелек қағады. «Ат әбден тойынған шығар?» деді ішінен. Ұйысқан қалың шөпке тағы бір сүйсіне қарады. Ат жуық арадан көрінер емес. «Төмендеп кетсе керек» деп өзекті бойлай іздеді. Ұшты-күйлі жок. Қелденең қара көтермеге шығып, із шалды. Бір кезде тұс-тұста шашылып жатқан ер-тұрманға ұшырасты. Терең жыраның түйығында бауыздалған аттың қаны жерге көпіршіп сіңіп, көбігі ғана қалыпты. «Осыншалық қырсық шалатындағы тәнірге не жазып едім?!» деді тістеніп.

Сұрлана тутігіп кеткен ұлының пішінің көзінің астымен бір қарап, кемпір жайына көшті. Анасының ажарынан бақуатты тұрмыстың бұрынғы белгілерін іздестіріп әлек болатынына өзі де қайран. Көзінің қызыл еті өсіп, қыр мұрны қонқая зорайып кетіпті. Қөйлегінің тігістері ыдырап, болбыраған бос еті әр жерден

жылт-жылт етіп көрінеді. Ұлының әлем-тапырық жүзінен секем ала бағжаң етіп бір қарады да, лезде үйреншікті кейпіне енді. Тіршіліктің ыстық-сұзығына бірдей көндіккен шешесінің осы сәтте тағы бір жаманатты пайымдағандай жүзіне ой іріккенін анық байқады.

— Балам, адамзат баласына кесір жақпайды деуші еді. Жасымда айпау-шайпау сөйлеп, дуалы ауыздардың қарғысына ұшырасам керек. Бөлегеннің қолына бармағанда ол өлмейтін бе еді, кім білсін. Енді сен кет, қарайлама. Қомусіз қалсам да тастағын. Жан сауғалап, қайткенде тірі қал!

Қолтығынан ақырын демеп, көтеріп тұрғызған ұлы на әлжуаз қарт әйел таңырқай қарағанда өніндегі қансөл жоқ тым бозарыңқылығынан Қосшыбай тосылып қалды. «Жол-жөнекей өліп қалады-ау» деп ойлады. Коржыннан тағы да кішкене талқан алып ұсынып еді, дәмнен құдды шошынған кісіше үрпіп қарады да қойды. «Мұнысы несі?!» деді. Бағанағы жұмырына жүқ болмаса да ашқарақтанбады. Шешесінің салмағынан жүргегі қатты шайлығып қалыпты. Жүрелеп отырып, арқасын тосқанның өзінде ішінен қасарысып ұмынбай қойса екен деп тіледі. Бірақ әлсіз қолдар мойнына оратыла кеткенде не істерін білмей бірер сәт шоқып отырды да қойды. Жаратушы құдайға ма, жоқ, мынау жалған дүниеге ме, әлде арқасына мініп ап журуін үн-түнсіз күтіп отырған шешесіне ме, сүмдүк ашуы келіп кетті. Әлденеше ұмтылып барып орнынан тұрып, шайқалақтап-шайқалақтап барып түзелді. «Бұл жарықтықтың сүйегі сонша неге ауыр болды екен?» деді тағы. Бір киян түкпірге жету үшін сабыр-шыдамды тауыспай, түбін, ақырын күтуғана ку жанға демеу болатындай көрінеді. Бар діттеген ойы — әке жүртyna жету. Іш дүниесі бос, қуыс қалғандай төтенше қызынып, шекесі шыңылдал, көз алды қарауытып кетеді. «Осының бәрі аштықтың салдары шығар? Мұндайда тамақты тоя жеуден де қорқасың. Ертеңгі күнінді не күтіп тұрғаны тағы белгісіз».

Қосшыбай ой жетегіне еріп, бірқатар жер жүргенін сезбепті. Сәл демін алды. Жолдың енді ылғи өрге тарта беретіні есіне түссе бітті, көнілі кобалжи бастайды. Қақпатастың екі ортасындағы жалғыз аяқ жолмен тік өрлегендеге күркірей аққан Ұзынағаш сұзының сарыны қалмай ілесті де отырды. Арғы беткейдегі жартастардың қара айнадай жалтыраған беттері шаңқиған

күннің сәулесіне шағылысқан сәтте жан-жаққа өткір сәулелер шашырайды. Биік сүйір шоқыны қөлеңке алқымдай бастапты. Тау өнірінің қойнау-қойнауы біртін-біртін шымырлап күнгірт тартса, бүкіл жаратылыс салғырттыққа көшеді. Сәл журсе бітті, дымы құрып дем алатын Қосшыбай ай туғанша Орыс бұлағына ілігуді көзdedі. Ары қарай Күшікбай сайна тұмсық тіреу онша қашық емес. Тек қалжырауға бой алдыртпаса болғаны. Енді шешесі мазасын ала бастады. Ауыр кісі аркасында сәл тыптырласа бұл өз бойына ие бола алмай қалып, тәлтіректеп кетеді. Даусы жұмсақ шыққанымен сөзі уытты. Ұлының мұнысы құр бекершілік екенін ұқтырығысы келе ме, жанға жайсыз тиетін қайдағы бір сөздерді теріп айтады. Бір мезгіл тыншығандай көрінгенмен сөзге қайтадан кіріскенде Қосшыбай өзін әрен-әрен үстайды.

— Соры қалың балам-ау, қу шешенді қайда апара жатырсын? Ақ сутімді актауга тыраштану ма, сенікі. Әдірем қалсын. «Жаман еркек тірі болса алтын қасықпен су іshedі» деуші еді шал. Менің орныма сол әкендей көтерсөң жараспаушы ма еді. — Шешесі Қосшыбайдың аркасында тағы тыптырлап, босанғысы келіп жүлкүнып бақты. Шамасы келмей шарасы бітіп, қайта қымыл-әрекетсіз қалды.

— Эйтеуір тірі қалуынды ойлаши.

Жоталар барған сайын ыздыып, «мына жазған пендelerдің мұнысы несі» дегендей анталап қаумалауға айналды. Өркеш-өркеш өр Қосшыбайды әбден титықтатып-ақ таstadtы. Сөйтседе «көш жер дем алмай бар-масам ба, қарап тұр» деді тістеніп. Бет жүзін тер жауып, тынысы ауырлап жетпей бара жатса да қисая кетуді көксемеді. «Тек апам сөйлемей қоя тұрса екен» деп тіледі.

— Көрсеткен үшпағың сол болса, таста мені, кинама жанымды, — деді дірілінен айнымайтын бір әлсіз дауыс.

Қосшыбай амалсыз тізе бұкті.

Конырқай тірліктің іргесі сетінегелі көп уақыт болған сияқты. Бүкіл бір үрім-бұтақтан қарайып жалғыз қалам деп тіпті ойламаған екен. Қөленке қоюлана түскен сайын айнала жаратылыстың айбыны аса туспіп, шоқылар мен жалдар аяқ астынан еңселеніп кетті. Қыбырлаған тірлік иелерінің қаракеттеріне барлығы да шекесімен қарайтындаиді. Жалғаннан жан жүрегімен жерінген шешесі басын төмен түқыртып алып-

ты. Құр сүлдесіне әрең ие болып, қымыл-әрекетсіз бұг-  
жиіп қана отыр.

— Апа!

Ұясына кіріп бара жатқан күн сәулесі бұлар отыр-  
ған еңістің шоқысына емін-еркін төгіліп өтті. Сай-  
сайдың бұлың-бұлыңына көлеңке толық бекініп алды.

Көзінің айналасы көлкілдеген ісік шешесі осынау  
өңірді тумысында көріп тұрганы осы тәрізді жатыр-  
қап, бір түрлі кәдік қарайды. Сонау даладан тауға  
арқалап көтеріп келген тіпті бұған да қайуана қазак-  
тай көз қызыны екішты тастайды. Айғыз-айғыз әжім-  
дері өрмекшінің торындай тарам-тарам. Шөжіп-шөгіп  
бір уыс болып кішірейіп кеткен шешесіне журегі езі-  
ліп, елжірейтіндей босаң күйге тап болды. Қенет ана-  
сын мола күзеткен байғызға ұқсатып, өз ойынан өзі  
қатты қуыстанды. «Шама-шарқы біткен адам әлде  
санасынан шатаса ма» деді Қосшыбай. «Әйтпесе, туған  
шешені дәл өстіп ойлайтын не жөні бар?» Осы ойдың  
жетегіне ілесем деп ештеңе байқамай қалыпты. Қа-  
раса шешесі тоңқалаң асып құлап жатыр. Бірден тұра  
ұмтылуға да құлқы шаппай іркіле беріп, орнынан ақы-  
ры ауыр көтерілді. Бүкіл денесі салдырай үйип, құры-  
сып қалыпты. Қол-аяғын жазып, шешесінің қасына  
кібіртіктең келді. Тұрғызып, буынын қатайтты. Осы-  
ның бәрінде ләм деп тіл қатпағанынан секем алған  
Қосшыбай шешесінің жүзіне шүйіле төнді. Інір қаран-  
ғысында ана пішініндегі құбылыстарды аңғаруға ты-  
рысқанымен еш нәрсенің байыбына бара алмады.

— Мола күзеткен құғынға неге соңша үйіріле бе-  
ресің, балам? — Даусы сергек шықты. «Жаңағы бір  
ойымды дауыстап айтқаннан саумын ба?» деді ішінен  
таңырқаған күйі. Сөз айтуға батылы бармай арқасын  
жүрексінө тосқанда ұмсынбаған күйі сүлесок тұра  
берді.

— Апа, жүрелік, — үні бір түрлі толқып шықты.  
Ауыр-ауыр сөздерді еститіндей құты қашты. Әйтсе де  
шешесінің басы арқасына еппен тигенін сезгенде әупі-  
рімдеп тұрды да, біраз аралыққа әлтік-тәлтік басып  
барып түзелді.

Кешкі салқынды төске алғандықтан ба, үздіксіз жу-  
руге көшті. Дәржі сайының етегіне тақағанда Орыс  
бұлағын қуалаған жалғыз аяқ жолмен қайта табысты.  
Ара-арасында тізесін бүгіп, демін алғанмен ата жүрт-  
ты нысана тұтты да, соған барып бір-ақ жығылуды

көздеді. Қанша уақыт өткенін де білмеді. Белі сынып ауырып, екі қары бірдей талып, сілелеп бітті. Бір кезде шымырлаған тас қаранды түннің етегі түрліп, қарандыраң көзге айқын шалына бастады. «Өлмеу парыз. Бір үрім-бұтақтан тұқым-тұяқ қалмау деген не сүмдік» деді.

Тік тепсеннің етегіне аяқ басқанда жаңын жегідей жеген ойлардан пышақ кесті тыйылып, сергек адымдады. Алдындағы көлдененниң арғы саласы — мұның ата жұрты. Туған өнірі көңілінде сайрап тұр. Өрге тырмысып шырып, тұра тасқораны бетке алды.

Шешесін жайғастырып болған соң беткейден курай теріп келді. Екі тастан ілдәлап ошақ жасады. Беліне байланған шәугіммен су әкелді, от жақты. Бір уыс бидай талқанын шылап, бір үзім нанды майдалап турал қойды. Бағанадан бергі бейғамдығынан шошынып кетіп, анасы жаққа жалт бұрылды. Басын тік көтеріп отыр екен. Ай тас төбеге таяп, дүниедегі екеуара қыбырлаған тіршілік иесіне мейірім-шуағын мол төге елжірей толысып, қызқұлактанып үлгеріпті. Қосшыбай шешесінің тұсына еппен сақ басып барды. Ағыл-тегіл жылап отырғанын көріп тосылып қалды.

— Апа, неге жылайсыз?! — Шешесі ләм демеді. Ал Қосшыбай бір өзгеріс барын аңғарды. «Құдай-ау, тағы бір жамандығынды көрсете көрмеші!» деп жалбарына бастады.

— Апа! — Даусы оқыс ышқынып шыққандықтан ба, күнгей беткейдегі жартас қаңғыр-куңгір жаңғырызып өтті. Жақсы сәтінің шырқын алғанын жаратпағандай ана ұлына ұзак тесілді. Ай сәулесі мен оттың жарығына шағылышқан жүзі алаулап көрінеді. Қарқарадай күндік орап, аппақ кимешек киетін, әр адымын санап басатын баяғы бір анасын танығандай Қосшыбай абырап қалды.

— Жай әшейін, әкенді ойлап отырмын, — деді бір кезде. Үні анық, сергек шықты. — Жан бар жерде қаза бар деуші еді, дүниенің алдын болжап, кесіп-пішіп жүріп, бізді жұртқа тастап кеткеніне налимын.

Емеурінің ғана білдіріп, астарлап сөйлейтін дәүіріндегі қалпына тез көшкеніне қайран қалған Қосшыбайдың анасына деген сезігі күшейе түсті. Аштықтан да, өлімнен де құдіретті бірдене бардай, бірақ ол не, біле алмай әлек.

— Балам, несібе-ырзығың таусылмасын, — деген сөз-

ге селт етіп, жалт бұрылса, шешесі шалқалап құлап бара жатыр еken. Жан ұшыра тұра ұмтылған Косшыбай:

— Апа! — деп айғайлап жіберді. Қарауыта бедірейген жартас мұның ышқынып шыққан даусын сол күй қайталап, әр тұстаң қаңғыр-күңгір еткен тосаң дыбыс әудем уақыт өшпеді.

Нақ осы сәтте шалдың шекесі шыңылдалап, көз алды буалдырлана қарауытып кетті. Шайқатыла тербетіліп барып ерге түзеліп отырды. Сенсең ішіктің зілдей салмағы өне бойы екі нығына түскендіктен бе, қарына дейін талып, тұла бойы бөлек-салак салдырап қалыпты. Шешесін сол тауға арқалап апарған жолы бар-жоғы он сегізде еken ойласа. «Әй, дегенмен шаршадым-ау», — деді кенет. Қайткен күнде аман қал деп аманаттап кеткен шешесі мұның бұл күнде жетпістен асып, сексенге таяғанын қайдан білсін. Бұл ой жетегіне ілес-келі бері бір тебінбепті. Құнан бір сыйырғы төпеп келеді еken. Шаңытқан тұман сейіліп, дуниенің барлығы көз мөріне анық басыла бастапты. Суық ауада ұшы қыры жоқ қырат адыр бүрсендеп тербетіліп тұрғандай. Бұл ылғи төтені көздеп, діттеген жеріне қия тартып отырғандықтан көлденең көк аттыға ұшыраспады. Бірді-екілі қойшы-қолаң кезіккенімен бұрылмай журе берді. «Біреуі өстіп мал бақса селкілдеп отырған мен жоқ, бір шетіне жарамас па ем» деді. Ортанышы ұлы Жарасбай сонда тасқораның жанында мұның егіліп жылап отырғанының үстінен түскенін кенет есіне алды. Қып-қызыл боп жасаураған көзін көрсеткісі келмей жасырып, абыржыған күйі:

— Ана тасқораның шетіндегі кішкене төмпешікке қарашы, — деген.

— Тік тұрған қалақ тастың жанын айтасыз ба?

— Иә, сол жерде әжең жатыр.

Жарасбай үлкен кісідей томсарып, бірсесе әкесіне, бірсесе тасқораға жаутаң-жаутаң қараған. Әлденеден қаймыққандай бір кезде бұйығы тіл қатты.

— Өлген адамдар қайтып тірілетін болсашы!

Косшыбай қызарған көзін ұлына тіктеп, қабағын күйзеле шытты.

— Балам, өлгендердің қайтадан тірілуі қайбір жақсылық дейсін. Екіншілей бұлай беталбаты сөйлей көрме.

Еністегі жылғаға құлдилап түсіп, арғы бетке өрме-

леп шықты. Ұлы жаңағы орнынан жылжи қоймапты. «Осы баламның бойынан Бөлегеннің қылышы ұшырасады» деді ішінен. Мына бір терең аңғарда өзінің құлышындағы даусы талай мәрте шырқырап шыққан екен-ау, ойласа.

— Балам, жігіт болған кезде мына жерге келіп түруды ұмытпа!

— Жарайды, көке, — деп еді сонда Жарасбай.

Одан бері де отыз жыл дегенің зу етіп өте шығыпты. Балама бір жайды мұқият аманаттап едім деп бұл ойламапты. Дәуде болса Жарасбай да оны ұмытып кеткенге үқсайды. «Қайта ана дәлдүрдігім тәуір» деді шал. Жөні келсін, келмесін: «Үлкен атамның жұртына барып келгенде болатын еді» деп тұрады. Сонысына да ракмет. Осы күнге дейін жұрттан бөлініп, саяқсып жалғыз қалатын кездері неге көп болды екен мұның? Бұрын үш баласын бір бөгде зұлмат қыршынынан қиятындағы қатты сескенетін. Қазір де жүргегі кеудесін ұрғылап, жиі-жій соқты. Үйірге қосылмай, тек соны қара тұтып, манайлап жайылып жүретін жылқы болушы еді. Шал қазір өзін нақ солай сезінді. Дегенмен де мұның балаларының не білгені бар? Жоқ, бұл алжының деді ме? Бір тараншы шалдан балаларының қайсысын онды көресің деп сұрағанда: «Қайсысы өз бетінше күнін көріп кетсе, сол жақсы» деп еді. «Өз бетінше кім күнін көрмей жатыр? Ит екеш ит те... Ал мұның үлкен баласы біреуге жақаттығым тие ме деп ойлай ма екен осы? Ана ортанышсының шыр-пыр болып жүргеніне қарағанда көкірегінде санлау болғаны рой!».

Шал жолға атпен қаша шығып жүрсе де өткен-кеткенді бұрын-сонды бұлай таусылып ойламайтын. Бұл жолы әйтеуір түсініксіз күй кешіп келеді. Бұл кезде көз ұшындағы таудың сонау теріскей қолтығынан белгісіз тараптың тұңғиғына гүмп беріп сунғіп кетуге ыңғай танытқандай күн жер бауырлап барады. Ертеден қара кешке дейін атқа отырып, арғыбергі дүниені көп ойлағандықтан ба, шалдың іші қуыс қалғандай азынап тоқази береді. Бір мезет алданыш тұтқан күн өлімсірей қызарып барып, бұлт бере бой жасыра қалған сәтте іңір шымыр-шымыр қонақтай бастады. Қаптал-қапталдың қары кіршігі жоқ аппак тартып, үйіріліп-төңкеріле жалт-жұлт етіп көзді арбайды. Қөніл деген шіркіннің жәнсіз нәрсеге алданаты-

нына шал қайран. Нәк осы жолдың үстінде біреу жақсылық айтатындағы аяқ астынан жүрегі лупіл қаға соғып кетті. «Бәрінен бұрын Самсыға жетіп алайышы» деді.

Самсыдағы ескі жегжатының үйіне ел орынға отырған кезде келді.

— Ойпырмай, әйтеуір, жеттініз бе, енді болмаса қоркайын деп ем. Бәсе, мұндай уақытта жылқыны айдал келу түрмак, салт кісінің жол журуінің өзі қын, — деп, ескі жегжатының баласы шалдың астында түсіп, бәйек болды.

— Бәрін бұлдірген айрыр...

— Ол сіздің көзін құртатыныңызды білген ғон. — Жегжатының баласы қуакылана күліп, істің жөн-жосығын білетін шаруақор сыңайда шалға бірауық тесіле қарады.

— Ата, осынша жолға атпен жүріп, қалай ішіңіз пыспайды. Сонда не ойлап отырасыз?

Ішіп отырған шайын кілт доғарып, мына сұрақтың не қитүркісі бар дегендегі бір нүктеге сазара қадалды. Онтайлы жауап таба алмай жүзіне қиналыс іркіп, бір-екі дүркін ырғатыла тербетіліп алды.

— Откен-кеткенді ойлағаннан басқа не бар, — деді солғын ғана. Жаңағы сұрақ түйткіл боп көкейінен әйтседе кетпей қойды. «Шынында да өмір бойы ат үстінде келемін. Бұрын не ойлап едім, бүгін не ойладым? Мынау зады жаман адам болмайды-ау. Менің ана балаларымның аузына осындаі сөз неге түспейді екен? АナンЫ өйтсек, мынаны бүйтсек деп олар шаруаны сөзбен тындырып тастауға шебер. Алғашында бұл соған әжептеуір алданған жоқ па.

Қол-аяғы үйіп, сыздап, денесі ауыр тартқанын елемей шал өртелеңтіп тұрды. «Оразаныңды ашып кеттініз» деп жегжатының баласы жата-жабысқанына да қарамай: «Тәнір жарылқасының» айтып, атқа қонды. «Әлгілерге бір-екі күнге ғана деп ем, эй, безілдеп-ақ жатқан шығар?» деді. Жылқыларды айдал келіп, тұкымын түздай құртамын деп тепсініп кеткеніне қарай соқа басының сымпиып қайтқанынан ыңғайсызданып-ақ келеді. Төменгі жақ пен тау арасының суығы бірдей секілді. Кешегі көз талдыратын мұқал жоталардан гөрі кең-молынан сөгілген сайлардың анғар-анғары әжептеуір қалқа, ықтасын екен. Жоқ, әлде бір-екі бел-

дің ар жағында ауыл тұрғандықтан ба, көңілі біржола тынышыды.

Сәске шамасында шал үйіне жетті. Ішігінің етегі жер сзып, денесін зорға сүйретіп ішке енгенде дабыр-дұбыр әңгімелесіп, шай ішіп отырган балалары мен келіндері атып-атып тұрысты. Шал тапжылмаған кемпіріне назарын сұық тастап, қабағын қинала шытынды. Шешінбекке ыңғайлана бергенде оқ тиғен шынтағы тоқ ұрғандай дыз ете қалды. «Ойбай-ай» деп екі қолын түсіріп жіберді. Тұра ұмтылған балаларының біріне: «Қоя бер!» деп даусын сыздатып шығарды. Қөп жайды онша ерен санай бермейтін Әнуар:

— Қеке, әкел жеңізді мен тартайын,— деді. — Ортаныш ұлының сиқы қитығыңқы, ал үлкені — Дарқан бұл қайда барып, қайдан келді дейтін сыңайда аңқайып қалыпты. «Заман мұнда мынанікі. Жылқының етін жеп отырып, жемей-ақ қояйын деген осыны көрдім» деп ойлады шал. Ұзын-сонар ойдың ұштығына жете алмаған кейіптегі кемпірінің кескіні сазарыңқы. Әбден қаталап шөлдеген кісідей шайын сораптап үрттайды. Бұл төрге асықпай баппен жайғасты да бажай-лап балаларына қарады. Әңгіменің ау-жайын байып-тағанмен «қосып-алар ештеңем жоқ, бәрін өздерің біліндер» дейтінге ұқсайтын қашаңғы қалыс мінезіне бола ма, шал, әйтеуір, үлкен ұлын көп ойламайды екен. Бір-екі жаман күшігі бар. Енесі жаққа қайта-қайта еңкейіп, әлденелерді сыйырлап айтып, анда-санда күліп қойып отырган анау осының әйелі. Ал Жарасбай бір ойдың ізбініне түсіп, содан дерек таппағандай қалшия шақшиып қалыпты. Жел қақпаған дөңгелек кескіні бол-боз. Шашының мандай тұсы аппақ болып кетіпти. Босаға жақта бес биенің сабасындай кен-мол пішілген әйел — келіні. Қабағы әлденеден қабаржулы. «Қайтсін, ойында әр нәрсе бар ғой» деді. Осы кездे кемпірі бұған көз қырығын немқұрайдылау тастап, лезде тайқытып әкетті.

— Жылқың қайда? — Біреу естіп қоймасын дегендей даусын ақырын сақ шығарды. Аяз сорып, ісініп күреңіткен жүзін кемпіріне тіктеген шал езуіне ызбарлы кекесін үйірді.

— Бәрін айдалап әкеліп, қораға камадым, шетінен бытырлатып соя беріндер!

«Ұзақ жолда қалай ішіңіз пыспайды, сонда не ой-лап отырасыз?» деген жегжатының баласы құрлы жоқ

болды-ау, бұлар». Аяқ астынан кеудесін ашу-ыза кептеп, демі жетпей бара жатқан соң алқымындағы түймесін ағытты.

— Эй, жылқы тұрмак қара басым бар ғой, қара басым әрен жетті осы жерге! — деп, шал айғайлап жиберді де дереу сап тыйылды. Қашаңғы әдетіне бағып, үнін соза жайлап шығарды. — Саған жылқы керек, менің өлген-жіткенім бәрібір ғой.

Жөнсіз жерден осылай жапа шегетініне қорынған кемпірі жыламсырай үн қатты.

— Жылқыны айдал келем де, сатып көзін құртам деген өзің. Сонда маған не қыл дейсің. Бір жерде құдай ұрып құлап, қатып қалып жүрсе елге не бетімізді айтамыз деп үш күн бойы үйқтамай аласұрып шықтым.

— Жарайды, қойыныздаршы енді, — деп, ортанышы ұлы сөзге килікті. — Бәсе біздің үйдің ісі осылай ылғи керісінше жүруші еді. Сексендегі шалды тентіретіп, ит өлген жердегі жылқыға жібереміз, қақаған қыста қатын аламыз, енді біріміз маған не істе дейсіндер деп жайбарақат отыра береміз.

Бұл сөздің өзіне еш катысы жоқтай кіші ұлы бейкам отырған сияқты еді. Орнынан қалай лып етіп тұрып кеткенін де байқамапты. Қара торы жүзі тұксие сұрланып, Жарасбайға ежіре耶 қарады.

— Эйел ал, эйел ал деп құлағымның етін жеп, енді былай шыға келетіндерінді кім білген.

— Есі дұрыс адам осындай қыстың көзі қырауда катын ала ма, күн жылы, жер қарада қайда қалдың, соны айтшы?!

— Бүйтіп зарлап-қақсан той жасағандарың құрысын сендердің, — деп, Әнуар жүлқынып шыға келді.

Жарасбай әлдене деп тағы тіл қатса ашуы ерік бермей еліріп кететінінен сезіктеніп, тығылып сазарлы да қалды. Бүйіғы райынан бір айнымайтын Дарқан назарын ешкімге тіктемей төменшіктеп, өзімен-өзі бол отырған. Қағынып-ұшынып кеткен Әнуарға ақырын басын көтеріп, тұксиңкі әлпетпен шытынып қарады. Екі жерде селтие шошайған келіндері ештеңеңің мәнісіне бармағандай бірін-бірі сұраулы жүзбен бақты. Дөңгелек үстелге екі қолын жайып сап, бала-ларына шарасызыңып қараған кемпірдің шырайы алабұрта күренітеді. Бұларды бәтуаға шақыруға оқталғанмен есіл сөзінің зая кететінін алдын ала біліп,

сол үшін тек іштен тынғандай бол отыр. Шал кенже ұлының ұқынына қарап таң-тамаша. Шабына от түскендей секіріп, шошаңдап кетудің түк реті жоқ еді, бірақ анау дәйек таппай тықыршып, ақыры Жарасбайға тутіге төніп келді.

— Менің қашан, кай уақытта әйел алатынымда шатағың болмасын сенің! Алатын катындарынды алып, жасататын тойларынды жасатып алған соң, енді, әрине, бәрібір сендерге.

Көздерін кең ашып, ошарыла таңырқаған Жарасбай бір сүмдүк әділетсіздікпен ұшырасып, жүрегі қан жылаған қиналысты реңге енді.

— Сен бізбен теңсің бе, жиырмадан енді-енді асқанда үйлендік. Онда әке-шешеміздің қуаты қайтпаған кез. Ал сен отыздан асқан жігітсің, кішкене алды-артыңа қарап, жағдайды ойлауың керек емес пе?

Тап бір түк түсінбес көрліктен түніліп кеткендей Әнуар күйзеле басын шайқады. Осы кезде кемпір қалыс сөзді айтуды міндеті санады ма, араға, әйтеуір, күтпеген жерден килікті.

— Бәрін құдайдың бүйрығы біледі. Мұның да бір нәсібі бар шығар. Оған бастарынды қатырмай-ак қоюндар. Аманшылық болса көресіндер ғой, әлі ақша да табылады, жылқы да келеді, той да өтеді.

Бір мезет үнсіздік орнады. Осының алдында ғана қағынып-ұшынбаған сияқты Әнуар басалқалы. Әңгіменің арты насырға шабатынан сескенгендей Дарқан түкпірде сөллип түр. Өзінің сөзі бәрін сабасына түсіргенге жорыған кемпір сәл алға үмсініп, дәнгелек үстелге екі шынтағын сүйеді. Көздерінің алды ісініп, екі беті домбыға бастаған шалдың жел қағып, сұық сорған жүзі қарақошқыл тартылты. Әуелі ештеңеге мән бермегендей өзімен-өзі отырған. Бір кезде басын кегжең еткізе жұлып ап, кемпіріне көздерін алайта қадады.

— Осының, әйтеуір, бүйрығы мен несібесі келіп бітпеді. Келсе келсе-ак екен сол, мына сұықта құлазыған ку далаға тентіремей үйде тыныш отыратын.

Ақшия жалт бұрылған кемпірдің қара торы кескіні күреніте шымырлап өткенімен ұстамды калпын жогалтпай шалды ішке тарта мамыражай тіл қатты.

— Эй, байғұс-ай, білмейсің ғой, жаңың да, малың да, дүниен де маған құралып тұрғанын.

— Құралып тұрса тап, кім қой деді саған! — деп шап ете түсті шал.

Осы шаңырақтан өрбіген өздері де, дүние-мұліктің барлығы шешелеріне құралып тұрғанынан кәдік алып, көңілдеріне төтеннен сезік кіргендей үшеуі үш жерде селтиіп тұрды да қалды. Томсырайған Дарқанның тоңмойындау әлпеті жанағы әңгімеге парық салып пайымдаға келмейді, тек рас-әтірігін айыра алмағандай қиналасы бар. Энуардың түп-тұнық көзінің мөлдіреген шарасы әдемі қара торы кескініне дүниені кецинен толғап ойлайтын саялылықты сыйлайтын-ақ сияқты. Бірақ шеше сезіне делеңдеп лезде елтіген болмысынан үшқалактық сезіледі. «Киқілжің осымен бітті, шешемнің айтқаны дұрыс, бәрін уақытысында көреміз» дейтін шүғыл тоқтамға келгендей сұрланған ұсқыны жазылып, жайбарақат тапса, бір нәрсенің түйінінен ұстай алмай соны оймен безбенде, ақыры түк дерек таппаған Жарасбай түгі бетіне шығып, ашуланып тұнере бастады.

— Бізді құртып, тубімізге жеткен апамның сол бүйрығы мен несібесі. Бәрін құдай береді деп қамсыз жүре бердік. Елдің иеленген нәрсесінің бізде бірі де жоқ. Менің өз басым ел қатарлы бала да сүйгем жоқ, үй де ала алмай кім көрінгеннің есігінен сығалап, тентіреп жүрмін.

Жүзін төмен салып үйип тындағандай кейіпте шешесі отыр. Өзіне таңырқау шалыстана қараған әкесінің көзімен ұшырасып қалғанда Жарасбай шалдың тұрпатынан бейқам немкеттілікті оқып қойғандай одан сайын ширығып, ширышық атты. Ойын аяғына дейін айтуға тырысып, асығып-аптығып кеткенде тұтығып, түкірігіне шашалып қала жаздады.

— Ешқандайда бүйрық, несібе жоқ. Үйде қарап қалқайып қана отырған адам дүние маған ғана құралып тұр деп қайтып шіренеді.

— Мен өлем, өлгеннен кейін көресіндер бәрін, — деді шешесі.

— Көретін-мөретін түгі де жоқ. Ақшаны бізге ешкім де әкеп бермейді. Осындай қыста жылқыны сатуда қиын. Ал қарызданып-қауғаланам десендер сөз басқа. Бірақ сол қарыздың өзін кім бере қояр екен? Сондықтан үйленуді де, тойды да жазға қалдыра тұру керек.

«Алдымызда әлі жаз бар екен-ау» дегендей шал

елен етіп кемпіріне, кемпірі кіші ұлына карады. Бір нүктеге сазара кадалған Әнуар кесімді сөзге ден қойып, жуасып көндіккендей бір мезет томырылып отырды. Ішкі жан арпалысынан бозаңыта құбылған өніне бір кездे қан ойнап шықты. Жұлқынып атып тұрды да, шалбарының қалтасына екі қолын салып жіберіп, шалқая нықталып алды.

— Маған ештene жасамай-ақ қойындар, үйленбеймін, тек жылап-еніремендерші!

Шат-шәлекейі шығып, осынша сөзге барысып жатқан үлдарында тіпті шаруасы жоқтай шал бір қырына қисая жантайды. Қара торы кескіні сәт сайын куреніте шымырлап өтетіп кемпір дөңгелек үстелдің үстін сипалағаннан басқа артық қимылға бармады. Элі бір рет те тіл қатпаған Дарқанның сопақ пішіні де ала-бұртып, екі інісіне көз киғын алма-кезек тастайды. Түк мәнісі жоқ дау-дауамайдан бір кезде жерініп кеткендей терезеден сыртты шолуға кірісті. Шарасыздық-ка тап болған Жарасбай ғана ары-бері жүре бастады.

— Өмір бойы жетім-жесір боп, не ішкенге, не киғенге жарымаған Жаныл да дүркіретіп той жасады. Шиеттей бала-шағалы Құлән байының өлгеніне қарамай келін түсірді. Ол да қатардан қалмай, елдің базын қосты. Намыска тырысты деген сол емес пе. Соларды көріп отырып, қалай ұялмайсың?! Он жылқысы тұрып Қосшыбай да той жасамаған деген атаққа қаласындар, айтпады демендер!

Кемпірінің асып-саспай жайымен айтқан сөздерінің әсері тұра ондыққа тигендей болды. Шал қисайып жатқанынан жөнделіп отырды. Қекейіне төтеннен сезік кіргендей ойлы пішінге көшіп, сақалын саумалады. «Үйленбеймін, жылап-еніремендерші!» деген Әнуар қанша сездірмейін десе де көздері кутың қаға бастады. Манағы ызыбардан жүзінде ізім-файым жоқ, сол бойы сейіліп, ілік-шатыс әңгіме болмағандай жадырап келіп, шешесінің қасына жайғасты. Асаулығынан тұқырып, жуасыған сыңайлы Жарасбай да ары-бері жүрісін кілт доғарып, шешесі мен Әнуардан сыр аулағандай бір мезгіл аңтарыла қарады.

— Енді сонда не істейміз? — деді шал да бәтуаға келгендей даусын жұмсарта шығарып.

— Не істеуші ең, той жасайсың, — деді кемпірі бұл жолы жалтақтамаған сенімді райда.

— Жасайтыныңды жасайсың ғой, мал мен ақшаны қайтесің ал?

— Бірдеңесі болады да, — деді кемпірі тағы түк қиналмаған күйі.

Осы бір жауапты құтпегендей абыржи тосылған шал кемпірге ажырайып, түсін дереу сұтып жіберді. Содан үлдарына алма-кезек көз тастан:

— Ешкімге көрсетпей бұрыннан тығып қойған қазынаң бардай шалқақтайсың ғой, кеп-кеп, атаңың аузын ұрайын! Ал жаса, жасағыш боп бара жатсан! — деді де орнынан сүйретіле тұрып, сыртқа шығып жүре берді.

Шал даладағы ұсақ-түйек шаруаға айналып, көп бөгелді. Малға жаңғыртып шөп салды. Қора-жайды аралап, шошактың төңірегін тазартты. Құлағының түбінен бір өңкей қатқыл дауыстар кетпей шыңылдады да тұрды. Ашу-налады сезімдер көкірегін сымдатып, көңілі босайды. Ырың-жырың әңгімeden жүрегі шайлыққандай, тіпті, беттемей қалыпты. Балаларының пиғыл-ниеттеріне түсінсе бұйырмасын. Бір селт етпейтін құлықсыздық. Тұяғын қимылдатпаса да бәрінің белінен басып, билік айтуга құмар кемпіріне деген өшпенділігі үдей түсті. Мал-жан, дүние-мұліктің барлығы өзіне ғана құралып тұрғанына сенімділікпен кергіген кемпірінен кенет шал әжептеуір кәдік алды. «Құдай, пендем десен соның алдында алып кетші!» — деді жалбарынып. Малдың сықпыта келіспей тұрғаны анау, үйде ырыс-құттан түк жоқ, бәрін көріп тұрып, әйел алуға тәуекелі жеткен кіші ұлын не десе болады? Шырпыры шығып шырылдаған ортаныш ұлының жаңағы бір сөзінде де қарны ашты. «Бұлар менің сексенге келіп қалғанымды білмей ме, соңша қолыма неге қарай береді? Үйім де, балам да жоқ дейді. Мынау үй емей не, келсін де отырсын. Бала керек болса басқа қатын алсын, ал мынасын қимайды екен, пешенесіне не жазды, соны көрсін» деді. Жосықсыз ойлардан сандалып сансырап, басы шуылдады. Көз алды жыбырлап, қарауыта берді. Құр сүлдесін сүйретіп ішке кіріп келе жатып, кемпірінің сарнаған даусын естіп, қалт тынды. «Өзі де онып тұрмадан кісі еді, алжытқан соң не сорым. Қария боп бір нәрсенің жөнін де айтпайды. Жылқынды сат деп ала жаздай қақсадым. Тындармак қайда, сол үшін өзімді ұра жаздады». «Дұрыс-ақ! Бір армансыз ағытылшы», — деді шал. Кемпір сөзінің дұрыс-бұрыс-

тығын ішкі сарабына салып та жатпады. Бойында ашуыза да жоқ, жайлап басып келіп, есікті ашып қалғанда, кемпірінің даусы бірден семді. Жасқа шыланған көзі қызырып, ашаң тартқан жүзі біресе сазара, біреке бозара дәйексіз құбыла беретінін аңдады. Жарасбай бүгінгінің бәрін ой елегінен өткізіп, көнілі соған қоңылтақсып, қолын мандайына сүйеп, шайқатыла тербетіліп қояды.

— Елдің көрген күнінің бәрі осындай ма, жоқ, біздің үйде ғана заманакыр, жер тақыр ма екен, — деп, тыныш отырмай араға сөз қыстырып жіберді.

Шал бір түрлі жалғызырап кетіп, көз қиығын келіндеріне тастады. Екеуара жыбыр-жыбыр әңгімеге көшкен олардан еш қайран жоқтай жаймен кіші ұлы жаққа бұрылды. Бір нүктеден көз алмай тас боп қадалған оның тау жыққандай екпіні қайтып, қаншаға дейін екенін кім білсін, дәл қазір сынықтыққа көшіпті. «Бұл батырың қатын ала алмай қалатын болдым деп уәйімдеп отырған шығар әуелі» деп ойлады. Шал кіші ұлының осындай ұстамды бола қалған кейпіне бір жағы танырқағанмен, бір жағы жаңағы құдікті ойы көніліне мықтап орнығып алды. Терезенің жақтауына сүйеніп алып, ештенеде ісі жоқ өзінше оқшаша түрған үлкен ұлына шал назарын ұзақ кідіртті. «Бәрінен осым жарайды. Мыналарға ұқсан шыжбықтап-тыжбықтамайды, айтатынын бір-ақ айтады. Алда-жалда ашуына тие қалсаң, жуыр манда басыла қоймайтын тоңмойын тағы» деп ойлаған шал:

— Ал енді неге келістіңдер? Құдаларды шақырып, күйттерді кигізіп, тойды атқарып тастаған шығарсындар? — деді.

Мұндай мәнақаның бары жадынан мүлде шығып кетіп, есіне енді түскендей Жарасбай әлдене айтпаққа емініп қалды. Қазақтың осынау ырым-сырымына жұмсалатын есепсіз қаржысынан жүрегі май ішкендей кілкіп, қынжыла, ұзақ томырылып отырды. Әңгіме ары қарай өрбімеді. Әркім өзімен өзі. «Жағдай бұлай болса жазға дейін қойсақ коя түрайық» дегенді шал кесіп айтпады. Осының бәрін түсініп, онда солай-ақ болсын деген жігіттік сөздің кезегін Әнуар әдейі өткізіп жібергендей үн-тұнсіз.

— Сендердің не ойлатындарынды қайдам, мен бір нәрсеге көз жеткізіп келдім, — деді кенет шал. Бұған әуелі кемпірі, одан бала-келіндері антарыла қарасты.

Жуасып пүшайман кейіпке көшкен шалдың жолсоқты бір уыс жудеу жүзі шалбар-шалбар. Екі жағы қаудып, тұтасып кеткен қауға сақалы қияптына тым көңілсіздік үйіріп өтті. — Маган мына тіршіліктің бар ғой, түк қызығы қалмапты. «Алпыстан асқаннан ақыл сұрама» дейді еken бұрынғылар. Алпыс түрмак сек-сенге таядым, енді қалғанын өздерің біліндер, — деді. «Ол олай, бұл былай деп істің жөнін айтатын қария — менің сықым мынау, сөзді апрып-сапыруды ғана біле-тін шешелерің анау, былай етейік деп сұрырып шы-гатын біреуін жок, енді не істе дейсіндер, айтындар-шы, қане?!» — деген сөз шалдың тілінің ұшында түрға-нымен үндемей бір қырына қарай қисая кетті.

Сол баяғы орнаған ынғайсыз үнсіздік. Ойлы кейіп-ке көшкен кемпір тапжылмай отыр. Екі аяғын созың-қырап алға жіберіп, арқасын қабырғаға бере жай-ғасқан Әнуардың болмысында терен аңғарлылық бар-дай. Қабағын түйіп, көзін бір белгісіз қыырға шүйіл-тіп кояды. Бағанадан бергі әңгіменің әсері жанына жайсыз тиғендей Дарқан сыртқа қарай тұксіп шығып барады. Орнынан асықпай көтерілген Жарасбай Әну-арды ішіп-жеп қарап бөгеліңкіреп тұрды да, қолын бір-ак сілтеп жүре берді. Келіндер үйдің оны-мұны шаруасын істеп, қыбыр-жыбырға көшті.

Түскі асқа бәрі қайта бас қосты. «Сонда тойды қайтпекпіз?» деген сұракты Жарасбай бәріне жалпы таstadtы. «Менің алатын қатынымның әңгімесі бітпей-тін болды-ау» дегендей Әнуар қабағын шытынды. Да-рқан қалпынша тұксіп отыр. Табакқа да сараң қол созып, тағы не бәле басталғалы отыр дегендей Жарас-бай жаққа көз қығын ғана таstadtы. Томсарыңқы кейіппен біресе әкесін, біресе шешесін барлай қа-райды.

— Шақыратын кісі көп, қойдың еті түк те болмайды. Оның үстіне жылқының бір-екеуін сатпасақ ақша да жок, — деп шешесі сөзге араласты.

— Келмеген жылқыны сатпасақ дейді, мынаның өзі есі дұрыс па? — деп, шал ренжи тыжырынып алды. «Бүгін кешке дейін осының-ақ десі жүре бермек пе?» дегендей кемпір шалына айбаттана жалт бұрылды.

— Жылқым шығып кетеді деп, сенің той жасағың да келіп түрған жок, — деді. Қемпіріне бірауық бағ-жия қарап барып шал басын шайқады.

— Сұмырай-ақ адамсың ғой, сен-ақ айдал келіп

тұқым-тұяғымен түк коймай құртшы, қың десем не қыл дейсің! Үйде отырған бұған әшейін бәрі оцай.

— Көке, — деп, Жарасбай әке-шешесінің үйреншікті ұрсысын одан әрі өршіткісі келмегендей сөзге ортадан киілікті. Қатты шамданып қалған шал ұлының сөзіне тіпті құлақ аспады.

— Жоқ, тегі, адамның қанын қарайтқаннан басқа білері жоқ. Қап, шіркін-ай, жылқыға осының өзін жібермей...

— Көке, мен бір ұлken, бір кішкене машинаға сөйлесіп келдім. Ертең тұра осы арадан шығып кетіп, жылқыға барсақ қайтеді? Жөні келсе басып алып қайтармыз.

— Шешелеріңнен бастап бәріне басып алып қайтудың оцай-ай, осы, — деп шал қабағын ренішті шытты. Белгісіз тараңқа көз қызығын қадай іркіліп барып, басын көтерді. — Ана айғыр бар ғой, алдындағы кісіні тұра таптап өтуден тайынбайды. Сендердің ұят, ұят дегендерің ештеңе емес, біреу жазым болса қас маскара сонда!

— Сол айғырды атып алсақ қайтеді?

— Енді атып алуға шықтыңдар ма? Жамсатып қырып тастасандар да өздерің біліндер.

Шалдың қабағы қату. Ақыры өз дегені болатынына кемпірдің көнілі көншігендей ажары ашық. Жарқын-жарқын шыққан даусына Әнуардың дабырлай сөйлегені, келіндерінің сыңғырлап күлгендері қатар іле-седі. Нобайы келіспей отырған баяғы органшы ұлы. Күлкіден де, сөзден де қалып ұрынарға қара таппағандай әркімге бір көзінің астымен шүқшиып қарайды. Терен ойдың шырмауынан шыға алмағандай ұлken ұлы әлі тұксиіп отыр. Кемпірі мен екі келінінің, оларға қосылған кіші ұлының айтқандарына құлақ түріп көрсе — «қашпаған қысыр сиырдың уызына қараған» сол есекдәмелі әңгіме. Шал бір нәрсеге түсінбей дал. «Жарайды, кіші ұлының білместік-ақ болсын. Ал мынаған не жоқ. Табан ақы, мандай терден басқа артық ештеңе келмейтініне көзі жетіп тұрып: «кен болсаң кем болмайсың, құдай береді» дегенді қақсан қоймайды. Осындай жан қысылғанда бермей ме бергіш болса!» деді шал іштей шиыршық атып. Өз ойының жетегіне еріп, біраз сөздерді жіберіп алған-ау, шамасы, келіндері мен кіші ұлы кемпірдің аузына қарап, ынты-шынтысы қалмай ықылас бұрыпты.

— Мен сен екеуің түсетіндерінде көрген түсім айнымай келді. Құдай амандығын берсе, жаман емессіңдер. Алдыңғы құні таңға жуық Әнуардың алатын әйелін көрдім. Қадамы құтты болады екен.

Жанына майдай жағып бара жатқан сөздерге үздіккен Әнуар одан ары тыңдағысы келіп ындыны құри түсті. Қайдың-жайдың қолайсыз әңгіме тіпті болмағандай. Тебіндеп ойнап шыққан қаннан жүзі алаулап өтті. Еш алаң жоқ жайдары да жайбарақат кейіп. Қөңілі көтерінкі тартқанда үшқалақтанан қалатын қашаңғы әдеті бойынша қолын ары-бері сермен, сөзін үзіп-жұлып айтуда көшті.

— Айтқаныңыз келсін, апа! Өңі қандай екен көрмегіңіз бе? — Қалжыны жанына жағып кеткендей жымып қойған Әнуар әлденені есінен тарс шығарып жібергендей опынулы кейіппен қалттыңды. Сүқ саусағын шошаң еткізіп жоғары көтеріп қалды. — Апа, айтпакшы, оның жақын туыстарының бірі Қазақстанда үлкен бастық.

— Қазақстаннан кішкене төменірек облысқа, ауданға түсші, бізге сол да жетеді, — деді Дарқан тұксиген қалпынан танбай.

Бұған келіндер де, кемпір де, еш ар көрмеген тіпті Әнуар да құлді. Шалдың да екі иығы тынымсыз селкілдеп, көзі жасаурап кетті. Тек Жарасбай сұық жымып қана тынды. Елді қыран-топан құлдіргеніне мән бермеген үлкен ұлына шал қатты разы болды. Аздап серпіліс білініп, әңгіме жарасты өрбуге айналды. Әсіреке рені жадырап-жазылған шал:

— Бәрінен де Дарқандықі сөз-ак, облыс, аудан да тиімсіз. Бізге сол колхоз-совхозы-ак дұрыс. Ағасы бүкіл Қазақстанды билесе, біз сияқты кәрі-құртандарды, үйі жоқ, күйі жоқтарды қолай көре қояр маекен? — деді.

— Көреді, көрмей көрсін, — дегенде Әнуардың даусы бұзыла сыйданып шықты.

Сыйданған даусы жақсы бола бастаған отырыстың тунығын шайқап жібергендей қайтадан үнсіздік орнады. Өмір тек жаксылықтан тұратынына шешесінің көрген түсі сенімін нығайтып, марқайып, емен-жарқын бола бастаған Әнуар лезде сұрланып, жанарына уытты бір сұық үшқын ұялапты. Қіші ұлының жүзіндегі жайсыз құбылысты елемеген шал:

— Ой, қызық-ай, а! Енді не істейміз? Бопты, жыл-

қыны машинаға басып келелік. Ал киітке, тойға ақшаны қайдан табамыз, соны айтындаршы. «Кедейдің кеңесі бітпейді» деп неге айтты десем осы екен ғой,— деді.

— Біз Дарқан екеуміз қайдан тапсақ онан табайық, мың сом беретін болып келістік. Одан артыққа шама жоқ. Жетпіс сом төлең пәтерде тұрамыз, үйдің ауылы әлі алыс, — деді Жарасбай.

Шал бұған елең ете қоймады. Қөзін белгісіз қиянға қадап, сақалын саумалаған күйі үндемеді. Жүрекжарды сөзді айтуға әшейінде шебер кемпір де ерегіс-кендей тым-тырыс. Мұны азсынғандыққа жорыған екі келін бір-біріне таңырқаса қаасты. Әке-шешесінің осы бір үнсіздігі шымбайына батып кеткендей Жарасбай:

— Ақша жоқ, ақша жоқ, оны қайдан табамыз деп қақсайсындар да, мынаны біз тауып беретін болдық десек тағы мелшиіп үндемейсіндер, — деді.

— Оларыңа рақмет, енді не дейміз, — деді шал.

— Бізге рақметтің керегі жоқ. Балаларының алғаш бірденеге жарагандарына жарылып қуану керек кой, ата-ана. Азсынсандар қайтеміз. Бұдан артық барап жер, басар тауымыз жоқ. Осының өзіне, білсендер, артымыз ашылып қалайын деп тұр. Біз Дарқан екеуміз ары ақылдасып кеп, бері ақылдасып кеп былай деп шештік. Келіннің тойға арналған киімін Әнуардың өзі көтереді. Қиітке деген ақшаны айғырды сатып ажыратамыз. Тойға — тайды соямыз.

Дәл осы сәтте көлдененен килігіп, көңілді құлті етіп тұрған ештеңе жоқ сияқты еді. Құні бойы ары-бері тартқан әңгіме де саябырысып, ата-ана, келін-бала — барлығы мәмлеке келгенге тыншып, еркін тыныс алып отырған. Томсырая тоң-торыс қалған Әнуар аяқ астынан түлен тұрткендей атып тұрды. Қыр мұрнының үшкірлеу ұшынан діріл білініп, көзі шақырая шатынап кетті.

— Ақшаны мен қайдан таппақпын?!

— Біз қалай тапсақ, сен де солай тап, — деді Жарасбай ананың айғайына орай даусын қаттырақ шығарып.

— Өйтіп міндетсінетін болсаң, сенің ақшаңың тіп-ті керегі де жоқ!

Езуіне зәрлі кекесін үйірген Жарасбай Әнуарға кекіп керенау қарады.

— Тойдың киіміне ақша таба алмай тұрып, керегі жоқ дегенің қызық екен.

Әнуар әуелі тосылып қалды. Бүкіл шарасыздықтың бәріне бір кінәлі болса — ол осы Жарасбай сияқтанып көрініп кетті ме, оған бір мезет сүмдүк жеккөрінішті көзбен қарады. Тұла бойы тұнған харамдықпен ұшырасқандай өшпендейлігі кенет сұрапыл өршіп, өзін-өзі ұстай алмаған бойда ағасының жағасына жармаса кетіп, сілкіп-сілкіп жіберді.

— Қалтаңдан ақша шығып кететін болған соң жаңағының бәрін әдейі үйымдастырдын.

Әнуардың тегеурінді сілкісіне шайқалақтап кеткен Жарасбайдың қаны басына шауып, өңі өрттей қызарды. Эй-шайға қарамай ол да жұдырығын онды-солды сілтеуге көшті. Әнуар да қарымтасын түйдек-түйдегімен қайтарып үлгерді. Шыңғырып кеп араға түскен келіндер тас қып қапсыра құшақтап алды. Жарасбай қан-қан аузын жеңінің ұшымен сұрткілеп, Әнуарға тап-тап берсе, жеңгесінің шенғелінен босанып шығуға ол да жанталасып жатыр. Екі қолымен екі кеудені тіреп тұрған Дарқан болмай өршіп бара жатқан соң:

— Қойыңдар, әйтпесе бар ғой, тұра өлтіремін! — деп, ақырып жіберді.

Тоңмойын айбардан екеуі де сескеніп, бірден сылқете түсті. Күтпеген жерден шыққан ұрысқа әлі дұдамалдана аң-тан күйі отырған шал:

— Той болмай жатып қырылысып қала жаздадық, бара-бара не боларымызың бір құдайдың өзі біледі, — деді. Қағынып-ұшынған балаларының ет қызы әлі басыла қоймағанын шал қаперіне де қыстырмады. Қекірекін қарс айыра күрсініп, терен ойға кетіп, бір нүктеге қадалды.

Кемпірдің де назары пәс. Ішкі жан арпалысынан бүкіл ар-иманы сыртына шыққандай кескіні от бол жанып, шымырлап куренітіп тұр. Сендерге не жазып едім дегендей екеуіне бір түрлі назаланып қарайды. Кенет иегі кемсендей жөнелді. Қозінен ытқып-ытқып шыққан бүршак-бүршак жас бірінен соң бірі саулап, төмен қарай заулап домалай жөнелді.

— Бізден ақыры құтыла алмаған соң осылай өлтіргісі келіп жүр. Эйтпесе неге әкем отыр, шешем отыр демейді! Осылардың көңілі жаман болмасыншы деп, бір ойлап қойса қайтеді. Біз өлген соң бәрі белгілі болып тұр ғой. Сендер бір-бірінді көрмей кетесіндер!

Берген ақшаңа қуанып, неге жарылмайсындар дейсін. Біздің асырап-баққанымыз, оқытып-шоқытқанымыз, сол сенің берген ақшаңа тұрмай ма, құдай?!

Зар қақсан ағыл-тегіл жылаған кемпірінен бастап шал барлығын бажайлап бақылауға көшті. «Долылық буғаның арқасында көңілінде жүрген біраз нәрсені сыртына шығарып, кемпірдің жаны тыншып-ақ қалды. Кожакең айтпақшы, бұл да бір біткен шаруа болды. Ал енді бұларға көкейімдегіні мен қайтып жеткізсем еken? Жоқ, мынау сияқты жылайын ба? Ол үят-ау» деді іштей. Бар-жоқ дегенді дүние-мұлікке емес, адамға балап қазақы түсінетін шал күні бойғы қызылкенірдек кикілжінді сол «кедейдің бітпес кеңесіне» жорыған. Нәк осы сәтте дүниеде жападан-жалғыз қалып ем, өсіп-өніп, өрбісем еken деген тілегі де құр бекершілік сияқты көрініп кетті. «Қатын да алынады, іздесе ақша да шығады, бірақ бауыр табылмайды ғой, бауыр» дегенді шал іштей айтса да айғайлап жібергендей сезінді. «Ертең бір-бірінің беттерін көреді ғой, тағы ұялмай» деді кіжініп.

Кемпір даусына зор келіп, қарлыққанына қарамай шажылдап-бажылдап барып, әрең басылды. Көзінің алды ептең көгеріп қалғанын ғана айып санап, әйтпесе жөн-жосыққа, кіслік пен кішілікке қылау түсірмегендей Әнуар шешесінің сөзіне тәлімсі елтіді. Осының алдында ғана төбелесіп, ағасына кол жұмсал, аузын қан жалатқанын, тіпті, жадынан шығарып та жібергенге ұқсайды. Басын жерге салып, бүгжие бүктүсіп отырып қалған Жарасбай ендігәрі ештенеге кіріспейтіндей — томырық. Әдепкі бүйірі мінезінен арылып, едірейіп тұрған Дарқан көзін екі інісіне алма-кезек сұық тастайды.

Беймаза арсыз күн өйтіп-бүйтіп өтіп, ақыры кеш батты-ау.

Әлгі айтқан екі машинасы ертелеңтіп жетіп келді. Осы есік-төрде бұрын көп болмаған бәкене шикілі сарыны шалдың суқаны сүймеуші еді. Қасына ерткен бір-екі жігітін ара-арасында күлдіріп қойып, жолаушыларға деп арнайы асылып қойылған тамаққа еменжарқын отырып, бірінші болып бас салды.

— Энекең қүнде қатын алып, күнде жылқыға бара бермейді, кел, жігіттер!

— Андағы ішке барған соң жылқы қайда, өздерің

қайда боп журмейсіндер ме? — деген біреуіне екіншісі басу айтты.

— Файпекеңнің бір көрген құқайы осы деп отырысқаң ба?

Қырлы стакандағы іллідеген арақты шикілі сары қағып салғанда, төтен әлемет күш миын шайқап, ақылестен жұрдай айырғандай бір сәт безере менірейіп барып, құп-қу өніне біртіндеп қан жүгіргенде иманжұзденіп, жайбарақат тапты. Манадан көз айырмай бағып отырған шал: «Мына бейшара аяқ астынан кән-тәжін бол қалғаннан сау ма?» деді. Лезде күлім қаға кутындал кеткен көзін бұған бір шүйіріп:

— Ақсақал, жол көрсетіп отырасыз ғой, қанжығамыз майланбай қайтпаспзыз, — деп, қазының бір кесегін қарбыта асап жіберді.

Бір нәрсеге даң болып, соның жөн-жосығы қалай өзі деген кейіппен бір шетте құлықсыз отырған Жарасбаймен шалдың көзі түйісіп қалғанда өз-өзінен жүрегі солқ ете түсіп, кеудесі тұтас шымылдай аши жөнелді. Эке кескініндегі жайсыз өзгерісті қарап тұра беруге ұлының дәті шыдамағандай жүзін бұрып әкетті. «Әй, балам-ай, кешегі әңгімeden кейін басың дал болып отыр ғой. Эйтпесе шикілсары пәлеге қайдан тап болып жүрсің деп айтатын-ақ ем. Ел мұны, білсен, «Файыпбек» дейді». Шал енді Файыпбектен көз алмай бағып отырды. Тағы бір стаканды қағып салған ол орнынан шұғыл көтеріліп, ешкімге ләм деместен сыртқа беттеді. Қалғандары да котарыла қозғалып, оның соңынан ілеңті. Осындағы бір шаруаның оңайдан табыла кеткеніне бәрі дабыр-дұбыр боп, жайран қағады. Шалдың көкірегін ызғарлы сұық леп қарып өткендей көңілі одан сайын жайсыз ортая түсті. Файыпбек секілділердің алдында әлі қанша өмір тұрғанын еріксіз ойлады. Бір сүйкімсіз нәрсенің нобайы санасында қылаңтып: «Тұң, ит-ай, сонша ғұмырды осылай өткізе берсе оны қалай тауыспақ?» деді іштей.

— Көке, сізді күтіп тұрмыз ғой, журмейсіз бе? — деді ортанышы ұлы есіктен басын қылтитып.

— Қайда?!

— Қайдасы несі?! Жылқыға барамыз деп кешелі бері қақсал жаткан жоқпыз ба! Мені бір барғысы келіп жүлқынып тұр деп ойлайсыз ғой деймін, кешегі күні келісіп койып, бүгін айнып шыға келгенім үят шығар деп тұрмын.

«Бұларға Файыпбек те, машина да қалай оңайдан оңай табыла кетті?» деп ойлаған шал атсоқты салдыраған денесін сүрете созалаңдап тұрды. Қеліндері әкеп берген киімді аспай-саспай киінді. Белбеуін ұзақ оранып, бір нәрсені ұмытып кетпейін дегендей жанжағына жіті қаранып алды. Дегбірі қашып, таңырқау шалысты кейіпте тұрған кемпіріне ала көзін бір атты. Содан соң манадан өзін бағып тапжылмаған ұлына назарын құлықсыз тастады. «Мұның тубі жақсылыққа апарып соқса жарады. Басқанымыз жылқы, қасымызыда тағы Файыпбек, милиция кезіксе кәдік алып жүрмей ме?» деп ойлап бір қойды. Баласы жеңіл машинаның алдыңғы есігін айқара ашып, өзін күтіп тұрғанын қасақана байқамағансып, үлкеніне қарай бетtedі. «Мынаған отырыңыз, мынаған отырыңыз», — деп, бәрі жамырай шуласқанына былқ етпестен қиқайып барады.

— Эй, шал, ана қытай кісі қатты жығылыпты, жолай көңілін сұрай шықпайсың ба? — деді.

— Ойпыр-ой, апа, тұра осы қазір мә?! Қайтып келген соң да сұрайды ғой, — деп ортанышы ұлы реніш білдірді.

Қалт токтаған шал кемпіріне асықпай бұрылып, өте маңызды шаруа айтатындағы нышанына байыптылық үйірді.

— Көңілін сен-ақ сұра барып, сен барып сұрасаң әлі-ақ қаздаң қағып жүгіріп кетеді.

Бұл сөзге бәрі қарқылдалап күлісті. «Естігің келгені осы ғой, онда болды» дегендей шал енді ештеңеге қарайламай бұрылып жүре берді.

— Эй, сорлысың ғой, сорлы, өз аталарың айтпап па еді, «ертеңгі ұрсысың түске, түскі ұрсысың кешке жетпесін» деп, кіріп шық, ұят болады.

«Өз жөнімен өлетін Жанапияға менің бармағаным да ұят», — деп шал ашы мырс етті. «Әлде ұят дегенде парық қалмай бара ма? Ойбай-ау, кенжесі мен ортанышы бір-бірінің жеті атасынан түк қоймай боктасып, қырылып қала жаздаған жоқ па? Сонда ол ұят емес». Осы кемпірі ұят дегеннен басқа сөзді білмейді, шамасы? Енді қараса, балалары да сол ұятқа көшіпті. Сонда бұл не қылған қаптап кеткен ұят? «Файыпбек Қосшыбайдың тағы бол кеткен жылқысын атып құлатыпты деген атақ ұят емес. Жетпістен асып сексенге тақаған кісіні ку медиен далаға әүелі жалғыз-жарым

жіберіп, өздерінің үйде отырғандарында тұқ жоқ. Ал Жанапия сүм өлгелі жатыр дейді, оған бармағаным ұят».

Ананы-мынаны қажап сұрағанды тәуір көретін шал бұл жолы бөгде сөзге еш ықыласы жоқ еді. Оның үстінде шофер баланың қабағы салынқы екен. Машина қақпадаи шығып, көшеге түскенде де, сырт жолға бұл беріп бұрылып, бірқыдыру уақыт заулағаннан заулап отырып, үлкен жолмен түйіскенде де, содан тік төмен құлдилай ызғығанда да тұксиген қалпы ләм деп жақ ашпады. Қартайған кісі неге болса соған қуанып, не ренжитін деп ойлайтын шал. Қазір көңілінен еш желпініс сезілмейді. Шофер баланың айдасы қатты ма, әлде сүркай үскірік дала аспанмен тұтаса шақытып, тек бұлар келе жатқан ашық алаңқай тұс ашыны құырған мынау сұрапыл жылдамдыққа ақыры шыдамай қақырап-қақырап, дар-дар айрылып, жалт-жұлт етіп үйіріліп-төңкеріліп қалып барады. «Пәнді Жанапия менің орнында болса не істер еді? Эй, оның жылқысына Файыпбектен де зоры мылтығын кезенуге дәті бара қоймас. Жылқыны атты деген не сүмдыш, әуелі құланды атты ма екен бұ қазақ? Атпаған шығар? Осы мен әкемнің жасынан қанша астым?» деді кенет өзіне-өзі. «Ойпир-ой, сүмдыш-ау, жеті жыл ма? Сонда қайда бара жатырмын? «Тірінің бәрі әулие» деп, әлгі жарықтық шын айтты ма екен, жоқ, көңілді демеп коюдың әшейін амалы ма?» Шал әйнектен кең көсіле жазылып жатқан далаға, сонау көз ұшындағы адырқыраттарға телмірді. «Осы арада талай ғұмыр өтті-ау. Машина екеш машина мына тұрған Аюкеге жете алмай ентігіп келеді». Шалдың есіне соғыстағы бір оқиға сап ете түсті. Әлгі «Жұзгенбаев, Жұзгенбаев», «а, значит, живой» дейтін офицер бірде мұны ми қайнаған шілденің ыстығында — қолына котелек беріп, суға жұмсағаны бар. Бұқпантайлап жанұшыра жүргіріп келе жатқан бетте неміс самолетінің аспаннан құйғытып шыға келгенін көрді. Баяғының самұрық күсы мұның жанында тұқ емес шығар, түсі көкшіл сұық неме зәре-құтты ала ғүрілдеп келіп тура үстінен өте бергенде — балық нобайлы бомбаның әлденешесін тастап жіберді. Бұл етпетінен жата кетті. Құлақ тұндыратын күшті жарылыс тұла бойын солқ еткізіп, толқынды тербеліс лықсып кеп ұрғанда, қоңырсыған иіс мұрның жарып жіберді. Сонда орнынан

тұрып лезде шүңқырайып-шүңқырайып қалған жердің тереңдігі қанша болды екен деп мойын созып қаралған. «Тастай қатты жерді қасқырдың апанындай үні-рейтіп тастаған бомбаң осал емес екен-ау» деп те ойлаған. Эйтсе де нақ сонда «бомбаң дәп тимесе түк те қылмайды» деп көкейіне келген астамшылық ойын осы қазір күпіршілік көргендей тобасына бір-ақ түсірді. «Міне, сөйткен бомбаң дажал болып түр. Құйтақандайының өзін тастаса — төсің мен төменіңің бәрін тып-типыл қылады дейді, сұмдық-ау». Шал өз ойынан өзі шошына селт ете түсті. Әлдебір жағдайды ескермей қағажу қалдырып, ақыры сол алдын орап кесекөлденендең тұргандай көрінді. «Файыпбек жылқыны құрық сап үстайтын шығар?» деді кенет. Алға қарай ұмсына түскен шал жан-жағын бажайлап шола бастады. Қыс деген жарықтықтан кісінің көңілі ештецені аулап жарытпайтына налыды. Осындай сұыққа төтеп берген дәл жылқыдан әулие мал жоқтығына еріксіз мойынсұнды. Жолға шыққанына қаншама уақыт өтті, бірақ ләм деп тіл қатпай, тұксиіп отырған шофер балаға да бір жағы таңырқап қарап қояды. Адам қартайғанда емен-жарқын, арсы-гурсі мінезді ұната ма дейтін. Қазір ойлап қараса, өзінің балаларының да сөзі көп, Файыпбегің де кенде емес көрінеді, күпініп-ақ отыр. «Тірінің бәрі әулие» дегенде әлгі жарықтық болжалсыз жақсылардың бәрі өле берген соң айтты ма, кім білсін?» Ілік-шатыс әр қылы ой тұс-тұстан кимелеп келіп, соның біріне де түйінді жауап таба алмай, тоң-торыс томырылып отырып қалады. Жол тым ұзарып кеткен секілді. Анау қол созым жerde тұрган Буырыл шоқысы — машина бір ойпаннан көтерілгенде тұра алдынан жамырап шығады да, ойға қарай қайтадан қойып кеткенде ізім-ғайым жоғалатын алдамшы нысанага ұқсайды. Зерігіп елегзіген шал түйткіл ойдың бәрінен әбден зықысы шыққан, әрі соған жүргегі қайтып беттемейтін түсініксіз күйге тап болды. Тек екі жолдың айрығына тақаған кезде шофер бұған сұраулы жүзбен қарады. Төменгі сағаны иегімен нұсқап, шал қайтадан жайына көшті.

Екі ара жақындаған түскенде шал мазасыздана бастады. Таныс қия-қанталдан асқаннан кейін-ақ, машина жолдың апшысын қуырып жіберді. Мыналардың алда-жалда болмай бара жатса атып аламыз деп, мылтықты қоса алғандарынан көңілі әжептеуір күпті.

«Файыпекеңің еркіне салсан, бәрін қырып салудан та-  
йынбас. Жылқының киесі болады, ол үрса ондырмай  
ұратынын билетін жасқа келді ғой» деп, өзін бір жағы  
жұбатып та қойды. Қенет адам баласының шеніне жу-  
ытқысы келмейтін жириен айғырдың сестенген тұрысы  
көз алдына келе қалды. Жылқы түлігінің тектілігін  
оїда жоқ жерде сезінген заматта етжүрегі елжіреп,  
езіліп кеткендей болды. «Сенген адамым сен болсан...»  
деген тәрізді ғып шарасы үлкен жанарын наразы да  
ойлы қадаған жылқының бітімі дегбірін қашырып,  
жон арқасы жайсыз шымырлап өтті. Бір кезде осы-  
дан екі күн бұрын өзі қонып кеткен қыстаудың қара-  
сы көрінді. Үйдің маңынан бірталай қашыққа шөп  
шашып қойса керек, пырдай бол бір отар қой жатыр.  
Алдыңғы күні тұнде келіп, ертелетіп кеткендіктен бе,  
байқамапты: үйдің тура іргесінде берзентпен жабыл-  
ған машина тұр екен. Елдің баласының мұншалықты  
игілігіне шал іштей қатты қызықты. «Мал деген жа-  
рықтықтың берекесі әні» деді. Бұларға үйдің жанын-  
да машина тұрмасын деген кім бар? Өздеріндей-ақ  
жігіттің не істеп, не қойып жүргендерін көрмей ме?  
Сөзі қандай ұстамды, ісі қандай мығым. Балалары да  
сүйкімді. Үлкенінің бір ұл, бір қызы бар, құдды кісі-  
киік болып қалғандай адамға жуыспайтынына кейде  
қайран қалады. Өздері бір ауыз қазақша білмейді.  
«Әйтеуір, аман болсыншы, бәрінен бар жақсы, дүниеде  
жоқ жаман» деді тағы.

Машина үйдің тұсына келіп тоқтағанда — алдыңғы  
күнгі сопақ пішінді жігіт сыртқа атып шықты. Женіл  
машинадағылар жол-жөнекей тағы ішкен бе, дабыр-  
ласа даурығып, ара-арасында қарқ-қарқ күлгендерін  
шал жаратпады. Соған бола қабағын кіржитіп, үй  
иесіне көз қырын қияс таstadtы. «Мал дегенің адам-  
ды тосаң қылатыны тосаң қылады-ау» деді шал іштей  
мына жігіттің селт етпес аңқайған тұрысына қарап.  
Шалды ақыры танығанда барып оның да өні жылы-  
ғандай болды.

— Салаумаликум, ақсақал! — Адам қарасының мұн-  
ша молдығының мәнісіне жетпеген сыңайды таңырқап  
қарап: — Дәу де болса жылқының бір жаққа ауды-ау,  
кешелі бері бұл манайдан көрінбей қалды, — деді.  
«Күн болса сұық, жер болса тақыр, енді аумағанда  
қайтсін, бірақ ауғанда қайда ауады?» деп ойлады шал.  
Осы кезде бұлардың қасына ортаныш ұлы келді. Оның

малшы жігітпен ернінің ұшымен ғана селқос амандастырын шал жаратпады. «Жолаушының жолы жөн сұрағанда ғана өнүші еді». Осындайлардың бәрін тізіп, теріп айта берсең кәрі адамда не парық қалады дегендей шал алаңдаулы райда:

— Ойпырмай-а, олар әуелі Қопаға тартып журмесін, — деді. Мазасыздана тықыршыған ұлы жылқының тілін бір білсе осы екеуінің бірі біледі дегендей, бірсеке әкесіне, бірсеке бейтаныс жігітке жаутандап қарай берді. Үй иесі шал сөзінің астарын арғы түкпірінен түсінгендей байыпты қалпынан танбады.

— Ол жерден жейтін бірдене таба қояр ма екен, күзде қой жайылған, не қалды дейсіз.

— Кім білсін?!

— Көке, енді не істейміз? — деді ортанышы ұлы.

— Кой, онда қалай қарай тартқанын ізінен шола-йық, — деп, шал машинаға ыңғайланып отырды. Қа-бағы тұксиеңкі шофер бала осыны күткендей дереу машинасын от алдырды да, шалға ажырая қарады. Шал қолын күншығыска қарай шошайтты. Қар үрлеп тастаған ескі сұрлеу жолда машина түрлі бұраланға салып, әзер-әзер жылжып келеді. Бұлардың сонынан біраз жер ілескен аналар бір кезде тоқтап қалғанын байқады. «Із шалып үйренген Файыпбектен басқасы не біледі дейсің, қалса мейлі» деп ойлады. «Қара басып неге ойламады екем, бәсе, бұл жерге қайтып тұрсын». Шофер қары жоқ жалтаң тұстарды қуалауға көшті. Ойпаң-ойпаңдағы тығыз оппа қарды бұзып-жарып өткен сайын зор келеді-ау, шамасы, барынша гүжілдеп, болдырған аттай қалтырап-дірілдеп кетеді. Алдындағы жотаның арғы қапталына қарай аса бергенде жосылған көп ізді көзі шалды. «Тоқта!» деген белгіні үсті-үстіне беріп, шал машинадан домалап түсті. Әшейінде әр қадамын санап, асықпай басса, қазір ізді қуалаған бойы біраз аралыққа жылдам барды. «Кешелі бері көрінбейді» дейді ана жігіт, соның алдындағы түнде ауған ғой онда». Баяғы жастау кезінде осындай қақаған қыста колхоздың көп жылқысы бір ғана ізбен бірнеше белді асып кеткенде көнілі күпті болып па еді, болмап па еді? Ширатыла есілген бүйра сағым мен дүниені түмшалаған ақсұңгі қырау жалғанды қайта бас көтертпес ауыр қыспаққа алғанына шалдың көзі жете түскенде жирип айғырға деген ашуы келіп кетті. «Файыпбектің жалғыз оғы тура қақ ше-

кеңнен тисе екен», — деп тістене сыбырлады. Содан ләм деп тіл қатпастан кабиңадағы орнына келіп жайғасты. Жігіт те осыны күткендей машинасын келген жағына қарай заулата жөнелді. Орта жолда ошарылып тұрған Файыбектердің тұсына құйындарып келіп бір-ақ тоқтады. Өздеріне өңмендеп жүгіріп келген шалдың баласы мен Файыбекке есікті шалқита ашып жіберіп, көзінің астымен қарады.

— Жылқы тұрмақ сайтан да жоқ, сендердің бұларың құр әурешілік, осындай кісі өлетін сұықта қайдан таппақсыңдар, қайтайық.

Жақ жүні үрпіп, бүрсең қаққан ортаныш ұлын шал бір мезет жақтырмай қарады. «Бұлардың ешкіден қай жері ілгері. Өзіндей Файыбек омырауы алқа-салқа, сонысына қарамай деміне нан піскендей» деп ойлады шал. Ал Файыбек шофердің сөзін шыбын шаққан құрлы көрmedі. Қой көзінен жылт етіп білінген уытты ұшқын ойнақшып, бүкіл ашу наласы бетіне тоңазып, түк болып шығатындаі кейпі сүп-сұық.

— Ата, сіз жылқыңыздың жылдағы өрісін жақсы білесіз фой, сол жаққа қарай жүрейік те.

— Осыдан құр қайтсак елден үят болатын болды, — деді тыныш тұрмай ортаныш ұлы. Шал назарын баласының өнменіне бөгеп, содан жүзін шытына бұрып әкетіп, көзін Файыбекке тіктелі.

— Олар қалай қарай ауатынын менімен ақылдасады дейсің бе?

— Әй, ақсақал-ау, бұрын қай жерді қыстаушы еді, айтсанызышы, сол жаққа барайық.

— Сен шынымен білмей тұрсын ба, Файыбек, өзің талай көктеп өткен Белғак қой. — Шал осы сөзді шын ашуға беріліп айтқандықтан артық кетіп қалғанына еш опынып, қуыстанбады. Тек ұлының құты қаша қыбыжықтап қалғанын анық сезді. «Ұры Файыбек, кезең Файыбек» дегенді шалдың тұспалдап айтқанын қаперіне қыстырмaston:

— Онда не тұрыс, Белғакқа кеттік, — деп женіл машинаға қарай беттей берді.

— Әй, ол жаққа жылқы ауған жоқ, бір барса сол Мосқопаға барады. Басқа қисыны жоқ, өйткені іздің бағыты солай.

— Әй, ақсақал, тағы жүз шақырым жерге жөні жоқ тентірей береміз бе? — деді шофер шыр-пыры шығып.

— Шал айтты — бітті, жүріндер кеттік, — деп, Fa-

йылбек серіктегін жеңіл машинаға бастап алып жүрді.

Бір қолы рульде, бір қолы шапшаңдық тұтқасын ұстаған қалпы қатып қалған шофердің кескіні тұтіге шымырлаған күйі бұған ала көзін сұық таставады.

— Сіздің ана балаңыздың басында шайнам ми бар ма, жоқ па өзі, мұндай жолға Файылбектен басқа жібі түзу біреуді таппағаны несі?!

Аяқ астынан кенкілдеп күліп жіберген шал жігітке жүзін бір түрлі бейілді аударды.

— Қарағым, енді қайт дейсің, қасымызда аты жер жарған Гайылбек, қолдарымызда бір-бір мылтық, біреу-міреу баяғы Жанания бастаған пәнді деп журмесе болды да, әйтеуір.

Машиналарын үсті-үстіне бипілдеткен Файылбектердің тынымсыз берген белгілеріне шофердің шарасы бітіп, шалға қарады.

— Ақсақал, жылқыныздың Москопаға кеткенін анық білесіз бе, жоқ, әшейін долбарлап соғып тұрсыз ба?

Шал райна таңырқаушылықты мол үйіріп, иегін-дегі сақалын көстендете жол жақты нұсқады.

— Аякты малдың қайда кетіп, қайда жүргенін кім білсін, ізінің бағытына қарай айтқаным ғой. Мына Қопаның төнірегінде ажырық деген шөп өседі. Өзін қой жемейді, ашы болады. Жерде түк жоқ екенін көріп тұрсың, соған барады дегенинен басқа еш қисыны жоқ.

— Құр сандалыс десенші бұл.— Қас-қабағы одан сайын тұксіп кеткен шофер газды басып қалып, машинаны орнынан ышқынта қозрады. Таптаурын жолға түскен соң рульге жабысып алған жігіт әр кезікken қылтанды машинасын жалт-жұлт бұрған сайын артынан бұрқ-бұрқ көтерілген ақтүтек шаң тозаңтып барып сейіледі. Енесінен жазатайым жырылып қалып, енді құлыштадай құйындана шапқан «Москвич» әр түстан жарқ етіп көрінгенде, шалдың елегузулі көңілін әлдепе желпіп өтеді. «Сонда бұлар қайда кетті? Мұндай сұықта Белғак — жалтан, ендеше ол жаққа өліп кетсе де аттап басып бармайды. Дәу де болса Москопаның төнірегінде қаужап тауып жейтін бірдене бар ғой. Аякты малға не деп болады. Қысыр емген тайдың артқы тұяғы оңбағандай жарапанған көрініп еді, қайтты екен? Жирен байтал осы күнге дейін бір жағына қарай шыққан шығар?» Шалдың тынышы қапелімде

өз-өзінен қашты. Үскірік аязда сіресіп сұлқ түсken тас мылқау дүниені бір түрлі жатырқап шолды. «Әй, дегенмен машинаға жол алыс емес-ау, бір күшенсе Буырылға да жетіп барады. Оның ар жағында Жетпісалты да онша қашық емес. Буырылға бұрылып, сондағылардан жөн сұраса қалай болар еді?» деп ойлаған шал шоферға сұраулы жүзбен бұрылып қараады. Жолдан көзін тайдырмай отырған ол — өз ойымен өзі әлек секілді. Жақ жүні үрпііп, әр-әр жерде сорайған қылтанақтарына, жаңадан тебіндеп шыққан балапан мұртына сазара қараған қалпы: «Бұл көсөн дүнк неме екен, зекіп тастап жүрер» деп ойлап бір қойды.

Машинасын үздіксіз заулатып отырып, екі жолдың айырығына тақай бергенде шалға тағы да ажырая қараған шофер:

— Қалай қарай жүрейін? — деді.

— Аюкеге...

Шоқы-шоқы адырлы тұстың етегін айнала бергенде қарсы алдарынан кең көсіліп жатқан жазық құлдырандап шыға келді. Көз сүрінер тұлдыры жок, жыпжылмағай қу жапаннан түңіліп кеткендей қолын бір-ақ сілтеген шофер:

— Кеш батып қалғаны мынау, бақандай бір күніміз жолға кетті. Ал жылқыныздың қарасы көрінер түрі жоқ, ақсақал, — деді.

Шал ләм деместен сонау қыырға көз жіберді. Ешқандай іздің сүрлеуі көрінбейді. «Бұл ескі аңыздың орны. Мұнда талғажау етер не бар дейсің? Мына адырдың көдесі мен жусанының басын шалса да өлмейді, тағы бораннан ық».

Шофер ашуының екпіні бастапқыдай емес, қайта бастаған сияқты. Шапшаңдатқыш тетікті ары-бері бейілсіз қозғап, газды керенау басқан сайын кісінің еркіне құлдық ұрып көнген машина ызырана баяу жылжиды. Бірқатар жер журген соң көлденең кезіккен тұмсыққа сұғына салынған қыстай кезікті. «Мұндағылардың көзіне, бәлкім, жылқы шалынған шығар?» деп ойлағанмен күмәннан арыла алмаған көнілі әлі күпті. Осы жасқа келгенше көрген-баққаны мал, сырғы мәлім нәрсенің мұншалықты қиғылығын түсінсе бүйірмасын. Қабағын бір ашпай өне бойы түнеріп отырған мына шофер, қойқаптағыны қозғап, кісінің құтын қашыратын ортанышы ұлы, құдды бөкен атуға шыққандай бес қаруын асынып алған Файыпбек — бәрі,

ақыр-соңында алжыған шалды тындал әуреге түскені-міз-ай деуден тайынбас, әуелі. Осындай мазаң күйде отырып, қыстауға қалай жетіп келгенін байқамапты. Қорана жағалап жүрген малшы бұларға одырая қарады. Шал тоқтайды екен деп қамсыз отырған. Шофер ай-шайға қарамай бұл жерден де зу етіп өте шықты. «Мынадан жөн сұрағанда-ақ болатын еді» деді ішінен. Еш қайраны қалмаған соң артына жиі-жиі қарағыштады. «Москвичтегілер» де кідірмей заулап келеді. «Жоқ қараудың жөнін қасындағылар білмесін-ақ, ал жерді құртқан Ғайыпбектің мұнысы несі?» Шал жоқ қарау деген ойынан шошынып, селк ете қалды. «Белғаққа бара қоймас, тым жалтаң. Оның үстіне — тақыр. Бұл жақта қаптаған сай, ық десе ық». Осы бір сезді шал бүгін қанша мәрте айтқанын ойлаған жоқ. Сейтсе де оны таяныш тұтқандай шұғыл серпіле жөнделіп отырды. Қең көсіле құлдилап жатқан жазықтың қырат-қапталына дейін қалдырмай сүзіп қарады. Қөзге кішкене бір ноқат іліксе ше. «Әлгі бөтен қарагер бие басқа жаққа бастап кетіп журмесе де, құдай ұрып. Бірақ олай деудің түк қисыны келмейді».

— Ақсақал-ау, жылқының қайсы? — деді бір кезде қасындағы серігі үнсіздікті бұзып. Шал кейіп, қабағын шытынғанмен ләм деп жауап қатпады. Қарсы алдынан көз жазбай иегін нұқсап жүре бер деген белгі берді. Сонау көкжиектегі күннің қызыл шапағы сынып түскен тұсы айнадай жалтыраса, ал қалған өлкені тұтас қаусырған қаракөленкеден ызғарлы суық леп келетіндей бойы еріксіз тонази қалтырайды. Дүние жаһан жатқан бір сонар. Жарық кезде шал бәрін шамалап алғысы келгендей жан-жағын жіті шолып келеді. «Осындай уақытта мал екеш мал жайылмайтын болған ба, бір жылқысы жоқ, сол да бола ма екен?» Шофер жігіттің өзіне деген қарасынан шал қипақтай бастаса, онысын сезе қойған ол тыныш тұрмай, өтінген райда жалбарына тіл қатады.

— Ақсақал, осы ит әурешілікті қойсақ қайтеді?

Шал жерге бірдеңе түсіріп алғандай бір ауық аяғының ұшына қарап, басын еппен көтерді де көзін ұян таставды. Үрпіген күйзелісті нышанын шарасыздық билеп, даусы бәсек қысылып шықты.

— Бұл жаққа жылқы Аюкемен түспеген екен, онда мейлін, мына тәменгі жолға түсіп, Жетпісалтыға қарай тарта бер.

Шал нұсқаған жаққа бұрыла бергенде, «Москвич» бұларды басып озып барып тоқтады. Ішінен Файыпбек пен ұлы апыл-ғұптың түсіп, бұлардың тұсына дірдектеп жетіп келді. Жұтынып тұратын Файыпбектің дөңгелек бидай өні тұтігінкі, қой көзінің уытты ұшқынын өңменіне діттеп қадағанмен кескініндегі салғырттық сейілмейтіндей немкетті. Қайта ұлының жұқалтаң жүзінен бір нәрсенің байыбына бара алмай, дал болған лыптың ұшқалақтық сезіледі.

— Ақсақал, мен Қайыпта-ақ айтпадым ба, жылқыныз үйренген жағына қарай тартты деп. Мына жерінде қыбырлаған тіршіліктің белгісі жоқ.

— Белғаққа барып, оларды жын ұрып па? Онан не жемек?!

— Ол мал ғой, мал, аюан деген сол, ақсақал!

Әшейінде дызалақтап сыр беріп коятын шал қазір көрнеу ұстамдылығын жоғалтпаған кейіппен шоферға бүкіл денесімен бұрылды.

— Осы жолмен жүр. Шойын жолдың төңірегіндегі елден сұрастырып көрерміз. Басқа түк қисыны жоқ.

— Қисын, қисын, басқа айтатын сөзіңіз жоқ па?! Қунде-қунде машина сұрап беретін кім бар сізге. Қазір мына Ғакеңнің айтқан жағына қарай тартайық та, — деді ортаныш ұлы. Қос танауы делдиіп, көзі шақшиып барады. Сыншыл сыңайынан жаңылмаған шал ұлының ұсқынына жақтырмай қарады.

— Эй, мынадай қыста үйренген жер болмайды. Атасы жылқы ғой, саясы бар орынды іздейтін шығар. Белғақ деген жалап тұрган жадағай, өлгісі келсе мейлі, онда барсын.

Қолайсыз үнсіздік орнады. Файыпбек пен ортаныш ұлы енді не істейміз деген сұраулы кейіpte бір-біріне иек қағысқаннан басқа әрекетке бармады. Шофер бір нүктеге тас қадалған қалпынан айнымалты.

— Кой, онда қайталық. Бәріміздің үйде тіршілік бар. Сайда саны, құмда ізі жоқ жылқыны іздейміз деп, бақандай бір күнімізді жоғалттық, — деп, Файыпбек машинаға қарай шұғыл бұрылды. Оның сонынан ұлы да үн-тұңсіз ілесті. Шал да қатты қитықты. Алдында шоферға жалтақтап басынқы қараса, қазір оған сұық райды шүйіле төнеді. Біраз аумакты айналып өтіп, бұлар Жетпісалтыншы разъезге апаратын қасқа жолға түсті. Қаран-құран қозғе зорайып-зорайып көрінеді.

Шофердің тұксиянкі кескіні жазылып, жайдары

тартты. Жолдың қылышында бүрелісінде бастапқы шалттығын тастан, жұмсақ бүрелады. Жазық жайлар тұстардан қалқып арып өтеді. «Е, Қосшыбай, жетпіс асып, сексенге таяған шағында машинамен жылқы іздейтін әлетке де жеттің», — деді өзін-өзі мұқатып. Мана ерте жарықта төбеден қараған уақытта осы жазық оймақтай ғана көрініп еді. Ішіне дендел енгенде бір шетіне әлі шығып болар емес. Жолдың түнгесі қарай ұзарып кететіні жаман. Әйтпесе осы арадан көп ұзамай қыстау кезігуі керек еді. Шал және мазаң күйге көше бастады. Ойсымал тұстан ырғып өтіп, машина көлденен белгे шыға келгенде, алдынан жаңағы үлкен қыстауы шықты. Шалдың көңілі өрекпіп кетті. Қыстауға қарай бүрелі дегенді айтып үлгермей, қайта-қайта қолын нұсқап, шошаңдата берді.

Беймезгіл уақытта екі бірдей машинандың есіктің аузына келіп бір-ақ тоқтағанына сыртта мал жайғап жүрген қойшы абыржы аңырып қалса, үйден жасамыстау әйел атып шықты. Жай жүргінші біреулер екеніне қозі жетіп, соны місе тұтпағандай тосылып барып ішке сып беріп кіріп кетті. Шал машинадан аспай-саспай тұсті. Қол-аяғының үйіғанын ауырсына қабағын кіржітіп, созылып алды. «Иә, батырекесі, бұл қай совхоз? Е, мал заводы де, малдың күйі қалай? Жайылмайды де. Бір-екі мезгіл жем жеп, қалған уақытта шөп қаужайды де». Шал осындай сұрақ беріп, оған өзі де қоса жауап қатып біраз бөгелді. Ал машинадағылар тықырши бастады. Файыпбек пен ұлының өзіне қарай беттегеніне дейін қалт жібермей бағып тұрды. Інір қараңғысында қойшының кескінін анықтап қарап алғысы келгендей және аялдады. Жаңағы еркіндігінен лезде арылып, даусын жүрексіне ақырын баяу шығарды.

— Енді біздің бүйімтайды сұрамайсың ба?

— Айтып көрініз, тыңдалық, — деді үй несі күлімсіреп.

— Кеше, бүгін осы маңнан жириен қасқасы бар, қарагері бар бір үйір жылқы көзіңе түскен жоқ па?

Койшы қолғап киген қолымен құлағын басты да шалға емініп жақындалап келді. Жүргегі лүпіл қағып соққан шалдың тынышы одан сайын қашты.

— Кеше мына өр жақта шойын жолды жағалап бір үйір жылқы жайылып жүрді. Ішінде өзініз айткан жириен, қарагері бар еді, бүгін көрінбей қалыпты ғой.

— Бәссе, мына жоғары жақта тегі белгі жоқ. Шойын

жолдың жағасында талғажау ететін бірдене табылатынын тіпті ойламаппрын. Осы күнге дейін пойыз турал тастамаса, сай-сайды ықтап кеткен екен ғой, бейшаралар. Қап, бағана төменгі жолмен жүрмей, — деп шал санын соқты.

— Онда не тұрыс, аттанайық, — деп, Файыпбектің өңештегеніне міз бақпады. Жылқының жүрер жолын білмей қалғанының өкініші әлі басылмаған сияқты.

— Мына адыр-адырды қуалап отырып түсетін шығар деп ойласам, шойын жолды жағалап келген екен ғой, алда жазғандар-ай, a!

— Енді соны кешке дейін айта бересіз бе, журейік те, — деді ұлы тықыршып.

— Қайда?! — Шалдың даусы оқыс шаңқ етіп шықты. — Шетінен атып, жамсатып тастауға ма, жеті түнде мен қайдан таппақпын?

Үн-тұңсіз иіріліп қалған бұларды қойши тамға бастап алып кірді.

Таңертенгісін тұрған шал қойшының атын сұрап мінді. Қөптен мініс көрмеген ат әуелі басы ауған жаққа алып жөнелетіндей ауыздықпен біраз алсызып бақты. Тұң деген түкірік жерге түспейтіндей қақаған аяз. Қылаулаған қар үздіксіз өрмек бол төгіліп тұр. Тек аттың танауынан атқылаған буғана тоңазыған бойын болымсыз жылы лебімен бүркеп өтетіндей шалды бір алдамшы әсерге бөлейді. Қойши атының жүрісі лыпыған жылдым екен. Тоң қарды топылдата төпеп, тынымсыз сықырлатып келеді. Әр-әр тұстан ербіп-ербіп шыға келетін бағанадан ат үркіп, жалт бұрылып кетеді. «О, ит неме, жолдағы ағашты көрмегендей не болды сонша» деп тақымын басып қалғанда тағы ытқи жөнеледі. «Қап, мынаның қорлығы-ай» деп, тізгінді күштеп тартқан шал аттың басын қасқа жолға қарай бейімдеді. Ақ қырауды түмшалай оранған желілер үскірік аяздан керіле түсіп, үнемі тырс-тырс еткен дыбыс қалмай серіктесіп келеді. Қанша уақыт жүргенін де шамалауға асықпады. Төзімнің көтенішегі үзілетіндей болғанда барып, қыыр-шиыр із кезікті. Мынау шағын үйірдікі емес, бір қостың жайланаған жеріне үқсаған сайын шалдың секемі күшейе түсті. «Түнде қонған үйдің иесі осы алдыңғы күні ғана бір үйір жылқыны көрдім демеп пе еді?» деді таң-тамаша болып. Бірқыдыру аралықты желдірте шауып аралап шықты. Темір жолдың бойын қосаяқ атаулы сипыра

ін қазып тастағандай тиген-тиген тұстардың бәрі қопа-рылған қар. «Ойпыр-ой, жарықтықтың қимылының жойқын-ай» деп ат басын сүйсіне тежеді. Қас қағым сәттік осы бір күйінен лезде айрылып, көкірек тұсы сыздай жөнелді. Содан іші-бауыры тоңазып, қалтырап кетті. Еңіске құлдилай құлаған мұншалықты жо-сылған көп ізге назары тұрақтаған сайын бір әлемет-тің төтен еркімен ғана болатын сүмдықтан шошынған сынаидა ат үстінде аңырып, селтиді де қалды.

Ұшы-қызыры жоқ жазықтың ықпыш-жықпышын түк қоймай сүзіп шықкан шалдың шарасы бітті. Шиыршиыр ізден басқа дәтке қуат ештеңе таппады. Астындағы аты тарпаң мінезінен әлдеқашан айрылып, жай аяңға көшті. «Жердің тесігін тауып кіріп кетпесе, енді қайда бұлар?» Осы бір сұрақты өзіне мың мәрте қойғанымен қолдан келер қайран жоқтығына амалсыз жүгінді. «Кісінің көлігін болдыртып алып, ұят болып жүрмесе екен» деген ой санасында қыланытып, бере-кесі ұшты. Қыстаудан шығандап шығып, жол-жөнекей қойшы-қоланнан жай-жапсарды сұрастырганымен ман-дытып ештеңе айтпады. Шағын үйірлі жылқыны бір-екі рет көзіміз шалғаны рас, одан арғысын білмейміз дейді бәрі құдды келісіп алғандай. Сонау Қайыптан бері ауып келгендері ізге түсіп отырып, темір жолдың жақтауынан бір-ақ шықты. Шал ақыры түк өнбейтінін білді. «Бұл бір кәдік екен. Жөндең ізdemесе болмас» деп кешегі түні қонған қыстауға қарай атының басын бұрды.

Қас қарай мезгілде қыстаудың өкпе тұсынан шыға келген шал саірап жатқан тарау-тарау жылқы ізіне тап болды. Тізгінді іркіп ары қарады, бері қарады. Күні бойы тентіреп, сандалғаны санасында қыланытқан заматта бас шекесі солқ ете түсті. Денесі қозғалуға келмей сіресіп, іш дүниесін түгел сүүқ кептеді. Жон арқасы үздіксіз шымырлай дуылдағанда тұла бойы төтенше қалтырап кетеді. Қыстаудың қарасы көрінгеннен-ақ жүрісін шапшаңдатқан аттың екпінін көтере алмай ауырсына бастады. Бей-жай құлықсыздық-ка тап болды. Жылқының бір барған жеріне он ба-рып, дүниенің жерін шарлап тастағанына қынжылды. «Бәрі қарасы көп екен деп алданғаннан фой. Ақылдан алжасу деген осы шығар? Әйтпесе ертеңгісін-ақ біліп, мұнша ит әуреге тұспеуі керек еді. Әлде өзіме өлге-німше тиесілі ырыстың басымнан тайғаны ма?» Шал

шошынып, селк ете түсті. «Менде кайбір асып-тасқан ырыс болып еді? Тәнірің пенде ғып жаратқан соң кейде өзіңе-өзің сұқтанасың. Сексенге таяп селкілден шағында секиіп атқа отырған деген жақсылық па екен?» Багы мен ырысының басынан тайғаны ойна қайдан келгенін кім білсін, шал, әйтеуір, қатты қамығулы қүйде отырып, қыстауға қалай жеткенін де байқамапты. Сыртта жүрген үй иесі бұған тұра ұмтылып келіп, қолтығынан демеп аттан түсірді.

— Эй, ақсақал-ай, көкбалақ болып, әбден тентіредініз-ау! Сәл аялдағаныңызда болатын ба еді. Қудай айдал жылқының өзі келген жоқ па. Ерекк тайдан басқа пышаққа ілінетіні қалмапты. Нөкерлеріңіз соңып, жайғап алды, сізді ары күтті, бері күтті. Әсіресе боланың қатты қамықты. «Күте тұрайық» деп те көрді. Бірақ ана біреу көккөз құртық неме құдайдың қып-қысыл бәлесі екен. Едіреңдеп болмаған соң бағана сәскеде кетті.

Шал ләм деп тіл қатпай, үйге сүйретіліп кірді. Ерлі-зайыптылар бәйек болып, төрге көрпе төседі, басына кос қабаттап жастық қойды. Дастанкан жайылып, шай әкелінді.

— Құні бойы нәр татпаған да шығарсыз, шай ішіп, бой жылтыныңыз. — Осы сөзді бұлардың әйелі, болмаса еркегі айтты ма, айыра алмады. Басы зеніп, көзінің алды тұмандана шымырлап тұрып алды.

— Бойыңызды әбден сұық алды қалған ғой, қуні бойы қақайып, атта отыру көрі адамға оңай дейсіз бе?!

Үй иесінің даусы миын шағатында қатқыл естіледі. Қабағын қинала кіржитіп шытқан шал басын құлықсыз көтеріп, жөнделіп отырды. Нарттай қызарған өні домбыққан ісік. Әбден сұық сорған шырайын пештің кызу жалыны желпіген сайын қанқуренденіп, кісіге сүзіле қарағандағы кескініне екіойлылық іркіліс тауып, алабұртты. Ақшулан сақалын қуні бойғы аяздың қырауы тұтып қалғандай аппак. Шайды үрттаған сайын жақ сүйегі дызылдап, бетінің ұшы шым-шым етеді. Сонаң кейін жылымшы тартып, сүйсіне алмай кесесін төнкеріп, болдым деген ишара жасап, сұлық туғсіп жатты да қалды. Ирге жақта отырған үй иесін бір ауық сыртынан бақылап, желқакты сопақ жүзінен өзін сырт теппейтін етene жақындықты сезіп, көзі ілініп барады. Шымырлай атқылаған тас қайнарға шымшым батып, дүниенің еңсесін басқан ауыртпалық атау-

лыдан лезде женілейіп шыға келгендей алансыз бір тәтті үйқы. Қопаның ұлан-асыр жазығы екен дейді. Шөп басы ұзарып, жусан балағынан шиендер шыккан балапан өскін кінәратсыз мөлтектеген көгіллір рецимен кісінің көзін жаулайды. Ран, бетеге, киікоты, балық-көз, ебелек жердің құйқасын калың тұтастырып, табанға жұмсақ тиеді. Қараса, оны-солы бірдей жылкы. Құлдын біткен құлдырандал шауып, шығандап кетеді де, енелерімен қайтадан шұрқырасып табысып жатыр. Қанжыгалары тоқ жылқышылар топ-топ болып, қауқылдаса әңгімелесіп барады. Өнкей қамыс құлак арғымақ шалыс қылқұйрықтар дәу де болса жылкы за-водынікі-ау. Енді бірде қараса шешесін мінгестіріп алышты. Баяғы тауға арқалап шыққандағыдай жүдеп-жадамаған. Шаңырактай күндігі мен кимешегі қылаусыз таза, ажары бордай аппак. Жан-жағына көз қырын санаттана тастайды, мына жарбиған жаман шалды қомсынатын сыңайда назарын елеусіз тіктейді.

— Косжан-ау, өйтіп-бұйтіп жүріп сен де сексенге келдің-ау, — деді анасы ұлының түркына көнілі толмағандай.

Анасының немкетті тәкаппарлығы мұны ерікіз төжейді. Әйтпесе әңгімесін ағылып-төгіліп айтқысы келіп-ақ түр. Өз-өзінен тығыла бұлқынған бұл бір түрлі көңілі босап, еңіреп жылап жіберді. Оянып кетті. Қозі жасқа шыланған қүйі жан-жағына алак-жұлак етіп қарады. Қазан-ошактың манында әйел тыным таппай зыр қағып жүр де, еркегі пышағын дайындал ко-йып, әлекідей жаланып:

— Дайын болса ана кісіні оятып, қолына су құя-йын, — деді.

Шал өзінің ет пісірімдей уақыт үйқтағанына сенер-сенбесін білмегендей бағжыып кана отыр. Қолын да құлықсыз шайды.

— Ақсақал, ақы иесі өзіңіз фой деп бағана сойылған тайдың маған қалдырылған азат омырткасын астырдым. Бірінші өзіңіз ауыз тиіңіз, — деп шұжықтың үлкен кесегін ұсынды. Шал бірден аузына апармады, шұжықты ішегінен ажыратып алып, ары-бері ұзак қарады.

— Мына тай мықты айрыр болмақ екен-ау, — деді бір кезде.

Ерлі-зайыпты екеуі бірдей елен етісіп, шалға таныр-қай қарасты. Бар діті ішекте болған шал бұлардың

жауап тоса, селтиіп отырғандарын да байқамады. Үй иесінің ақыры шыдамы бітіп, шалға қарай ұмысынып, төне қадалды.

— Оны қайдан білдіңіз?

Суықтан домбыға ісінген шал көзін ішекке шүйілткен күйі:

— Қайран нәрсенің ішегі жуан екен, — деді.

Үй иесі таңырқағанын жасыра алмай басын шайқады, ал әйел төрде отырған томашадай шалға қайтақайта үрланып қарай берді.

«Осы жасқа келгенімше шешем түсіме бір кіріп көрмеп еді, жарықтық әлденеге қамықты ма екен? Түсте жылқы деген не болушы еді?» деп ойлады Қосшыбай.

## ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ

Жайлай биыл жылдағыдай емес, төтенше жауыншашынды. Ойлы-қырлы төңірек аспанмен біржола тұтасып кеткендей дүние жаһан кәкала мұнар болып көлкіді. Жел көтерілгенде ғана қия-қапталды жиектей қонақтаған боз тұман ұзыннан-ұзақ тұтылған перdedей көлбендейді. Қаумалай анталасқан шыңдарға қи-лы-қиыл қилюласқан дөң, жота, тұмсық, шат-шатқал шымырлаған осынау салқын мезгілге бола арқасын жаза алмай қоянжондана дөңкиіп-дөңкиіп шөгіпті. Қойнау-қойнаудағы жалғыз-жарым бұлт жер бауырлай шиratыла есіліп, ақ шатырдай ағарандайды. «Өстіп жайбарақат жатқанда жаз базары тарқайтын болды ау» дегендей бүрк-сарқ қайнап, жанұшыра ақкан асау өзеннің толассыз арқыраған сарыны мұлгіген табиғаттың тынышын алуда. Кесе-көлденең шөккен Майтөбенің кең сөгілген қолтығына сала-сала жамбас жалдар омыраулай ұмтылып бағады. «Сендердің қажеттеріңе жарамаған күнім бар ма еді, келсендер келіңдер» дегендей тұғырына нық орныққан Майтөбе маңғаз. Ирек сайдың кішкене жазықтау ашық алаңқайына қонған қоңыр үй үйытқып соққан желден қаусырыла дөңгеленіп үйірілсе, қарсы қапталдың тікеден-тік өріне бастайтын биік тепсесінен орын тепкен келесі біреуінің екі жапсары «алақай, күн шықты, күн шықты» деп қуанғандай үздіксіз жалпылдайды. Онысы көз

ұшында қалықтап ұшқан зор қарақұстың анда-мұнда серпіген қанатына ұқсайды.

Басы сүйірлене шошайып көкке ұмтылған шоқы бауырына қарай көсіле жазылып, пышақ қырындай иекпен тұтасып тынатын қапталға салынған қой тұнған өрістің көк майсасында шашылған шақпақ тастардай аппақ. Тоңазыған тұнық ауаны кернеп тұрған кереметтің құпия сырын бір өзі ғана білетін сыңайда Демеу қойшы тың тыңдайды. Шапыраштана кең ашылатын көзінің аясына құтырынған ұшқын сәт сайын кәдік ұялап, қалақайдай қағылез сопақ жүзіне қан лап етіп жүгіріп өтеді. Делдиңкі танауының желбезегі күн көрінетіндей жұп-жұқа.

Көлденең жалдан кенет бес-алты кісі дабырлап шыға келді. Бір-екеуі ғана ерек, қалғаны әйел: күнге шағылысып ағарандаған ақжаулықтары шалқар көлдің айдынында жүзген аққудай баяу қалықтайды. Ынты зарлыққа толы сезім бойын билеген Демеу оларға телміре қараған күйі еріксіз жұтына түсті.

— Мына шешектің жаңбыр есін алып, есендіретіп жіберген бе, аңқайған тұрысы жаман.

Санқылдап сөйлеген әйел сықылықтап күлгендे беткейдегі пырдай болып жатқан қой тұс-тұстан елең етісті.

Ыңыршағы шыға ырсіған жаман аты да атасы жылқы болған соң жөні осы шығар дегендей жалын тікірейте оқыранып қойды.

Бұлар қайда барып, қайда кояды, оның бірі де ойына кіріп шықпаған Демеу осы дурмекке ілесспесе қалып қоятындағы атына тұра жүгірді. Жарқырап шыққан күннің шуақты сәулесі жалғызыраған елегзулі сезімді қуыс-қуысқа қып тастан көнілі жадырай алышпұшып барады. Мәстегінің тұсауын ағытып, айылын жанталаса тартып болғанша төпелеген көп атты тұра тұсына дүсірлетіп келіп қалды. Бұл жалт бұрылды да назарын әркімге бір дегбірсіз тоқтатып өтіп:

— Саламәлик! — деді. Жіңішке даусының серпінді шыққаны сонша, күз шыңыраудың құлдилаған етегіне дейін шаңқ етіп жаңғырығып, беткейдегі жақпар тас оны тосаң сарынмен сол күйі қайталап тынды.

— Уәликімсалам! — деп, Тасболат деген жамағайын қойшы қоңыр үнін әндете созды. Ішке сыр тарта бойлай алатынына сенімі кәміл кейіппен шегір көзін қадағанда қызылқоңыр нұр меймілдеп төгіле жаздай-

ды. Қап-қара салбыранқы мұрты қола түстес өніне тұтасып, әлпеті кісі дәт қылып қарай алмайтындей сұстанып кетеді. Мұртының ұшын ширатып, тесіле төнген қалпы жарқ ете қоймайтын тұнжыр. Болымсыз езу тартып, жылыұшырағанның өзінде көзі сыр бермес терең тұңғызы.

— «Қатын дүшпан» дегенді қазекең тегін айтқан ба, осы екі арада Демеуге кінә қоятындей болып тұр ма. — Тасболат жорта қатқыл қабақ танытып, сыздана тіл қатты. Күйеуінің мінезіне әбден қанық Жамал мына бір сөз шымбайына қатты батқандай қасақана бұртия қалды. Сөйтсе де әлденеден ши шығып кетіп жүрердей қасын қылықты керіп, оған бір түрлі сактанып жәудірей қарады.

— О, шіркін, сендерге дүшпаннның онайдан табыла кететін-ай, осы. Биліктің бәрі бауырыңың қолында тұрса көрерміз, — деп, бүкіл салмақты Демеуге қарай аударып жіберді.

Бұлар не деп тұр, менің қолымда не бар екен, мұның ешқайсысы түйткіл бол көкейіне қонбай, сөл базыналық білдірсе басқа шығып кетуге әзір түрған Демеудің саясы аздау қалпын үн-тұнсіз бақсан Жамал әлденеден сынық тарта сыпайы тіл қатты.

— Қайным-ау, біздің шал мына Желдібай екеуі даалаға түсіл бара жатыр. Қойлы ауылдың біраз қатын-қалашы жаксы ырым болын деп, сендердің үйге қарай шыққан бетіміз. Қазақтың салтын білесің бе өзің, білмейсің бе, күрсак шашу деген болады.

— Біле, біле, — деп, әлденениң мәнісіне енді жеткендей Демеу ырсының күліп жіберді.

— Біле, біле болса бастағын. Шешең әйтпесе үйінен қуып шығып жүрер.

Ат басын іркіп, іріліп қалған топ қия қалталға қарай жөңкіле қозғалды. Оқ бойы озып шыққан Тасболат кеудесін шалқақтау ұстап, ерге нығыз отыр. Жылдым жүретін жуан сары аттың белі қайқая ма-йысып барып түзеледі. Ат сауырына қамшыны сипай сілтеп, жан-жағына бажайлай қарағыштаған Тасболат:

— Эй, мына Демеу дегенмен өрістің жайын біліп қалыпты. Құнгейіне мал аяғы әлі тимепті, — деп сүйсінен дауыстады.

Демеу де атына Тасболатша нығыз отырып, төніре-гіндегі ақжаулықтылардың қасынан қораздана қоқып өтті. Бас-көзіне тоқпактап отырып, зордан желдірген

жаман аты осы кезде арқасындағы жауырын ауырсына белі майысып, дегбір таппай қиқандап кетті. Тасболаттан өзгесі бұған ду құлді. Шамырқанып кеткен Демеу камшыны онды-солды сілтегендеге ғана аты құлағын жымып, қопаң-қопаң желіп барып, кібіртігіне қайта көшті.

— Шешек-ау, жігіт деген бір жақсы атты сайлап қоймай ма екен, үйде ай-куніне жетіп отырған келіншегің анау, тұздегі малың мынау. Өзің тағы жалғызіліксің. Қөрмейсің бе, өзіндегі біздің еркекті. Шал, шал да болса жігіттей, — деді Жамал сықылықтап құліп.

Екі көзі шырақтай жанған Демеу Жамалдың тұсына жетіп келді.

— Мен онда аға тоқал әпере, — деп өңештей жөнелді.

Қекейіне әлдеқалай құдік қонақтап, сол жанына қатты батқан сыңайда тосыла қалған Жамалдың әдемі қара торы кескініне лезде лыпып қан жүгіріп, көзін бұған төңкере тастады.

— Арманың сол болса, онда әпер. «Ағамның екі қатын алғаны жақсы болды, біреуі маған тиеді» деп бір жынды қуанған екен, әйтеуір, соған ұқсап жүрмесең жарады да. — Ештенеге қарайламай салып ұрып бара жатқан күйеуінің сом бітіміне соңынан бір мезет қадала қарал бөгелді де, көкшіл көзі шарасынан шыға шакшип тұрған Демеуге назарын сұық тікті.

— Ку шешек-ау, біреуге қатын әперіп жарылқағанша, одан да мынаны айтшы, Қадірсіздің қойшы тапқанын қалайсың ба, әлде?..

Ерге шұғыл түзеліп отырған Демеудін аңқайған әлпетіндегі болымсыз ыңғайсызданғандық тез-ақ сейілді. Кораздана қоқып, жан-жағына алақ-жұлак қарағанда көкшіл көзі құлімдеп, қайнылық базынасының өтімділігін асыра тұскісі келгендей еміне төніп келді.

— Қадісін ұл тапса баға, қыз тапса өлтіре.

Нақ қазір бір сүмдық болатындағы бағжаң ете қалған Жамал төнірегіндегі жайрай құлгендерге бір кезде өзі де қосылып кеткенін сезбеді. Кенет қалт тынып, шыннан солай ма деген кейіппен Демеуге абыржып, таңырқай қарады. Абайсызда бір күпіршілік айтып қойдым-ау, оны жаратқаның өзі кешірсін, тәубеме келейіңші дегеннің Демеу өңінен жұқанасы сезілмек тұр-

мақ, әзіл-оспаққа үйірсектеп, өзеуреп, өршеленіп барады.

— Е, құрыған шешек, онда жетіседі екенсің, — дегеннен басқа амалы қалмағандай Жамал селқос тіл қатты.

Атының басын еркіне қоя бере салған Тасболат денесіне ие бола алмай екі иығы селкілдеп, ер устінде ырғала тербеліп барып, әзер дегенде тізгінді еңкейіп жиып алды. Осы қазір ғана мұлде күлмеген жандай қалың қабағын сұстана түйіп, шегір көзін төңкере тұнжыры тастап:

— Эй, қожанасырсың-ау, Демеу, — деп, басын шайқағаннан басқа сөзге келмеді.

— Қыз саған бала емес пе, — деп, Жамал бір жақ шаужайынан жармасып қалмай келеді.

— Биылғыдай жауынды жазда Қадірсіз келін бір Жауынбайды тауып берсе, төбең көкке екі елі ғана жетпей қалайын деп түр екен-ау, Демеу батыр. Сонда да малыңа ықтиятты бол! Мұндайда итқұс дейтін пәлеңің қағынып кететін әдеті, — деп, жүрісін баяулата түскен Тасболат әңгімені дереу шаруа жайына бұрып жіберлі.

Демеу де бір жайды парықтап, пайымдағысы келгендей назарын ойлы-қырлы өлкенің әр түсіна жүгірте қадады. Қозаңдегі көкжасыл ұшқын лезде сейіліп, аяқ астынан қам көніл бола қалған ол:

— Айдал бара көп, айдал келе көп, мен қайда біле, — деді бір нұктеге ежіре耶 қарап.

Тоңази маужыраған ауаны бұзып-жарған қыран-топан құлкі тұнғиық құрдымға сауылдай сіңіп, әлдебір тұстан саңқ етіп жаңғырығып шығады да, қайтадан тына қалады. Қекала сағымға бөгіп мұнартқан тау томсара ыздыған қалпынан лезде айнып, жаңғырық-қан үнге косыла селтендеп кеткендей көрінді. Ат жалын құша еңкейген Тасболаттың жота түсі тынымысыз бүлкілдеп барады. «Мына ноқайға бүгін бірдене көрінгеннен сау ма, өзі?» дегендеге сұктанған қалған Жамал да ақыры шыдамай құлкіге ерік берді.

— Біраз күн күлмеп ек, көнілімізді әжептеуір кір басып қалыпты. Эй, дегенмен жарайсың, Демеу, — деп, Тасболат ерге жөнделіп отырды. «Бұл жарықтың қамсыз күні бола ма, тәйірі. Алдыңа салып алып қаптатып өріске шығарасың, қаптатып әкеліп қоралайсың. Ондай уақытта «айдал бара көп, айдал келе көп,

мен қайдан біле» дегеннен басқа, шынында амалың жоқ екен-ау», деп ойлаған Тасболаттың қалың қабағы бұлк етті.

Капталдата жүріп отырып, жал басына көтерілген бұлар аумақты жазық түсқа қонған үйге жақындай бере аттарынан түсті. Тізгіндерін еркектерге үстата салып, жайлап басқан әйелдер жұбын жазбай ұшып келіп қонақтаған жыл құсына ұқсайды. Тек Демеуғана алдынан кезіккен үйге сусын ішуге бұрылған жолаушыдай бәрінен бұрын жетіп келіп:

— Кім бар, а, кім бар, а? — деп қатты дауыстады.

— Кім бары несі, жын соғып кеткен бе мынаны, — деп, есікті жұлқып ашып шыққан шешесі саңқылдай сөйлем, сыңқылдай күлген әйелдерге мандайын қолымен көлегейлей қойып, ұзак түйіле қарады. Абдырап абыржыған Демеу де сол түсқа қарай жалма-жан жалт бұрылды. Бір-бірінен аумайтын көздер түйіскен заматта қара кемпірдің салыңқы жүзіндегі сейілмейтін көңілсіздік жер табандата ұрсатын шаққа таянғанын сезді. Үлкеннің сес-айбатынан сескенудің жөні осы шығар дегендей Демеу тым бұйыры бола түсті.

— Мына жарымағырлар неғып қаптап кеткен өзі?!

Бәрін құдды бастап келген Демеудей, қара кемпір шырағы әлсіреген жанарын бұған ұзак шүйілтті. Тасболаттың әйелі Жамал осы кездे кейістік біткенді серпілтіп тастайтын әдеттегі жайнақ қаққан міnezіне бағып:

— Женеше-ау, амансыз ба, арамыздағы ескі көзден қалған сіз ғанасыз. Келіні болса ай-күні жақын, баласы кешке дейін қой соңында жүр, көпшілікке үйренген кісі еді, жалғызыраған шығар, халін біліп, көнілін кішкене көтеріп қайтайық деп, қойлы ауылдың қатындарын ертіп келемін. Ал мына балаңыз үйге жүр деп те айтпайды.

Жамалдың ойнақы дауыс әуеніндегі сиқырлы сырға көбірек дендегендей қара кемпір шырайын күрт өзгертип, көнілі бұзыла көзіне жас алды.

— Жамал-ау, сендей келіннен садаға кетсе де болмай ма. Қөнілдегі шерді тарқатып, сөйлесең сөзді ұғартын кісі керек. Өзіңнен өзің таусылып, қам жеп, қапа болғанда да орнына келіп жаткан ештеңе жоқ, — деп, жаулығының ұшымен көзін сүртті де, әйелдердің аттарын жақсылап бекітіп, еңістеп бара жатқан Тасболаттарға көзінің қырының қадады. — Анау сенің кү-

йеуің бе, кәрі жеңгесіне деген аманы сатулы ма, бұрылыш сәлем беріп кетсе қайтер екен!

Қозғалмаған әңгіме қалмады. Демеудің жол-жөнекей айтқан сөздеріне дейін естеріне алыш, бәрі мәзмейрам болысты. Қара кемпір ара-арасында шарасыз күліп:

— Құдайдан сұрап алған деген осы, әй, қуарған күштіңіз-ай, — дей берді.

Еш әңгімеге араласпаған Қадірсіз ғана күлген жоқ. Қадірсіз ғана көнілсіз жүрді.

Күн үясына тақап, кас карай мезгілде ғана әйелдер орындарынан тұрды. Оларды біраз аралыққа дейін шығарып салып қара кемпір қайтып келді. Демеу қойын коралап, атын жіберді. Қадірсіз ғана сыртқа бір шығып, ішке бір кіріп тыным таппай зыр қағып жүр. Манағы ырду-дырду сап басылып, бір қолайсыз тыныштық орнағандай. Құбыла жактағы үйреншікті орнына жайғасқан енесінің жүзі шамның жарығында әлденеше құбылып, алаулап көрінеді. Бүгінгінің бәрін көңіл таразысына салғандай кенет ұлына жалт бұрылды.

— Аузынды бағып неге сөйлемейсің сен осы? Айкүніне жетіп отырған қатыныңа тіл-көз болады-ау деп те ойламайсын.

Қадірсіз қалт тынып, жасаураған көзін біресе енесіне, біресе күйеуіне тастап, жыламсырай үн қатты.

— Апа, өзімнің де қыз тапқым келіп жүрген жоқ, ол бейбақ та мен сиякты елдің мазағына айналып сорлайтын шығар. Жамал жеңешем балаларын қоркытканда, Қадірсіз келе жатыр дейді екен. — Қадірсіз сөзін ары қарай жалғастыра алмай солқылдан жылап жіберді. Қара кемпір келініне ұзак шүйіліп:

— Жамал жеңешем деп Тасболаттың жаңағы ербігін немесін айтып отырсың ба? Женеше болмай жерге кіргір, жетіле қалыпты ғой. Жыртық көйлекпен келіп еді, әй, шіркін, бәрі ұмытылады екен ғой, — деді өзінен-өзі сөйлегендей ойлы нышанға көшіп.

Демеу жүзінде де камығу бар. Қүйеуінің мұндай қалпынан тез арылып, бейғамдығына тез көшетінін Қадірсіз жақсы біледі. Оның кейде тек әлденеге алан бола қалатыны жанына қатты бататын сиякты. Айыбы, әр сөздің басын шалып айтады. Эйтпесе ақыл-есі бүп-бүтін. Ойын жеткізе алмау да сордың зоры екен

фой, бұл. Сол үшін де Демеу кейде қиялға ұрынып, ойқы-шойқы сөйлейтін шығар. Бақса, бұл да бір бала. Дегенмен жанағы сөзін ауыр алғаны несі? «Мұның сонда бір мезгіл адам көнілін аулауды білмегені ме?» деді іштей.

Демеу көкірегін қақ айыра ауыр күрсінді.

— Жаман ырым бастамай тыныш жатқын! — деді шешесі қатқыл дауыстал.

Қадірсіздің ары-бері аунап, тыныш таппай дөңбік-шігенінен Демеудің көпке дейін көзі ілінбеді.

Салқын самал үздіксіз еседі. Шымырлаған шырт қаранды түнде жаратылыс марғаулана түсіп, алансыз үйқыға кете бастады.

Текшелерге бұрынған күн шындардың үшар басына иек арта қылтиып шыққанда көлеңкелерді іргесінен түре қуып, тау асырып тастанады. Жылы орнынан құлышыз көтерілген Демеу осынау жаратылыстың байыбына бара алмаған сұраулы кейіппен бір сәт жатырқап шолды. Аспанға шапшыған шоқылар мен құлдилаған сай анғарлардың теріскей-теріскейі ғана әлі көмексі. Қадірсіз таңертенгісін мұны ылғи түртпектеп оятатын. Бұл сонда тәтті үйқыны қимай тырп етпестен жатып алушы еді. Сол «тұр-тұрды» бүгін де көп күтті. Ақыры еш дыбыс болмаған соң, сыртқа сүйретіліп шығып, жадағай қорада жатқан қойды қияға қарай қаптатып өргізді. Бақса, әйелінің оятуында жанын ләззатка кенелтетін бір керемет рақаты бар екен. Қадірсіз енесіне байқатпай мұның бүйірінен түртіп, қытықтай бастағанда келесі қырына қарай аунап түсетін.

— Еркелейтін кезді тапқан екенсің сен жаман. Тұр, қойыңды өргіз! — деген шешесінің даусы қатқыл шыққанда барып апыл-ғұптың киініп, сыртқа ата жөнелетін. Өз бағасын бұлдай алмайтынына бір түрлі ашу-ызызы қозды. Қенет көз алдына Тасболаттың салбыраңқы мұртты кара қошқыл кескіні келе қалды. Сөзге сараң ол әйелі мен бала-шағасына да тым жайсыз. Биылдың өзінде бір-екі рет Жамалды сабап жатқанының үстінен түсті. Ашынып алса Жамалың да тілін тартпайтын көк сойқанның нағыз өзі. Жан дәрмен арашаға түсіп те көрді. Болмаған соң көкірегін үрғылап, айқалап та жіберді.

— Қадірсізді мен неге үрма?!

Өзіне көзін шақшита ежірейіп тұрған бұған Тасболат ақырын жакындалап келді.

— Шіркін, сен де кісіге ақыл айтуға жараған соң, бұл дүние оңған екен де, — деп, езуіне абызырып үйіріп, сұық жымырап алды да: — Сенің үйіндегі келін бір басқа да, біздің үйдегі қатын бір басқа. Мұны анда-санда осылай сабап тұрмаса жын иектеп кетеді.

Жамалға таңырқай қараған Демеу Тасболат сөзінің шындығына дендей алмай селтиіп іркілді. Жаулығымен көзін баса жылаған Жамал қалттынды.

— Ағаң рас айтады, үйіңе бар да Қадірсізді саба, Тасболат үлкендігін көрсетіп, осылай істе деп үйретті де, шешеңе.

— Мынаның лазын қарай гөр, — деп, Тасболат тұра ұмтылғанда Жамал шынғырып жіберді. Балалары да шұрқырап әкелерінің аяғына оратылып жатыр. Тасболаттың арқасынан қапсыра құшақтай алған Демеу оны артық қимылға барғызбады. Осы оқиға жаңа әзірде болғандай Демеу бір түрлі шиыршық атты. Қарсы алдындағы беткейге қойды жаппай қаптатып, үй жағына қарай көз тікті. Құнделікті қыбыр-жыбырына әлдекашан кіріспін кететін Қадірсіздің қарасы әлі көрінбейді. Үй жаққа жәудіреп қараған сайын көңілі қамырып, елегзи түседі. Оразасын ашатын мезгілдің өтіп кеткені де қашан. Аяндал келді де, есіктің тиегін жайлап ағытып, ішке енді. Бұрышта тыныш таппай аласұрып жатқан Қадірсізді көріп қалт тоқтады. Ал жаңадан тұрып, асып-сасып киінуге кіріскең шешесі нұры әлсіреген көкшіл көзін бұған ұзақ шүйілтті. Әлденені шалашарпы түсінгендей болған Демеудің көкірек тұсынан бірдене лап етіп тұтанды да соның қызыу лезде тұла бойына жайылғандай ысына жөнелді. Дегбірі қашып:

— Апа, Қадісін не? — деп сұрауға шамасы әрең келді.

— Түкті де түсінбей тұрғаның-ай, шіркін, — деген қара кемпір Қадірсіз жаққа иегін болымсыз изеді. — Кешегі қатын-қалаштың бірін қалдырмай шақырып кел!

Қатты қинала арпалысқан әйелінің көзі кенет өзіне қадалып тұрғанын аңдады. Осы сәтте қатты абыржып, сасып-салбырап қалды. Сұық қарастың уыты өңменінен өтіп, іші-бауырын қалтыратып барады. Орнынан әлі қозғала қоймай қалшиып тұрған бұған шешесі кенет:

— Ойбай, сен тұрма, шап! — деді.

Асырып атқа қонған Демеудің ойынан анасының

сұсты кейпі мен Қадірсіздің дөңбекши аласұрғандағы үсқыны кетпей тұрып алды. Тік еніске қарай бір үміт, бір қауіп дедек қақтыра құлдилатып келеді. Әшейіндең іiek астындағы омарта бір жаққа жылыстап жоғалғандай қарасы көрінер емес.

Екі-үш үйдің әйелдеріне мән-жайды үзіп-жұлып жеткізіп, тез кері қайтты. Үлди-төменге бірдей жүріп, әбден титықтап болдырған атын борбайлата отырып, кезең үстіне шыққанда төбеде қалшиып тұрған шешесін көріп шошып кетті.

— Әлгі жүрімі құрғылардың келетін түрі бар ма? Сен көкем де қайбір шекесін қыздырып айттым дейсің.

— Келе, келе, — деді бұл сасқалақтап.

Қолымен көзін көлгейлеп, сонау құз сайға ұзақ телмірген анасы бұған қайта бұрылып:

— Мына төбеге шық та, қарап тұр! Ана қатындардың біреусі көрінсе, асықтыра тұс, — деді де үйге қарай жылдам басып жүріп кетті.

Осы кезде Қадірсіздің аңы айғайына состия аңырып барып, көлденең белге тез көтерілді. Қунгей мен теріскейге бірдей көз жүгіртіп, етектегі сонау жалғыз аяқ жолға түсіп, өрге қарай тырмысқанда Жамалға жорыды. Ал қалған әйелдердің әлі көрінбегеніне әжептеуір қамығып, Жамалдың сұлбасын нысанана ала аялдалап тұрды да қойды. Қелесі тұмсыққа шыққанда ғана қарсы жүрді. Қозін өзіне төңкере ойнақы тастаған Жамалдың әлпетіндегі жайбарақаттықты байқап, тосылып қалды.

— Толғақ па, не өзі? — деген сұраққа таңырқай бағжыып қарағаннан басқа ләм деп жауап қатпады. Демеуге зейін бұра қараған Жамал болымсыз езу тартты да, ақырын тебініп жүріп кетті. Бұлар көрінгеннен-ак дүрсे қойған қара кемпір:

— Қарағым Жамал-ау, әне келеді, міне келеді деп екі көзім төрт болды ғой. Қосеген көгергір, тез жүре қойши! Әлгі қатындарың қайда? Ойпырмай, пірсіздерай, келе қалса қайтер екен, — деді.

Қара кемпірдің асып-сасқаны түк әсер етпеген Жамал үстамдылығынан жаңылмай аттан түсіп, тізгінді мама ағашқа асықпай ілді. Ерде шоқыып отырған Демеуге көз қызығын тастап, қулана жымып алды да:

— Келініңіздің толғағы ашты-ау, шамасы, — деді.

— Е, кім білсін.

Қадірсіздің апатайлаған жалынышты даусынан Де-

меудің жүрек тамырын әлдене жұлқып тартып, солқылдата ауыртып өтті.

— Құр босқа айқайлағанша «Бибі Бәтима пірім, колдай көр» деп сыйынбайсың ба!— Шешесінің қатқыл даусынан әктем сыз білінеді.

— Жеңеше-ау, біз екеуміз не бітіреміз, ана баланызды шақырмайсыз ба, — деп сөзге бір жағынан Жамал килікті.

— Ой, сен де қайдағыны айтады екенсін!

Жаңағы өзі шақырып қайткан әйелдер де жетіп, ішке сып беріп кіре бергенде ар жақтан аласұрган Қадірсіздің ашы үні ерекше серпінді естілді.

— Майды оттың қозына тақа! — деген шешесінің айғайы қосамжарласа шықты.

Бір кезде жаңағы шу сап тынды. Орнай қалған үрейлі тыныштықтан қатты сескенген Демеудің жаны мұрнының ұшына келгендей бір түрлі қыстығып баралы. Арада қанша уақыт өткенін де білмеді. Құн көзі Суықтөбе шыңын иектеп үлгеріпті. Демін ішіне ала қалшиған бұл аяқ астынан шар ете түскен ашы үнді естіген заматта тәбе құйқасы шымырлай жөнелді. Қазалдыңдағының бәрі сұрапыл жылдамдықпен бір жаққа қарай заулап бара жатқан сияқтанды. Шеке тамырларына дейін лұпілдеп, дегбірі қалмай ұмтыла бергісі келіп түрғанда ар жақтан Жамал шықты. Бұған на зарын салмастан белдеуде түрған бақанды ала салып, жерді тоқпақтаған бойы әлденеге «тұс, тұс» деп үйді бір айналып шықты. Ештеңенің мәнісіне бара алмай анқайған Демеуді содан кейін байқап, қасы-көзін таңырқай керді.

— Қайным-ау, сүйінші! Қадірсіз өзіңен аумаған қойшы тауып берді, — деді күлім қағып. Бір ауыз сөз айтуға шамасы келмей қалшия бағжиган мұның жеңінен Жамал тартқылаған күйі: — Қайным-ау, естіп тұрмысың, ұлды болдың, ұлды! «Ноқай неменін куанғаны қандай болатынын білмеген соң қын екен ғой» деп, ойлап үлгерген Жамал оның өзіне жалт қараған сәттегі шақшиған көз шарасынан мөлтілдеген жасты байқады. «Қайтсын-ай, бейшара» деген сыңайда бет-пішіні алабұрта құбылып, сәл болса жылап жіберетінен шошынғандай Жамал ішке сып беріп кіріп кетті.

Айналаны қаумалай анталаған тауға еріксіз көз салды. «Мен Деме, мен ұл». Әр тепсең мен текше, саймен өр — өркіліген көнілінің ыңғайына қарай құбы-

лып, көзінің алдындағының бәрі дөңгелене үйірлді. Майтәбе шынымен деңгейлесе біткен ұшкір шоқы — Бесқоныс. Ал онымен иықтасып келіп, өрге омыраулап ұмтылған тәбе — Жүрекше. Соған қарап қатты да қалды. Тілінің шолактығы қаперіне кіріп-шықпайтын болмысынан иманжұзді мейірбандық аңқиды. Осы кезде қойлы ауылдың Жамал бастаған қатын-қалаши мұның қасына топталып келіп, қоршап алды.

— Үйде Қадірсіз, түзде сен толғатқаннан саумысың? Сүйіншің кәні? — десті. Жұп-жұқа сопақ кескіні қызыл шырайланған алабұртқан Демеу ырсиып құле берді. Кенет бойын тіп-тік ұстап қаздынып түрған шешесін көргеннен-ақ абыржып, берекесі ұшты. Әлдене айтпақ ойы бардай бұған бір мезет сүзіле қарап, жүзін самар-қау бұрып әкетті.

Үйге бір түрлі жүрексініп кірді. Қадірсіздің қуандau кескінінен қиналыстың табы терең анғарылады. Қоз шарасында бейілді ұшқын жұмсақ жылтырап, монтаны кейпіне жайдарылылық үйірліпті. Бұл кіріп келген-нен-ақ Қадірсіздің өніне қызыл жүгіріп етті. Біраз ошарылып тұрып қалған Демеу құндақтаулы нәрестеге ебедейсіз еңкейіп, құйтақандай тіршілік иесін ұзақ қызықтады.

— Не болды сонша тесіліп? — деді Қадірсіз зорлап жымығысы келген рай байқатып. Мандайындағы жіп-жіңішке сызықтарда көлкілдеген тер мөлтілдеп тамып кетуге шак қалып тұр! Шешесі бастаған әйелдер сырттан кіріп келгенде баласына етene жақын отырыснан жөнделіп жайғасуға үлгере алмай асып-сасып қалды.

— Мына шешектің балажанын қарай гөр, — деді әлдекім.

Қарашибар кескіні тұксиіңкі тартқан шешесінің суық қарағанынан сескеніп, кейін серпілді.

— Елпектемей жоғал әрмен, жаман неме, иектей қалыпты ғой, маған барып!

Бесікке саларға қойлы ауылдың тайлыштығына дейін қалмай түгел жиылды. Сыртқа ұзыннан жайылған дастарқан басына жағалай жайғасқан үлкендер қызды-қыздымен тойды өздері билеп-тестеп кетті. Бастаның қосылып, еркіндік өздеріне тигеніне балалар мәз, ойынның қызығына түсіп, онашалау жерде шүркүраса шуылдан жүр. Барын аямай ортаға салған үй иелеріне

ара-арасында: «енді қайтсін-ай, байғұстар» деп разылығын білдіргендер де табылып жатыр. Ет желініп, қымыз ішіліп болған соң кезек өлеңге тиді. Демеудің қой көзі құтырынған үшкүн атады. Қөпшілікке өзінше даусын қосып ілескенін жатырқаған Қадірсіз кабағындағы жазылмаған кіrbің молая таңырқай қарады. Эйелінің салқын райлы кішік қалпы Демеуді қанша тосырқатқанмен дуылдасқан жүртқа ырықсыз ілесіп кете беретінін кейде сезбей де қалады. Сөздің ретін бұзып, кейбіреу орта жолдан киліте бастады. Қадірсіздің шұңғылы терең көз шарасындағы мұң мөлтілдеп төгіле жаздайды. Гүлдегендерді әлсін-әлі сырттарынан шолып жиырыла беретін енесіне, жүректегі сөзін жеткізе алмай әлектенген Демеуге ұрланып қарағаннан басқа ештеңеге кіріспей оқшау жүр.

— Эй, Демеу, сен қонақ боп кеттің бе, бері келгін, — деген шешесінің әмірлі даусынан оның қитыға қалып, кабағын шытқанына дейін байқады. — Мен саған айтып тұрмын, келмейсің бе, енді. Онысы несі, түгі!

Демеу қасындағы қойшының тізесін баса атып тұрып, шешесінің алдына қаңғалақтап жетіп барды. Ұлына тіпті назар салып қарамаған қара кемпір:

— Ал, ел-жүртім, қара орманым! — деп, даусын жалпыға тастап, бәрін өзіне қаратып алды. Әлі тыныштала қоймаған бір-екеуге нұры тайыңқы көзін бір түрлі түйрей қадады.

— Эй, тыңдасаңшы, сөз айтып тұр ғой, — деп Тасболат қатты жекіп таставы. Өні сан құбылып, көңілі босаған қара кемпір сөзді бірден бастап кете алмай сәліркіліп тұрды.

— Далда тұтып жүрген мына жаманымның алғашқы бірдеңесіне келгендеріне рақмет, қарақтарым! Бұл екі бейшара осындай қоқыр-соқырымен ел қатарына қосылатын шығар. «Қөптің тілеуі көл» деген, балаға атты өздерің қойындар.

Қөпшіліктің арасынан ешкім суырылып шыға қоймады. Олардың назары боп-боз қуаң жүзді Қадірсізге, шарасы әлсін-әлі шақшиып, қарашықтары дегбірсіз ойнақшыған Демеудің түйсігі шамалы болмысына, қакқан қазықтай қаздыып қалған қара кемпірдің тәқаппар тұрысына алма-кезек ауды. Демеу осы кезде «апа» деп дауыстап қалды. «Бұл не айтпақшы» дегендей шешесі жалт бұрылды.

— Бала аты Қекте бол, Қекте, — деп, сөзге жасқана

араласты. Кескіні күрт өзгере сұрланып кеткен қара кемпір:

— Өз тойында өзі билік айтқаны несі-ай, мынаңың! — деді.

Әлдебір әбестікке барғандай Демеу басын тәмен түқырта қойды. Тілегінің қабыл болмағанына қапала-нып, көзінің астымен Қадірсізді бір сүзіп өтті. Қара кемпірдің ызбарлы жүзін бақсан көвшілік әлі үнсіз. Тек Тасболат бірдене айттардағы әдетінше салбыраң-қы мұртын ширата сипап, Демеудің шешесіне назарын тіктеді.

— Шешей, балаңыздың сол Қектесі дұрыс, өсіп, өніп, қоктегенге не жетсін.

Абыржы тосылған қара кемпір шарасыз күліп жіберді.

— Қалай үйғарсандар солай-ақ болсын, қарақтарым! Бұл жаманың да бір білгені бар шығар. Бір жапырақ неменің, әйтеуір, көзге көрінген соң аман болғаны керек те.

Демеу әйелінің қасынан бір-екі мәрте қораздана ойқастап өтті. Ал шырайына лып етіп қан жүгірген Қадірсіз абыр-дұбырға қайта көшкен елге тіл қатқысы келетін ниетін аңғартты.

— Апа-ау, ондай атты нәресте көтере ала ма?! — деп өзінен-өзі тығыла қыстығып, жылап жіберді.

— Қуаныштың үстінде сыйындал жаман ырым бастағаны несі, — деп, әлдене айтпаққа оқталған келінің қара кемпір дереу тыылып таstadtы.

Көвшілік қайта тынышталды. Әйелінің әлпетіндегі көңілсіздікті неге жорырын білмеген Демеу бір мезет тосырқаулы сыңайды үрпие қалып, лезде бәз-баяғы жайдактығына көшті. Қойлы ауылдың естияры саналатын Тасболат иікпей тіп-тік түрған қара кемпірге назарын байыпты таstadtы.

— Нәрестелеріңіздің жасы ұзақ болып, құдай басына тек жақсылық жазсын, — деп, үлкендік рәсімін жасады. Бір-бір ауыз ниеттерін білдірген өзгелер де осыны күткендей шеттерінен көтеріліп, мама ағаштың тұсына дейін қауқылдаса әңгімелесіп келді. Матастыра бекітілген аттарды былай шығарып, жаппай мінген олар өзілдесе дабырласқан күйі топ-топқа жырылып, бірі ылдина түссе, келесісі тік өрді жалдатып барады. Көвшіліктің соңынан сазара қарап түрған Демеудің ұсқыны күрт өзгерді. Қекірек сарайын тымырсық ауа

кептегендей қинала булығып, берекесі қашты. Қазан-ошақтың төнірегіндегі төпелеме ыдысты жууға кіріскең Қадірсіз басын көтеріп, бұған ұзақ тесіліп барып, кем-сендеп жылап жіберді.

— Саған жай ат жетпеді ме?!

Не деп жауап берерін білмей аңтарылған Демеу тұрып-тұрып үйге кірді. Төрде қаздып отырған шешесінің қарашибар сұық райынан да секем алғып, сосия аңқайып қалды.

— Әй, сенің ана жаман қатының не деп тантып отыр. Эруақ-құдайды алдымса салатындаі ол кім сонша! — Түктің де мәнісін түсінбеген Демеу калшиған қалпы іркіліп тұрды да сыртқа сүйретіліп шыкты.

Жүресінен отырған күйі басын жерге салып, екі нығы селкілдеп жылаған Қадірсізді көрсе де бұрылмастан отқа қойылған атына қарай ілбіп басып барады. Жаурыны қушиып, еңкіш тартқан сырт бітімі бейбастактығы ушін онбай таяқ жеп өкпелеген ойын баласының кейпіне қатты келеді.

Қадірсіз жатса да, тұрса да, аузынан тобасы түспейтін бір халге ұшырады. «Киеңнен айналайын, Қектекше, пендем десен кешіре гөр», — дейді. Керіліп-созылып алмай күйбенің үйреншікті қамытын тез-ақ киген Қадірсіз әлсін-әлі шырылдан жылаған Қектені алуға мұршасы келмейді. Нан жауып, тамақ істеп тыным таппай зыр қағып жүгіріп жүр.

— Әй, баланы алсаншы, ішегі қатып қалатын болды ғой, байғұстың,— деген енесінің сөзін елең де қылмады. Ақыры болмаған соң, алдына алғанын көрді. Әлденелерді айтып, жұбатып отырғанына әуелі зейін бұрмаған.

— Сенің жаман әкеңде ақыл бар, атынды Қекте қойып, қоктейік, өндейік дегені екен ғой, жазғаның.

Істеп жатқан шаруасын кілт доғарған Қадірсіз: «Мына сөзді айтып отырған Демеудің шешесі ме?» деді. Демеуге кенет қатты жаны ашып, өзінен басқа оған жақын адамның жоқтығын ойлады. Бірақ ол мұның бірін де сезіне бермейтіні жаман да. «Қекте құдды әкесі сияқты болып қалса қайтемін?» Қез ұясының шұңғылынан ытқып-ытқып шықкан жасы бет ұшына іркіліп барып, домалап-домалап түсті. Біршама уақыт состиып тұрып, үйге кірді. Қектені жұбатып

отырғанынан қалттынған қара кемпір келініңің мына сыңайынан сезіктене бағжаң ете қалды.

— Апа, 'балаңыздың аты Қөкте емес, Қөктекше. Демеудің тілі келмеген соң Қөкте дейді, білмеуші ме едініз?!

Бір нүктеге ұзақ қадалған енесі назарын Қадірсізге тіктей қалғанда, пішіні күл түстене сұрланып кетті.

— Тілі келмесе, 'неге келтірмедің сен! Содан өзінді артып тұрмын деп ойлайсың-ау, бір бала тауып бәріміздің төбемізді ойып бітетін болдың ғой! Ештеңе жоқ, біз де қатын болғанбыз, біз де бала тапқанбыз. Тапқан балаң анау мақауың ба деуден де тайынбассың сен. Жақсысын алып, жаманын қалдырған құдайға сөзім ете ме!

— Апа-ау, сіз не деп кеттініз?! — деді Қадірсіз шошынған сыңайды.

Тіктеле. жөнделіп отырған қара кемпір бір шұғыл қимылға баратында қос бүйірін таянып ала қойды. Нұры әлсіреген қарашықтары Қадірсіздің өңменіне қадала түскенде сұық жанарынан бір қабат жас білінді.

— Ал айттым, тергеші, не дер екенсің, әуселенді бір байқап көрейін! Сен менің жаманымнан басқа кімге керексің. Асықпа әлі... — Шекесімен одырая қараған қара кемпір абдыраған келініңің ұсқынсыз шырайынан жүзін жеріне бұрып әкетті.

Қадірсіз селтиіп тұрып-тұрып, сыртқа атып шықты. Бір кезде көз жасына ерік бере жүгірген бойда төмен қарай құлдилай жөнелді. Демі жетпегендей ықылық ата оқтын-оқтын өксіп қалады. Құз табанындағы тақиядай дөңгеленген сонау жота шайпау енесінің кейпіне әлдеқалай ұқсан кетеді. Арқырап-сарқырап ақкан өзеннің дыбысынан қара кемпірдің шаптыққан үні қосамжарласа естілетін секілді. Қалқиған жаужапырақтардың тамырдай тарам-тарамдарына дейін бір түрлі адырайып көрінеді. Бұрылма кезеңнің ойындағы қалың қорыс тікеннің тұсына келгенін бір-ақ байқады.

«Бәле бір адамнан емес, екі адамнан бірдей» деген сөз жадына оралып, өзін ақтаудың еш қисынын таппай дал болды. Бейуақытта үйден безіп шығып, бірдеңенің шалыры тиген жанша оңашаланған мына отырысын әбес санап, өз-өзінен қуыстанды. Кенет құмырсканың илеуіне көзі түсті. Білтенің енідей ғана жіңішке сынзықпен ерсілі-қарсылы ағылған кішкентай жәндіктердің жанкешті қыбыр-жыбырын тұмисында көріп отыр-

ғаны осы тәрізді. Жазғандардың ауыздарында бір-бір түйір дән. «Бұлардың да енесі, күйеуі, баласы болатын шығар? Бірінің алдынан бірі қия өтпейтін не деген тәртіпті еді жарықтықтар!»

Байламы жоқ ойға беріліп көп отырды. Күн сәулесі жоталарға көлбей құлаған шақта шыңырауларға үйысқан көлеңкелердің басы әжептеуір ұзарып, күнгей қапталды ернеулей бастапты. Осы сәтте ойнаға Көкте туңсіп, атып түрді. Тым еңіске туңсіп кетіпті. Мана өзі сырғанап туңсан тікке қайта тырмысып, жанұшыра өрмелей жөнелді. Ара-арасында демі жетпей екі қолын тізесіне тіреп, сәл аялдап алады. Қөлденен қезеңге иек артқанда қарсы алдынан дөңгеленіп шыға келген киіз үйді күтпегендей сілейіп қатты да қалды. Мама ағаштың туында мұлгіп тұрған Демеудің маңғол атының күйкі тұрқы да, төбенің жазық аумағына орын тепкен қараша үй де, төніректегі қантаган жаужапырактардың сыйдырылып, жалаңаштана сойдиған жуан собықтарына дейін бір түрлі жадау. Енесінің шаңқылдаған шамшыл даусын естіп қалт тоқтады. Лұпіл қаға тынышсыз соққан жүргегі аузына сыймай бір мезет алқынып түрді.

— Күң неменді өліп кетсең де басыма шығартпаймын. Бала таптым, бір кісілік бағым бар деген менікі бекер. Әйтеуір, бір сорлы қарды ғана ес тұтып, соның азды-көпті қызығын көріп жүрмін. Өз сорың өзіңе.

Қадірсіздің ілгері басқан аяғы кері кетіп, амалсыз бөгеле берді. Ерегіскендей Көкте де жыламай қойған соң, аяғын әдейі тарпылдатып басып, есікке тақады. Бойын жиып ала ішке сып беріп кіріп келді. Бір оянып жылаған соң жұбатып үйқтатқанға ұксайды, Көктенің қабағы түюлі. Қадірсіздің аяқ астынан кіріп келгеніне енесі одырая қалса, шошайып отырған Демеудің сопақ кескіні сұрланып, көзін тесірейткен күйі атып түрді.

— Мен жама, ала жама, сонда кім жақсы, а?

Қадірсіз күйеуінің жат кейіпінен сескене кейін шегінді. Жазатайым жапа шегудің зардабы санасында қылаң беріп өтті. Ожар қимылға барудан тайынбайтын мынаның дүлей қалпын таныған сайын енесі жаққа жаутандап, қайта-қайта қарағыштады. Бұл әңгімеге еш қатысы жоқ кейіпте ыздыып ала қойған қара кемпірге бір мезет таңырқай қарады. Енесінің пиғыл-ниетінде бір сұмдық бардай көрініп кетті. Екі қөзі шарасынан шыға шақшиып, өзіне төне туңсан Демеудің үс-

қыны кісі шошырлық. Осы кезде булығып оянған Қекте шырқырап жылады. Қадірсіз жалма-жан қолына алғанда да нәресте көпке дейін солығын баспады.

— Жарық сәулем-ау, не болды саған, бірденеден шошынып қалдың ба? — деп, реніш атаулыны есінен тарс шығарып жіберген Қадірсіз қысылып-қымтырылмайтын жайдары қалыпқа енді де, баласын айналып-толғанып емізуге кірісті.

— Иә, шошытатын мен ғой баяғы, басқа кім дейсін, — деп, енесі өршіп-өршеленбей сымдана тіл қатты.

Қектені емізіп болып қайтадан жатқызғанымен қасынан кете алмай үйіріліп біраз жүрді. Қоз ұясынан момақан нұр жылтырап, кейіпсіз кескініне көнілі біржола тыншыған бейілділік үйіріліпті. Енесінің зәрлі көкшіл көзінің уыты өнменіне өне бойы қадала бергенінен қашқақтап, сыртқа беттеп бара жатып, төрге жантая жайғасқан Демеуге көз қызыны таставады. Манағы дүлей ашудан әлпетінде жүрнақ та қалмай, назарын төменшіктеткен сыңайынан шарасыздықты анық аңғарды. Қас қарайр мезгілдегі үй тіршілігіне шұғыл кірісіп, құбыла жақта сазарып-безеріп отырған енесін қаперінен мұлде шығарып жіберген еді. Тек Демеудің бір жамбастап жатып, бір жүрелеп отырып, мазасы кеткенін байқады. Есікке қарай еңкейе ұмысынып, арғы бетке көз жіберді.

— Қадиси, кой қора иірле? — деді бір кезде арада тук болмағандай бейғам тіл қатып.

Селт еткен енесінің қарашибар кескіні күреціте шымырлап, ұлына түксие қарай қалғанын байқады.

Ел орынға отырар кезде үшеуі үнсіз шай ішті.

Қара кемпір күндегі әдетінше ерте жатты. Демеу сыртқа шығып, койды қарады. Тұн құшағындағы шыңыраудың койнау-қойнауы үңірейіп, сұстана сұық қаруытады. Ауыр ауа аспанмен таласқан шындардың еңесін жаншып, басып тастағандай тым аласарып көрінеді. Теріскейден жел тұрыпты. Ұйысып, тұтаса бастаған бұлттың селкеу тұстарынан ғана жұлдыздар болымсыз жылтырайды. Қоңыр салқын түннің тұнығы шайқалып кеткендей құйындаид үйітқып үйірілген әлдене зорая тұлғаланып, ақырын-акырын жақындала келіп кейін шегініп кетеді. Көнілі бір түрлі құлазыған күйі Демеу үйге кірді. Шам жарығы төр жаққа еркін жеткенімен, босаға мен ірге қаракөлеңке. Үйдис-аяқты жуып, орын-орнына реттеп қойып жүрген Қадірсіз

бұл дүниеде Демеу бар ма, жоқ па, ойлайтын емес. Қаперсіз үйқтап жатқан шешесінің жүзіндегі жуастыққа таңыркай дағдарды. Осы кезде Қөктө шошып ояңды. Жанұшыра жетіп келген Қадірсіз баланы жерден жұлып алды да, «пісіміллә, пісіміллә» дегенді үздікесіз кайталай берді. Қейігендей қабағын тыжырынған Қөктө басын шайқап, аузын балапандай ашып, емшек іздеді. «Жарық сәулем-ау, не болды саған?!» дегенді Қадірсіз жыламсырай сыйырлап айтты. Үйқы үстіндегі енесінің тарс жұмұлы көзінің айналасы жұпжұмсақ тәрізді. Иманжұзді пішініне бір мезет алданып карады. Баланы асықпай емізіп, орнына қайта жатқызы да шоқып отырды да қойды. Кенет иығына оратыла кеткен Демеудің қолынан селк ете түсіп, жалт бұрылды. Демеу өзіне жақындаған сайын бір түрлі емініп, тоят тілеген ұры ойы көзіне қалқып шығыпты. Оның қолын Қадірсіз қағып жіберіп, атып тұрды. Демеу бұктусіп жатып қалды. Түсініксіз корыну сезімі жанына жайсыз тиіп, көкірегін ып-ыстық жалын қапты. Алақұйын сезімнен арылмаған күйі көзі ілініп бара жатты.

Түннің бір уағында қойдың дүркіреп үріккенінен Демеу оянып кетті. Жалма-жан киініп, сыртқа атып шықты да айғайлауға көшті. Қозғе тұртсе көргісіз шырттай каранғылықта желдетіп жауған жаңбырдан сәл бөгеліп, жан-жағына алақ-жұлақ карады. Жүргегі атой сала соғып, аузына келіп тығыла берді. Сызды ауадан тұла бойы тоңазып, тез ширады. Қабаққа шығып кеткен қойдың карасын еміс-еміс көріп: «Мұнысы несі?» деді.

— Эй, шэй! — деп, жанұшыра айқайлай жүгірген Демеу жаңағы түсқа алқына жеткенде бір уыс болып ніріле қалған қойдың шамасын болжай алмай дағдарды. Кенет үйдің маңындағы ойдан жосып бара жаткан бір бөлегін байқап, сілейіп қатты да қалды. Иткүс дейтін бәледен дәл бұлай қауіптеніп көрмепті. Жосықсыз айғайлаған бойда төменге суріне-қабына жүгіріп түсті. Жаңағы үріккен қой үшті-күйлі жок.

— Демеу, Демеу, малың қайда, малың? — деген Қадірсіз даусын естіп қалт тынды. «Қойдың қайда екенін білсем өстіп тұрам ба!» деген бұл әйелінің жылы орнынан тұрғанын ойлауға мұршасы келмеді. Тек Қадірсіздің мұны көріп тұрғандай сенімді айғайлауынан ешқандай сезік алмағандықты аңдады. Шымырла-

ған қою қараңылықтың іргесі сөгіліп, дүние біртіндеп бозаныта бастаған шақта тік қабақтың қапталындағы қалың қорыс тікеннің тұсына таман иіріле қалған койды көрді. Төпей жауған жауынды елеместен өрге қайта тырмысты. Мана тұра осы арадан жосыған малдың зым-зия жоғалып кеткенін ойлаумен әлі әлек.

Ағарып таң атқанда көрдей түннің үлкен аумағы қойнау-қойнауға бекінген тұманға айналып, одан бөлініп-жарылып қалған жұрнақтарының басы бірікпей, беті ауған жаққа жер бауырлай тентіреп барады. Қырат-қапталдардағы жалғыз аяқ жолдар жерге онды-солды түскен таңбадай ырсып-ырсып жатыр. Демеу сол айқыш-ұйқыш таңбалардың әрбір шаршысындағы көзге ілігетін тобылғы бұтасының сағасына дейін тінтип шолды. Кенет қойдың бір бөлігін ғана қара тұтып тұрғанын анық сезді. Қөлденең кезеңнің тұйығына алып-ұшып жеткенде бұрсиген-бұрсиген он шақтысына тағы кезікті.

Төбесінен бұлт, жерден тұман тұмшалаған кия қаптал қымтантанған көрпесі не басына, не аяғына жетпей ұшар шыңы шошайып кетсе, құлдилаған етегі дағынды. Осы кезде жел құйғытып соғып өтті. Іргесінен тұрілген тұман төбе-төбеле тақиядай жиектеле жиналып қалыпты. Нәк қарсы алдындағы тепсекнің қайқаң теріскей жонынан былай қаптаған қалың нудың орта шеніндегі аланқай ашық жер көзге анық шалынды. Үйдираған тұманның ширатыла қалқыған селкеу тұстарының ара-арасынан ағарандағанға қараса — қой. Санасы жетпейтін бір жаманат болғанын сезіп, жүрегі су ете түсті. Жер-дүниені алып кеткен бұл не қылған қой, түсінсе бұйырмасын. Салбырап-салбырап тұрғандарға жанұшыра жетіп келіп қараса — алқымы қызыл жоса қан. Көзі шарасынан шыға ақшиып кеткен Демеу бір орнында қалшиып қатты да қалды. Сонау сай кемеріндегі оқшашау дөңгеленген жота беткейінің әрәр жерінде де жайраған мал. Бойын бір түсініксіз шарасыздық билеп, басына ыстық қан шапты. Үркия әпкесінің өзіне шүйіле қарайтын бітімі көз алдына сол күйі келді. «Қу мақау-ая, қу мақау!» деп таусыла күйініп айтқан сөзі нақ қазір құлағына шаңқ-шанқ етіп жеткендей жан-жағына алақ-жұлак қарады. Қекіреғін ашу-ыза тырнап, көзіне ашы жас іркілді. Қадірсіздің кейіпсіз кескіні кенет санасында қылаңытқан сәтте осы сүмдүктың бәріне бір ғана сол кінәлі сняқты

аяқ астынан қозған өшпенділігін тежей алмаған күйінде қарай жүгірді. Бір-екі дүркін тайып құлап, қайта тұрды.

Есіктен қаны қаша сұрланып кірген Демеуден сескеніп, Қадірсіз кейін шегіншектей берді. Ұлының ұсынынан сезіктенген қара кемпір де қатты шошынып, аңқайып отырды да қойды.

— Қой қасқыр қыра, — деді бұл жас баладай көзін жасаурап.

— Тек, итқұс де! — деп баж ете түскен шешесінің сезін Демеу тыңдамастан әйеліне ақырын жақындалап келді. Пішінінде үрейі ұшқандықтан бөтен «мынаның есі дұрыс па?» деген таңырқаушылық үйірілген Қадірсіз күйеуінің шалықты да зәрлі көзінен тіксініп, іртеде үқтап жатқан Қектеге көз қығын таставды. Демеу жыларман пошымда сәл бөгеліп барып, әйелінің бас-көзіне қарамай кенет қойып-қойып жіберді. «Ойбай» деуге ғана шамасы жеткен Қадірсіз ұзынынан сұлап түсті. Әлденелерді шатып-бұтып айтқан Демеу енді аяқ жұмсауға көшті. Бетін қолымен көлегейлелген Қадірсіздің арық денесі тепкі тиғен сайын бір созылып, бір жиырылады. Осы кезде оянып кеткен Қектеш шырқырап жылағанда барып тапжылмай сілейіп қалған қара кемпір зағип жанша қалталандап орнынан әрен тұрды. Үлкендіктің жөн-жоралғысы қалай болушы еді дегендей іркіле тосылып, бір кезде Демеудің қарынан шап беріп үстап, кейін серпіп жіберді.

— Эй, жаман, жаман, қасқырға кеткен өшінді қатауынан алайын деп пе ең?!

Демеу қалттыңды. Басын қорғаштаған күйі бүкіл түскен Қадірсізге, уанбай шырылдаған Қектеге алма-кезек қарады. Біраздан соң созаландап көтеріліп, сыртқа беттеген әйелін көзімен шығарып салды.

— Сүмдық-ау, бір заржаққа қалдым-ау, — деп, Қектени жатқан жерінен жұлып алып, ары-бері сілкілеп жұбатқан шешесінің ұсынынан әпкесінің кейпін таңыған сияқтанды. Алдынан қия өтіп көрмеген бұл сол әпкесінің аяусыз төмпешіне де көндігіп өсіп еді. Қит етсе бітті: «ку мақау, жаныма жалау болармысың сен!» деп дүрсө коя беретін. Алғаш үйленген кезде өз-өзінен келе алмай бір өрекпіп, бір өршеленгенін Ұрқия су сепкендей басып тастаған еді. «Шешем сен үшін отқада, суға да түсті. Қатын алдым, қолым аузыма жетті деп ойлама. Тура екі көзінді ағызып жіберемін!» Әпке-

сі енді мына жағдайды естісе төбе шашын жұлып, қолына үстарат.

— Эй, сен бүйтіп тұра берме, әлгі Тасболатқа шап! — деді бір кезде шешесің жайсыз тыныштықты бұзып.

Тұнде отқа қойған атын жетектеп әкеліп, ерттейін деп жатқанда, шешесің беймаза даусы тағы да жайсыз шықты.

— Жанағы қайда кетті ербиіп, баласын алмай!

Осының бәрінен беле қашқысы келгендей Демеу атына міне салып, шаба жөнелді. Тік жалды қапталадап отырып, Тасболат үйінің нақ үстінен түсті. Еңіске қарай біршама жер құлдилап келіп, арқырап аққан судың жарлауытын кесіп өтті де, келесі тепсендеге тік тартты. Қойының аяғын жиыстырып жүрген Тасболат беймезгіл уақытта жаман атының бас-көзіне қарамай тоқпақтап келе жатқан Демеуді көріп, таң-тамаша болды.

— Тасбол аға! — деді даусы жыламсырап шығып.

— Иә, тыныштық па, түсің неге қашып кеткен? — деді Тасболат та абыржы тіл қатып.

— Кой қасқыр қыра, — деп, Демеу кемсендеп жауап берді.

Бір мезет бастапқы қалпынан айнымаган Тасболатың қарақошқыл шырайына кейістік үйіріле күренітіп өтті.

— Қанша?! — «Айдал бара көп, айдал келе көп» дейтіннің нағыз көкесі емес пе еді, айтпақшы, бұл» деген тоқтама келгендей назарын Демеуге тіктеген күйі біраз шама үнсіз қалды.

— Малға кісі жыламайды. Одан да қойынды жиыстыра бер, төңіректегі елге хабар беріп, мен де баармын. — Тасболат әлденеге таңырқағандай басын шайқап: — Апрай, тұра елдің ортасында отырып, саған кез болғанын қарашы, — деді.

Демеу қайтып келе жатып Қектекшенің Дәржі саянына ұласатын тепсендінде обадай қақшиып түрған шешесін көргенде тынышы кетіп атын үсті-үстіне тебіне түсті. Басы биік, бауыры жазық өлкенің бірынғай көленкелі сүрғылт қоңыр рені жүрегін әбден шайлықтырып жібергендей амалсыз аспанға қарады. Шетсіз де шексіз тұманды теніздің өріндей түсі суық қап-қара бұлт күншығысқа қарай жөңкіле көшіп барады. Қөлденен тұмсыққа шыға беріп, киіз үй түрған аралыққа

көз жіберді. Өрге омыраулаған қайқаңға қарай тырмысып бара жатқан әйелінің сұлбасын көріп қалып, тізгін тартты. Аздан кейін анау ағарандыған ақ жаулық көзден таса болатынын ойлағанда жүрегі шым ете түсті. Қекірек сарайы қаңырап қуыс қалғандай азынай жөнелді. Жұқалтаң сопақ жүзі қуарып, көзі жасаурап, шешесі жаққа назарын аударды. Бәрінен осылай қағажу қалуды көздегендей бір орнынан әлі тапжылмаған қара кемпір мұның көңіліне түсініксіз қобалжулы түйсік ұялататын құдды жаманат хабаршысы секілді көрініп кетті.

Қектені қолына ұстап, қарына кішкене түйіншегін ілген Қадірсіз Қектекшениң қиясынан тік төмен құлдилап келеді. Безерулі жузінің бет сүйектері шодырая шығып, әр-әр жеріне Демеу салған таңба қарауыта теңбілденіп, біліне бастапты. «Бұларсыз да бір күнімді көрермін» деді тістеніп. Ертеден қара кешке дейін жағы бір тынбай зарлап-қақсай беретін енесі мен не айтса соған мейлі бейшара күйеуіне өшпенділігі сәт сайын қозып, шиыршық атты. Оны қанша жамандыққа қимайын десе де, қаратан-қарап ұрынғаны есіне түссе «Жаманның әлі жапалаққа келеді» деді. «Сонша өші кеткендей соққыға ондырмай жыққаны несі?!» Запыран қысқандай жүрегі лобып, аузына қышқылтым дәм келді. Жанбай қалған бықсық шаланың абы ысындай бір сүйкімсіз нәрсе көкірегін кептеп, қолқасын қауып өтті. Моншақ-моншақ жасы ыршып-ыршып шығып, тізбектеле төмен саулаған бойда үзіліп-үзіліп түседі. Қенет басына тартқан жаулығын ешқашан кір шалмайтын акқұба дөңгелек жүзді шырайлы әйелдің кейпі көз алдына келе кетті. Өзіне бір ауық мұсіркей қарап: «Мандайының бес елі соры бар қар-ау, ең құрығанда сұрың жетісіп тұрса ше, ұргашы деген атың бар. Айналана қарап, бір мезгіл бойынды күтсең болмай ма!» — деп еді. Қоңыр ашық дауыс дәл қазір құлағына жеткендей болғанда өмірде естіген жылы сөзі сол ғана сияқты көңілі аяқ астынан босап, қатты қобалжи бастады. Бұлт құрсанған аспан астындағы ойқы-шойқы дүниеден бойын аулақ салып, сонау жазықта көк желеекке көмкерілген ауыл бір түрлі көзіне жылы ұшырайды. Ұзын тас көшениң бойындағы әр үйдің босағасына қаршадайынан телміріп өссе де, Қадірсіз балалық шағын қимастықпен күзеле есіне алды. Енді төркінім деп сағалайтын жері сол тас көшениң бойындағы немере

ағасының қоламтасы. Қөзін кісіге төңкере тастағанда қоңыр жанарының шырағы қунақ жылтырап, езуіне ашы мықыл үйірілетін дәңгелек жұзді шырайлы әйелді жұрт ақ қатын дейді. Бес биенің сабасындай келісті ақ қатынның сондағы бір айтқаны есіне сап ете түсті. «Құдай әркімге өзінің тенін лайықтайты. «Тесік моншақ жерде қалмайды» деген күнде де күйеуге тиіп, қатын болып кету қызы нәрсе. Бәрін бақ біледі. Ана мақау бейшараны алдап-сулап адам қылып алуың оңай. Қарашибар мыстан құзғын болып кетпесе өлетін шығар, өзекті жан фой, қайда барада дейсің. Жалмауыз қанышығы күйеуде, ол да бір момынның сорын қайнатып отыр. Сондықтан үлкен жалмауызы басынды жарып, көзінді шығарып жатса да шыдап бақ, түбі сен жеңесің».

Демеу мұны апай-топай алып қашқанда жүргегі жарыла қуанған жоқ. Ақ қатынның айтқанының бәрі ойынан шықпай жатырқап, жабырқай берді. Қөнілі тынышсыз сыздал, жаны ауырып өтеді. Есіктерінің алдында топталып жиналып қалған бірталай кісі: «Ау, келін келді, келін келді!» — деп шу ете түскенде, Демеудің Үркия әпкесі табалдырықта сәл іркіліп барып, бұлғандап басып жақындал келді. Қолындағы ақ берте шәліні Қадірсіздің басына төгілдіре жауып, үйге қарай өзі алып жүрді. Орамалдың жақтауынан бәрін көріп келеді. Бір әйел шашу шашты. Тасырладап түскен кәмпитеттерді көпшілік жапа-тармағай бас салып, теріп алып жатыр.

— Батырекесі, құсың құтты болсын! — десті бәрі Демеуді қаумалап алған бойы.

— Айт, айт, — деді бұл да елпілдеп. Шолақ-шолақ айтқан сөзі құлағына бір түрлі тосаң естіліп, қөнілі құрғыр құлазып, қоңылтақси берді.

— Да, женгей, келініңдің алдынан шығып, ақ батаңызды бермейсіз бе! — деді сонда Тасболат.

Енді жөндең қараса, қара кемпір оқшаулау жерде қаздып түр екен. Бойын қорқыныш билеген Қадірсіздің төбе қүйқасы шымырладап, жүргегі аузына тығылып, көзіне ашы жас үйірілді.

— Бас-басыңа шуылдан есті алғанша, бұл бейшараны табалдырықтан оң аяғымен аттатсандаршы! — деп еді сонда сызданған қара кемпір.

«Бұл үйге оң аяғымен аттап едім фой» деді Қадірсіз төпеген жауынның астында отырып. Алғашқы күннен-

ақ кара кемпір бұған бейшара дегеннен басқа сөзді қимаған екен, ойлап қараса. Осы үйге түскен күннің ертесінде-ақ, енесі мен әпкесінің қабактарынан жібімейтін тоң ызбарды анғарды. Қойлы ауылға жасаған азын-аулақ тойда қара кемпір ештеңеге кіріспейтін сырбаз қалпын сактаса, әпкесі шаруаның барлығын өзі билеп-төстеп дөңгелетіп әкетті. Ондайда жай жүретін Демеу ме, жөні жоқ іске кірісіп, шошандай беріп еді, шешесі бетін ондырмай қайтарып таstadtы.

— Бұдан гөрі жібі түзу біреуді алсаң тәбемізді оярсың сен. Сандалмай ғана жайына жүр!

— Не керек, келінің ауылдың ең сұлуы ғой, апа! Баланыздың өз буына өзі мас болатын жөні болып-ақ тұр. Ата-енесінің төрт түлігі түгел сай, жан-жағынан қайындары тіреп тұрса, бұл лепірмегенде енді кім лепірсін?!

Осы сөзге екеуі әуелі айыздары қана ракаттанып күлісіп алды. Қара кемпір кенет түсін сұтып, назарын ұлына ызбарлы таstadtы.

— Бұл жаман осы айтқанның бәрін шын көріл, едірнедеп еліріп жүрер. Қазірдің өзінде дес берер түрі жок.

Қатты абдырап, абыржыған Қадірсіз сонда енесі мен Демеу әпкесіне алма-кезек тосырқап қараған. Жүрекке тікендей қадалатын мұншалықты ауыр сөздерді айтуға аналардың дәттері барғанына еш танырқаған жок. Өзінің осылайша үн-тұнсіз тыңдал қана отырудан басқа шарасы қалмай, іштей шамырқанып қойған.

Қадірсіздің үясы терең көз шарасына көлкілдеп келіп қалған жас сәл аялдаса төгіле жаздал меймілдейді. Дүрдіңкі еріндері одан сайын бұртиып, жан-жағына көз қызын бейілсіз қадайды. Жарқ-жүрқ ойнаған наизағай маужыраған жаратылыста өші бардай онды-солды осып-осып өтеді. Әуелі оны ерен санамай Қадірсіз отыра берді. Бір кезде құлақ шекесін тұндыра тарс жарылған жойқын дыбыстан шошына бұғынып, бірер мезет тың тыңдады. Өне бойы катты жауған жаңбырдан дүние біткеннің иіні салбырай түсіп, тұла бойды тоқазыта шымырлатқан салқын ауа бет-жүзді әлсін-әлі желпиді. Осы кезде жінішке кызыл оттың сумандаған өткір тілі көз шырағын ондырмай түйреп-түйреп өтті. Төніректің бәрі лезде қарауыта шымырлап барады. Гүрілдеген толассыз сарын аспанды еркін шарлауға айналды. Тағы бір жойқын үн ша-

тыр-шұтыр сынып, күркіреп-сарқырап жөнелді де төңіректің бәрін кернеп тұрып алды. Үрейі ұшқан Қадірсіз «піссіміллә, піссіміллә» деп дамылсыз сыйниуға көшті. Жаулығы желкесіне қарай сыйырылып, шашы ретсіз қобырап кеткенін де сезбеді. Аяқ астынан шар ете қалған Қөктені бауырына қысып ала қойды. Қараса кең астай тәрізденген терең сай қойнауында айқыш-ұйқыш қалың жауын бұрқ-сарқ қайнаған судың аспанга атқылаған буында тозаңдана шаңытады. Қектеге су тимесін деп, денесімен қалқаламақ болып онтайланған бергенде, көк жолақтанған қызыл семсерлі от бірінен соң бірі жерге сұрапыл сұлап-сұлап түсті. Қарыққан жанарының іші қызыл шоққа толып кеткендей ысынып барады. Бір жақ шекесінен жан кетіп қалғандай шымырлап салқын тартты. Дүниені түгел бекініп, тау төсін алқымдай мұнартқан сағымға ұйыған денесі шым-шым батып бара жатқандай сезінді. Я алыста, я жақында үздіксіз жарқылдаған наизағай отының өткір ұшқындарынан одан сайын сескеніп, өсімдік жапырақтарына ілініп қалған шық кісінің көз жасындағы мөлтілдеп, қалтылдайтынын әлдеқалай байқады. Со кезде көз алдына әуелі жүлдyz күрттай жыбырлап, сонын тарамданған от сзықтары қарақұрымдана жиектеліп, көлбендей берді. Қадірсіз үздіксіз айтқан «піссімілләсынан» жаңылып, Қөктені бауырына қысып алған күйі басын көтерді де, төнірегіне алақ-жұлақ қарады. Әлдене деп тіл қатпаса бір сүмдық болатындағы үрейі ұшып: «Қекте, Қекте», — деді. Баласының атын айтқанда тілінің күрмеліп, әрен келгенін елемей: «Жарықтық Қектекше» деген сөздің орамын ішінен әлденеше қайталап, «пісәла, пісәла» деп дауыстал жіберді. «Пісәла, пісәла, пісәла»... Бір әлеметтің құдірет күші қоңыртөбел бүйірі жаратылысты әбден сілкілеп, сілікпесін шығарғысы келгендей көрініп кетті. Жүргі атша тулаған Қадірсіз атып тұрды. «Пісәла, пісәла, пісәла». Қан-сөл жоқ қараторы кескініне үйірілген абдырау қорқынышқа ұласып, сөл кешиксе өзіне-өзі не бола алмай мағынасыз шыңғыратынынан шошыды. «Пісәла, пісәла, пісәла».

Бір кезде күншығыс жақтан кемпірқосақ үлкен аумаққа доғадай иіліп түсті. Бұлттардың сетінеген жиектері алтын жалатқандай жалтылдап, арғы қабатындағы ақшарбы ұлпасы кіршіксіз аппақ болп көрінді. Жаратылыстың лезде момақан бола қалғанына я таңыр-

қап, я налымады. Жасын тыя алмай егіліп, «пісәла» дегенді үздікесіз қайталай берді. Қимыл-әрекетсіз томырылып көп отырды. «Үйден қашып шығып, тапқандағың сонда осы ма» дейтін енесінің сұық назары тура өңменіне қадалып тұрғандай. Қекірегін қапқан ыстық жалыниан демі жетпей бір түрлі қыстығып барады. Осы кезде шар ете түскен Қектені ағыл-тегіл жылаған Қадірсіз ары-бері тербетіп жұбатуға көшті.

Кенет абыр-дұбырды естіп, өр жақтағы кезеңге жалт бұрылды. Тік беткейден өзіне қарай салып ұрып келе жатқан екі салт аттыны Тасболат пен Демеу екенін жазбай таныды. Асып-сасқан Қадірсіз желкесіне сипырылып түскен орамалымен қобыраған шашын әрең жапты.

— Қарағым Қадірсіз-ау, амансыңдар ма? Ойпыр-ой, жаңағыдай сұмдықтан шошынып қалған жоқсыңдар ма? — Аттан қарғып түскен Тасболат бұлардың қасына жетіп келді. Қалышылда, сүметіле дірілдеген Қадірсіздің ұсқынынан тосыла абыржыған мұның кескіні аяқ астынан түтігіп кетті. — Айтшы, қарағым, бала аман ба?

Бір ауыз сөз айтпай бағжия қараған Қадірсізді әуелі ақылынан ауысқан жоқ па еken деп те күдіктенді.

— Қадірсіз қарағым, шошынып қалғансың ғой, ештеңе етпес. Ана мыстанға, мына ноқайға кісі ренжіп бола ма, — деп даусын жұмсаста шығарды. Қөнілін аулаған жылы сөз естігендіктен бе, солқылда жылап жіберген Қадірсіз:

— Аға, найза, найза, — дегенді күшпен үзіп-жұлып әрең айтты. Тасболаттың салбыраңқы мұртының ұшына дейін дірілдеп өтті. Қарақошқыл кескіні қуқыл тартып, шегір көзіне үялаған ызбарлы ұшқынды Демеу өңменіне тура қадады.

— Ал шекелерің қызды енді, — деді. Ашуы ырық бермей кететінінен сезік алып, сыр бермей сыйданып, безере түсті. «Алда жазған-ай, а! Мына ноқайдың кебін құшқаның қарашы. Қарашұбар жыландағы мыстан не деген қараниет еді!» Әуелі нәресте бірденеге ұшырады ма деп корыққан. Сөйтсе, Қадірсіз бейшараның тілі байланып, шалықтап қалатынына көрініпті ғой. Бір орнынан тапжылмай селтиіп тұрған Демеуге оқты көзін ата қадап:

— Алдағы атты бері жақындағы! — деп қатқыл үн катты. Тасболаттың қабағындағы жібімейтін тоңнан

жаутаңдап сасқалақтаған Демеу Қадірсіздің алдына атын жетектеп әкеліп, көлденең тосты. Дірілдеп қалышылдаған Қадірсіз біреу қолынан жұлып әкететіндегі Қөктені тас қып ұстап, сәл артық қимылды аңғарса бітті — тұра қашатындағы сақ.

— Қадірсіз шырағым, алдағы баланы алдыма мен алайын, — деген Тасболат Демеуге ым қақты да, өзі қолтығынан демеп, сәл алға жетеледі. Сасып-салбыраған Демеу басын кегжитіп алған атымен әлек-шәлегі шыға арпалысып кетті.

— Ұрғанға, соққанға келгенде пәледейсің. Тағы бір атқа шамаң жетпейді. Баланы ұста, Қадірсіз атқа мініп алсын!

Демеу ыңғайланам дегенше, Тасболат шамдағай қимылмен алға үмсініп, Қөктені іліп әкетті. Жарау ат тізгінді тік өрге қаққанынан-ақ іркілмей, қолтығын еркін созып алшаң баса жүрді. Тұяқтарының ақжемденген жиектеріне дейін жылт-жылт етіп көрініп барады. Ал оның соңынан ілескен Қадірсіздің астындағы шабдар аттың құймышағы шодырая шығып, бөлек-салақтанған сан еті жиырылып-жазылады.

Жылқыбай түйіғындағы қалың қорыс тікенді бойлап, бұлар Қөктекше кезеңіне апаратын ана жолға тұсті.

Қараша үйдің алдында қаздып тұрған қара кемпірдің сұлбасын Тасболат алыстан-ақ байқады. Ал сонау құз етекте болымсыз ноқаттай қыбырлаған Демеуге қараған сәтте етжүрегі өз-өзінен шым етіп жирыла қалды. «Әй, жазған-ай, жазған, қатын ұрған сениң ненді алған екен», — деді.

— Қарағым Қадірсіз, шабдарға қамшыны ұра тұс, әйтпесе баспайды,— деп дауыстап, тізгінді қағып-қағып жіберді. «Осы баланың өзі аман ба екен?» деп құндақтың жақтауынан үніліп қарап еді, танауы дедіс пысылдап үйқтаған тіршілік иесін көріп, көнілі жайланды.

Атқа ебедейсіз отырған Қадірсіз Тасболаттың айғайын естігеммен селт етпеді. Сәт сайын жүгіріп өтетін дірілден тұла бойы тоқази қалтырайды. Асусай сайдына қарай қаптаған қойдың шеті ағарандап көрінген заматта жүрегі зырқ ете тұсті. Іргесінен құдды иткүс тимегендегі мал жарықтықтың алансыз калпына қатты танырқады. Оқ бойы озып кеткен Тасболат тіпті артына қарайлар емес. Мұнысы қойшылардың

өрісте туып қалған саулықтың қозысын қоржынға салып алды, сонынан зар енірете жүгіртіп қоятын әрекетіне ұқсайтынын ойлады.

Бір тұмсықты айнала бергенде шетіне ілігетін үй Қадірсізге қазір тым алыстап кеткендей. Өзегі талып, жүргегі қарайды. Бір өр, бір ылдига аттың китің-китің жүрісі діңкесін құртып, әл-дәрмені бітті. Алдыңғы дөңгө көтерілгенде Тасболаттың киіз үйге тақап қалғанын көрді. Жүргі жікі-жікі соғып, көз алды тұмандана басы айналып барады.

— Уа, бері шықпаймысыз! — Сыздана шыққан өктем дауыс осы маңға дейін анық естілді. Қазір шашшұң ұрыс болатындақ көңілі өрекпіді.

Сыртқа әуелі пандай шыққан қара кемпір суық кейіптен тосыла кегжиіп, айырып танымағандай қолымен маңдайын көлегейледі.

— Сұмдығың құрымағыр қайда барыпты? Ел ішінде жау алатын неменің қойы тағы бірденеге кез болып жүрер ме екен?! Әлгі байғұс қалды ма, тағы.

Тасболат қара кемпірге сүзіле қараған күйі ләм деп тіл қатпады.

— Ана сорлы қырылып қалған малының орнын енді қайтер екен? Өзің бас-көз болып жөндемесен, елге түсіндіріп айтар құдай оған тілді де қимады, — деп, қара кемпір кемсендеп жылап жіберді.

Тасболат тесіре耶 сазарған күйі жаймен артына бұрылды. Қадірсіздің жақындаған қалғанын көріп, қара кемпірге назарын қайта тікті.

— Жан аман болса мал қайда қашар дейсіз. — Тасболат сәл еңкейе түсіп, қатқыл сыбырлады. — Баланы періштесі қаққанға ұқсайды. Ал ана келініңіз шошынса керек, тіл-аузы байланып қалыпты.

Қара кемпір Қадірсіз жаққа жалт бұрылды. Ат үстінде бүрісіп отырған келініңіз бойында ешқандай өзгеріс жоқ сияқты. Тек өзін бір танып, бір танымаған сыңайын байқағандаған бойы тіксінді. Жаман аттың қалт-құлт жүрісінен денесі былқ-сылқ еткен Қадірсіздің шарасы жасқа толып кетіпті.

— Мына баланы алыңызы! — деді Тасболат. Қара кемпір Көктеге қолын соза бергенде, Қадірсіз шыңғырып жіберді. Екеуде қалт тынып, жалт бұрылды. Қараса, шалқалап құлап бара жатыр екен.

— Мә, болыңыз! — деп, Көктені қара кемпірдің қолына ұстата салған Тасболат аттан қарғып түсті де,

жүгіріп барған күйі Қадірсіздің арқасынан сүйеп, аяғын үзенгіден шығарды да, ерден көтере жұлып алды. Сол бойда үйге көтеріп кіргізіп, апарып іргеге жатқызды. Қенет шар ете түскен Қөктенің үні біраз уақыт семіп барып, талықсып қайта шықты. Үлкен шешесінің безектеп жұбатқанына көнбей өршіп барады.

— Бұл тағы не сүмдышың? — деді шарасы таусылғандай жыламсырай үн қатып.

Тасболат баламен алысып жүрген қара кемпірге шүйіліп ұзақ тұрды. Қабағындағы кіrbіні молая түсіп сыртқа шықты да, белдеудегі байланған атына жайлап мінді.

— Қарағым Тасболат-ау, ана сорлыға қол ұшынды берे гөр! Одан қайтпаса құдайдан қайтар, — деп, қара кемпір есіктен басын қылтитып шығарды. Тасболат ләм деп жауап қатпады. Тұншыға талықсып жылаған нәрестенің үні құлағына қайта-қайта келе берді. «Ел-жұрт аман болса далада қалмаспаз» деген ой мына мыстанға неге келмейді осы? Әлде мұндайларға жан қайғысынан мал қайғысы қын тие ме екен? Қаксоқпен ешқандай ісі жоқ жібі тұзу кісі болса, шіркінай, өзім-ақ айтпас па ем: «Қамықпазыз, бәрі орнына келеді» деп. Демеу бейшараның бұдан былай да талқанын тауып жеу үшін ел елдігін істемей тұрмас. Бәрінен де Қадірсіз жазғанға обал болған жоқ па! — деді.

Бір ай шамасында Қадірсіздің беті бері қарады. Үй тіршілігіне араласып, оны-мұны істеуге халі жеткен соң қара кемпір ауылдағы қызына жиналды. Кетерінде Демеуді онаша алып шықты.

— Ит-құсқа жем болған қойыңың орнын білдірмей жауып жіберген ел-жұрттан айналайын. Сенің қатыныңың кеселге ұшырап, тіл-аузының байланғанын менен көретіндер де бар екен. Жазымға кім қарсы тұрады. Төрімнен көрім жуық қалғанда мұндай сөзді көтеретін де шамам жоқ. Әйтпесе кімнің қойына қасқыр тимей жатыр, кім жауынның астында қалмай жатыр?! — Қара кемпір сыншыл сынайда ұлын бір мезет барлай қарады. Түйсігіне ешқандай сезік кіріп-шықпайтын бейғам санасыздығына қабағын шытынып: — Үркія жазғанды үл ғып жаратпаған құдайды айтпайсың ба. Саған сөз айт, айтпа — бәрібір. Жә, қайта бер! — деп қолын сілтеді. Аңырып тұрып қалған

Демеу шешесінің әлденеге ренішті екенін білді. «Тас-  
болаттың кісімси қалатын еш жөні жок. Қатынын  
күнде сабап, бала-шағасын шұрқыратып қоятын көк-  
сойқан, енді келіп, ақылгөйсіп қалыпты» деп айтқан  
сөзі, неге екені белгісіз, ойна сап ете түсті. Сол  
жауынның астында қалғалы бері Қадірсіздің өзіне әлі  
бір ауыз тіл қатпағанын ойлады. Үйіне қайтып баруға  
қазір бір түрлі жүрексінетін секілді. Сылқ етіп оты-  
ра кетті. Сонау құз табанындағы жеке-дара қонжиған  
үлкен қой тасқа назары еріксіз тұрақтады. Оның бер  
жағындағы қияда тырбия өскен долана көзіне бір түр-  
лі жылы ұшырады. Ақыры зерігіп кетіп, үйіне қарай  
жаймен беттеді. Сәл аялдан, артына бұрылды. Тік  
ылди кезеңге тақаған шешесінің қанжығасына бектер-  
ген заты мұны мазақтайтындей тынымсыз бұлғандап  
барады.

Қектені киіндіріп жатқан әйеліне есіктің майдайша-  
сына сүйенген қалпы бір мезет жасқана қарап тұрды.  
Селт ете басын жұлып алған Қадірсіздің өңінен айық-  
паған кірбің мен әлжуаздықты байқады. Әлі де толық  
сақаймаған Қекте ширап, қылық шығарудың орнына  
бір түрлі босаң болбыр болып барады. Тынышсызы-  
данып көп жылайды. Қез қығын бұған немқұрайды  
тастаған әйелі орнынан жайлап көтерілді де, ортаға  
дөңгелек үстел жайып, шай қамдады. Бәрін дайындал  
болған соң Қектені алдына алып, жайғасып отырды.  
Есіктің көзінде осыған дейін селтиіп тұрған Демеу  
дерене лып беріп, төрге озды. Тіл қатуға бір түрлі ба-  
тылы бармайды. Қектемен әлек болып отырған Қадір-  
сіз кенет басын көтергенде көзінен мөлтектеген ірі там-  
шылар шығыңқы бет сүйегінен бір-ақ ыршып, тәмен  
қарай моншақтап домалай жөнелді. Екі иығы селкіл-  
деп таусыла жылаған әйеліне басу айтпаққа көп оқ-  
талды. Ақыры жүрелеп жылжып отырып, Қадірсіздің  
иығына қолын еппен салды.

— Қадиси, — даусы дірілдеп шықты. Жүрекфінә  
акырын үмсина түсті. Қадірсіз қатты жұлқынып қа-  
лып, қолын ары серпіп жіберді. Бұдан ары не істерін  
білмеген Демеу сазарған күйі отырды да қойды. Содан  
соң орнынан сүйретіле тұрып, сыртқа беттеді.

Дәл төбеде тұрған күннен көзін қолымен қалқалап,  
жан-жақты шолды. Қүнгей беткейде үйездеген кой,  
шанышылған өрдің жон арқасынан шұбатыла түскен  
жалғыз аяқ жол, еңісте беті жырым-жырым ақжем-

денген жарлауыт — бәрі қанша алдартқанымен көнлі бір түрлі көншімеді. Әйелінің жаңағы сәттегі күйкі отырысы мен қамыға таусылып жыласы ойынан кетпей қойды. Кернейі тауға, аузы далаға қараған пеш, нысанага жападан-жалғыз ілігетін мама ағаш қана осы үйдің қызығы мен қасіретін сыртқа тіс жарып ашпай, көмбіс қалыпта қалқайып қана тұр.

Қара кемпір Демеулер таудан далаға түскенде бір-ақ оралды. Бір жарым айдың ішінде өзін тосырқап қалғандарын үрпиісп қарсы алғандарынан байқады. Сәби екеш сәби Қектеге дейін үлкен шешесі алдына алғанда жатырқап жылап, Қадірсізге қарай ұмысина берді.

— Нәсілі жаман немені қарай гөр, — деп, қара кемпір ұлына шүйіле төнді. Амандастының өзінен түсініксіз ұяндықты андады. — Иә, мал-жандарың аман ба? — Екіұштылау жөн сұрасуды Демеуге бағыштағанмен назарын Қадірсізге аударды. Аздап оңалып, өңіне шыр біте бастапты. Сөйтсе де кісікіктенген тосаңдықтан әлі арылмаған сияқты. — Эй. дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ, жетісіп қалған екенсіндер ғой.

Демеу де, Қадірсіз де бұл сөздің астарын түсінбеген сыңайда состысып, қара кемпірдің зәрлі қарасынан назарларын әлсін-әлі төмен түқырта берді.

— Эй, қу жаман, қу жаман! — деп қара кемпір туңіле басын шайқады. — Аузыңнан әпкемнің халі қалай деген сөз шыға ма, әлде саған ешкім керегі жоқ па?! Сені берген құдайдың өзі-ақ алғаны жақсы еді. Әне, сенің жамандығыңнан аналар басымызға шығып бітті. Әпкендей қатын қылмаймыз деп қуып жатыр. Бұдан өткен басыну бола ма, айналайын құдай!

Демеудің көкшіл көзі құтырына шақшиып, танауы күсырылып кетті.

— Мен бара, ата! — деп атып тұрды.

— Ойпым-ай, қырарсың, жаман!..

Демеу төр жақта қаздып отырған қара кемпірге, іргеде состысып тұрған Қадірсізге алақ-жұлақ қарап, тіктеліп алды. Еш дыбыс болмаған соң аттап-пүттап сыртқа шыға бергенде алдын кесе-көлденендеген Қадірсізден сәл іркілді. Мұның кісі шошырлық әлпетінен сескене кейін шегінген әйелі есіктің жақтауын қармана қалды да, тағы бір пәле шақырып тұрғаны несі дегендей енесі жаққа жаутаңдал қарай берді. Келі-

нінің секемшіл ұсқынынан сезіктене қалған қара кемпір нұры қаша бастаған көзін шақшита қадап, сұрла-нып ала қойды.

— Неменеме, ербиіп тұрсың? Бай менікі деп иектей қалыпсың фой. Тұр былай, барсын! Ең құрыды дегенде төбелеріне қамшы үйіріп қайтын. Жалғыз әпкесінен аяған жаны қараң қалсын!

Осыны күткендей Демеу Қадірсізді итеріп жіберді де, сыртқа жұлқынып шығып кетті. Қашанда бет бақтырмай кекірегін өрге айдайтын енесінің қалпынан әлдеқалай сағы сынғандықты аңдайтын-ақ тәрізді.

— Атарға оғың болмай тұр, ә?

Қадірсіз керегеге жабыса тұсті. Тұнеугұні жауынның астында қалып, Демеудің кебін құшқалы бері енесіне әлі бір рет те сөйлемепті. Қазір мәмлеке шакырғандай жыламсырай тіл қатты.

— Апа, ол бара ұрса.

Таң-тамаша болған қара кемпір қас-қабағын кере бойын тіктеп, Қадірсізге бір мезет шүйіле қадалды.

— Ал ұрыссын, төбелессін!

Іш дүниесі сыздап ала жөнелген Қадірсіз дел-сал күйі сыртқа шығып, ауыл шетіндегі көкөзекке көз жіберді. Соған өкпе тұстан қосылатын жолда жын ұрғандай шапқан Демеу біртіндеп ұзап барады. Соңынан бұрқ-бұрқ көтерілген шаң түйдек-түйдегімен бұк-тетіліп түседі де шүйкедей ширатыла шұбап, есіле бастайды.

Демеудің жолын тосқан Қадірсіз сыртта ұзақ жүріп алды.

Суға қаптаған қой жартоганның жыра-жырасына үйездеген соң, үйге кірді. Көктені емізіп, қайта үйкітті да, сыртқа шығып жолды көздеді. «Бір бәлеке ұрынбай тыныш келсе екен» деді.

Мезгіл ұлы сәскеге ауғанда тынышы қаша бастады. «Апырау, неге кешікті? Тұзы жеңіл сорлы қайтер екен?» Енесінің есіктен сидиып кіріп келгенінен-ақ жүргегі құрғыр бір жаманатты сезгендей болды. Беті бері қарап, сәл оңалайын дегенде-ақ қызына тұра жөнелгеніне қатты қамыққан еді. Ең құрығанда «жақсы болып кет» деп бір ауыз жылы сөзін айтЫп, үлкендігін көрсетпеді. Демеуді біраз жерге дейін іlestіріп апарып, қайтарғанын да көп уақыт ұмыта алмады. Демеудің әпкесін бәрі жабылып, қуып жатыр дегенге бір түрлі сенбейді. Бар пәле әпкесі мен енесінде ме

деп корқады. Ал анау мұның бірін де ойламастан жынды көбелекше отқа өзі барып түсетініне күйінеді.

Жыбыр-жыбыр өре бастаған қой қаракөтермеге қарай бірден лап берді. Тоз-тозы шығып кетпесін деп алды-артын жиыстырып-ақ бағып, екі көзі төрт болып ауыл жаққа кешке дейін телмірді. Бірақ бері қарай бет алған аттылы қөрінбеді.

Імырт қонақтағанда барып қойды бір-ақ қоралады. Аттың әлі отқа қойылмай белдеуде қақып тұрғанынан секем алып, есіктің тиегін жүрексініп ағытып, ішке кіріп келгенде төрде етпетінен сұлап жатқан Демеуге көзі бірден түсті. Үстіндегі киімінің сау-тамтығы қалмай дал-далы шығыпты. Келінінің аңқая аңтарылып қалғанын жақтырмағандай Қөктені жұбатып отырған енесі бағжаң ете қалып:

— Құр тесіліп тұрғанша мынаны алшы! — деді.

Өз кейіпінің көлеңкесіне көзі түсіп селт еткен Қадірсіз олақтау қолдан шыққан сайқымазаққа ұқсайтын бір тұтам бойын бір ауық жатырқап шолды. «Мен сияқты бейшараның көлеңкесіне дейін бейшара болады еken ғой» деп ойлады. Қөктені қолына алып жайғасып отыра бергені сол еді, екі қолын таяна көтерілмек болған Демеу әлдебір жерін ауырсына қайтадан сылқ түсті.

— О, қу жаман, қу жаман, шаманды білмеген соң соғысып неңді алған, — дегенде қара кемпірдің ала-көлеңкедегі көмескі реңінен бейілсіздіктің терең нышанын айқын сездіретін көңілсіздік аңқиды. Енесінің керегедегі ербендерген сұлбасы өзін кенет бүріп түсестіндей сескене қалт тынды. Келінінің өне бойғы қарасынан бір түрлі қуыстанип кеткен қара кемпір:

— Ал мені талаң, жұлып же! Осынша не жазып ем, тәнірім! — деді де солқылдан жылап жіберіп, сап тыйылды. Көзінің шарасына іркілген жас жылт-жылт етіп болымсыз мөлтілдейді. «Апыр-ау, бұл кісі де жылай ма, сұмдық?!» деп Қадірсіз таңырқаған күйі аңқия анырып қалды.

Үй ішіне шам жарығы тұтас жетпей бұрыш-бұрыштан қараңғылық сағалап кіріп, қуыс-қуыска үйисе бекініп алды. Есіктің желдігі кенет желл етті де жүлкана кіріп келген әлдекімнің сұлбасына екеуі бірдей абыржи қарады. Ішке енген жаңағы біреу кімнің қай жерде тұрғанын әуелі анықтап алғысы келген сыңайда бөгеле берді.

— Мұнысы кім?! — деді қара кемпір.

Енесінің құты қаша дегбірсізденіп, есік жаққа жүрексіне қарағыштағанынан кәдік алған Қадірсіз босағада состиып тұрғанды Демеудің әпкесіне жорыды.

— Өзінің ұрыстырып, қырылыстырып кеткенін аздай ана алbastы мақауынды жібергенің қай сасқаның?! Құдай сені де тіл-аузынан айырса, бәрің құп жарасып отырар едіндер, шіркін!

Ұрқияның ашы мықылы Қадірсіздің жүргегіне шашудай қадалды. Әр сөзін таптап айтатын Демеу әпкесінің даусына араласқан шаңқыл шаптырып, өршіп кететінінен әйтсе де қатты сескенді. Қанына сінді шамшыл қаснетінен мұлде ажыраған қара кемпір босаға жақты қорғаншақтап шолып, сынық тіл қатты.

— Мақау, мақау да болса жалғыз бауырың. Байғұсай, бір жаныңа жалау болып жүрген одан басқа кімің бар?!

Осы бір сөз Ұрқияның жарасының аузын тырнап ашып жібергендей ыршып түсті.

— Бір жаныма жалау болмай жерге кірсін, осы екі жартыкешіңнен басқа ешкімнің де қолына сыймайсың. Бұдан былай көзіме көрінбей қараларынды батырып, құрындар!

— Мен қыз таппаппын, тас тауыппын...

— Ана мақауынды таптың. Бұлдірген өз үйінді бұлдір. Менде, менің байымда, бала-шагамда шаруаң болмасын, айналайын! Ұрысамыз ба, қырылысамыз ба, өзіміз білеміз, — деп жалт бұрылды да есікті шалқайта ашып, желдікті сілке лактырып тастаған күйі жеңіне кете барды. Бедіреңе безерген қара кемпір бірер сәт үнсіз отырып қалды. Төрде ұзынынан сұлап жатқан ұлына кенет назарын салып:

— О, қаншық! Жалғыз бауырнды алbastының соққысына жыққызып, өзінің төбемізге әңгіртаяқ ойнатуың қалған екен. Есебінді тапсын, есебінді тапқыр! — деді. Естімей кетеді-ау дегендей өңешін соза өршелене айғайлады.

«Екі жартыкеш». Жанашыр дейтін Ұрқия сөзінің сиқы осы. Өлім ғана әшкерелейтін ақиқаттың ойла-маған жерден ашыла салғанына тарынып, торықса да сыр бермей сызданған енесі жыланды үш кессе де кесірткелік шамам бар дегендей қасқып отыр. Ондық шамның көтерінкі білтесінің тілдей оты буылтық ләмлінің түтікшесіне өрекпи шапшығанда, киіз үйдің ая-

дай іші жап-жарық болып кетеді. Сол кезде сағы оңбай сынған қара кемпірдің кәрілікке біржола мойын-сүнған бейілсіз кейпі танылды. Әлдене айтпаққа оқталған райынан тез қайтып, Қадірсіз сұлесоқ көтерілді. Бұрыштан жаман шапанын тауып киіп, белін буынды да сыйтқа бетtedі.

Жеңдің оты қашқалы жартықұрсақ қой тұн баласы тыныш таппай өріп шығады. Қадірсіздің қарасы көрінгеннің-ақ белдеуде тұрған ат оқырана тықырышыды. Пырдай боп жатқан отардың пыс-пыс демалысынан басқа тұректен бөгде дыбыс білінбейді. Төңкерілген қазандай қаракөк аспанның жұлдызды шоғырының алқызыл шам-шырақтары алақ-жұлақ шаңытады. Бір-біріне иъктаса жұптасқан тау қою түннің құшағында қордаланға қарауытады. Меніреу түннен сескеніп, қимылсыз қлған Қадірсіз бір кезде тыныш таппай тықырышыған аттың ерін алып, аяғына тұсамыс салды да отқа жберді. Жерді дүнкілдетіп шоқыта жөнелген ат кілт төңен еңістеп кетті. Бір түйір шоқ жұлдыздың қара түндіқақ жара ағып тұскенін көрді. Қас қағым сәт аспан еңістігінің бір бұрышына жарық саңылау түсіп, мезетіде ғайып болды.

Өне бойі таудан соғатын сары желден денесі тоңазып, үй маңынан ұзамай ары-бері жүрді де қойды. Аршылған жұмыртқадай аппақ қойға алданып қарады. Кенет ояны кеткен Қектенің үнінен селт ете түсті. «Мандайының бес елі соры бар байғұс балам» деп дыбысын шығармaston егіле жылады. Шыт-шыт айрылатында қеудесі қаңыраған қуыс болып барады. Құлак шекең шыңылдан, басы айналды. Екі кештің арасында үйе тепсініп кіріп келген Ұрқияның сойқанды ұсқыны өз алдына ойда жоқта келді. Іш құрылышынан бірнәрсе төмен тартылып барып, үзіліп кеткендей болды Солығын әлі баса алмаған Қектеге жетіп барғысы келді. Жым-жырт түннің құлазыған оңашалығында қүргегінің дес бермей қатты-қатты соққаны сезді.

Үй маңызағы болымсыз жыра тұңғиық терең қарауытады. Бл жаққа жақындаса-ақ құрдымға сіңіп жоқ болатыдай тұла бойы тіксініп, сескене берді. Мана өзі спырып алған ер-тоқымды жастана қисайып жатты. Қанарына шымырлаған әлдене түйдегімен келіп бұлдыап тұрып алды. Қөніліне орныққан мұңсызаты ұлғаип-ұлғайып, өн бойын түгел жайлапандай

дел-сал күйде көзі ілініп бара жатыр еді. Қектекше жайлауының үшар басындағы ескі жұрт екен дейді. Бесқоның шоқысының күнгей қиясына тырмыса жа-йылған қойдың беті шұғыл тәмен ойысты. Демеу қыста шешесі тігіп берген сенсөн тымақты қайнаған шілдеде милығына баса киіп, ат үстінде қоқырайып отыр. Құн батыс жақтағы құзға бір түрлі телмрә қарайды. «Елден ерек бұл жазған не көріп түр сонша?» — деп Қадірсіз алдындағы кезеңге шығып, ойға көз жіберсе... Сонау екіаша сайдың түйығына орын тепкен омартаның бергі қабағындағы қаптаңды бұзып-жарып жол салып жатқан тракторды көді. Артқа шегініп барып, қайта жұлқынып құлама жарға айналдырған жердің тұмсығына күреуішін бойлтады да, төпелеме топырақты қопарып тастайды. Қадірсіз қалышылдаш кетті.

— Баланың атын Қектекше қойған неңді алған?! — «Сөйлеп тұрғаным рас па, Демеудің әпкесі енді жартыкеш деп көрсін» деп ойлады. Мұны елен қылмаған Демеу сай табанындағы трактордың әрекеін қызықтап тұра берді. «Апрай, жерді ондырмас жарапайтын болды-ау!» деген ойдан қатты күйзеліп оянып кетті. Жан-жағына алақ-жұлак қарады. Тұлсықан ай шығыс сілемдерінен арқан бойы көтерілп, тұңғынық көкшіл аспандада баяу қалқиды. Еркін өгілген боз сәуледен қашып-пұсқан көлеңкелер жыра-жыраны сағалапты. Қырат-қапталдар сап-сары алтының ұнтағын сеуіп тастағандай жалт-жұлт етеді. Пырай боп жатқан кой көлбей жүзген айдың шуағына еін-еркін шомыла тыныстайды. Кенет кой тоз-тозы шынып дүркіреп үркіп кеткенде, Қадірсіз атып тұрды. Қазіктай тіл-тік шаншылған сасыққузен жіп-жіңішке бояп қаздыып заулап барады екен. Қой тиген-тиген тұқа тентіреп, босып кетті.

— Эй, эй! — Қадірсіз тынымсыз айғайауға көшті.

— Ойбай, қой қайда, қой! — Ұлғи малың сонында жүріп, шаршап, титықтаған адамның ренін тәрізді қара кемпір шаңқылдаш шыға келді де, клтан-құлтаң етіп тұрып, ішке сып беріп кіріп кетті.

— Мынау төрт тұлігі сай кісідей жатғағой, шалжынып. Әй, сорлы-ау, қойың тағы да жоқ. Тұр деймін, тұр! Сенген кісің ана катының ба, жоқ, үйегін әрең сүйретіп жүрген өлмелі кемпір мен бе?!

Енесінің баласын жұлқылап оятқандау даусынан

қосамжарласып шығатын сүйкімсіз шаңқыл одан сайын көнілін ортайтып, ештеңеге құлқы шаппайтын сүлесоктықта ұрындырды. Осы кезде әлтек-тәлтек басып Демеу сыртқа шықты да, ештеңенің мәнісіне жете алмай томырылып көп тұрды. Қойшылардың далбағып қойған қарауылдыңдай қимылсыз қалқиған әйелінің сыңайына, үйірінен адасып, көк жүзін саяқ кезген ақшарбы бұлттың жерге түскен жапырақ-жапырақ көлеңкесіне кезек-кезек қарады. Қадірсіз күйеуінің ізін бағып, ұзақ селтиді. Екі иығы салбырап, ұнжырғасы түсіп кеткен оның сырт пошымына қараған сайын ашу-ызасы булығып шығып, безгек тиғендей тұла бойы қалышылдаپ, дірілдей бастады. Жаңа ғана түсінде көрген трактордың көкшіл түсі мен темір өзегінен қою қара тұтінің үсті-үстіне будактатып, арқырап-сарқырап жер қоларған ожар қимылы көз алдынан көлбендең кетпей қойды. Дүние шыр көбелек айналып, санаасынан бір түрлі шатаса бастағанын сезді. «Аяқ астынан маған не болып қалды?» деген ой қылаң беріп өтті. Қылт еткен нысана тұлдыր жанарына ілікпей, айналаның бәрі бұлдырап қарауытып барады. Буын-буыны құрып, әл-дәрмені бітіп, әлсірегенінен шошына шыңғырып жіберді де, екі бүктеле еңкейіп барып, етпетінен құлап түсті.

Қалт тоқтаған Демеу осы жаңа ғана қалқайып тұрған әйелінің құлап жатқанына сенбегендей аңырып қалды.

Тұнде Қадірсіз бекіткен ат жартоганға тақап барып, қақып тұр екен. Толық айдың жарқыраған қозы сөніп, ақ қаңылтырдай ақшылтый түске еніпти.

Таңғы тыныштықты бұзып, Көкте шырқырап жылады.

\* \* \*

Шұрқырасып келіп жұрт толассыз көрісude. Байыз таппай теңселген қара кемпір кос бүйірін таяна көзін тарс жұмып алып боздаған сайын жиналған көвшіліктің сай-сүйегі сырқырай түседі. Демеу жан баласына жуымай оқшау тұр. Бұрнағы күнгі соққыдан бетіне түскен таңбалар теңбілдене қанталай бастапты. Суық әлпеті одан сайын түксиген Тасболат қара кемпір мен Демеуді қаперінен мүлде шығарып жібергендей назар салып қарамай, төнірегіндегілерге әмірін шорт айтып, шалт қимылдаپ жұр.

— Эй, болсандаршы, түгі! — деген ара-арасында даусы да қатты шығады.

Өлік шығару рәсімінің бәрі өтіп, машинаға тиелгенде халық сендей қозғалып, соңынан шұбыра жөнелді. Даусын зарлатып шығарған қара кемпірге өзге әйелдер жамырасып үн косқан сәтте дүние дүрлігіп, азан-қазан шуға айналып кетті. Ақырын ілби жылжыған машина үстінде шайқатылып, тербетілген адамдардың қабактары да салыңқы. Қішкене тәбешіктегі қаптаған молаларды жағалай жүріп, машина жаңадан қазылған көрдің тұсына сырғып келіп ақырын тоқтады. Жапа-тармағай ырғып-ырғып түскен жігіттер сүйек салынған зембілді қаумаласа үстап, төпелеме үйілген топырақтың үстіне қойды.

— Ақым иесі қайда?! — деп шоқша сақалды қария көпшіліктің ішінен Демеуді іздеді.

Ешкіммен ісі жоқ Демеуге осы кезде бәрі аңтарыла қарасты. «Дәті берік неме ме, жоқ, дүлей ме» дегендей жүздерінде таңырқаушылық та жоқ емес. Тасболат қана қатулы райда:

— Ал топырақ тастандар! — деді. Бірінші болып жерге өзі еңкейді де қолына күрек алып, оны қазқатар тізіліп тұрған көпшілікке жағалата тосты. Уыс-уыстан шөкім-шөкім топырақ түсе бастады. Бір орыннан әлі тапжылмаған Демеуге Тасболат осы кезде ғана көзін сүзді. Қарақошқыл өні қуқыл тартып, жанарына бір түсініксіз ызбар үялаған күйі ақымшылардың біріне күректі топырағымен бір-ақ ұсынып, өзі Демеуге алара қарап бөгеліп тұрды. Бір нүктеге тас қадаған оның өнінде қан-сөл жоқ, бір түрлі боп-боз. «Апырай, мынаның қозғалатын түрі байқалмайды ғой» деді ішінен. Жаңа қазылған көрді айнала қоршап алған адамдар топыракты жапа-тармағай лақтыруға кірісті. Үлкен шұнқырға гүмп-гүмп түскен топырақтан бұрк-бұрк көтерілген шаң төніректе үйіріліп тұрып алды. Лезде шошайып шыға келген бейіттің айналасын тегістеп, шашау қалған тұсты сыпрып-сирып жатқанда, шетте тізіліп отырған қариялардың арасынан біреу сұнқылдаған дауыспен құран окуға кірісті. Ол болғанша тым-тырыс қалған жұрт бір кезде орындарынан қопарыла көтеріліп, келген жактарына қарай үздік-создық шұбай бастады.

— Қадиси! — деп кенет Демеу өкіріп шыға келгенде, жұрт жаппай қалт тоқтап, жалт қарасты. Иығы сел-

кілдеп, бетін басып жылағанда сорғалаған жас тамшылары саусақтарының жік-жігінен мөлтілдеп шығып, жең ұшына қарай құйылып барады. Қүйкітүғырлана бүріскең кейпі тым қораш. Бір-екі адам қолтығынан сүйеп, машинаға қарай алып жүргенде де жыласынан танбаған оған сай-сүйегі сырқырап кеткен Тасболаттың кескіні қатты бұзылды. Бұл жазғанға қайғының зардабы енді жетіп, соның күйігіне шыдай алмай жаңы қатты күйзелгенін білді. Біреулердің басу айтып, жұбатқанына көнетін сыңайы байқалмайды. «Бұл шіркіннің шолақ ақылы егіліп-елжіреп айтқанды қабылдай қоймас, әркім әрқалай уанбай ма» деген тоқтамға Тасболат аяқ астынан келді.

— Эй, Демеу! — даусын нығырлап шығарғанымен бетін баса солқылдал жылап тұрған ол сelt етпеді. Тасболат сәл іркіліп барып: — Енді доғар! Қадірсіздің өліміне күйінсең де осы, күйінбесең де осы. Мына ел айтып отыр: бәрінен де Қөктеге обал болды деп, ол аман болса елге әлі-ақ бауыр басып кетеді. Тек сағанғана Қадірсіз жоқ, сенің ел-жұртың Қадірсіз еді, сол ел-жұртынан айрылып отырған жайың бар, — деді.

Осы сәзді айтқанда Тасболат бір түрлі өршеленіп кетті. Қөшшіліктің ішінен: «Қой, Тасболат, өзі құрып тұрған бейшараны одан сайын тұқыртқаның не» деп, тоқтау айтатын біреуі суырылып шықпады. Лезде тынши қалған Демеу әлденені парықтағандай бір нүктеге ұзақ қадалды. Бір кезде төңірегінде гілердің күштеп сүйреген ырқынан шыға алмай машинаға отырды. Үнсіздікті бұзуға ешкімнің дәті бармай бәрі тымырайып алды. Тек бір кезде Тасболат қана өзіне-өзі сөйлегендай:

— О, жазған Қадірсіз-ай, есіл өмірің ырың-жырыңмен өтті де кетті, — деп ауыр күрсінді.

Иә, жұмыр басты пенде атаулы пақырларға өлім дейтіннің қалай бүйіраратын белгісіздігі үшін ғана, бәлкім, сұмдық ауыр ақиқат шығар.

## АСПАНҚОРА

— Атан өліпті, — деді Сайлаубай.

Касым жомарттың қызыл шырайлы жүзі шоққа қарыла түскендей нарттанып, аппақ қолымен бетін сипа-

ды да, қонды реңі шымырлай Сайлаубайға тіктеп қарады.

— Е-е, Атан Атан болғалы қай заман! Дүніе шіркіннің бір-ақ тұтам екенін білмеді ме екен сорлы. Құнделікті қам-қаракет деп итшілеп өткізген күн күн бе, тәйірі?! Мына жалғанда бірдеме жетіспейді деп асан-қайғы болғанмен, өзінің шолақ қолы тәрізді қайтып орнына келмейтіні де бесенеден белгілі. Құдай-ау, сонша неге бір тұтамы қалғанша өкпесі өшіп, еті өлмей осы дүниеден шарқ үрады бұл пенде?! Құзғынның жасын жасап, ақыл-ойы бір жағына алжасқанша қасарысып қалатын серті ме екен шіркіннің, — деді Қасым жомарт.

Сайлаубайға тұксие қараған ол жауап тоса іркіліп, қабағын сұстана керді. Сайлаубай Қасым жомарттың жаңағы сезіне шытынып, мол денесі бір бұлк етіп, Қасым жомартқа көзін шақшита қадады. Жанарының жиегіндегі ақ еті қызыл тартып, шелдене бастағандай. Томпайған дөңес жағындағы қаудиып-қаудиып өскен қылтанақтар әр-әр жерінен сойдиып, ұсқынын кетіріп-ақ тұр. Жазық мандайы қатпарлана:

— Эй, Қасеке-ай, — деді ауыр күрсіне басын шайқап. — Қайтесіз әруақты қорлап, қияли болған шығар. Оның орнында болсақ не істейтінімізді кім білсін.

— Не істеуші едік, барға қанағат деп жүре беретін едік, — деді Қасым жомарт жұлып алғандай.

— Жоқ, аксақал! — Даусы қалтырап шыққан Сайлаубай Қасым жомартқа тесіле қарап, бөгеліп қалды. — Сонау ашаршылық пен қырқыншы жылдың қырғынын көрген небір аяулылардың сарқыншағы емес пе едік. Сіз онда осы төніректе жоқ болатынсыз.

— Қырылайық па енді?!

— Қырылманыз, Қасеке! — деді Сайлаубай. — Жанымызды сактап, қалт-құлт етпесек те, дәм-тұзымыз таусылмай, табанымыз тозса да, талабымыз шағылмай, мына өзінің көрген ниетімізден жаңылмай жеттік осы күнге.

— Заман, заман, — деді Қасым жомарт манағы бір өктемдігін пышақкесті тыя, бір сарабдал кейіпке еніп. Жан-жағын жіті шолды. Тұла бойы жерінгендей Сайлаубай оған бір мезгіл тыжырына қарады. «Түһ, көпірдің бетінің қызылын-ай», — деді іштей. Дегбірі қаша астындағы қарагерді жіңі тебіне берген Қасым

жомарт алға оқ бойы озып шықты. Қойға мінілген торыны үсті-үстіне қамшылаған Сайлаубай Қасым жомартқа әзер-әзер ілесті. Қаракер ұзай түскенде: «Қап, итте сөзім кетіп, қыбым қанбады-ау. О, қайран Атан-ай!» деген өкініш жан-дүниесін қуыс қалдырып, одан жел уілдеткендей құлазытып жіберді.

Тұмсыққа тірелгенде Қасым жомарт атының басын іркіп, қаздия қалды. Нарттай қонды қызыл жүзі көңіліне бір ой алғанда осылайша парық салып, сонда да жалғанды өзі тұрған биіктен шолғанды ұнататын сыңайы аңгарылады. Қескініне иманы үйіріліп тұрғанымен, Сайлаубай сияқты жаяуларды жанына қоңсы қондырмайтын атадан балаға ауысқан ақсүйектік ғұрпы кісіні шошытпағанымен, ыңғайсыздандыратын тәрізді.

— Ол бейшара неден қайтыс болыпты? — деп, Қасым жомарт жақындал қалған Сайлаубайға тесілді. Өткір, ашық қоңыр даусына я шаңқыл, я діріл араласқанын Сайлаубай болжай алмады. Атының тізгінін тарта түсіп, іркілді. Қара торы дөңгелек жүзі қошқылданып, Қасым жомартқа тайсалмай сұық қадалды. Қолындағы қамшыны бүйіріне таянып алыпты. «Жаманың кесірін қарай гөр, ұрынайын дей ме, қалай?» — деп Қасым жомарт іштей жиналып алды. Сайлаубайдың өткір қозі өңменінен өтіп бара жатса да, сыр бермей қалшиып тұра берді. Ауыр күрсінген Сайлаубай:

— Атанның неден өлгенін бір құдайдың өзі біледі, — деп, өзіне-өзі сөйлегендей, назарын Аспанқораның тік шоқысына бұрды. Соңан соң даусын қатайтып: — Қасеке, айтыңызы, Аспанқора сіздің атақонысыныз, әкеңіз Тобықбайдың баяғыда алты жұз жылқысы осы жерді жайлады. Кедей-кепшіктің заманы туғанда Атанның әкесі колхоздың алғашқы бір отар қойын бірінші болып осы жерге қыстатты. Содан енді ол Атанға бұйырған еді. Соған іш қызғанышыныз болды-ау деймін. Баяғыда өзіңіз мал фермасының бастығы болып жүргенде ше, Атанды басқа қонысқа ауыстырмақ ниетінде сезетін ем.

Қабағын таңырқай керген Қасым жомарт Сайлаубайға шұқшия ызбарлы қадалды. Ашу қысып, жүзі қып-қызыл болып күреңіктенімен даусын баяу шығарды.

— Өзі қырсық шалған жігіт еді. Атақонысын қыз-

ғанатын мен бір түлей деймісің. Менің әкем кім, Атан кім? Біздің үйге су өзі әкелінетің, кой өзі сойылатын, қымыз өзі ішілетін. Бейшараның кемдігін ескеріп, басқа жерге қоныс аудар дегенім рас. Эй, бұл жұртты қойсанышы, — деп, атын тебініп қалып, аяңмен жүріп кетті.

Сайлаубай өзінің бүгін тым аңғарымпаз болып кеткеніне таңы бар. Қасым жомарттың қызыл реңінен аңыз мысқылды андал, титықтаған атын қамшымен осып-осып жіберіп, қопаң желіспен қатарласты.

— Қасеке, Атан алдында күнәңіз жоқ па еді? — деп тықақтап қоймады. Ажары бүрк етіп күренітіп кеткен Қасым жомарт үріккендей Сайлаубайға қарап:

— Эй, сен немене тықылдай бересің? Kіci өлтірді деймісің, мені бір. Қой әрмен, етегіне намаз оқып жүрген ешкімді көрген емеспін.

— Кем адамды басындыңыз, Қасеке. Қайта сізге жағады екен, — деп Сайлаубай буырқанып келе жатыр еді, Қасым жомарт айқайлад жіберді.

— Иә, жағады! Маған жағады деймін, ей! Жакпаса Атан тұқымсыз қала ма, — деп атын қатты тебініп, желе жөнелді.

Басқа ауылдың көп төбетінің арасына түсіп қалып, содан әзер күтылғандай Қасым жомарт сидаң барады. Ал Сайлаубай қия беткейдің жалғыз аяқ жолында міз бақпастан аңырып көп тұрды. «Иттің бетінің өрттей қызарғаның қараши», — деп, тізгінін Аспанқора шынына қарай бұрды. «Атан жазған осы жолмен өмір бойы жүрді ғой. Жаңағы қызыл иттің айтқанының жаны бар-ау, шынында. Неге сонша осы жерге ындыны құрыды екен байғұстың. Кейде осылай көзсіз кетеміз гой бәріміз. Басы бейнетке жазылған бейшара-ай десенші!» — деп Сайлаубай жалға шығып, тік тұмсыққа қапталдағанда, құбыла жақтан: «Ойбай, бауырымдан» дауыстарды естіді. Торының сауырын қамшымен көміп-көміп жіберіп, өрге қарай тырмыса жөнелді. Жылдым жүріп келген аты аяқ асты кілт тоқтағанда, өзінің егіліп жылап келе жатқанын аңғарды.

Софыстың екінші жылында Атан бір қолынан айрылып келді. Бір үрім-бұтақтан қарайып жалғыз қалған Атанның аман оралғанына кәрі-құртаң ағайын қуана қауқылдасты. Куаты қайтып қалтылдаған Рақымберді:

— Уа, аруақ, Бидалының шаңырағы ортасына түс-

пепті. «Қанаты бүтін сұнқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ». Бір қолың аман келгенінің садағасы шығар. Қамықпа, жетіліп кетесін, — деді.

Атан сол жылы көңілі жарасып, Ханымкүлге қосылды. Қараторының әдемісі Ханымкүл қарақатай тұнық, күлім көзі жайтаң қағып, кісінің ынтығын құртады. Үй мен түздің тіршілігін сылаң қаға шыр айналдырып, дәңгелетіп әкетті. Атан әуелі уыздай үйінен қоңыржай тіршілігіне бейілдене қойған жоқ. Өзін қатты ыңғайсыздандыратын осы бір жылы-жұмсақ күндері еркінен тыс, құдіреті күшті басқа біреудің әмірі арқылы өтіп жатқандай көретін. Жаратылысынан ашық, ақжарқын әйелі сықылықтап күліп, Атанның мойнына асылған сәтте жетегіне еріп кететінін сезбей де қалатын.

Көп ұзамай Атан қой бағуға бекінді. Қой баққанда әкесінің жыл он екі ай қонысы болған Аспанқораға көшуге дайындалды. Атанның бұл ниетін сезген ферма бастығы — Қасым жомарт бұлқан-талқан ашуланды.

— Атан-ау, өзің болсаң жарымжансың, баққаның қой, отырган жерің тау, итқұс болса қалың, су құз етекте, оны қайтып тасып ішесің? Қой, оның болмайды, — деп үзілді-кесілді қарсы шықты. Назарын Қасым жомартқа тіктегендеге Атанның жанарының үясынан үйктап жатқан жылан бас көтеріп алғандай кісі баласы сескенетін сұс сезілді. Пышақпен сұлығандай жақ еттері тұтігіп, құшық мандайы оқшаулана тыртысып, дөңес мұрны қонқайып, кескіні өзгеше өрескел бұзылып кетті. Бетіндегі шешек дағы сүр жүзіне уқорғасын түстес уыт беріп, дәл бір шалт қимылға көшетіндегі қуқыл тартты. «Пәтшагардың үскіны бұзылып кетті ғой, андамай сөйлеп қойған жерім болды ма?» · · · деп ойлаған Қасым жомарт қатты сасайын деді. Айтқан сөздерін зердесіне салып та көрді.

— Атан-ау, — бұл жолы даусы бұзылып шықты. — Атаң да болса бір жолдассың, саған жаманшылық ойлаған жерім жоқ. Әкемнің жұрты деп те қызғанбаймын. Тек, Аспанқора тым киын жер ғой, жарықтық.

Атан үндемеді. Жалғыз қолың ауырсынғандай ақырын көтергенде құшық мандайы қатпарланып, көзінің үясы сұық тарта тұсті. Тайсақтаған Қасым жомарт көзін оның көзімен түйістіруден тайқытып әкетті. «Осы бір тексіз итке несіне шырылдаймын. Маған десе қия-құздан ұшып өлсін. Сонша бедірейгені несі» дегендегей Қасым жомарт:

— Мейлің, — деп атын тебініп жүріп кетті.

Көктөбе шыңынан құбылаға қарай жылжыған жал «Аспанқораға» сұғынып, оның аяқталар тұсындағы тік шоқы өзгеден ерек көкке шашыла біткен. Ал қапталдағы сумандаган жалғыз аяқ ирек жол көлденең шөккен енселі тепсендің теріскейіне ғайып болып, содан тағы бір өркеште тұлқінің құйрығындағы бұлаң етіп, тікеден-тік тартылған арқандай қозыкөш жердің жон тоспасын тіліп жатыр. Жалғыз аяқ жол шөміштің шұңғылындағы шыңыраудың апанына тіреледі. Тұнғық терең сайдың көз ұшында айнаның сынығындай сәуле шашыратып, болар-болмас жылтырап ақкан бастаудың көзі бар.

Қойға шықсан жылдың алғашқы айларының бірінде Атан әйелі екеуі дәл осы жалғыз аяқ жолмен су алуға келді. Ханымкүл шөмішпен шелекті толтырса, Атан оны жалғыз қолымен теңдеулі тұрған флягтарға көтеріп, алма-кезек құяды. Шелек жиі-жиі шайқалып, ершеуінен лықсып төгілген су түйенің қомына, одан Атанның үстіне шашырады. Атанның бұжыр беті қызыл-куреніте тұтігіп, жалғыз қолын қалтылдатпауға тырысқанда, ашу үялаған көзі алара шатынап кетті. Тістеніп алған ол бар пәрменімен шелекті флягтың аузына еңкейткенде лақ етіп екпінімен аққан су екі айрылып, Атанның белінен төмен құйылды. Осы сэтте қуыстана қалған ол шұғыл кері бұрылды. Қаққан қазықтай қалшиған Ханымкүлдің қара торы әдемі жүзінің сыны бұзылайын деген бе, аялы қарақат көздерінен ыршып шыққан жас екі бетін айғыздаған бойы тарамдана төмен саулап барады екен.

Атан өзінің кем екендігін бұрын да білетін, қазір де осы күйіне еш налыған жоқ. Тек бұп-бүтін нәрсенің кемдігі байқалмай, кем нәрсенің кемшілігі бірден көзге үратынына қынжылды. Үйленгелі бері әйелінің бет-жүзінен мұндай сүмдикты аңғармап еді. Алдындағы тік өрден көз алмай жүқалтаң ернінің қанын шығаратындаі қырқа тістеп алған Ханымкүлдің қарақат көзінде өміріне деген ренішпен аралас, әйел баласына тән астарлы сыр жатқан сиякты. Өткен өмірінің қызына бой жылытып, қызығына қанып, енді мынау өзінің қол-аяғы балғадай жастық, өмірінің нарқын түсірмейтін, бүтіндей басқа қаракет аңсаған ұшқын көзінен анық сезіледі. Ханымкүл Атанға оқыс жалт қарады. Түйіскең екі көз бір-біріне ұзақ қадалды. Заты сұық,

сұсты шарадан дәті шыдамай әйел бір мезет түқырып қалды. Жаймен келіп шелекті бастау басына тастай салған Атан оқты қөзін әйеліне қадаған күйі:

— Не қылып состоип тұрсың, бақырды толтырмайсың ба?! — деді. Тік беткейдегі қожыр жартас Атанның қатқыл даусынан жаңғырығып, қарадұрсін сарын біраз уақыт құлақтың түбінде ызыңдал тұрып алды. Міз бакпастан селтиіп тұрган Ханымкүл кенет жүресінен отыра кетіп, қос иығы бұлкілдеп, өз деміне өзі тұншыға ұзақ жылады.

Қасым анда-мұнда Аспанқорадағы Атанның үйіне келіп, түстеніп қайтатын. Ондайда мал-жаннан бастап, күнделікті тіршілік күйбенінің қалтарыстарына дейін көңіл аударып, ықыласты әңгімені қоздатуға себепкер де болатын. Қісінің қас-қабағын қапысыз танып, айтар тілекті емеуріннен білетін елгезек Қасым елдің көңілінен шығып отыруды дағдыға айналдырған еді. Ел тіпті оның есіміне «жомарт» деген сөзді қосамжарлап айтатынды шығарды. Ал қариялар Қасымға сүйсініп кеткен уақыттарында: «Әкесіне құдай берген-ақ кісі еді, мұның қолында жок, әйтпесе байғұстың пейілі барғой, баяғының тұра Қасым жомартікіндей» деседі.

Қасым жомарт бір күні шайдың үстінен түсті.

— Иә, мал-жандарың аман ба, Атан? Ауыз су демесең бұл жер жайлаудың төресі ғой, шіркін!

Атан мен Қасымға алма-кезек қадалған Ханымкүл қас-қабағын қылықтана керіп, үяңдау жымып қойғанда одан сайын әдемі көрінеді. Қарақат көзіне кісінің ынтығын құртатын жылылық үялатып тұрып:

— Біздің Атан Аспанқора мен ит өлген жердегі бастаудан басқа еш нәрсе білмейді ғой, Қасым, — деп, женіл күрсінді. Қасым бір нәрсені қамығып ойлағандай төмен қарап, түқырып отырған. Ханымкулдің сөзіне елең етіп, басын жұлып алды. Дөңгелек қызыл шырайлы жүзі ашаң тартып, үлкендеу қоңыр көзіне көкейіне бір тәуір ой оралғандай ойнақши:

— Атан-ау, осыншама азапқа түсे бермесең қайтеді. Қолымнан келген жақсылығымды аямаймын, ауыл маңына жылжышы, біреу саған қың десе маған кел, — деді.

Атан сау қолымен керегеге қарай қисайып отырғанынан түзеліп алды. Қабағын шытқанда суалыңқы жақ еттері қатпарланып кетіп, көзіне ызбарлы үшқын үялатты.

— Эй, жомарт десе жомартсың-ау, Қасым, — деп, кенк-кенк күлді.

Атанның кекесінді сөзін қаперіне ілмей, жайдары жымиып алған Қасым жомарт аяқ асты состиып қалған Ханымкулге іркіліп барып, үй иесіне назарын қайта тіктеді. Бір-бірімізді отқа итермейміз ғой дейтін сыралғы пішінге еніп, томсарып отырған Атанға байыппен езу тарта:

— Атеке, — деді. Тығыз-таяң нәрсені айтуға аптық-қандай алдыға ұмсына түсті. — Екеуміз бір жылғы төл едік. Осылай арагідік жүздесіп қалғанда қаймана қазқтай тымырайып алсақ, онда біздің кісілігіміз қасы. Бұл жалғанда сыйласқанға ештеңе жетпейді. Көкейіндегі не түйткіл, айтып көр, тыңдалық, — деді.

Атан оң қолы жоқ иығын абайсызда қомдап қалғанын өзі де сезбеді. Аталы сөз айтылатын тұста кемдігін жасырып қалуға тырысатыны несі екен. Абдырап, асып-сасқан күйі көз қызын әйеліне тастады. Ханымкулдің бітім-сынында бір таза әйелдік сипатпен бірге, қүйеуінің кейбір оғаштығын қорашсынатын сыңайы айқын аңғарылады. Бірдене айтсаншы дегендей Атанға өтіне телмірді. Өзінің тоңмойын, түйық мінезін білетін бұл жаңағыдай сөзге дәм кіргізе алмайтынын білді. Айтса, Қасым жомарттың да, Ханымкулдің де өзара жақсы ұғынысып отырған пейіл-ықыластарының шырқын бұзатындей көрді. «Шынында, кісімен сөйлесу керек екен өзі. Малдың саяғында жұрттан сырттап қалатынм қалай?!» деп ойлады. Қөзінің қарашықтарына бір сәттік ұшқыны пәтуалы ойдың тоқтамындей лып етті де, мезетінде ғайып болды. Сау жағына қарай қисая шынтақтағанда шолақ қолының шұнтиған тұқылының байланған ұшы қойшылардың итқұсқа амал ғып жасаған қарақшысына қағылған ағаштай бір-ақ тұтам.

Қасым жомарт Атанға тіксіне қалғандай одырая қарады. «Құданың құдіреті, адам баласы да жаратыла береді-ау. Ханымкул мына жазғаның қай ұсқынына қызығып тиді екен?» деді ішінен. Өзгені шенмаңайына жуытпайтын әдетіне бағып, тауаны тар Атанның сиықсыз бітімін көз қызына қыстырмай, енді Ханымкулді бажайлап шолуға кірісті.

Әйел баласының ынта-пейілін жіті бағдарлайтын Қасым жомарт Ханымкулге парық салып тағы бір қарады да, жаймен көтерілді.

— Атеке, мен мына Қөктебедегі қойлы ауылдың жағдайын білейін, маған айттар не тілегің бар, — деді.

Шынтақтап жатқан Атан шолақ иырын өзіне бейімдей құнжып көтерілді де, малдасын құрып отырды. Қой көзінің зәрлі уытын Қасым жомарттың өнменіне қадады. Осы қарастың түп-төркінінен өзін жақтырмайтын сыр ұшқынын байқайтын Қасым жомарт жайдары қалпынан қалай да ажырамай, кәнігі ұстамдылығын сақтады.

— Атан, — шаруа жөнінде айтқысы келгенде қатыл кейіпке көше қоятын қашанғы рәсімі еді. — Келесі жұмада есеп-қисабыңды бересің, — деп, боз ши қалпағын киіп сыртқа бетtedі. Ханымкүлдің тұнық қара көздері қатты таңырқағандай кең ашылыпты. Бұрқ етіп білінген қызылкүрен түс әдемі кескінін одан сайын ажарландыра түскендей. Қасым жомартпен есіктің көзіне дейін ілесіп барып, бір кезде күйеуіне жалт бұрылды.

— Үйге келген кісіні аттанырмайсың ба! — деді.

Атан мізбақпады. Ханымкүл Қасым жомартқа қыла өтінгендей әрі бір сынық мінезге салынып:

— Қасым-ау, келген сайын құр аттанасың. Бұгін жата-жастанып, бір малдың басын жеп кететін ретің еді. Біз де қайбір жетісіп жүр дейсің. Жердің төбесіне шыққалы бері елдің жүзін көруге зар болуға айналдық, — деді.

— Ханымкүл, малдың басы қашпас, қоғамның жұмысын дер кезінде тындырмасан, ұяты өзіңе келеді. Кеңінен отыратын күн алда ғой, — деп, Қасым жомарт сыртқа шығып кеткенде, екеуі екі жерде ұзақ состиышп, тұрып қалды.

Үнсіздікті Ханымкүл бұзды.

— Мола не, бұл үй не? Бір Сайлаубай болмаса, өзгеге сенің қабағың неге қарыс жабылып қалады, осы?! Қасым кім, Сайлаубай кім? Оның бір парықсыз, бейшара, құл-құтан.

Атан Ханымкүлдің ашық ұрыска тіленіп отырғанын білді. «Қойнындағы әйелінің сөзі осындай болса, онда өзгеге не жорық. Бұл бейбақ «қызыл иттен» басқамызды құл-құтанға теңгереді екен ғой...» Жұқалтаң өнінің қаны қаша, шешек дақтарына дейін сүрғылттана сүрланған Атан көзіне зәрлі айбын ұяллатты. Күйеуінің ұсқынсыз қара шұбар кескінінен о баста-ақ қаймығатын Ханымкүлдің әдемі пішіні бозғылт тарта қуандап, ой-

нақшыған күлім көзі жасқа шылана жәудіреп, тұз тағысынікіндей тосырқайтын сыңайы байқалды.

— Аспанқораң елегзітіп өлтіретін болды. Бір ауық далаға түсіп, туған-туысқанды аралап келуді білмейміз. Аң болуға айналды.

— Қыңсыламашы-еý, — деп, Атан уытты көзін әйеліне түйрәй қадап, қинала тыжырынды.

— Қыңсылаған екенмін ғой мен саған, — деп, Ханымкүл өршеленіп кетті. — Тас мақаудан қай жерің ілгері?

Атан әйелдің тілін шығармау керектігін ойлады. Ешкімде ісі жоқ өзімен-өзі жорғалап бара жатқан жыланды құйрығынан шұқысаң ғана басымен оралып келіп шағатыны сияқты, әйелге тіл бітірсең жаңынды жарапайды. Дұшпан айтатын сөзді қатыннан есту таң емес. Атан орнынан тұрып, сыртқа шықты. Қапталдағы отқа қойылған атына мінді. Сәскедегі ашы күн тұра төбеден төніп, тау шалғыны шағылданған қуан тұске еніпті. Шығандаған биіктігінен Аспанқора да сәл аласарып, шөжіп, шөккендей. «Тіршілікте не мән бар?» деп ойлады. Аспанқораның тік тепсецинде тұрган бұл ұзыннан-ұзақ шұбатылған Атабайдың мұқал жалына көз тікті. «Атабай жарықтық момын кісі дейтүғын. Анау бір көлденең тұмсыққа сұғына біткен жайдақ тепсендегі жер-қораны әкесі баяғыда көрсеткен. Енді қараса оның орны тып-типыл. Сол Атабай қыстауында бұл дүниеге келіпті. «Ақсақал, сіздей қоңыртөбел тіршілігі болып, есіміңізді көтеріп журсе болды», — деп, әкесі байғұстың ес-тұсы қалмаса керек қой. Әй, сорлы әкем-ай, Аспанқорадағы Тобықбай анау қызыл иті туғанда Қасым жомарт әулиенің есімін таңдапты. Ал бұған жұрт Атабай есімін қимай, Атан атап кетіпті».

Кенет өткір зат түйреп өткендей жүрегі жиырыла қалды. Өзінен Қасым жомарттың барлық жағынан ілгері екенін іші сезеді. Қойшы-қолацмен қазан-ошағы араласып жатады дейді. Кей байғұстар бұл жата-жастынып кетсе, үйлеріне қыдыр қонатындаі алдынан қия өтпей қол қусырып күтетіні несі екен?

Ханымкулдің жаңағы сөзі Атанның жаңына қатты батты. «Қызыл иттің» алдында өзі мені кем көргендей бола ма, қалай?» деп ойлады. «Балам, кесірge жолықпа» дейтін әкесі. Қараса, момақан қария пенде шіркіннің тез ес жиып дәл осы күйінде тұа салғандай керіліп-созылатынын біліпті ғой. Ханымкүл парықты

әйел ме, жоқ, әлде бүгінің ғана ойлайтын төмен етектілердің бірі ме, ол жағын байқап, байыпташ көрген емес-ті. Әйтеуір, көлденең кек аттының көзіне түсетін көркіне өзі де ылғи тәнті боп, көңіліне пендешілік қуаныш ұялатыпты. «Апымай, осыншалық итшілікке неге бардым екен?» деді Атан іштей ширығып. Әйелінің өзін менсінбейтінің сезінген сайын көкірегін ессіз ашу кернеп, шарқ ұра бастады. «Неге сонша қор болып жаратылдым екен?» — деді. Біреуді кінәлап, жазғыруды білмейтін бұл — маңайға жазылатын несібенің болатынына құмәнсіз сенді. Қараса, адам баласы иемденетін жақсылық болса, соның түгелге дерлігін Қасым жомарт иглігіне жаратып жатыр. Күндердің күнінде Атан осы күйінде қалмайды. Дүниенің қызығы мен шыжығы бұған таңсық та емес. Бірақ осы Қасым жомарттың қайғысы бар ма екен деп ойлады. «Бұл неге жүртпен осынша жарқын сөйлеседі? Тымырайған мені де іш тартып, жанашырлық білдіріп жүргені анау. Ханымқұлдің жаңағы «тас мақаудан қай жерің ілгері» десінде бір гәп бар шығар? Қатын алдым, үй болдым деуім көңіл жұбату болмағай. Осы Қасым жомарт келген сайын шырқымыз неге бұзылады?

Кезең белдің тік құлдилаған тұсына жақындал келді. Құз шыныраудан Аспанқора көкке шапшиды. Пенде баласының қам көңілі қаперіне кірмейтін осынау жаратылысты Атан еріксіз шолды. Осы Аспанқораға байланып қалатын не жөнім бар дейтін саулға жауап таптай іркіле берді. «Жағады, жақпайды дейтіннің ақиқатқа жуық әлдебірденесі бар ма екен?» «Аспанқора қыын жер ғой, жарықтық», — деп, Қасым иттің айтқанының, жоқ, жаны бар болғаны ма?»

Бұрын басынан кешпеген бір түсініксіз жай-күй. Аспанқорамен бетпе-бет келіп түрғандай көре ме, кейде өзін. Өмірінің тең жартысынан астамын осында өткізіпті ойласа. Баяғыда әкесі етектегі Атабайдан осы Аспанқораға қоныс аударғанда мұның есі кіріп қалған шары еді-ау. Әшейінде можантопай, салбыраңқы самарқау әкесінің сонда айбаттанып алғаны несі екен? Бұл да Ханымқұлмен қосылып, қой алып, Аспанқораға қоныс тепкенде өзін бір түрлі сергек ұстамап па еді? Ханымқұлмен арадағы кикілжің әңгімеден кейін Атабайға қоныс аударуға іштей талай бекінді. Бірақ олай істеуге бір бөгде күш жібермей, бөгеле берген.

Аспанқора малға жайлы, қой токтайтын түйіғының

көлтүғы кең сөгілгендіктен ғана емес, Атан бұл жердің аяқ-колын еркінше созып, барынша көсіле алатын тыныстылығын қалайды. Қаршадайынан құз етекten су тасып үйренген адам, оның азабын де әлемеуге үйренген. Оның үстіне, соғыстан бір қолынан айрылып келгелі бері бұрынғы қамсыз-мұңсыздықтан жүрдай болып, көнілі босай беретінді шығарды. Аспанқораның кез келген тұсын әкесі мен анасынан қалған қөздей қорғаштап, содан жаңына демеу табатында болады.

«Мен сияқты кәріп адамға алданыш керек-ау» деді Атан. Ол кейде Сайлаубай үйінің қатықсыз қара сұын ішсе де, сарсаң ойдан арылғандай сарайы ашылады. Мына бір ойқы-шойқы дүние жасылдана түзіліп, көзі шырадай жайнайды. Мұндайда Сайлаубай да ділмәрсып кетеді. Оның жұпымы үйінде отырып, әңгімеге шешіліп араласатынына таң. Бірінен соң бірі дастарқан басына келетін Сайлаубайдың үйелмелі-сүйелмелі балалары мазасыз-ақ. Ананы-мынаны сұрап, шешелерінің мазасын алады. Осындайда Сайлаубай балаларына зілсіз ақырып, әмір бергенімен сөзі өтпейді. Соған ызаланып, сықырта бір сыбап алады. Ал Атанның Сайлаубай балаларына деген ықыласы бөлек. Солардың әуеніне төңкеріліп, әлек-шәлелі шығып жатқаны.

Атабайда отырған Сайлаубай бірде Атан мен Ханымкүлді ерулікке шақырды. Екеуара қоныс, мал, далағы ауыл жайынан бейілді әңгіме қозғады. Арасында Сайлаубайдың әйелі де сөзге араласып қойғанымен, оны-пұныда ісі жоқ, қақсан қазықтай тіптік отырған Ханымкүлге жалтақ-жалтақ карайды. Сайлаубайдың кейбір әзіл-қалжынына салқын езу тартқаннан басқа Ханымкүл шырай бермей, тымырайып алыпты. Өзеурей өңештеген Сайлаубай барынша ділмәрлігіна салынып бақты.

— Қасым жомарт ана салпы етек қатынын баяғыда қырық жетіге алып еді. Мына біздің Атекең Ханекендей уылжыған келіншекті қырғидай қағып түсірді, — деп қарқ-карқ күлді. Ханымкүл манағыдан да қаздия түсіп, көз қиығын екеуіне еріне тастап, мырс етіп күлгеннен басқа ләм демеді. Сайлаубайдың өршелене өрекпіл, әр саққа жүгірген көнілін су сепкендей басқысы келген Ханымкүл ешқандай қылық көрсетпей-ақ кексе әйелдерше сыздана тіл қатты.

— Бар адам не іstemейді. — Осы сөзді айтқанда қараторы жүзі сұрланып, ал бұған не дейсіндер дегендей,

Сайлаубай мен Атанды алма-кезек барлай қарады. Атан селт етіп, әйеліне жалт бұрылды. «Апымсау, мынау Қасым иттен басқаны адам санатына қоспайды екен-ау, ә». Осы түйткіл көңіліне келгенде Атанның өні бұзылып, сұық ойдың табы білінген еді.

Ал бүгінгісіне не жорық. Эйелін жамандыққа қанша қимай әлек болғанымен күдікті ойлар жаңын же-гідей жеді. «Қасым итке келгенде мұның ықыласы неге өзгеше?» — деді ақыры. «Мендеңі осы шыдам ба, жоқ, әлде күнелту сияқты ездік, бейшаралық па? Мен сияқты парықсыздан иәресте қөргісі келмейтін шығар мұның әуелі. Эйтпесе бір бала емес, екі бала табатын уақыты болған жоқ па?!»

Тұла бойы селсоқ тартқан Атан сансырап қалғандай әрекетсіз күйде тұр. Аспанқора шоқысының тік қапталында үйездеп жатқан қой, түпсіз терең көгілдір аспан, дүниедегі мұлгіген тыныштық, көз ұшындағы құз етекте жыландаі ирелендеп аққан өзен — бәрі бұған бір тұрлі жат болып көрінді. Тентіреп келіп, кездейсоқ табан тіреген жері Аспанқора болғандай баянсыз күй кешті. Дыбыс қатса бітті — кеуде тұсы қақ жарылып, жан-жүрегі парша-паршасы шығатындаі сезінді. Бейжай атына мініп, үйіне келді. Қиіз үй тігілген тік жалдың теріскей қапталында әйелі отын теріп жүр екен. Ханымкүлдің мына қаракеті берекесі қашып бара жатқан тіршілікке сәл дәнекерлікке жарагандай. Аз да болса түйсігіне жарық сәуле түсіп, өзіне-өзі ептеп келе бастады. Бүгінгі реніш мұнымен жуылып-шайылып кетпейтінін де біледі. Мұның алдында әйелінің кішік, зайдың жоралғыны мұлт жібермей сақтауының да қажеті шамалы. Атан Ханымкүлден адамгершілік нұсқаны күтеді. Қасым жомарт келгенде мұның берекесі қашпаса екен дейді. Эйелінен бұдан өзге ештеңе сұрамайды да. Тек алдына алып отыратын алданыш керек. «Жоқ, мұнымың күпірлік бірденесі бар ма?» — деді өзіне-өзі акталғандай.

Атан бүгін ой түбіне жете алмайтын болғандықтан Ханымкүлді тезірек келсе екен деп күтті. Қоңылтақсыған көңілі әйелінің келуімен серпілетіндей тағаты таусылып, мазасы кете бастады. Бір кезде арқалаған отыны бар Ханымкүл келді. Бағанағы ренішті ұмыткан ба, жүзі жайдары.

— Сенен Сайлаубай досыңың бір артықшылығы, әйеліне отынды үйіп тастайды, — деді. Бұл сөзді айт-

қанда қараторы әдемі жүзі күреңітіп, күлім көзін мұнайма не дейсің дегендегі төңкере тастап, әнтек езу тартқандай болды. «Апымай, бұл менің кемдігімді бетіме басқаны ма?» деді ішінен. Бойын түсініксіз ашу биледі. Шешек дақты қарасүр жүзі қарауытып, сопақ бітімінің ұсқыны қаша түсті.

Сыр тартқысы келгендей біраз уақыт әйеліне көзін алмай тік қарады. Ауыр-ауыр сөздерді айтқысы келді. Кімге айтады, нені айтады? Қөнілінде бұрыннан жүрген түйткілдердің бірі қалмай, ізім-ғайым жоғалыпты. Артық-ауыс бірдене айтылса бітті — дүлей күшіне ерік бере алмайтындай көрінді. Сыны бұзылып бара жатқан Атанның жүзіндегі өзгерісті бағып отырған Ханымқұл бір кәдік болатындай тіксіне қалып, таңыр-қаған сыңай танытты.

Атан белдеуде байлаулы тұрған атына шұғыл қонып, тізгінді турадан-тұра Аспанқораның шалқалаған тік шоқысына қарай бұрды. Пенде болып жылқыны қинамайтын ол атының қара суға түсіп, тірсектері маңысып, дірілдегенін де қаперіне ілген жоқ. Атанның қолы жоқ иығы мына бір тосын әрекетін құптамағандай құнжия бүрісіп, бүкіл сырт тұлғасын шоңқытып, сынның қашырып-ақ тұр. Ал ана шұнтиған тұқылы еркіне көнбей шолтаң-шолтаң етеді. Ұшар тұмсыққа ілінгендеғана Атан жан-жағына бажайлап қарады.

Бұл жер таудың аяқталар тұсы. Жал-қаптал біткеннің баурайлары алақ-жұлақ сарғыш тартыпты. Асқар шыңдар осылайша мәңгі тұратынын білетіндей, мына кішкентай тіршілік иелерінің күйкі ниеттерін қабылдамайтын тәрізді райы салқын.

Аспанқора осы өңірдің қарауыл шыны болмаганмен, анау андыздаған Қектөбемен терезесін теңестіре, иық тірестіріп тұр. Атанды мазалаған бұл ой емес. «Тау екеш тау да бір-бірімен бақ-күндес емес пе осы?» деген аңғал ой жаңына бір тұрлі тыншу бермеді. Баяғыда осы Аспанқораны Тобықбай бай неге жақсы көрді екен? Оның да дүниеден баз кешкен күндері болған шығар? Ондайда ол да осы шоқыға шығып, арлыберлі жалғанды болжаған болар?

Осы Қасым ит барып тұрған әзәзіл ме дерсің. Ойымды онға, санамды санға беліп қойды ғой. Көзі кенет иегінің астындағы жамbastanып біткен кия жалдағы үйіне түсті. Өзіне қарап, қатып қалған Ханымқұлді көрді. «Сен андағы жерден, мен мына жерден тұрып,

кел, арбасалық», — деді Атан мырс етіп. Құз-шыңырауға үйысқан сонау көлеңкеге, төсін Аспанқораға шалқайта жіберген шатқалдағы жартасты алданыш тұтып шолғанымен көңілін демейтін еш нәрсе таппады. Жанағы шатқалдың құлдилаған етегіндегі бастауды көргісі келіп кетті. Шоқының қылтаң тұсына барып, Аспанқораға түйісер кезеңді бойлады. Шыңыраудың түйікталған тұмсығына сұғынып жатқан бастау көзіне шалынбаған соң тағы да үй жаққа көз салды. Ханымкүлдің қарасы көрінбейді. Манағы шиыршық атқандағыдаі емес, тұла бойы дел-салданып, бір түрлі самарқау тартты. «Осы шоқыға жұлқынып шыққаным әбестік болмады ма екен?» — деп ойлады. Тікке көтерілгендердегі екпінінен айрылып, етекке жалдатып жаймен түсті.

Бір күні Ханымкүл екеуі түскі шайға отыра бергенде, біреулердің дабыр-дұбырын естіп, Атан сыртқа атып шықты. Қарсы беткейдің қиясын жалдатқан екеу бұл үйге бұрылатын емес. Коржын бектерген торы аттың үстіндегі әйел қалшиып тұрған Атанды көріп, атының басын ірікті де, өзінен озып бара жатқанға бірдене деп күнк еткендей болды. Сайлаубайды әйелімен жазбай таныған Атан: «Бұлар қайда барады?» — деп таңырқады. Сайлаубай қалт тоқтап, селтиіп тұрған Атанға қарады да, іле:

— Эй, тойға жүрмейсіндер ме? — деп айқай салды. Жарықшактанып шыққан даусы дарылдал сүйкімсіз естілді.

— Ол не той? — деп, Атан қайта дауыстады.

— Қасым баласын сүндептке отырғызып, ат шаптырып той жасап жатыр, білмеуші ме едің?

Сайлаубайдың даусы бір сыйдырғы қамсыз-мұңсыз дарылдал шығады. Атан тұрған орнында қатты да қалды. «Қасым еледі екен деп, жетіле ме, мынауың? Ең құрығанда босағамды аттап, әйелге көз қылып, тойға жүріндер десе болмай ма? Бүкіл елдің ішінде Қасым иттің жалғыз мені алалағаны ма?» Сайлаубайлар бір кезеңді асып, көрінбей кеткенше тұрды. Үйіне кіріп, қайтып шайға отыруға жүрегі дауаламайтын сияқты. Ханымкүлдің ендігі ілік-шатыс сөзі жанына жайсыз тиетінін біледі. Сонда да солпайып келіп дастарқанның бір шетіне жайғасты. Ханымкүлдің қара торы әдемі жүзі қуқыл тартып, кішкене қыр мұрны қусыры-

ла Атанға тіке, сынап, барлап, телміре қарады. Қесені де самарқау ұсынып жатып:

— Е, Қасым той жасаған екен ғой, — деді. Қибыжықтап, тынышы қашқан Атан «жасаса жасай берсін» деп айтуға бір оқталып барып, сап тыйылды. Жұмған аузын ашпаған күйі шайын құлықсыз ішті. Ханымкүл есіктің көзінен көрінген Аспанқора шоқысының жұмыр жонынан сыр тартқандай қадалып тұрып: — Ел той жасайды, — деді өзіне-өзі сөйлегендей ах ұра ауыр күрсініп.

Атан әйелінің бұл сөзіне де ләм демеді. Қесені төңкеріп салып, қолы жоқ иығын қолапайсыз қомдана құнжиып, сыртқа бетtedі.

Қасым жомарттың тойын қанша ойлағысы келмей әлек болғанымен, жалғыз мұны елемеуі қорлағаны тәрізді көрінді. «Осы кем болмай келгенде қайтер ем?» Қасымның, оның тойына кеткен Сайлаубайдың менен несі ілгері еді. Кейбірде сеніп, сырласып, мұндастын дейтін Сайлаубайдың сұры анау, кісінің көңілін аулап қоятын түйсік дегеннен түк жоқ. Біз шақырылған тойға сендер шақырылмайсыңдар деп қыр көрсеткені ме екен? Білсе, мен кім оған, Қасым кім?»

Күзге салым колхозға Дегерестен әкелінген жылқылардың ішінен бір торы дөнені Атанға тиді. Сол торы дөненді осыдан екі күн бұрын өрелеп койған болатын. Койға даладан тұз тасып, келесі күні бастаудан су әкелгенше бір жарым тәулік өтіп те кетті. Ертенгі шайдың үстінде Атан Ханымкүлге: «Сен мына қойға карай тұр, мен бүгін торы дөненді тауып келейін, үйренген жеріне тартып кеткен шығар?» — деп жиналып жүріп кетті. Аспанқора кезеңінен қапталдай түсіп Асусаймен жалдатып барып, Қектекшениң тік тепсенине көтерілді. Жоғын сол арадағы қойшылардан сұрастырығанда, олар аяғындағы өресі үзілген торы жылқының «Орыс» бұлағынан кеше кешкісін Ақобаға қарай бет алғанын айтты. Ол Қектекшениң тік тепсечінен Жылқыбай түйіғына қарай құлдилап, Қаратастың үстіндегі Сасықбұлаққа шықты. Бір кезде күн көзі сәскеден ауып, кезең-белдердің күнгейіне көлеңкелер мойнын созып, жер-өңір ала күнгірттеніп қалған шақ еді. Сасықбұлақтың түйіғындағы бір үйір жылқыны жағалап жүрген торы дөненнің үстінен түсті. Атан жоғын жетегіне алып, келген ізімен кері қайтты.

Жалғанды жалпағынан алып, аспанмен астасқан

Алатаудың асқар шындарынан қызыл құлғін айдың жартысы көрінді. Аспанқора беткейінің тік қия қапталында астындағы қөмпіс қүрең мойнын жерге жібере өрге тырмысты. Жиі-жіңі пысқырынған аттың бұлшық еттеріне дейін дірілдегенін Атан жан-жүрегімен сезінді. Қия белдің бітер тұсындағы кезеңге тақағанда ат қос құлағын қайышылап, оқыранып қалды. Тізгінді тарта түсіп, бір-екі тебінген Атан кішкене дөңсұмақты айналғанда алдынан бекітіліп қойылған ақбоз атқа кеzikti. Өуелі бұл жылқы кімдікі екен деп ойлады. Қенет басы шың етіп, жүрегі аузына тығылды. Демалысы жиілеп, жалғыз қолының жұдырығы тас түйіле аттан қарғып түсті. Қалжырап келе жатқан бойы аяқ асты жеңілденіп, торы дөненді күренгे матастыра сала, үйіне қарай секемшіл сақтықпен жылдам басты. Бұл жылқының Дегерестен келгенін жақсы билетін. Қасымның тақымынан да бір-екі жолы көргені бар. Ішкі сүм күдігіне ерік бергісі келмесе де, өзінен тыскары күш тұла бойын билеп, ақыл-есінен айырғандай үйіне қарай дедектетіп барады. Киіз үйге жақындаі түскенде тосын құлкі құлағына шалынып, қалт тұра қалды да, тыңтынады. Осы бір қылышын қорсынғаны сонша, көніліндегі күдігі расқа шыққандай қарасүр жүзі өз-өзінен түтіге дуылдалп барады.

Аспандағы арсыз жұлдыздар жымың-жымың етеді. Әшейіндегі соғатын тау самалы да болмай, Атанның бет-жүзін жалын шала тынысы тарылып кетті. Әйелінің тұншыға сынқ етіп күлгенін құлағы тағы шалды. Жалма-жан есіктің тиегін ағытып жіберіп, үйге ентелей кірді. Ондық шамның өлімсіреген жарығы «алақай, қызық болды» дегендей бір-екі дүркін жыпылықтап кетті. Есіктің жапсары көтерілгенде-ақ айдың сүттей жарығы үй ішіндегі қараң-құранды емін-еркін көрсетті. Өуелде өзінің үйреншікті жатын орнынан екі бас қатар көтерілді. Состиған екеуінің бойларынан құмарлықтың із-тозы қалмай, ұят пен нысаптың алдындағы бейшара күйлері сезілетіндей. Отырған орнында қатып қалған біреусі келесі қимылды баққандай тым-тырыс.

Атан әлі тұр.

Көкшіл көздерінің аласы қанталағаны Ханымкүлге анық көрінді. Тенселип кетіп, бойын тез жиып алғаны да, әйелдің көзінен таса қалмады. Қомейіне тас тығылғандай жан дәрмен дыбысын шығара алмаған Атанның көкірегі күйіп-жанып, өзегі өртеніп барады. Осы

кезде орнынан әйелі атып тұрды. Кәдімгі есінен жаңылғандай қолаң шашы қобырап кетіпті. «Жүзікара!» — деді Атан ішінен. Оның бетінің үштары мен көзінің айналасы қызыл темір қарығандай дуылдады. Ал Ханымкул басын сілкіп қалып, күйеуіне тіке, шабына сөйледі.

— Не ғып тұрсын, үр, өлтір!

Даусынан үяттың отына өртенгендіктен гөрі, осыншама азапқа салған сәттен арылуға асығу мен үрей сезіледі. Ол өзі осы сөзді айтқаннан кейін отыра кетіп, тізесіне басын қойып аңы өксіді. «Жоқ, мен ұрмаймын, өлтірмеймін». Бұл іштей берген жауабы болғанымен, ол оны айқайлап айтқандай сезініп, жиіркене жалт бұрылды. Сыртқа шыққанда таудың тұнық ауасына денесі тітіреніп, шолақ иығына қарай қисая тенселіп барады. Қай бағытқа бет алғанын білмей, сурініп кетті. Бойына ие бола алмай етпетінен құлады. Қөртышқанның қаптаған үяларының біріне сүрініпті. Қолына жұп-жұмсақ топырақ ілінді. Мұрнына жер иісі келді. Демін терең алып, ауыр курсінгенде, өксік тәрізді ыстық дем өзегін жарып өтті. Қекірек тұсы өкініш пен қызғаныштың утынан ашып кеткендей. Алакүйін көңілі шалт қымылдауға сан мәрте өрекпіді, сан мәрте атып тұрғысы келді. Жер-ананы бауырына алып, көп уакытқа дейін жата берді.

Таң сыз бере Атан орнынан сүйретіле көтерілді. Тұн ортасынан бергі сұрапыл аласапыран тыншып, енди монтаны қалпында өзінің босағасын аттап, мына сүм жалғаннан баз кешіп кеткісі бар. Қолы жоқ иығының тұқылынан қараған кісіге мұның сау колы құдайдың құдіретімен қапсағай денеге әшейін жапсырыла салғандай. Беліне қыстырылған шинелінің бос жеңі Атан тенселе басқан сайын арлы-берлі бұлғандап, ұсқынсыз кісінің кембағалдығын әйгілеп тұргандай. Есіктің көзіне жақындалап, жалғыз қолымен маңдайшаға суйендей. Аңы өксікті құлағы шалғысы келген дәмесі әуелгі бір ар-намысина үстемдік бермей кететіндей көрінді. Жүрегінің қан тамырлары лұпіл араласа дірілдеп, есіктің жапсарын күшпен көтерді. Ханымкул түндегі отырған жерінде қара шашын қобырата бір қырынан жатып үйқтап кетіпті. Атан Ханымкулдің жамылған көрпесін іргеге лактырып жіберді. Шошып оянған Ханымкул іш көйлегінің етегін қармана, күлім көзі қоркыныштан каракаттай тұнып, Атанға бейкүнәлана

жәудірей қарады. Атан ыңғайлы түркеси кеп бір иығына қозғала бергенде, Ханымкүл керегені қос қолдап ұстап, булыға жылады.

Атан бірақ тіл қатпады. Ашулы көзін Ханымкүлдің өңменің қадаған күйі ұзак түрды. «Әй, мынау жылайды ғой» деді Атан ішінен. Өзіне ие бола алмайтындағы сезініп, тістеніп алыпты. Үрейлі Ханымкүл жан дәрмен арпалысты күтіп түрғандай. «Бұл сонда неге жылайды?» деп ойлады ол тағы. Тұндегі жағдай ойна оралғанда басына ыстық қан шауып, көзі қарауытып кетті. Өні бұзылып кеткенін сезінді. Мұның алдында қашанғы бейшара боламын деп, сыртқа атып шықты. Атына мініп Аспанқора шоқысына тік тартты. Сүйір шынға шығып, сол арада қарауыл құсан ұзак түрды.

Содан Аспанқорада Атан жападан-жалғыз тіршілік кешті. Іштей талай мұжылды. Ханымкүл емес, өзін жазғыратынды шығарды. «Әйел әйелдігін істемеуші ме еді? Анау Айдабол соғыста жүргенде қатыны жолжөнекей бала тауып алмап па еді? Намыс, ұят менің не теңім? Қөп болса сөз көбейіп, жүзім төмендер. Айдаболдан қай жерім артық менің» деген ол — көптен сарылып келіп тұтқылдан шығарған шешімін әжептеуір тұғыр-таяныш көрді.

Нені болса да таланынан көруге мойын ұсынған Атан Ханымкүлдің үйінен біржола кетерінде, тұмысында басынан өткермеген күйзелісті хал кешті. Түйіншегін салбырата ұстап, кіршікіз аппақ орамалын алқымынан байланған Ханымкүл далала апаратын жалғыз аяқ жолға тұсті. Артына бұрылып та қарамаған Ханымкүлдің мына қалпынан Атан сағы сынғандықты андады. Құлди төмен еністеп, бой жасырып кеткенше Атан көз алмай қадалған еді. Ханымкүлдің сұлбасы ғайып болғанда барып жүргегінің тамырлары үзіліп кеткендей ауыр күй кешті. Бойын бір мазасыздық билеп, айналға құлази көз тікті. «Айналайын Аспанқорам, қолына тағдырымды тапсырған адамым кетіп барады. Күйзеліп кеттім ғой, бір амалын тапшы» дегісі келіп кетті. Ауыс-күйіс ойлардан басы шатасып бара жатқандай көрінді. Сәл сабыр шақырмаса бір жаман ойға барғысы келетіндей ме, қалай? Ұзак уақыт осылай сұлық тынған адам мағынасыздыққа ұрына береңді екен ойласа. Біртіндеп сабасына түскенде терең селсоктық бойын мендеп, жанына бір катерлі дерт

жабысқанын білді. Орамалын алқымынан тартынып алған Ханымкүлдің әлгі түрпаты көз алдында қайта көлбендергенде, жүргегіне ыстық қорғасын ыршып түскендей тұла бойы күйіп, дуылдап ала жөнелді. «Заудал бар ма, жоқ па?» — деді. Намыс па, ашу ма, нала ма атой салып, тас-түйін ширығып алды. Бір нәрсенің байыбына жетпегендегі сауалды пішіні, үясы тереңдерген көзі, еш нәрсені кешіре алмас тоңмойындығы — бәрі минутында-ақ жынылып, кескін-келбетін тым сұрықсыздандырып жіберді.

Қалтаң-құлтаң еткен Рақымберді шал бір күні Атанға келе тепсінді.

— Бір катынға ие бола алмай қара басыңа не көрінейін деп жүр, шірік неме?! Оны төркінінде найқалта басқызып, сыртынан сөзді көпіртіп қойғаның не?

Атан үндемей Рақымбердіге салмақпен алара қарады.

— Эй, маған неге қарайсың? Мен бе сені қатынныңнан айырған? — деп, Рақымберді айқайлағанда даусы жіңішкере шығып, шоқша сақалы дір-дір етті. Қызыл күрен жузі түтіккен күйі: — Эй, енді не істейсің? Үнің өшіп қалды ма, айтпайсың ба?

— Мен жалғыз не істеймін. Бауыр болсан, алып келмедің бе, — деп сазарған Атан Рақымбердіге ашулы қарады. Содан соң райынан тез қайтып, үндемей үзак отырып қалды. Бір шешім айтқысы келгендей қозғалақтаған шалдың даусы бұзылып шықты.

— Катынды қума, ал үйден құдың екенсің, босағаңа қайтып аттапа.

Кария кесімі Атан жүрегін ауыртып, көңілін құлазытып, Ханымкүлді қайтып алғысы келетін ойынан ат қүйрығын кескендей болды. Рақымберді қолымен жер тіреп, әрең көтерілді. Қамшысын екі бүктеп ұстап, еңкіш бойын сәл жаза:

— Эй, ана Ыбырайыммен о бастан сүйек жегжат болатынбыз. Тұнеугұні әруақ-құдайды көлденең салып, сөйлесіп көріп ем, алыска кетпеді. Соның Қаламқасын жар еткін. Ешқандай қағынды-ұшындысы жоқ, — деп, шығып кетті.

\* \* \*

Аспанқорадағы Атан отауының табалдырығын Қаламқас үян қалыпта имене аттады. Манғол кескінді, бүйрек бетті, қысынқы көзді, дөңгеленген дембелше

бітімінде әлденеден тосырқау мен жүрексіну бар. Қолын төсіне апарып, бірер сәт аялдап тұрды. Жасқа шыланған көз шарасын Атанға оқыс төңкере қадады. Қасқабағын қалт жібермей бағып тұрған Атанның жүрегі кенет лүпілдеп, нәзік соқты. Күшті ынтызарлық бойын үйіріп билемейтін тәрізді еді. Ақ-адал ниеті қабыл болса, ырысын жырып әкетпейтін тірлік иұсқасын осы шаңырақ астынан іздейтін әйелдің пішінін танығандай. «Ілгери озсаңшы» деп айта жаздады.

«Ешқандай қағынды-ұшындысы жоқ» деген Рақымберді ағасының сөзі есіне еріксіз оралды. Ауылдан төсті бетке алып шыққанда да бір-біріне ләм деп тіл қатыспаған. «Ықылас білдіру мениң жөнім емес пе» — деп, жылы рай көрсеткісі-ақ келді. Қаламқастың өніндеңі тосырқашылық толық сейіліп бітпеген еді. Атан құнжиган тұрысынан түзеліп, бейімделетін белгі бергенде, әйел үрейі ұша кейін шегінді. Осы қылық Атанға тым тартымды көрінді. Бір қолы жоқ иығына қарай енкейіп, состия аңырып қалды. Өзінің кемдігі аяқ астынан есіне түсті. Жұпыны үйінің ретсіздігі көзіне айқын шалынды. Қолайсыздықтың шегі жоқтай. Дәті құрғыр бармайтын бір істің кезегі тұр. Қаламқас тапжылмай ұзақ селтиіп, даңғыраған бос шелектерге көз қиығын салды. Кенет ірге жақта шашау жатқан ыдыс-аяқты жиыстыра бастаған оның жіті қимылы жаңағы ыңғайсыз халден тез құтқарып жіберді.

— Су жоқ екен, — деп бірінші болып Қаламқас ұян тіл қатты.

Жүрегіне ет жақын үн төбе қүйқасын шымырлатып өтті. «Жазған-ау, тәубене кел, тәубене», — деді іштей.

— Қаламқас, — деп ақырын дыбыс берді. Әйел әлденеден шошынғандай жалт бұрылды. Басқа нобайы келіспесе де, көзі қап-қара тұнық екен. Қарашықтарынан момақан нұр шашырайды. Атан үн қатқанда бозбаладай жүрексінген жоқ. Өзін әбден запы қылған мынау тіршіліктен ала бөтен мейірімді көзқарасты күтіп еді, оны көрді, тыншыды.

— Түйемен барып бастаудан су алып келейін, — деді.

Былай шыққанда көзіне бірінші шалынғаны Аспанқораның күмбез шоқсыы еді. «Жарықтық Аспанқора, — деді көтерінкі көнілмен. — Мен бүгін үйіме екінші әйелімді алып келдім. Өз қойнауында туған Қасым ит пен әлгі Ханымкүл өздері харамданып, сені үятка

қалдырылса-ау. Мен сол бетіндегі шіркеуді алып тастау үшін қаншама арпалыстым. Жарықтық Аспанқора, сениң мына биік шоқында болмаса да, бауырыңдағы тұқыл жота Атабайда туып едім. Өзің тұтқан пенден Қасым саған опасыздық жасады. Сениң енді киелі шыныңда ондай сүмдүс болмаса екен».

Атанның осындай күйлі-мұнды қөнілі жүрек түкпіріндегі ауыр құпияларды сыртқа сыйзықтатып шығарып жатты. Айлап, жылдан басына бір келетін елгезектігі көпке бармайтынын да біледі. Өз өмірін таудың ашты құніне қуырылған қүнгей беткейі тәрізді сезінеді.

Одан бері де көл айлар ілгері озды. Атан мен Қаламқас бір-бірін мінеп-жасқап, артық сөзге барған емес.

Ертеден қара кешке дейін бір үйдің тіршілігі базынан асып жатса да, Қаламқас тынбастан қыбырлай береді. Сонда оның не тындырып жүргені әсіресе Атанның көзіне тіпті көрінбейді. Кейде әйелінің сылбыр кимылын шолып тұрып:

— Эй, жайбасар, шайыңды тезірек қамда. Қойға барайын, — дейді.

Қаламқас мұндайда Атанға алара қарайды. Бүйрек бетінің шығындық қабактарына дейін күренітуі бұрқ етіп ашуланғанын сездіреді. Бірақ ләм-мім деп жауапқа келмейді. Қүндердің күнінде Атан өзінің әйеліне салқын емеурін білдіріп, қатысуы арқылы-ақ етін өлтіріп алғанын сезді. «Пүшпағы қанамаған байғұс-ай, сен екеумізді құдай азапқа жазып қойса, не шара, бәріне көнеміз де, басқа не істейміз?!» — деп ұнжырғасы туспіл, мұңайып қалған-ды.

Бір жауынды күні Атан қойдан сыйданып келді. Қараса, шай қамдалматы. Әйелі нан пісірумен әлек болып жүр екен.

— Эй, жайбасар байғұс-ай, құдайдың күні ашық болғанда осындай шаруаны неге бітірмейсің сен осы?

Қаламқас күйеуіне жайлап бұрылғанда, қысындың көзінен ашудан гөрі мыскылдың үшқынын сезіп тіксініп қалды.

— Жылдам басар қатыныңың ебіне үйреніп қалған соң қынған ғой саған, — дегенде езуі әнтек ашылып, бұл сезіме не айтасың дегендегей күйеуін сабырмен шолды.

Атанның ессіз ашуланғысы келді. «Ескі жараның орнын тырнағанын қарашы-ей, мынанын. «Үндемеген-нен үйдей пәле шығады» деген осы екен ғой». Бірақ

тұтана алмады. Қалай киліккісі келсе де жөнсіз жерден ұрынатынын сезді. Үндемей қалуға тағы болмайды. Бала таппағанын бетіне басқысы келді.

— Тілінді кесіп тастайын ба осы?! Не қызығынды көріп жүрмін сенің?!

— Мықты болсаң жақсы қатынына ие болып жүрмейдің бе? — деп Қаламқас одан сайын шабалана түсті.

Атан қак шекесінен ауыр соққы тигендей есенгіреп қалды. Аласы үлкен көзі кең ашыла бір сәт селтие іркіліп тұрды. Қаламқасқа Атан қазір қатты бүлік шығаратындаі көрінді. «Не болса да болса екен, ақыры» деген шыдамсыздық Қаламқастың бойын билеп, дүлей күшке қарсылық жасауға іштей қамданып алғандай. Бірақ Атан будан арыға бармады. Солпайып сыртқа шығып, белдеуге байланған атына мінді де беті ауған жаққа жүре берді. «Қорлық-ай, сенен қайда қашып құтылсам екен?» — деді тістеніп.

Көптен бері ат ізін салмай кеткен Сайлаубай Аспанқорага келді. Қасым жомарттың орнынан алынып, мұның ферма бастығы болғанын естіген Атан қанша сыйданып, сыртын қаудитқанымен Сайлаубай келгенде жайылып салатын әдеті еді. Сайлаубай да мұның асты-үстіне түсіп, жай-жапсарды сұрастырып жатыр. Бірақ Атанның көніліне бір белгісіз түйткіл орнықты. Сайлаубай толысайын деген бе, күлгенде мол денесі шамадан тыс бүлкілдейді, кошқыл реңінде немектілік бар. Әлдекалай жүдеп-жадап, жалғыздықтың жапасын шеккенде мият тұтатын кісісі осы Сайлаубай емес пе еді?!

Сайлаубай болса бәз-баяғы ділмарлығына салынып бақты. Қаламқасқа әзіл-қалжызын оспақтата келіп, ақыры әңгіменің жөніне көшті.

— Қара қатын, мына байыңа қолқа сала келдім. Колхоз мал заводынан екі-үш отар қой алатын еді. Соған бас-көз болып, жөн көрсетер естияр адам керек дейді. Оған мына байынды үйғардық. Жердің оты әлі қаша қойған жоқ. Малға екі-үш күн өзің қаарсын. Ыстық-суықтарың басылмаса да, қайтесің, — деп базыналығын да білдірді.

Қаламқас тұжырымды байлам айта алмай Атанға жалтақ-жалтақ қарады. Күйеуінің ыңғайына үйренген ол:

— Мен не білемін, өзі шешеді ғой, — деді.

Сыны қашып отырған Атанның жүзін барлаған Сай-

лаубай тосылайын деді. «Артық-ауыс бірдене деп қойдым ба, мынаның қабағы ашылмайды фой» деп ойлады. Сонан кейін мұләйімси қалып:

— Атан, — деді. Үнінде өзімсінгендік те, бүйрек рай да жоқ, тек қылған өтініш бар. — Алдыңа бір келгендегер теріс кетпессін!

Атан отырған орнында қозғалақтап қойып, әйеліне түксие, сұраулы жүзбен қарады. Бағанадан бері күйеуін бағып отырған Қаламқас:

— Барсаң бар, бірдене қып, ілдәлап күн көре тұрармын, — деді.

Атан басын тіктеп көтеріп, көзінің қызыны Сайлаубайға қадап тұрып:

— Оның қашан еді? — деп сұрады.

— Ойбай-ау, мен сені ілестіріп кетуге келдім фой, — деді Сайлаубай тағатынан айрылғандай елпелектеп.

Атан киімін киді. Сыртқа шығып атына мінгенде, құрапқ үшқан Қаламқас:

— Жолға бірдене алмайсың ба? — деді. Атан бұған бейіл білдірмей, өзін күтіп тұрған Сайлаубаймен қатарласа беріп, аңырып қарап қалған Қаламқасқа жаймен бұрылды. Жалғыз қолымен теріскей жақты нұсқап көрсетіп:

— Қойды мынау шыңырауға тұсіргін. Қешке өзі иіріледі, — деді.

«Осы әйеліме неге сұыкпын. Жөн-жоралғыны қатты сақтайды-ақ, бейшара. Жайтаң қағып, жарқын-жарқын сөйлемегенмен, маған деген ықылас-пейілі түзік емес пе», — деп ойлады ол кетіп бара жатып.

Атан бастаған бес-алты адам мал заводынан қабылданып алынған үш отар қойды дедектетпей, аяңмен жай айдады. Көш басшысының діттеген ойы біраз жер жүрген соң алдан кездесетін ну қамысты, сазды өзекке тоқтап, дамылдап, өзі білетін қарауыл шалдың үйінен шай ішу. «Бір жағы, жарықтықтардың аманесендіктерін білейін», — деп түйді.

Шілде шыққандықтан ба, күн шақырайып тұрғанымен, ауда қапырық білінбейді. Бірақ құлазыған қуандалада адам қараң-құраң еткенге елегзи береді. «Біздің де атамыз бір кезде асқар-асқар тау болған» дегендей, қарауытқан мұқал жоталар қол-аяғын жиып алуға ерініп, сұлық түсіп жатыр. Атан салқын саялы Аспанқорадан алысталап кеткеніне бір түрлі қамыфатын сияқты. Шешек дақты жүзін шаң қапқандықтан ба,

өні қарауытыңғы. Соңғы кездері бір нәрсеге алаң болып, тынышсызданған емес. Тас тыныштықтың шынырауына өзін сіндіріп алғандай сезінген. Қазір, міне, сол Аспанқорасын, ондағы Қаламқасты ойлады. Өзінің томаға-тұйық тіршілігіне, оның жарқ етпес қарадүрсінділігіне налыды. «Ханымкүл шіркіннің қас-қабағын андитын байғұс басым, енді осы әйеліме бейіл білдіруім керек қой», — деді. Ханымкүл ойына оралса бітті — жаны ауырып кетеді. Осындай болымсыз күйден мәңгіріп қалатында төңірегін самарқау шола бастайды.

Жадау тартқан өзекке бұлар ат басын тірегенде, тұс ауып бара жатыр еді. Қоғалы қамыс сыйбыры мен қорғасындағы толықсып баяу ағатын қарасулы кішкене өзен Атанның көңілін сергіткендей, жан-жағына кунақ қарады. Сонау терең жырадағы қора-қопсылы үйдің Атан талай дәм-тұзын татып еді. Ондағыдай емес, мая-мая шөп тізіліп қалыпты. «Орталық бірдеңеге айналайын» деген ғой деп топшылады. Қарияның үйінен шай ішпекке бекінді. Өзі бір елгезек шал.

— Келдің бе, қарағым, төрлеткін! Қазан сен үшін фана көтерілмейді. Осылай дабырласып отырғанға не жетсін! Қісі нәсіпті тауыспайды. Тамақ сал! — деп, сыртта күйбендер жүрген кемпіріне айқайлап қоятын. Содан кейін іргедегі қолдан жасалған сиықсыз домбыраны тыңқ-тыңқ еткізіп, Атанға шұқшия қадалды.

— Қарағым, бала бар ма, қанша?

Атан күмілжіп, не айтарын білмей дағдарса, қария үн-тұнсіз томсара қалып, әудем уақыттан кейін тіл қататын.

— Кемдік кемдік емес, бас кемдігі жаман, шырағым, көресең алдында ғой, тіршіліктің түбін сұра.

Сол қарияның жүрекке шаншудай қадалатын сөзі, неге екені белгісіз, Атанның жанын ауыртпайды. Қазір ет жақының көретіндей көңілі төтенше алабұртып, сабыр-тағатынан кәдімгідей айрылып қалды. Екі-үш күннен бері серігі болған талдырмаш келген сіріңке қара заржақ біреу болып шықты. Эр нәрсенің басын бір шалып, аузы тыным таппайды екен.

— Атеке, бұл Үлгіліге комсомол құрылатын болыпты. Заводтың шөп жинап, жем төгетін орталығына айналады-ау, шамасы.

Атан бұны да елең қылмай, өзімен-өзі болып келеді. Ойпаңға орын тепкен қарауыл шалдың үйінің жанына

киіз үй тігіліпті. Мұны көргенде Атанның өрекпіген көңілі басылып, қоңылтақсып қалды. Сол бір қарияның тоқтамды сөзін естіп, көңілдегі түйткілін жуып-шайғысы келген ниеті тасқа тигендей қайтты. Сыртқа өзі құраллы жасамыс кісі шығып, бұларға тосырқай қарады. Атан ат үстінде жаңағыға амандасқанда, ол ернін ғана жыбырлатты. Сұңғактау келген атжақты, аққұба кісі бұлардың беймезгіл уақыттағы жүрісіне таңырқаған кейіпте состиып әлі түр. Үзенгіні кере шалқайыңқыраған Атан:

— Мына арада бір қария тұратын, бір жаққа қоныс аударған ба, көрінбейді, — деді.

Жаңағы бейтансыс мұның сұық өңінен, уытты көзінен тосылып қалғандай дегбірі қаша тіл қатты.

— Кемпірі дүниеден қайтқан соң, бұл арада жалғыз тұра алмай төске көшіп кетті.

Жалғыз қолымен Атан еріксіз бетін сипады. Шалдың бір айтқаны мұның әлі есінде: «Әйелдің жесірлігі ештеңе емес, қарағым, мұнда қарақан басың сопайып жалғыз қалса, дүниенің қорлығы сол». «Апыр-ай, жазған қария ақыры жалғыз қалған екен-ау», — деген бұл бейтансыс кісіге еңкейінкіреп:

— Балалары бар ма еді? — деп ақырын сұрады.

Атан көзінің сұғынан тайсақтағандай анау қозрақтап:

— Болған, бірақ соғыстан келмей қалды ғой, — деп жауап қатты.

— Біз төстегі ауылдан едік. Мына заводтан екі-үш отар қой алғып, айдал бара жатқан бетіміз. Сусын-көжеміз таусылып, шөліркеп қалдық. Айбы болмаса, шай ішсек пе деп едік.

— Ойбай-ау, сондай да сөз бола ма, түсініздер, — деді жаңағы кісі.

Атан белдеуге атын байлаپ, үйге өзі бастап кірді. Дөңгелек үстелді жағалап жүрген бір-екі жасар бала Атанды жатырқап бағжиып қалды. Кісі баласы болып бұл нәрестеге тіктеп қарамайтын. «Көзімнің сұғы жаман, өтіп кетер» дейтін. Бала шошына ма деп іргеден төрге озып барып жайғаса, жайланып отырды. Өзгелер де Атаннын кейін тізіле орын тепті.

Сұық келіп, үн-тұңсіз томаға-түйық отырған адамдарды жатырқаған бала шар ете тусти. Беті бесікжап-қышпен жабылған іргедегі бесіктен де тыпрылаған тіршілік иесі білінді. Үй иесі баланы тік көтеріп алды.

— О, жабайы, кісіні өстіп жатырқап жылай маекен? Шешен қайда ұшып кетті, шай қоятын,— деді. Содан кейін бесіктегі оянған нәрестенің бетінен жабылған көрпені ысырып:

— Ой, сен тентек те ояндың ба, қап, мынау қайда кетті? — деп сыртқа шықты. Біраз уақыт аялдап барып үйге енді. Самауырды алғып шығып, шай қойды. Бір кезде бесіктегі бала жағы тынбай қатты жылауға көшті. Үй иесі келіп ары-бері тербетті, жуанбады.

— Эй, мынаны алшы, — деді. Даусында зіл бар ма, сыйданып шықты. Сып беріп кіріп келген эйел амандаспастан жылдым басып, бұларға сыртын бере бесікке жабыса қалды. Атанның көз шарасы атыздай болып кетті. Құшық мандайы қыртыстана жиырылып, қоңқақ мұрны деддие, қолы жоқ иығына қарай құнжия тымтырыс отыр. «Осы эйел бір кезде мұның шаңырағын ортасына түсірген. Баяғы бір парықсыз тұн емес пе, мұның өмірінің ойран-асырын шығарған. Енді қараса бала тауып, байсалды әйел болыпты. Кісіге сұғанақтанып қарайтын құтырынған көзі қайда, беті күйсе күйген шығар. Сонда бұл менен шынымен ыңғайсыздана ма?»

Ханымкүл қимыл-әрекетсіз бесікке жабысқан күйі әлі отыр. Сәл бір жағына қарай оңтайланса бітті, әлдене түйреп, опырып кететіндей тым сақ. Басына тартылған кіршіксіз ақ шыт, үстіне киген шақпақ жол сәтен көйлегі, беліне байланған шашақты орамал толысайын деген сырт кейпін таразыландырып, баяғыдағы уыздай келіншек қалпынан ажыратпапты.

— Эй, шай қайнады ғой, — дегенде үй иесінің үні тағы да шаптырып шықты. Ханымкүл лып көтеріліп, дік етіп қайта отырды. Бір кезде Атанға жалт бұрылды. Құлімдеген көзінде мұн емес, айбын бар. Тәкаппарлықтан гөрі тәменетекті пенделердің пұшайман күйі аңғарылатындей. Бірақ Ханымкүл баяғыдағыдай қылықтанып, айласын асyrғысы келіп тұратын ниетін пышақkestі тыйыпты. Атанға бір ауық ұзақ телмірді. Көз бен көз түйісіп тұрды. Ханымкүлдің жазық мандайынан сәл сызат білініпті. Босанғанына көп болмаса керек, қас-қабағында айықлаған кіrbің бар. Бірақ жүрісінен бәз-баяғы ширақтық білінеді. Жаңағы ыңғайсыздықтан арылғандай ортаға дастарқан жайды. Жаңа піскен таба нанды мол қып турап, керегедегі кенеп қоржынның аузын ашты. Басы бірікпеген іртік-

іртік майдын сөлін шығара түйдектеп, кішкене шұңғыл табаққа салды. Сырттан буы бұрқыраған самаурынды көтеріп әкелген күйеуі Ханымкүлдің қасына таяу отырды. Бұдан кейін Ханымкүл Атанға тіктеп қараған жоқ. Сол сынық қалпында шай құйып, кесені төрге жайғасқан Атанға ұсынды. Атан өзіне ұсынылған кесеге ұмсынбастан Ханымкүлден жузін аудармай, көзінің сұғын қадаған күйі әлі отыр. Ханымкүл әйел баласындағы асылдың сынығындаі көрінді. Өмірін өксітіп, көзіне шөп салғанын да ұмытты. «Бір Қасымды ашына етсе, екінші Қасымның етегіне жармасу ерсілік емес екен ғой. Одан бұл жаман болып отырған жоқ. Бала туды, байыз тапты».

Үй несінің шай ішіңіз деген ілтипатынан соң бұл жөнделіп отырды. «Құдай-ау, мынау менің күндесям сияқты бірдене болып шықты ғой. Бірақ бұл менен ілгери екен. Бала көріпті» деп ойлады.

Осы кезде бесіктегі нәресте жылап Ханымкүл қасындағы күйеуіне жұбатшы деп ым какты. Анау бесікті бірсыдырғы ырғап тербеді. Атан алдындағы сұып қалған шайды бір-ақ ұрттады да, шынысын төңкере салды.

Атан тіл қатпастан орнынан тұрып, сыртқа беттеді. Атын біраз аралыққа дейін жетектеп барып мінді. Өзегіне шоқ түскендей қызынып, қолқасын жалын қауып, тынысы тарылды. Ханымкүлді есіне алып, жаны ауырмаған күні жоқ еді. Шешек дакты жузінде сырт адам сескенетіндей сұс бар. Бетіндегі білінер-білінбес секпіл шұңқырлар үнірейген, тым сұық. Құшық мәндағының қатпарлары жиырылып, жанарына салқын ой үялапты. Шолақ қолының тұқылына киіліп, шорт кесілген жең ұшы арлы-берлі бұлғаңдақ келеді.

«Бұл жалғанин не опа күтіп жүрмін? — деді. «Дүниенің ашы-тұщысы болады» деуші еді, сонда менің басыма әр жерде қор екенімді көріп-білу жазылған ба? Қиуы қашқан қисық дүниенің қисынын келтіремін деген дәмем-ай, шіркін!» Соғыстың алдында алыс ағайыны әпенді шалыс Шоқай деген кісі жыл он екі ай тұматысқандарының үйіне кезекле-кезек қонып, күнелтіп жүріп өлді. Өл-өлгенше әйел алмай тентіреп өтуді мансұқ етті ме, пұшайман күйінен пенде баласы бол ажырап көрмеген ол, тоң-торыс жұртқа базынасын өткізе алмай дүниеден көшіп еді ақыры. Сонысына қарамай «ей, жаман» деп сөйлейтін. Жарықтық шынында

жақсы кісі екен-ау. Кейбіреулердің арамза пифылниетінен жерінгендеге «жаманнан» өзге сөз таба алмаған-ау, шамасы.

Кенет Қаламқастың парықсыз пішіні көз алдына келді. «Ол жазғанға жаңағыдай жөндемді біреу кездеспесе де, балпанақтай қып ұл тапсын, обалына қалмайын. Шоқай құсап бір күнімді көрермін», — деді.

\* \* \*

Атанның өз басы біреуге өгеймін, біреуге ішім бұрады деп ойлап көрген жан емес. Жиyrма екі жасында бір қолын оқ жұлып кеткелі бері іштегі қоңалтықсыған қуыстықтан арыла алмады. Ханымкулден ажырағалы түйікталып, жан баласына сыр ашып көрген емес. Сыр ашпағаны сол емес пе, әйелі екеш әйелі де өзінен жатсырап бара жатыр екен. Тіпті Қасым жомарттың беті шылл етпей Сайлаубайдан Аспанқораны сұрағаның қарашы. «Әй, әбжылан, өзегін темірден жаралған жоқ шығар». Энеугұні бір топ қойшылардың ортасында:

— Қызынды... қу шолақтың Аспанқорасы тұрмак, алтын қорасының да керегі жоқ. Суы — Эндіжанда, үйі — Тәшкен тауында. Ас-суынды әкелгеніңше бір күнің өледі, — депті. Бұл онбаған өзінің ата жұртын осылай айтуға қалай дәті барды екен. Сайлаубайға не жорық? Элгіде жорта айтып, емеурін білдіргені бар-ды.

— Аспанқораның басына бір шыққан адам қайтып түскісі келмейді деген рас-ау, батырекесі. Қезімді ашып, көніліме тоқығалы сені шоқының басынан көріп келемін. Бір уақ мына бауырға қоныс аударсаң қайтеді?

Сайлаубай айналасын ұсақ әжім торлаған қысынқы көзін Атаннын алмай жауап тосты. Атан әуелі аңырып қалды. Содан соң бостан-бос салбырап тұрған жеңін қолапайсыз еңкейіп, белдігіне қыстырды. Ұзын еңкіш бойын ақырын жазды. Сайлаубайға мойын бұрып, қоңыр даусын ыңыранта шығарды.

— Аспанқора ешкімнің әкесінің жері емес. Қасым иттің арбауына түспе, денене уы жайылады, — деп, Атан бөгелмestен отқа қойылған атына қарай аяндады. Жалғыз қолымен атының тұсауын ағытып, шоқтығынан ұстап ерге қонуға бүкіл денесімен ұмысынғанда, он қолының тұқылы қайта-қайта шошаңдалап кетті.

Соңғы уақытта Атанның көңілінде осы өмірдегі ол-кылықты сезінуден гөрі, белгісіз түйсік ой-санасын кеүлеп, көкірек тұсын соны күш бүлкілдетінді шығарды. Ол бір нәрсеге тіпті, елжіремесе де, арагідік елегзіп, сергек күй кешті. Қаламқастың қас-қабагын андып, қоңыр тіршілігінің қаймағын бұзғысы келмейтін ниетін аңғартты. Кейде жалғыз сол қолының күректей алақанымен әйелінің бетін сипап, емініп те қалады. Тұмысында түйық адамның мұндай кездейсоқ қылышы Қаламқасқа оғаш көрінгені сонша, қатты ыңғайсыздандып, қолын жан дәрмен серпіп тастайды.

Осылай күндердің бірінде Атан күн сәскеге ауғанда қойын шынырауға ойыстырып, үйіне келіп демалды. Талдан иіліп жасалған ұықтар, анау төрт көз шаңырак әкесінен қалған көз еді. Одан бертін келе Ханымкулмен қосылды. Әкесінің мұрасын пендешілік жасап, ластап алған жоқ па екен бұл. Атанның жүрек түкпірінен бір бөгде күш тузырап шығып, қайнар атқалайтында тұла бойын шымырлатып жібереді. Жаны күйзелгендей мәнгіріп тұрды. Біртіндеп есін жиды. Қеудесінің бір тұсы өмір бойы олқы соғып келе жатқандығын түсінді. Шұғыл басын көтеріп, сыртқа құлақ тосты. Әйелі құйбенде жүр екен.

— Қаламқас! — Қоңыр даусына діріл араласып, солғын әрі толқып шықты. Қеуде тұсы тырнақтың ізі қалғандай шым-шымдал ашып, іштей тепсініп, бұлқынғандай демікті.

— Е, не?

— Бері келші.

Әйелі киіз үйге апыл-ғұптыл кіріп, қалшиып тұрған Атанимен соктығысып қалды.

— Не болды, байғұс-ау? — деді алкынып. «Қатын дегеннің үніне дейін сиқыр болатынын кім білген» деп іштей Атан әйелін жалғыз қолымен қapsыра құшақтай алды.

— Түлен тұртті ме, мынаны? Біреу келіп қалады, жіберші, — деп әйелі жұлқынып, босанғысы келді. Атанның тегеурінді жалғыз қолы оны тапжылтпай өзінің ыңғайына көшіре берді.

Әйелі басындағы орамалын жөндеп тұрып:

— Саған өзі бірдене болған-ау деймін, емешегің езіде қалыпты ғой маған, — деп алара қарады...

Атан сыртқа шыққанда басы зеніп, көз алды қаруыта бастады. «Осының бәрі картайғандықтың бел-

гісі» деп ойлады. Оны қостағандай Аспанқора шындары етек-жені кең жал-қапталдарын бауырына тартып, тәкаппарлықпен ыздылып тұр...

Бүгін таңтереңнен бері Суықтебенің наїза шоқысына қою кара бұлт үйірілді. Ол біртіндеп ұлғая жайылып келіп, Майтебенің жайдақ шыңына ілікті. Баурайдағы мидай жазық даланың үстіне тарам-тарам өрмек тартылып қойғандай құйғытқан ақ жауын білінді.

Атан түскі шайға келгенде әйелінің тым қунақ және бір нәрсе айтуға оқталатынын сезді. Бұрын әр нәрсеге зорланып жыミятын әйелі бұл жолы тым бейілді. Қүйеуіне ұрлана қарап, қылыкты ынғайсызданып әрі жүрексіне үн катты.

— Шал-ау, біз картайғанда жорға шығыппыз!

Атан бағжаң етіп әйеліне сыралғы жұзбен таңырқай қарады. Қарасұр жүзі сұстана қызылкуренітіп, әлдене күткендей шолақ иығын шошандатып, отырған орнында қозғалақтап қойды. Көзінің зәрлі утыны әйеліне тас қадап:

— Е, не бопты? — деді.

Әйелінің кейкі мұрнының үсті тершіп, қысынқы қой көзі жасаурап, біреу естіп қалмасын дегендей ақырын:

— Екі қабатпын, — деді.

Атанның колындағы кесесі шайқалып кетті. Көзі дөңгелене түсіп, бір-екі мәрте емініп, орнынан көтерілетіндей талпынды. Тұла бойы ысынып, басы айналғандай.

— Рас па? Жок, әлде қағыс естіп отырмын ба? — деп сыйырлады.

— Байғұс-ау, өзіне өзің сұқтанбасаншы! Су әкеліп қойши бүгін. Ертең кір-қоңынды жуып берейін,— деді Қаламқас, тершіген маңдайын қолымен сырып.

Атан шайын тез ішіп, шынысын тәңкере салып сыртқа шықты. Қалың тікенде жайылып тұрған түйені жетектеп әкеліп шөгерді. Қаламқасты шақырып, қом салды да кос флягты артты. Атына мініп, түйені жетектеген бойда шыңыраудың жалғыз аяқ жолына түсті. «Менің де көрер күнім, тілер тілеуім болар ма екен. Ку бас боп мына дүниеден өтуге де көндігіп ем». Атан өзінің осы бір елгезек көніл күйін ерсі санамағаны былай тұрсын, бауыры жер сыйған қорғасын бұлттардан тіксініп, сұстанып жатқан жал-қыраттарды өмірінде алғаш рет көргендей қызықтай берді. Каудиған

түйе жапырақтар көгілдірленіп көрінгені сонша, Атан көзін тұтқыл шыңырауға аударғанда, сонау етекте өкіріп ақкан өзен жап-жасыл тәрізді көрінді. Жалғыз аяқ жолдың жиегін бойлаған түйебас тікеннің қызығылт сары гүлдері бүрін жаңадан жарып шыққандай үлбірейді. Атанның тұла бойын бір түсініксіз құштарлық билеп, беткейдегі майда шалғын қуалай соқкан желге бірөңкей жапырылатынына дейін қызықтады. Құдды: «Атекесі, қуанышыңа ортақпыз» дейтіндей ізетпен бас шұлғи майысады. Тік шыңыраудың аузына құлдилап барып түйіскен жадағай жол біртінде жазылады. Бұл арада түйе шудасын желпілдетіп жылдам жүрді. Тек төскейі қайтадан қайқыланып, арғы тепсең одан әрі шалқайған тұстан Атанның жүрегі әбден шайлыққан. Бүгін оны да елейтін түрі жоқ. Біраздан бері жауын жаумап еді. Алғашқы тамшылар қаудырлаған жапырақтарға тигенде сатырлаған дыбыс құлақ жаратындей күшті естілді.

Енді жауын баппен дыбыссыз ұзақ жауды. Мың-миллион ұсақ түйіршіктер уатылған әйнектің сыйықтары тәрізді үшқындейді. Атан көлденең тұмсыққа шыққан соң тік қапталдап барып, төмен еңістеді. Тоған тәрізденген саздауытты айналып келіп, бастаудың басына түйені шөгерді. Азаппен су құйып тұрып «Ой-пирмай, түйе өрге шыға алар ма, екен?» деген күдік мазалай берді. Әзер дегенде флягтарды толтырып, түйені тұрғызды да жетегіне алып, жанағы тік қапталдың жалғыз аяқ жолына түсті. Құлама жалдың қайкаң беліне әрең көтеріліп, кішкене еңіске ойықсанда, түйе әудем жерге дейін тайғанап барып, талтайып тұрды да қалды. Атынан түсіп, түйенің қомына байланған күректі шешіп алған Атан балшық болып шыланған жалғыз аяқ жолдың бетін арши бастады. Тұп-тұп тау шөбінің ара-арасынан аққан су жалғыз аяқ жолдың жиегін жылғалап, арна тартты. Атан енді мал аяғы көп баспаған өзек жолдың жиегін алды. Қалт-құлт басып, жиі-жіңі маңқ еткен түйенің үлкен көз шарасы жасқа шыланыпты. Атанның тізгінін беліне қыстырып, тізерлеп отырған күйі Атан жұқа қабатты сұлып лақтыра берді. «Мына өрсымакты тазаласам, түйе ары қарай өзі жүре алады», — деп түйді.

Атанның күшүк мәндайының айғыз-айғыз қатпарларынан тұзды су түсті лайлы тер моншақтары екі жағын сзызып өтіп, мойнына келіп құйылды. Жалғыз ко-

лы салдырап, көз алды қарауыта бастады. Түнере түскен айнала бір ғаламат жарылыш күткендегі үрейлі тыныштық құшағына еніпті. Атан қимылдаған сайын қол-аяғы үйіп, қарыса берді. Кісінің дәті шыдап қарай алмайтын көзіне айбын үялапты. «Мына бір тепсекнің арғы жағындағы қаптал жазық», — деді іштей тағы да. Кілкілдеп тұрған майлы топырактың үстінгі қабатын лақтырғанда оң қолы жоқ иығының түқылы сәт сайын шолтандайды. Балапанынан айрылған кішкене құс тәрізді безектейтін сияқты. «Дүниеде жалғыздықтан жаман нәрсе жоқ-ау. Каракан басым тұрмак қолым да жалғыз», — деді ол.

Оның жүргегін лүпіл қақтырған тосын үміт бүкіл ой-санасына жайылғанда, ыстық қан басына шапты. Көз алдына Қаламқастың түскі шай үстіндегі пошымы келді. Жүргі қатты соққандай алқынып, омырауына тер құйылды.

Әмір бойы алданыш үміттерді тіршілігіне таяныш етіп, шынайы жалғандықтың ку тақырының ызғарын сезінгенде, көңілінің арғы түкпірі жан баласы дендей алмайтындағы құлазып кетіп, есекіреп қалатын еді. Кейбіреулердің оп-онай ие болатын нәрселеріне Атан жете алмағанына ашуланып, я болмаса күндел көрген емес. Эйтеуір, сол адамдар өмірінің игілігіне қатты қызығатын. Кісі қайғыдан да, қуаныштан да өлмейді. Тіпті үятты да көтеретін көрінеді. Бірақ кейбіреулердің құзғындағы қара ниетіне төзу мүмкін еместігіне баяғыда көз жеткізген болатын.

Атан қатты қимылға көшті. Тізгіні беліне қыстырылған аты жол жиегіндегі балауса көдені жұлып жеп шайнағандағы ызың аралас дыбысы бір ауық ойдан аулақтатып, марғау күйге көшіреді. Түйе қалтқұлт басқан сайын тізелері дірілдеп, көздері жасаурайды. Соған қарамастан жол жиегіндегі түйебас тікеннің ортасына мойнын ыңырана созып ауыз салады да, басына дейін сыйдырып шығады. Содан басын қайқаң еткізіп жоғары көтеріп, бейғам малжандаганда, мұрнының ошақтай үнірейген орны сәңкиіп көрінеді. Атан қозғалған сайын ол да маңқ етіп, аузындағы жынын жан-жаққа шашыратады.

— Боздап қал, арам қатқыр! — деп Атан көзін түйеге аларта қадап, тік беткейдің тұсына келгенін шамалады. Енді мұлт етсе түйенің жазым болатыны кәміл. Тұла бойын бұрын-сонды болмаған дел-салдық

білеп, самарқау тартты. Еркі мен санасынан тыс бір болмашы күш жалғыз қолындағы күректен ажыратпай, мимырт қымылдады. Алдындағы тік қияның көзге ілігер үйреншікті тұсын шолғанмен, көре алмады. Сонда да женсік үміті өзі тұрған орнынан көздеген аралығының шамасын алты құлаш арқаннан арыға жібермеді. Еріксізден-еріксіз артына бұрылып қаралды. Құлдилаған шынырау етегіндегі жалғыз бастау көздің жасында жылтырап жатыр. Түгі сыртына шықкан сұсты өңір салбыраған ауыр бұлтарға жонын бере түнерген.

Табиғаттың барлық сыйнына төтеп беріп, енді майып болуға жақын тұрған тұмсықтағы көрі жуан шетенге Атанның көзі амалсыз түсті. Құбыланың қай тұста екенін білмей, беті ауған жаққа намаз оқитын, ақылынан алжасқан қариядай шөңқиіп, көзге тым кораш көрінеді. Сарғыш тартқан селдір жапырақтары атасы жапырақ болған соң сылдырлайтын тәрізді. Атанның көз алдына соғыстан бұрын әбден қартайып өлген әкесі келді. Қалтаң-құлтаң еткен шал дүниеден бияжат болып, ештеңені қарманып қамданбайды. Өзге емес-ау, ұлынан да мынау кім дегендей ұзак тесіліп, содан бір нәрсені пайымдайтын сияқтанушы еді. Атан ет жақынынан енді ғана айрылып, соның аясында жүріп қадіріне жетпегенін тым кеш үғынғандай, түсініксіз күйзеліп жылап жіберді.

‘Кәдімгідей солқылдап шын жылады.

Қарасүр жүзі қуқыл тартқан Атанның оң қолы жоқ иғының қатты қозғалғандықтан зар қақсайды. Жалғыз қолының қары талып, бүкіл денесімен ұмысынды. Қазіргі тұрған аралығындағы жалғыз аяқ жол доғаланып келген бір ылди, бір өр. Қылтаң жердің жолын тазаламақшы болып ыңғайланған бергенде Атанның аяғы тайып кетіп онқа-шонқасынан құлады. Торы ат үркіп, жүлкүнды да босанып, өрге тырмысып жүріп кетті. Түйе мұнысы несі дегендей, бір маңқ етті. Қарақаттай тұнық көзін шарасынан шығара басын қақшитып мұлт етсе құрдымға кететінін сезетіндей аяғын кілт-кілт санап басады. Жалпақ табандары таулы өнірдің майлы топырағына тиген сайын шалыс іздер дөңгеленіп қалып барады. Тік қабакқа келгенде түйенің артқы аяғы тайып кетіп, екі аша талтайып барып, оң қапталына серең етіп құлады.

Атан тістеніп тұрды. Усті малмандағы су. Тәлтірек-

тей басып түйенің қасына келді. Басын анда-саңда қақшаң еткізгеннен басқа қымылға келе алмай серейіп жатқан түйенің тас бол байланған бел арқанын әзер шешті. Қішкене аралыққа жылжып, жантая кетті. Бұдан әрі қымылдауға дәрмені жетпейтінін сезді. Сонда да өзін-өзі қышап, қайта тұрды. Шолақ иығы сау жағына қарай ауып, ұзынтыра еңкіш бойы одан әрі бүгжиіп, Аспанқораның қия шыңына тарамыстай тырмысты. Әрбір тобылғының бұтасынан тасына дейін таныс өнірі көз алдында белгісіз бағытқа құлдырап, табан тірер жер қалмағандай санасымен сарғаятын құбылыш Атанның көкірегін кеулең кетті. Осы күнге дейін өзіне оң мен солын бажайлап қарамаған жандай көрінді.

Санасының бір шетінде Ханымқұлдің, Қасым жомарттың кейіптері қылан бергендей болды. Осы тұрпатын дүшпан көзге ілікпесе екен деген сактық Атанды ширықтырып, алды-артын болжауға септігін тигізгендей еді. «Шынында, мықты болсам жақсы қатыныма неге ие болып жүрмедім!» — деп қатқыл сыбырлады. Қаламқастың тұнеугұні айтқан осы сөзі ойына оралып, түйіліп алды. Қаламқасқа рақымы түсіп, бір де бір жылы сөз айтпағаны несі? Дені дұрыс отырып, от басы, ошақ қасындағы әңгімелеге де бармапты. Иттікке иттік жасамағаны қалай? Қөкірегінде сәулесі жоқ пенде бол Аспанқора мен бастаудың аралығында жүре беріпті, жүре беріпті. Әлі күнге бала сүймегенін ойламағанына таң. Ойласа ойлаған шығар, пенде баласы болған соң төрт құбыланың тәң болуы сирек кой.

Атан алқынып тізерлеп отырды. Мандаіынан сұық тер бүрк етті. Буын-буыны құрығандай, аяғының үштарынан бастап кеудесі үйип, басы салқын тартты. Жүрекі әлсіз соқты. Айнала дүние өзін бүргелі келе жатқандай түксіп тұр. «Мұнысы несі?! Осынша итшілеп келіп енді...» Өзінің ойынан өзі шошынғандай айнала әлемге секемшіл көз қығынын таставады. «Рас, рас» дегендей Аспанқораның Атанға қараған теріскей беткейі бедірейіп алышты. Атан шүғыл тұрғысы келіп, бір-екі ұмтылғанда, басы сынып түскендей болды. Көзі қаруытып, жер-әлем түмандана бұлдырап барады. Жүрек тұсынан ашы шашу қадалғанда, екі бүктеліп сәл жазылды да:

— Мұнысы несі?! — деп, тағы да әлсіз сыбырлады. Көзі шарасынан шыға жаздал ойнакшып, сол жамба-

сына қарай сылқ етті. Жалғыз қолы қарсылық білдіргендей ауа қармап сермелгенде, шолак иғыны әлсіз бұлқынды.

Аспанқораның құбылаға созылған қаптал жалының тік тұмысына бір отар қой тырмыса өрлең барады. Ауада сыз бар. Қойнау-қойнаудың шыңыраулары қаруытып, бозғылт сәулелерді ығыстырып жіберді.

Атан сол жатқаннан қайтып түрмады.

Келесі жылдың көктемінде Қаламқас үл тапты.

## ҰЯБҰЗАР

Жуан, көмбіс торы тік қабаққа келгенде кілт тоқтады. Ақ көбікке малынған ат денесі қалшылда, тірсектері дірілдеп кетті. Тістеніп түскен Бекенбай қырғызы өрім қамшымен сауырынан тартып-тартып қалды. Қалталакташ құлауға шақ қалып түрған жануар басын кегжен еткізгенде екі көзінен мөлтілдеген жасты байқады. Амалы таусылған Бекенбай ішінен еріксіз тынды. Қас пен көздің арасында ат екеш ат көзін тарс жұмып алыш, дүние жалғаннан баз кешкендей мүлгіп түр.

Төскейден үйытқып сокқан желге жібектей есілген шалғыннан бірер сәт көз алмай қадалған Бекенбай көңілінің терең түкпірінен құлазыған ойдың өре турегеліп келе жатқанын сезді. Ұзак уақыт сарсылып, сергелденге түскелі жазған, жанылған тұстарын емес, қарақан басының қамы бәрінен ілгері екеніне тиянақтап, жатса-тұрса елендеп, есі кететінді шығарды. Құрғыр жүрегі де болымсызға қобалжып, тау тағысындаі бір ізбен жүруді ойлады. Анда-санда құстар сараң дыбыс бермесе, кісікік пенденің сүйт жүрісінен секем алғандай дүние үрей күшағында тәрізді. Бағдары косылып, бәтуалы әңгімеге келмейтін қыныр, қисық жандардай рабайсыз мелшиіп, бедіретін құз-шыңдар Бекенбайға бұл жолы тым жат көрінді. Сонау терең аңғар мен құз шыңырауда жыландаі сумандап ақкан бұлақ қойнауынан көлеңке әлі түріліп болмаған, ешқашан илікпейтін шалқалап біткен шоқылардан беziңгендей құрдымға құлдилап барады. Опасыз мына жалғанда ел, ағайын-тума Бекенбайдан жерінгелі көп болып еді. «Құдайдың қолы да олақ-ау,— деді ашы жымыған қалпы.— Мынау көкпен таласқан тауларды

түс-түсқа шашыратып, секендетіп қойғанша...» Жаралтыстың күнгейі мен теріскейін санасынан шығармасада кейде пенде баласының кінәмшілдігіне салынып, көзін ашқалы көріп келе жатқан ұңғыл-шұңғылы мол өнірмен араздаса қалғанына таң. Өз сүлдесінен өзі жерінгендей құлықсыз тұрған қалпы төніректі самарқау шолды. Ел мен жұрттан аласталғалы жабырқаған жанына жайшылықтағыдай тыншу іздептіні бар. Кіслікten жүрдай айрыла бастағанын кейде анық сезеді. Бірақ өзінің жұртқа әзірейілдей көрінуге айналғанын парықтап ойлаған емес. Момын елдің іргесінен тиіп, шаңырағын ортасына түсіріп, қатын-баласын аңыратып, лаңын шығарса да: «Жарап, ұсынған мойынды балта шаппас болар» деген жұбаныш тауып, өзін-өзі баяғыда-ақ кешіріп қойған. Құймышағы бүріскең кешегі жатақтардың санатқа ілініп, шаужайға жармасқаны ғана көңіліне келеді. Эйтпесе тау кезіп, тентіреп кететін жөні ме еді мұның.

«Жайпақбай алдамауы керек еді. Әлде анау Қыдырәлі сүмға менің осында келетінімді жеткізді ме екен? Қатын-бала қолға тисе өзім де тұрмаспын» деді құлдилаған құрдым сайдан көз алмаған күйі. Жайпақбай егер жаман ырымға бастайтын болса өзінің қалай бекініп, қалай бой жасыратынына дейін жіті шолып шықты. Қөлік те онды болмай тұр. Жарым жолда болдырғанына қаратпай бас-көзіне қамшылап, Майтөбенің теріскей сағасына келіп жеткені жаңа. Мелшиген-мелшиген жартастардың қалқасында бір-бір солдаттан жасырынып жатса бұл не іstemек? Сөзін әбден пісірген сияқты еді. «Тұбі жақсылыққа жазса екен» деп тәнірге жалбарынып та алды. Еңіске қайта-қайта қарағыштап шыдамы бітті. Кенет бері қарай беттеген екі салт аттыны көзі шалды. Қалың өскен атқұлаққа бой жасыра тұрып, кім екендеріне көзі анық жеткенше дыбыс бермеуді үйғарды. Дүрс-дүрс соққан жүрегі аузына тығылып, демі жетпей алқынып бара жатқандай көрінді.

Өрге қарай тырмысқан жылқылардың әлі тың екенин жүрістерінен сезіп тұр. «Не де болса тақай түссін» деді. Басына аппақ күндік ораған, үстіне қарақұрым матадан шапан киген әйел ерде нық отыр. Оны — Құлханға жорыды. Ақ қалпақты, қапсағай денеліні жыға тани алмай әлек. Жайпақтың дабыр-дүбірі болушы еді, ал мынаның жаманат хабары бардай сыңайы

сүңқтау. Бөкенбай біледі, өзі үшін жаманат дегенің атығана. Қөшіліктен жырылып қалғалы қатын-бала үшін көнілі кобалжып көрген емес. Жайпақбайдан қатын-баланы алдырудағы ойы қалған уақытта селбесе күн көріп, ойсыраған жеріме бір қара бол тұрар дегені. Жүргіншілер терең өзекке түсіп, көзден тасаланғанда мұның шыдамы таусыла бастады. Тасты қалқалай алға жылжыды. Аналар қас қылғандай бері әлі шығар емес. «Бұлары қай сасқаны? Құнбатыс жактағы құз сайдың түйіфіна бекінемін» деп, Жайпақбайға түсіндірген сияқты еді. Ақыры ағарапданған құндікті көзі шалды-ау. Тізгінді еркіне коя беріп, жай аяңдаған адамдардың жүрісі өндімейтінін енді есіне алғандай сәл тынышталды. Шошайып көрінген қалпақты, одан біртіндеп айқындала бастаған кескінді анықтап қарал, Жайпақ екенін бұлжытпай таныды. «Әп, бәсе, оқырайып, үнемі қырын қарал, атқа қисық отырмаушы ма еді бұл. Бірақ неге екеуден-екеу? Назым қайда? Әлде сондарында қалды ма? Төкен де болу керек еді?» Қез көрген, мият тұтам дегеннен жалғыз қалған сол — Назым. Оны да зеріккенде зердесіне салып, Назым мен Күлханның ара салмағын байыптаپ ажыратқандық емес, женгедей қосылған әйелі Төкенді туғаннан кейін бейілі біржола соған ауғандай. Ал Күлханның пұшпағы қанамағаннан басқа мұның алдында қылаудай жазығы жоқ. Оған жібіп, жылы қабақ танытпак түгіл, безеріп, қанын қашырып, әлсін-әлі түқыртып, бала тумағандығын бетіне баса беретін. Бірде пұшайман, бірде жайтаң қағатын Күлхан да мына заманың апалаң-топалаңы шықпай тұрган кезінде Бөкенбайды қылығымен аулайтын. Енді сол қыздай қосылған әйелі өміріне құлдық ұрып, тағдырын мұның қолына тапсырғалы келеді. Қөнілі сәл өрекпігендей тұла бойынан бір нәзік діріл білінді. Тау тағысындағы кешкен тіршілігінен зәрезап болып, бүтіндегі басқа қараетке ансары ауды. Мынау жайынды өңірден әйел иісін жақыннан сезініп, еміне құшырланып кетті. Жалма-жан атып тұрып, келе жатқандарға қарсы жүрді.

Сақал-шашы өскен бейтаныс біреудің сопаң етіп шыға келгенінен әуелі Күлхан шошынып:

— Ойбай, мына сұмдығың кім? — деді.

Бұйығы тыныштыққа енген тау жаратылысының тылсым ауасын Күлханның жіңішке даусы бұзып-жарып, сүйкімді нәзік ызың әудем уақыт тербеліп тұрды.

Осы араға тік жалдағаннан-ақ Жайпақбайдың бір қарайғанды көзі шалып келе жатқан. Бөкенбайдың таныс турпатын көргенде басында өзінің де тіксініл қалғанын сездірмей:

— Эй, Құлеке-ай, шалыңды шынымен танымай қалдыңыз ба? Қуанышыңды ішке бүкпей, сыртқа жариялағаныңыз болмады-ау, — деді.

— Жайпақ десе Жайпақсың-ау, қай бетіммен куанайын. Ұсқынынан шошимын. Бағасы бүйтіп түскенше құдайдың алып кеткені-ақ жақсы еді, — деген Құлханың даусында ойнақылықтан жүрнақ та жок.

Жас шетеннің тасасынан бері шыққан Бөкенбайдың қызыл, жұқа дәңгелек жүзі тұтіге күреңітіп, жириң қаба сақалы қаудиып кетіпті. Адам баласымен көптен ұшыраспағандықтан ба, көзінен секемшіл тосырқаушылық білінеді. Етжеді сом денесі таразыланып, сұнғақ тартқанын әйелдің көзі жіті байқады.

— Шалым-ау, аман-саумысың, — деп, Құлхан ат үстінен қолын ұсынды.

— Шүкір, — деп аузын болар-болмас жыбырлатқан Бөкенбай әйелінің қолын алмастан қолтығынан демеп, аттан түсірді.

— Иә, Бәке, күйлі-куаттымысыз, сізді сонау тәменнен-ақ байқадым, — деп жалбақтаған Жайпақбай қос қолын ала жүгірді.

Оған шырай бермestен әйеліне бұрылған Бөкенбай сүйк езу тартты.

— Иә, бәйбіше, не жаңалық, кәні, баяндашы, не көріп, не білгенің бар?

Сұлуша жүзі сұрлана калған Құлхан көзін кең ашып, Бөкенбайды жана көргендей абыржи қарады. Күйеуінің тұла бойында тосын өзгеріс барын сезіп, өз-өзінен денесі тітіркене береді. «Неге сонша қырыстынып түрмүн, илігіп, кішірею менің жөнім ғой» деді.

— Не көріп, не білді дейсін, — Даусы бұзылып шыққанымен Құлхан көзін Бөкенбайға қаймықпай тік қадап, уытты жанардан дәті шыдамай назарын бұрып әкетті. — Итшілеп жүріп жаттық. Айтпақшы, абысынымыз жүрмей қойды. Өлсем, топырағым осы жерден бұйырсын дейді.

— Айдалада жалғыз қаласыз ба, Назым жеңеше, нәменгеріңізben бірге жүрініз. Төкен тірі жетім атанбасын десем, көнбеді, — деп, Жайпақбай сөзге араласты.

Осынау өңірдің тілін бір өзі билетін сияқты Майтебені алқымдаған көлеңкеден көз алмаған Бекенбай үн-тұнсіз сазарып көп отырды. Жайпақбай қипақтап, қолайсыз тыныштықты бұзуға әлденеше рет ұмтылып баққанымен Бекенбайдың сұсынан қаймығып, еріксіз ішінен тынды.

— Өлмесе өмірем қапсын, арам қатсын, — деді бір уақытта Бекенбай. Өні өрт сөндіргендей қошқылдана, әлпетінде кісі шошырлық сұс пайда болды. Құлхан мен Жайпақбай ләм деп тіл қатпады. Құлхан бір мезет солғын жүзімен күйеуін үрлана шолды. Жазық маңдағындары болар-болмас сызат терендергендей. Бекенбайға деген алғашқы қарасында белгісіз ынтықтықтың ыстық табы жатқан сияқты еді. Қазір бейілсіздікке ұрынғандай сыны тайыңқы. Жайпақбайдың қараторы сопақша жүзінде де мазасызданғандық бар. Қамшысын бүктеп ұстаған күйі жерді шүқылап, басын зордан көтеріп қалшия қатып қалған Құлханға көз кирын тастайды. Бекенбай жаққа назарын бұруға бір түрлі дәті жетпей басын төмен қайта түқыртты.

— Беке!

Бекенбай түк естімегендей міз бақпаған күйі отыр.

— Ұлықсат етсөніз, мен қайтайын. Қыдырәлі деген сүм соныма түсіп алды. — Жайпақбайдың сөзіне Құлхан елең етіп, оған жалт бұрылды. Сәл болса көз жасына ерік беретіндей кескіні алабөтен сұрланып, жауап тоса қипақтаған Жайпақбай отырған орнында ырғала қозғалады. Есіне әлдене сап ете түскендей орнынан шүғыл көтеріліп, манағы шетеннің тұсына келгенде қалт тоқтады.

— Жайпак! — Даусы өктем шықты.

— Ау, Беке, — деді Жайпақбай қалбалактап.

— Еншісі бөлінбеген бір атаниң баласы емес пе едік. Жіберуге қимай түрмүн. Ең болмағанда бір бел асырып таста!

— Жарайды, Беке, айтқаныңыз болсын, — деді Жайпақбай орнынан апыл-ғұптыл тұрып. Үніндегі толқуын жасыра алмай амалсыз Құлханға жалт қарады. Құлхан тік отырып алышты. Уысындағы шөп-шаланды кәдімгі тутіп отырған жұндай қоқыстан тазартып, нәзік тартады. Эйел ғана байқай алатын нәрселерді көніліне әбден тоқып, енді болары болды дегендей кескінінде бәріне қоңғендік бар. Қолындағысын лақтырып жіберіп, етегін қаға тік көтерілді.

— Бәке! — Үнінен діріл білінді. Тәбе құйқасы өз-өзінен шымырлап кеткен Жайпақбай біресе Бәкенбайға, біресе Құлханға алақ-жұлақ қарады. — Этиімді көрдім. — Құлхан сәл тосылып қалды. — Мен ішлеген у бар ма? Оны өзің де білесің. Сол этиімнің батасын алып ем. Қүң де бала тауып, байдың қызығын көріп жүр. Алдыңа алданыш боп отыратын бөле де тауып бермедім. Ақыретте де басымыз қосылатын құдай қосқан қосағымсың. Етегінен ұстап ит арқасы қиянға да баруға дайынмын. Жолы жіңішке үрғашымын. «Көнілдегі сөз сыртқа шықса көркі кетеді» деген осығой, — деп, Құлхан солқылдаш жылап жіберді.

Жарық дүние дыбыс атаулыны жұтып алғандай жүрек сескенер тыныштық орнады. Жайпақбай енді не болар екен дегендей мәнгіріп тұр. Бәкенбай бәзбаяғы қалпынан жаңылған жок. Қызыл реңі одан сағын күреңіктені болмаса, аяқ астынан айбат шашатын сыңайы аңғарылмайды. Тек оның қабағының қатулана түскенін Жайпақбай ғана аңғарды. Бәкенбай кілт бұрылып, Құлхан мініп келген күрең шолаққа беттеді. Айылын мықтап тартып, лып етіп тез қонып, тебіне тік қапталға тартты. Екеуіне бұрылып та қарамады. Ал бұлар состиған күйі аңырып тұрды да қалды. Жайпақбай мұның ақырының кәдіктігінен сескене Құлханға көз қиығын қадады. Құлхан мұнымен де, бір кезең асып кеткен күйеуімен де түк ісі жоқтай көк шалғынды кешіп барады. Үрейі ұшқан Жайпақбай:

— Құлеке, Бәкеннің мұнысы несі? — деп дауысталап жіберді.

Құлхан жалт бұрылды. Көзінде мұң-наладан бөтен, бір нәрсенің байыбына бойлай алмайтын шарасыздықтан да басқа бейжайлышпен:

— Еркектің жақсысы азайып барады-ау, — деді.

Бәкенбайдан құтылуға асық болып тұрган Жайпақбай бұл сөздің астарын байыптауға құлқы жок қалпы Құлханға сілейе қарады. «Мұның кесірі мен кербездігі кімге дәрі, Бәкенбайдың етегіне жармаспаса неге келді?» деді іштей.

— Бәкенбай тастанды ғып жүртқа қалдырып кетсе, Жайпақбай, мені алар ма едің? — Құлханның жүзінен ойнақылық та, жымысқылық та аңғарылмады. Жайпақбай алға бір-екі ұмсынғанда нұрсыз көзі күлімдеп, Құлханды ішіп-жеп барады.

— Ондай атты күн болса, Күлеке-ау! Ниетіміз жарасса...

Күлханның езуіне мысқыл күлкі үйіріле:

— Бопты. Мен онда анаған айтайын, — деп манағы Бөкенбай аскан кезеңді иегімен нұсқады.

— Кімге, Күлеке-ау, — деп Жайпақбай дегбірі қаша артына жалт бұрылғанда салып-ұрып келе жатқан Бөкенбайды көрді. Қозі шарасына сыймай ақшиып, орнынан ұшып тұрды.

— Қотыр ауызға қоқыр сөз түседі. Қаны қарайып жүрген кісі бір кәдік болып жүрмесін. — Жайпақбайдың сыңайын одан сайын қызықтағысы келгендей Құлхан міз бақпай тұра берді. Бөкенбай қалың қорыс тікенге атты бекітіп, жай аяцмен таяп қалғанда:

— Бөке-ау, мынау Жайпақбай сен ары асып кеткенде мені аламын дейді. — Күлханның даусы өрекпіп шықты. Толқығаны мен жүрексінгенін еш сездіргісі келмегендей оқыс сынқ-сынқ құлді. Жайпақбайға Бөкенбайдың жириен сақалына дейін күренітіл кеткендей көрінді. Қозін әуелі әйеліне, одан Жайпақбайға кадады. Бір орнында береке тауып тұра алмай тыптыршыған Жайпақбай мінәжат оқитындаі кенет тізерлеп отыра қалды.

— Бөке, құдай алдында да, сіздің алдыңызда да ақпын. Міне, — деп жұлым-жұлымы шыққан қырғыз қалпағын алдына тастай салды. Бөкенбай мұны да місе тұтпағандай Жайпақбайға сұық қалпында әлі бедірейіп тұр. Кенет жүзі ашаң тартқанда езуіне ашы мысқыл үйіріп:

— Сәурік айғырлар үйірге қосылатын заман болдығой бүл, Жайпақ. Қөп болса тоқтамай жүрген байталдың сауабын аласын, оның ешқандай сөкеттігі жок, — деді.

Күлхан жанын ауыртатын сөзді естітінін кәміл білген. Тек мына бір қаныпезер, мейірімсіз адамнан жөні жоқ ұстамды бола қалғанына, ал ана бейшараның ерекек басының күнын жойғанына налығандай көз жасына тағы да ерік беріп, кос иығы булкілдеп ұзак жылады.

Коржындағы дәмді Жайпақбай ортаға жайды. Ашқарақтанып қалған Бөкенбай тұз дәміне қолды бірінші салды.

— Алыңыз, Бөке, алыңыз, — деп Жайпақбай жалбактай түсті.

Бөкенбай кесек-кесек етті қомағайлана асап, тө-

пелеме үйілген табақтың шетін ойсыратып жіберді. Құлхан ғана тамаққа ұмсынбай, қаккан қазықтай қалшиып қалыпты. Жайпақбай да іле-шала қоржының екінші басындағы қымызды алғып сырғы көшкен тостағанға ілпілдете құйып Бөкенбайға ұсынды. Ол төнкере салып, сүртініп тұрып кетті.

Бозғылт сәуле біртін-біртін қожырай шымырлап, ымырт қонақтады. Бөкенбай мен Жайпақбай тояттаған төбеттей ер-түрмандарын жастана екі жаққа қисайды. Құлхан сол орнынан тапжылмаған күйі отыр. Биік шынның өзек жырасында қыстан қалған сүр қар әншнейінде көздің нұрын алатындаі кіршіксіз аппақ. Бірақ оған шалдығып барсаң жыбырлаған құрт-шіркейді көріп, жүргегін айниди. Құлхан да казір басынан сондай күй кешті. Әуелі Бөкенбайдың әлуетті құшағын аңсағанына қазір қатты қорынды. Ерік бермейтіндей тежеусіз құмарлығы су сепкендей басылды. Бөкенбайға әйел болғаны үшін ғана емес, бір нысапсыздықтан жерінетін күй кешті. Ең ақыры Қыдырәлінің кісі деп елеп пе еді. Қаракойшы деп мысқылдайтын. Қызылға құмар қыз емес пе, бай баласы Бөкенбайға ынтықтығын білдіретін. Ендеше сол Қыдырәлі талай тепсініп, басына қамшы үйірді. Енді бақса, Қыдырәліге де әйел болудан қалып барады екен. Тұнеугұні бір топ адаммен кіріп келіп, шүнірек көзімен ішіп-жеп қараған. Қоңілі өскен адамның астамшылығына салынып:

— Эй, кербез катын, қашшер байынның жен-жосығын айтшы, тұра итке талатайын, — деген.

Құлхан өзін кішік ұстап, Қыдырәлінің қату қабағын жұмсартпакшы ниетпен:

— Құрдас-аяу, ата-баба салтын ұмыттайын дегенсін бе, ас-су ішіп отырып, бүйымтайды айтпаушы ма еді, — деді.

Демшелбе келген қарадомалақ пішіні сазара түскен Қыдырәлі:

— Кісіні арбаудың жолын үйренген екенсің-ә, — деді мысқылмен түйреп өтіп.

Қыдырәлінің кейіпсіз нобайынанabdырай тосылған Қулханды кенет төтенше намыс буды. Шеніне жуайи алмайтын мұның жөнсіз кісімсінгеніне қатты ашуы келді.

— Жеміт бұзаудай телмендеп жүруші ең. Енді жетім балаға, жесір катынға әнгір таяқ ойнататын өнер шығарыпсын. Құдай асықпайды, алдыңа әлі-ак келтірер!

Шұңқірек көзінен уытты үшқын ойнаған Қыдырәлі-нің қатпа бетінің бұлшық еттеріне дейін тас түйінде, өзіне тап берді.

— Эй, жерді құртқан салдақы-ай! — деп, жон арқасына қамшыны сілтеп қалды. Қамшының уыты тұла бойын дуылдатқан Құлхан жаңын қоярға жер таппай бір отырып, бір тұрды. Сонда осы Бекенбайдың жоқтығын ойламап па еді. Қараса, ол да жай алдамшы нәрсे екен. Жарым көнілі бұдан басқа кімім бар деген кезде бүтінделетіндей көрінетін. Дегенмен осы жалғаннан не күтіп жүр? Маужыраған түннің шымырлаған тұнғиғына сіңіп, біржола жоғалатындағы Құлхан жатырқай сескене береді. Сыбырлаған әлденені құлағы шалып, артына жалт бұрылды. Өзіне қарай өңмендеп келе жатқан Бекенбайдың сұлбасын танып, бойын жиып ала қойды. Бір ауыз тілге келмestен мұның білегінен шап беріп ұстай алған Бекенбай дедектете сүйрей жөнелді. Тістене тыртысқан Құлхан тегеүрінді күшке қарсылық көрсете алмасын сезсе де, оның дегеніне көнбей біраз арпалысып бақты.

— Ылығуға келген қанышықын ба мен саған?!

— Тусыраған шығар десем, бәрін жайғап жүрген сайқалсың-ау, сыңайың жаман.

— Нәпсісіне тыйюы жоқ елдің бәрі сен деймісің, — деді Құлхан түншыра тіл қатып.

Шырттай қараңғылық өзінің тыныштығын бұзған екеуге құйындағы үйірліп, албастыдай төне түсетін сияқты. Құлханның көмескі санасынан түннің шымырлаған қалың қабатынан әлдене ұтты мен ынсабына ұксап, ағарандай қылаңытты. Қекірегі тұтас сыздап, ах ұра курсінгенде көзі жасқа шыланғанын білді. Дыбыссыз ұзақ жылады.

Күйс-куысты паналай қашқан қараңғылықтан әр түстағы шоқы кезеңдер омыраулап көрінді. Бесконың шыңының белдеуінен сәл жоғарырақ кіршікіз аппак бұлт қалқып жүр. Тұн баласы кірпік айқастырмаған Құлхан таңғы салқында денесі тоңазығанын елеместен тізесін құшактаған күйі қыбырсыз отыр. Осы кезде Бекенбай әлденеден шошынғандай атып тұрды. Жанжағына алақ-жұлақ қарап, әйелінің сұлесоқ қалпынан бір мезет антарыла іркіліп, қаперсіз жатқан Жайпақбайға жүзін бұрды.

— Эй, Жайпак, тұр! Аттарды әкел!

Орнынан ұшып тұрған Жайпақбай Бекенбайдың

өзін баққан көзінің зәрлі уытынан тез сергіді. Бір-біріне матастырыла бекітілген аттарды ылдым-жылдым ертеп шықты. Атқа бірінші қонған Бекенбай ләм деп тіл қатпаған күйі өрге қарай жүре берді. Аңқая бөгелген Жайпақбай қимылсыз отырған Құлханға, ұзап бара жатқан Бекенбайға алма-кезек қарап, үзенгіге аяғын ықылассыз салды.

— Ой, Қулеке-ау, Бекенді айқалатпай атқа мінің, ойбай!

Құлхан Жайпақбайға бір сәт шүйіліп өтіп, түңіліп кеткендей жүзін құз етекке аударды. Ұзақ селтиіп тұрып, ақыры атқа мінді. Қара торы атжақты жүзі ашаң тартып, пісте мұрны қусырыла түсіп, көз жетерлік жердің бәрін байыпташ шолып шықты. Жанарына іркіле мөлтілдеген жас кенет түйдектеле ыршып-ыршып шықты. Жайпақбайға назарын тіктеп, баста дегендей болымсыз ым қақты.

Әлденеше ылдиға еністеп, шығандаган тікті өрмелеген бұлар әбден титықтап, көліктері болдыруға айналды. Қалың қорысты қапталды қиялап келіп, бедірейген тас шоқылардың бір аланқай тұсына ақыры атбасын тіреді. Саудыраған тасты таудың қуыс-қуыснан пана таппай үйытқып соққан жел жаманаттың хабаршысындағы тынымсыз уілдейді. Бірде солқылдан жылап, бас-көзін тәмпештеп аласұрған адамдай, бірде ажалдың апан аузынан жан дәрмен құтылғысы келгендей ышқынып, ыскыра соғады. Бүгін сәскеден бері аспанды торлаған бұлт бір белгісіз бағытқа қарай жөңкіле көшумен болды. Түйежүн шекпенін қымтанип, тастың қалқасында бүктүсіп отырған Бекенбайды «торуылшылар ізімді шалып қалмаса екен» деген ой-ак дегбірін алып бітті. Мына Ыстықкөл сағасындағы Үрбашы маңайының қырғыздары бұған әбден жауығып алды. «Бекенбай басмашыны ұстаймыз» деп, Қыдырәлітағы жар салса керек. Он шақты солдатты ертіп, мұның ізіне түскелі бері де бірнеше күн болды. «Құзынды қолымға бір түсірсем, етінен ет қоймай тілгілеп, көзін ойып алар едім» дейді тістеніп. Бұл жерге аялдамау керек еді, амалы қайсы, жөнді көлік болмай дымы құрып отырған жоқ па. Желге қарсы қасқайып түрған Құлханға көзі түсті. Осы катынға айбынын асырсын, асырмасын, құмартушылығы басылған емес. Бес биенің сабасындағы Назым мұның өзін басыбайлығып алды. «Кедейдің кербезі» деп, Құлханға

қырғи қабақ танытып, ернін шүйіретін. Екі әйелдің күндестьігі Бөкенбайдың қыбын қандыра түсетін секілді. Бірақ оған бола Құлхан түсін бұзып, тіс жармайтын. Ал онысы Бөкенбайдың шымбайына қатты баттын.

Құлхан Майтөбеден былай асқан соң-ақ қатулана түсті. Үміт пен тіршілікті тәрк қылып, қаныпезер күйеуінің айтқанына көніп, айдауымен болатын шақтың туғанын білді. Қу жанын шүберекке түюді ойламады. Қайта ашынған сайын ашылатында көкейіне кептеліп түрған сөздерді сыртқа шығарғысы келеді. Өңменнен өтетін сұық желге ұсқыны қашып, көкпенбек болып дірдектесе де қалтарыс ізdemеді.

Аттардың тұсында құнжыңданап қимылданап жүрген Жайпақбай Бөкенбайға жақындаудан қашқақтайтын тәрізді.

— Жайпақ, ерді алма, қазір жүреміз. — Бөкенбайдың даусында бір мазасызданғандық бар. Рені қаша үрпіп, Бөкенбайға ұрлана қарағыштап қояды. Әлдене айтпаққа оқталып барып, лебізін қайта жұтады. Арқасын желге беріп сылқ етіп отыра кеткенде өзегін қапқан ыстық жалын қолқасын түгел шарпып өткендей демі тарылып барады. «Маған бұл бір тажал болды ғой, тажал. Бұл мен түрмак әулиедей Мақышты алдап-арбап пәнді қыла жаздал еді. Ол жарықтық ақыры өліп тынды. Ойпыр-ай, бұл бәлеге басым қайдан шатылып еді?» деді өзегі өртене. Бөкенбайға ұрлана қараған сайын әлпеті қуқыл тарта абыржи береді. «Кәпірдің түркы қандай жаман еді, көзіне қан толып кеткен бе, өзі? Бұрнағы жылы мына тау етегіндегі елдің бір белсендісін шырт үйқыда жатқан жерінде қойша бауыздап кетті деп естіп еді, жайратып тастап жүре берсе қайтпекпін» деген ойдан тұла бойы қалтырап, бір отырып, бір түрғанын сезбеді.

— Жайпақ, неге сонша мазаң кете қалды?!

— Жай, Бөке, — деді бұл аптыққан күйі.

Үздіксіз соққан жел арқылы тік шоқылардың омырауы ашылып-шашылып қалғандай сойдиган сүйір ұштарына дейін қаңсыған сүрғылт тастардың түсі жұтаң.

Кенет гұрс етіп мылтық атылған сәтте жалма-жан атып түрған Бөкенбай қайқаң кезеңнің қапталынан бе-рі еністеген атты кісілердің үлкен шоғырын көрді.

— Атаңның аузын ұрайын сүмелек неме, әбден есіріп біттің.

— Эй, қорқау, қашқаныңмен құтылмайсың!

«Мынау Қыдырәлі құзғын ғой. Енді не істемек?» Жуан торы атқа ырғып мінді де, көлденең тұмсықты бетке алып шаба жөнелді. Бір жаманатты сезетіндей сүм жүрегі қатты қобалжулы. «Қал, әттеген-ай, түнделетіп жүріп кетпей, дымымның құри қалғанын қарашы» деген ой санасында қылаңтып өтті. Шыңылдал ұшқан оқтар тұра құлағының түбінен зуылдал өтіп жатыр. «Мыналардың қолына түссем, қос шырағымды ағызып тастаудан тайынбайды-ау. Құдай жәрдем беріл, қас қарайса екен. Ең болмаса бой тасалап, бір жағына сыйылып шығудың жөні келер ме еді?» Құғыншылардың тасырлатып шапқандары тым жақыннан естіле бастады. Торыны бас-көзіне қанша тоқпактап, тебінгенмен жүрісі өндімеуге айналды. Екі ара барған сайын қысқара түскенін білді. Сандықтастың тұсынан өте бере атынан қарғып түсіп, етпетінен жата қалды. Ат қалт тоқтай салысымен-ақ қамсыз-мұңсыз оттауға кіріскеңін көргенде Бөкенбайдың зығырданы қайнады. Мынау опасыз жалғанда ат екеш атқа да өз қамы қымбат. Жан беріп, жан алысарда мұның арқа тұтып, сенетін кісісі болмағаны ма? Аман құтыллатын күн бар ма, жоқ па? Құдайым-ау, мен өлемін бе, шынымен? Мына қара тобыр, өңкей парықсыз кедей-кепшік мені өлімге қайтып қимақ?» Осы бір ойға тиянақ тауып, серпілгендей болды. Беліндегі бесатарын қолына ала бергенде ту сыртынан атылған мылтықтан мұның есі ауғандай аңырып тұрды да қалды. Алак-жұлақ өтіп жан-жағын қарана бастағанда жаяу-жалпылап келе жатқан ақ қалпақты қырғыздарды көрді.

Дәл қазір өнменінен көздел ататынын ойлағанда тұла бойы қалтырап, мінәжат ететіндей тізерлеп отыра қалып, қолын жайды. Дұға оқығандай аузы тынымсыз жыбырлауға көшті. Бір кезде мандайын тасқа төсеп, солқылдал жылап жіберді. Құғыншылар қиқулаған бойда улап-шуулап келіп қалды.

— Мола торығыш, құзғын, нәлет! — деп келген Қыдырәлінің қамшысы мұның денесіне бірінші болып тиді. Жер бауырлай екі бүктеліліп түскен Бөкенбайдың басынан Қыдырәлі тағы бір осып өтті. Жүресінен иіріле отыра қалған ол басын қолымен көлегейлеуге көшті.

— Еми, мен де үрғылап көргілейін, — деген біреуі қақ шекесінен тартып қалғанда шоқпен карығандай ышқына ыршып түсті. Көзі қарауыта бұлдырап, басы

шыр көбелек айналып, етпетінен құлап бара жатқанда қамшы тағы тиді. Аттарынан жапырлай түскендер әлсіз бұлқынған мұның бас-көзіне қарамай тепкілей жөнелді. Ес-тұсынан айрылар-айрылмас сәтте өмір бойы қорқып келген өлімінің өзінен оншалықты алыс емес, қан-жоса болған басында үйірліп тұрғанын ойлады. Біреудің шаж-баж еткен даусын құлағы еміс-еміс шалды.

Бөкенбай есін жиғанда тұла бойы от болып күйіп-жанып жатыр екен. Басы-көзі көнектей бол ісініп, қан-талаған айқыш-үйқыш білем-білем ізді ұсқыны кісі шошырлық. Жақ сүйегі қирап қалғандай қимылдатуға келмейді. Қолын тас қып шандып байлап тастапты. «Қай жерде жатырмын?» деді. Шекесі шыңылдан, тамырлары солқылдан, бүкіл денесі тыртысып тұр. Кешегі сілейте соққан қырғыз-қазақ мұны бүгін де ая-мас. «Маңдайма жазылғаны бұл сияқты емес еді ғой. Аузыма су тамызатын ешкімнің қалмағаны ма?» Саутамтығы жоқ бетінің қабыршықтары шып-шып акқан қан. Кемсөң-кемсөң дыбыссыз жылағанда көзінен ыршып-ыршып шыққан жас төмен саулап, қан үйыған сақалы дір-дір етеді. Сырттан тықыр естілгенде тыйыла қалып, түте-түтесі шыққан киіз үйдің шүрк-шүрк тесіктерінен тұңғылық тұпсіз көкшіл аспанға қарады. Пенде баласының ешқандай меншігіне жатпайтын бұл жарықтықты кішкене саңлаудан көргеннің өзіне қара жанына мият табатындей. Бірақ жан-жүйесі босап, қобалжи береді. «Ақырым осы ма?» дегенге тірелген сайын қан-сөлсіз өні шуберектей бозарып, қуаң тарта түседі. Бүкіл астамшылдығының астаң-кестеңі шығып, дөкей ожарлықтың тағы қандай қияпатына душар болар екем дегенде тынши алмады. Осы кезде еңгезердей орыс кіріп келді. «Енді бұл не нәубет?» деп қатты сескенді. Жүрегі аузына тығылып, демі жетпей барады. Тұздай көкпенбек зәрлі көзімен мұның тұла бойын түгел тінтіл қараған ол:

— Да, басмач, как огурчик стал, — деді. Оның не дегенінде ісі жоқ еді. Эйттеуір бассалып тепкілемесе болғаны. «Өгіршік — не бәлесі?» Шатасқан бас сөз тәркінің болжамақ қайда. Зәре-құты қалмай жүрегі лұпіл қара тынышсыз соғады.

— Маржа, маржа, — деп, жаңағы сыртты нұқсағанда көкшіл көзі шарадай жанды. Іле-шала есіктің желдігі желп етіп, ар жақтан тіксіне кірген Құлханның

бітімін көрді. Шошынған сыңайда бұдан көз алмай телміріп тұрды. Кенет жауалығының ұшымен аузын басты да сыңсып жылады. Басын күшпен көтерген Бекенбай әйеліне бір мезгіл сазара қарады. Бұл жалғанда әйел, бала болатынын тарс есінен шығарып жіберіпті. Қазір байқап үлгерді: Құлхан көп жыласа керек, көзі домбырып ісініпті. «Бәрір мұның неси кетті. Қайбір қабырғасы қайысты дейсін». Бұл — Құлханды жақтырмады. Тіпті, ішкі өшпенділігі қозды. «Қыдырәлі сұмның істеп отырған айласы. Қор болғанымды көрсін дегені». Мұның көзінше бассалып тепкілемесе де, әуелі». Қып-қызыл қанталаған көзімен әйеліне ішіп-жеп қарады, басқа ләм демеді. «Неге жылайды, не білгені бар?» деді тек. Құлханға назарын қайтып бұрмай, ауырсына ыңырып қойды. Осы кезде Қыдырәлі сөйлей кірді. Бекенбайдың мазасыздана үрпие қалғанын Құлхан қалт жібермей байқады. «Дәл мұндайға тап болғанша оққа ұшып өлгенің-ақ жақсы еді ғой. Сорлы-ай, ендігі көрген күнің не болар екен?» деді іштей.

— Жәдігөй, сүм, ит, жіліктеп тастайын ба, осы?! — Қыдырәлі оқыс қимылға онтайланғандай ыңғай танытқанда Құлхан шыдай алмай кетіп, сөзге килікті.

— Эй, сонша безбүректеніп, үрып-сокқаның не? Ала алмай жүрген алты аласың болса да қойсанышы енді! Білсен, атаң да болса бір жолдас емес пе? Сенің ақырынның қандай болатынын бір құдайдың өзі біледі. Бір кезек обалды неге ойламайсың? — деді шабаланып.

Қыдырәлінің жаңадан шыр біте бастаған жүзі күренітіп кетті. Жағындағы сирек қылтанактарына дейін тікерейіп, көзі құтырына шақшиып, сәл іркіліп тұрды.

— Шараннан асып төгілген кесірің бас жармады ма, керсайқал, — деп, Қыдырәлі төніп келгенде Құлхан міз бакпады.

Ол мынандай сөзді айтады деп күтпеген еді. «Бірақ бұл қайдағы кесірімді айтады. Жағдайыма өзі де қаның емес пе еді» деді.

Қыдырәлінің көзіне үялаған құтырынған сәулелер тұла бойын тіксінтіп, тітірендірсе де Құлхан ойындағысын ірікпеді.

— Қасабалы қатыннан қай жерің артық екен, шіркін! Қол-аяғы байлаулы адамды бас-көзіне қарамай тепкілеп, қорғансыз жетім-жесірге әңгір таяқ ойнату ма сенікі?

Одан сайын түтіккен Қыдырәлі:

— Эй, салдақы, тілінді тартып сөйле! Қанішер албастыңың қашаннан бері обалы пайда болып еді? Қай жерде сені жетістіріп, катынына балап еді бұл? — деді тістеніп.

Қол-аяғы байлаулы жатып екеуіне алма-кезек алақжұлақ қараған Бөкенбайға да, қайдағыны теріп-тізіп айтатын Қыдырәліге де жиреніші қозғандай тыжырына қараған Құлхан бір шарасыздыққа тап болды. Құдай қосқан қосағым деп білетін Бөкенбайды біреулердің соққыға жығуы мұның қабырғасына бататыны рас. «Бата тимесе де қата тиіп, жазым болып жүрер» деген. Осы сәтте қара басының ғана қамын ойлап, тынымсыз алақтаған Бөкенбай да, сөзден есе жібергісі келмей өршеленіп шыға келетін Қыдырәлі де бір қалыптан шыққандай көрініп кетті. Бөкенбай мен Қыдырәліпің арасында о баста-ақ бақастық бар тәрізді еді. Мұның білуінше, үстемдік ылғи Бөкенбай жағында болып келді. Бірақ соның өзінде Бөкенбай Қыдырәліге тізесін батырып, көпшіліктің көзінше айбынын асырып көрген емес. Сонда Қыдырәлінікі қай өшпендейділік? Құлхан ойласа тубін ойлады. Осынша жауығудың шегі бола ма, жоқ па? Біреуі өлмей бітпейтін қасастықтың акыры таяу екен ойласа.

— Эй, сүм! — Қыдырәлінің сызданған даусынан Бөкенбайдың жүзі қуқыл тартып, көзінің шарасы үлкейіп кетті.— Мына катының сенің обалың бар дейді.

Бөкенбайға еңкейіп, жақындай түскен сайын оның сау-тамтығы қалмаған ұсқынын тамашалап ішіп-жеп барады. Әлсін-әлі сескене шалқақтап дегбірсізденген ол төбесінен түйіле төнген Қыдырәліден үркектей береді.

— Ой, сенің обалыңды... Обал жоқ сенде. Саған иман айтуға да болмайды. Ол күнә.— Бөкенбай да бір кезде астамшылықпен өстіп сөйлейтін. Мына жазған қара құл енді соны өзіне қайталап жатқандай көрінді. Бұдан өткен қорлық бар ма?! Тіршіліктің қын нұсқасы кесе-көлденендергенде түптен бермей көсемдігінен еш жаңылмайтын. Қемсендеп жылауға көшкен Бөкенбайдың көзінен ытқып-ытқып шыққан ірі тамшылар жұлым-жұлым өніріне қарай тоқтаусыз домалап барады. Құлхан манағы орнынан тапжылмаған күйі состияп тұр.

— Жалмауызға да жан керек, жылайсың, ә? — Қы-

дырәлінің езуіне мысқыл құлкі үйіріліп, жөнделіп тұрғысы келіп оңтайланғаны сол еді, Бекенбайдың матаулы денесі шоршып тұсті.

— Сен қорқау, корықпа, доныздай ғып үйтіп, құлінді көкке шашқан сауап. — Сыртқа беттеп бара жатқан бойда Құлханға бұрылды. — Сенің денең мына сүммен харамданып біткен жоқ па? Қазір қол-аяғын шешіп қой, атқа теріс отырғызып, қырғыз ауылынан алып шығамыз.

Бекенбай жаққа да назарын салмай Құлхан қалшиып қатты да қалды.

— Бір шын жанашырдың болмағаны-ай, — деген күйеуінің күйзелген үніне еріксіз жалт бұрылды. Бекенбайдың жириен сақалына сауыс-сауыс болып қатқан қан, күп болып ісінген денесі енді осылай біраз жатса іркілдеп бұзылып кететіндей. Қамшының қалай болса солай түскен іздерінің орны ұлғайып, құрым қызылт түс біртіндеп жайылып келеді. Бекенбай өзінің осындағы қүйге түсерін ойламапты. «Қыздай алған қатыны ғой мынау. Отымның алды, сұымның тұнығы дейтін жөні бар. Ажалынан үш күн бұрын өлеңтін сағаты да алыс емес. Қайткенде мұның талқаны бұлай таусылмауы керек еді. Сүйекке түскен таңбаның кегін қуып, аталық ғұрыпты ту қып көтергені ме, бар жазығы. Эйтпесе бұл ешкімге қиянатын асырған жоқ! Осы бір ойға тірелген сайын қаражанына бір түрлі тыншу табатын. Бұл жолы бойын түсініксіз ашу биледі. Сонда мұның өлімі Қыдырәлі сияқты аш-жалаңштардың бодауына жүре ме. Тұзының жеңілденіп, қисынының қашқаның қарашы. Шәуілдек иттің шаужайға жармасып, қалыспайтыны түк емес екен. Екіжүзді кездігін қайта-қайта суырып алып, кенірдекті орып жіберуге ұмтылғаны қорлық.

— Маған не айтасың? — деген Құлхан даусынан бұл шошынғандай басын жұлып алып, аң-таң күйде қарады. Қызылкүрең бояу бүкіл қанталаған пішініне жағылып, шеке тамырлары адырайып кетті. Қоңыр өткір көзінің қарашықтарын қанша тесірейткемен, баяғыдай кісі ығатын айбын сезілмейді.

— Не айтайын, — деді Бекенбай. — Екеуінің құдай тілектерінді берді.

— Жау қолында жатырмын дегенің шығар бұл сөзің. Эйтпесе кімнің бұрын өлеріп бір құдайдың өзі біледі. Менің тілегенім осы деп ойласаң асылық айтқа-

ның. Алдында бала, қасында байы болса үрғашының одан артық ырысы жоқ. — Элі айтпағы бар сияқты. Сөзінің жүйесін келтіре алмаған қиналысты пішінмен: — Ойлайтын шығарсың, қатын опасыз деп. Басым төмен, бағам жоқ әйел болсам да актығын айтам. Еркекке ындыным құрып көрген емес. Мен жөнінде күдік ойлап, қаның бұзылып жүрмесін, — деп Кулхан сыртқа шығып кетті.

Мал мен бақ кетіп, қолымен істегенін мойнымен көтеру зауалын тарту сәтінің қашық еместігін сезінген сайдың дегбірі қашқан Бекенбай есікке телміре қарастай берді. Осы кезде үш-төрт солдат асығыс кіріп, Бекенбайды сыртқа алып шықты. Атқа отырғызып, шандып байлап теріскеігे сүйт алып жүрді.

Бекенбайдың бекеттегі түрмеде жатқанына үш күн. Тұнеугұнгі ауыр соққыдан әлі толық айығып кеткен жоқ. Қөзінің ағына дейін қанталаған жүзінің сұзы қашып, бір пұшайман кейіпке енген. Құлімсі иісті қаранды жерге өзін жеке қамаған. Анда-санда сыртқа шығарып, жалғыз серуендетеді. Санылау-санылаудан түскен сәулеге телміре төніп, сырт тіршілікке аңсары қатты ауады. Қөңілі алып-ұшқанымен қайраны таусылып, сілесі қата бүктүсіп әрекетсіз сұлық жатады.

Сонғы кезде іші бурап ауырып, сыртқа қайта-қайта сұранатынды шығарды. Тұн баласы көз ілмейді. Түрмеде не үшін жатқанын бір ауық есінен шығарып жиберетіндей. Өмірі басынан кешіп көрмеген салғырттық бойын билейді.

Бүгін таңертеңгісін ешкінің асығындай шидиген күзетші сыртқа алып шықты. Дәретханаға жетіп қалғанда жазатайым сүрініп кетті. Жұмыр кесек тастың дәл аяғының астында жатқанын көргенде жүрегі жиі-жін соғып, алқымына тығылды. Елеусіз кейіпте тасты бірекі адым сырғытып әкелді. Қайтадан бері беттегенде де жаңағы тас көзіне оттай басылды. Күзетшінің бұдан жүзін аудармай бақылап түрганы белгілі.

Іште де байыз таппай ерсілі-қарсылы жүрді де қойды. Үмітін біржола үзіп, өлімге мойын ұсыныпты-ау. Бақса, құдайдың жай тасы да бір қажетке жарайтындаі. Енді сәл кешіксе бәрінен құр қалатындаі көрінді. Жанұшыра есікті тарс-тұрс ұрды. Кішкене санылаудан сығалап қараған күзетшіге дәретханаға апар дегенін ыммен білдірді. Көпе-көрнеу іші бурап ауыр-

ғандай екі бүктеліп, қатты қиналған сыңай танытты. Анау бірдеме деп шаңқ-шанқ етіп кетіп қалды. Бөкенбайдың амалы таусылғандай қабырғаға арқасын сүйеп жүрелеп отырды. Құңгірт көлеңкелі үйдің қуысқуысын тінте шолды. Кішкене жұмыр тас уысына бір түссе жаны жай табатындай. Жалма-жан атып тұрып есікті қирататында ұрып-ұрып жіберді. Дабырласып келген екеу есікті шалқайта ашып:

— Ну, сволочь, басмач! — деп, жаңағы шидиген тұздай көзі шатынап, бұған ежіреіе қарады. Абыраған Бөкенбай сыртты қолмен нұскады.

Таптаурын жолмен келе жатып тастың тұра үстінен түсті. Бұл жолы аяғына іліп, еппен сырғыта дәретханаға қол созым жер қалдырып, ұзақ бөгелді. Құзетшінің жұқалтаң өңінен шыдамсызданғандық байқалатында. Бірақ қасақана кідіріп, ананың қас-кабағын, бөгде қимылын бағып тұр. Құзетші бір кездे әлдене деп қатты айғайлап, мылтығын кезенді. Ұзыннан-ұзақ созылған дуал тамның батыс жағындағы алаңқайда бір-екі қарияның серуендер жүргенін байқады. Олардың қасында мылтығын иғына асынған құзетші самарқау тұр. Бұл сыртқа шыққанда асықпай жүрді. Құзетшінің көзімен көзі түйісті. Тасқа жақындаған сайын кібіртікей бастады. Қенет анау құзетші бірдене деп қарқ-карқ құлді. Мұның қасындағы шидиген оған назарын жаймен бұрып, тіл қатқанда, бұл шұғыл еңкейіп барып тасты уысына жасырып үлгерді. Көз алды тұманданып, қаны басына шапты. Шеке та-мырлары одырая шығып, жүрегі дүрс-дүрс соқты. Секемшіл көзқарасымен құзетші мұның тұла бойын түгел тінтіп шықты. Жатын орнына қарай бет ала бергенде ананың қатқыл айғайынан амалсыз қалт тоқтады. Қырсыққанда сыртта серуендейтін уақыт болып қалыпты. Бұл енді шапанының жеңіне колын сұңгітіп жіберіп, бүріскең күйі жүрді де қойды. Сіркесі су көтермейтін кейістік пішінге енді. «Бұғінмен болса төртінші күн түнеймін. Бұлардың не ойластырып жатқанын кім білсін, не шірітіп өлтірер, не атып тастар. Құдай жар болса, бір жаққа тұз тағысында ауып кеткенім жақсы» деді. Осы жолы қанша мұләйімсіп, қанша сынық кейіп танытқанымен ағына дейін канталап кеткен көздері өткір ұшқын атады. Қөңілінің өрекпи бергенінен қуыстанып, сыр беріп алмасам екен деп ойлағанша, құзетші бұған әлдене деді. Қолындағыны таста дей

ме мынау деп үрәйі үшты. Сөйтсе ішке кір дегені екен. Үйреншікті орнына лып кіріп, түкпірдегі бұрышқа барып қалшиып тұрды да қалды. Мұның тосын қылышына құзетші таңырқай қарап, есікті тарс жапты. «Қауіп ойлап қалған жоқ па өзі?» Жеңінің түкпіріндегі тасты сырғытып әкеліп, еппен алақанына салып, жұдышыны жұмды. Жан жүйесі босап, егіліп жылағысы келіп кетті. Бір абын дем қеудесін удаі аштыып, өзегін өртеп өтіп, қолқасын жалын қапты. Осындағы құйде қанша уақыт тұрғанын да білмеді. Әбден сарыла күтіп, бағанағыдағы екпіні басылып қалғанда барып есік жақтан бір тықыр естілді. Ишке әуелі басып сүққан құзетші қыбыр етпей тұрған бұған қызықтаған сыңайда көз тастап, әлденеге артына бұрылып қарағаны сол еді, Бөкенбай дереу ыңғайлана алды. Екеуінің арасы бес-алты адымдай екеніп ойша болжап, нықтала тұрып, оң иығына қарай оңтайланған түсті. Мұның жаттырысынан секем алған құзетшінің көкшіл көзі шарасынан шыға атырылып, артқа сескене шегіншектеп кетті. Мылтығын кезенбекке оқтала бергенде, Бөкенбай қолындағы тасты бар пәрменімен сілтеп кеп жіберді. Қақ шекесіне тұра тоңқ етіп тигенде ананың көзі ақылсанадан ауытқығандай алая теңсіліп, шалқалап құлады. Бұл дереу мылтыққа жармасса да не істерін білмей бірер сәт сасқалақтап қалды. Ең сыртқы сыйырлауық есікке барып, тысты шолды. Ерсілі-қарсылы жүрген құзетші Бөкенбай жатқан тұсқа жалтақ-жалтақ қарап қояды. Бөкенбай мұның әлі құдік ала қоймағанын сезсе де, бірақ көзін құртпай осы арадан шыға алмайтынын білді. Серігінің неге кешіккенін білгісі келіп, осы тұсқа бір соғатынын ойлағанша ананың бері қарай келе жатқанын көрді. Бөкенбай оң қанталындағы қабырғаға жабыса түсіп, құзетші есікті айқара ашқанда біраз бөгеліп тұрып ішке енген ол алакүнгірт орынға көзі үйренбей кібіртіктеп, айналасына алактай қарап, сақ басып келеді. Бөкенбай қолындағы мылтықты оңтайлы үстап, сыйбырын шығармай барып көкжелкеден қойып қалды. Оқыс соққыдан теңселіп кеткен оның дереу алқымына жармаса кеткенде мұрнына қоланса иіс келді. Тумысында сезіп-білмеген иістен жаны түршіккендей тамағын шенгелдеп езе түсті. Жан дәрмен қарсылық көрсете алмаған ол жанары шарасына сыймай атырылып, қорқырап, екі езуінен көбік аға бастады. Қарысқан қолын әрең жазып, сып

беріп тысқа шықты. Қөлденен соғылған биік дуал корғанға жан дәрмен жүгіріп, атқа мінгендегідей ыршығанда қолы ернеуге әрең ілікті. Жанқа тастардың үшкір үштары қолына кіріп сыздап ауырғанына қарамай тағы бір жұлқынып, аргы жаққа аунап түсті. Аяғының ауырғанын елемей, тік құламадағы ну қамысты өзенге домалай жөнелді. Шаң-шұң дыбыстарды шала естіді. Бір кезде тарс-тұрс мылтық атылды. Өз екпінін тоқтата алмай суға күмп берді де, жалма-жан атып тұрып, аксандаған күйі қамысты қақырата жарып, төмен құлдилады. Екі жақтан бірдей іздейтіні белгілі, ал тауға қарай өрлесе осы сайдың түйықталар тұсина тұмсық тірегенде-ақ қолға түседі. Шапанының етегі лайсаң қара суға малынып, шаужайына орала берді. Түйық жағалы жейдесінің әдіптері қырқылып, алқамсалқам ашылып кетіпті. Мылтықты тас қып ұстап бұгжиген күйі қалт тоқтап, тың тыңдады. Тұс-тұстан шауып өтіп жатқан ат дүбірі естіледі. Төменгі сағадағы Құтырған өзеніне іліге алмайтынын ойлағанда бойын үрей билеп, аяғын қалт-құлт санап басады. Осы өзектің бір қылтаң тұсы барын білетін. Онда шоқ-шоқ болып өскен қамыстан қараң-құраң көзге анық шалынады. Еріксіз жыраның сүйір тұсымен жүрді. Әр жылғы су тасқынынан жер опырылып, құлама жар пайда болған. Жар жағалауында кісі бойы өскен қамыс құрағының жіңішке қияғына дейін селтең-селтең етеді. Оң қапталдан тым қашық емес сыйбырды естіп оқыс жалт бұрылды. Өз еншісіне тұнеугүнгі соққыдан да ауыр, қорқынышты жаза бар. Қара жанына демеу болар еш нәрсенің септігі жоқ. Жүрегі манағыдай дүрсілдеп емес, сақ, тынышын кетіре жиі-жиі соғып, екі иығынан демін ала ентігіп, акырын жер бауырлап жата кетті. Арагідік құлағына шалынған тысырдан сұлық тынып, сәл уақыттан кейін кайта жылжи бастады. Қозғалған сайын шалышқ судың шолпылы үрейін алып, тағы да бүктүсе тың тыңдайды. Таяқ тастам аралықтан кенет қамыс үлпегі селтең еткенде, не атып тұрарын, не жер бауырлап жата қаларын білмей аңтарылды. Мылтық ұстаган оң қолының қары талды. Артқа шегінгенде тобығына дейін сазға кіріп, қайтып сұрып алу қынға соқты. Біраз аралыққа дейін еңбектеп келді. Құмырсқаның илеуіндегі үйме-жүйме шымға келгенде көзге анық шалынатын тұста тұрғанын білді. Соры бетке шыққан үй орнында қопалы жер-

Шымырлап ымырт конақтады-ау, әйтеуір, бір кезде. Теріскейден соққан желмен қамыс атаулы сусылдай бастады. Бөкенбай жан-жағына сақ құлақ түріп, мылтыкты салбырата ұстаған күйі жылдым адымдап келеді. «Бұлар енді Қыдырәлі сүмдү ізіме салуы мүмкін, ойпыр-ай, ол кәдік-ау» деді. Аяқ астынан шықкан бақа құрылынан тұла бойы мұздап, іші-бауыры қалтырап кетті.

Өзекті жиектеп отырып, адырға шықты да жыраҗыраны бойлады. Қенет қарсы алдынан бір қарайғанды байқап, қалт тоқтады. Жерден бастарын жұлышпұжұлып алып, құлақтарын қайшылай состия қалысқан жылқылардың текті де аңқау кейіптерін танығанда ет-жүрегі лүпілдеп соғып кетті. Айналасы бес-алты күннің ішінде бұл жарықтық жануарды жатырқай қалған әлдебір тосаң сезімнен көңілі құлазығандай. Бұларда түк ісі жоқ пендеше сол қиғаштап өте берді. Ойы — жылқылардың бойын осылай үйретіп алу. Ішіндегі біреусі ғана Бөкенбайды маңайына жуытқысы келмей басын қайта-қайта жыландай сумандатып, кегжие қалады. Жаңадан қоң жинаған шаруа айғырдың әбігерге түсетін осындай қызғаншақ әдеті болушы еді, бұл сондайдың бірі емес пе еken деп ойлады. Ішіндегі жастайы ма, бұдан шошынып, атырыла үріккенде барлығы да дүркірей шауып, біразырақ ұзаңқырап кетті. Бөкенбай бас бағып, жылқылардың жусайтын мезгілін көздел келеді. «Тек жаман сәурік бір жакқа қуып алып кетпесе еken» деді. Екіара қысқара түскен сайын дегбірі де қаша бастайды. Өйткені кездейсөқ адамның беймезгіл жүрісіне бәрі таңырқаса қарайды. Сәурік дегені бұған көлденендереп келіп қаздыып тұра қалды. Көзге тұртсе қараңғы түнде түр-түсін ажыратпаса да, оңаша саяқ түрғанды биеге жорыды. Енді соған қарай орағытты. Құлаққа тым жағымды естілетін лық-лықтауға көшкенде жануар бұған одырая бір қарап, ту сыртын беріп тұрды. Шағын үйірдің естияр жануары осы деп үйғарып, қолын сауырына апарғанда өне бойының дірілдеп өткенін сезді. Етін үйретіп, сауырын, содан барып жалын сипалап, ақырын тұсарлығына отырды. Қайтадан шапшаң көтеріліп, тұтасқан жалына қолын сұнгітті. Жүген кигізердегі қимылды жасап, шүйдесін қолтығының астына жіберіп көрді. Осы күйде алға жетектеп еді, тапжылмады. Содан артық-ка бармастан қышап табандап тұрып алды. Басын

тұқыртқан күйі ол да сәл артқа шегіншектеді. Алақа-  
нымен жалына зілсіз ұрғылап, елеусіз кейіпте алға-  
өзі аттағанда бие де жүріп берді. Біраз жер жүрген  
соң кілт тоқтап артына жалт бұрылғанда Бөкенбайдың  
қолтығынан сусып шығып кете жаздады. Жуас жа-  
нуар көлденең біреудің аяқ астынан иемдене қалға-  
нына шамданбай бейғам кісінеп жіберді де, солығын  
баса алмай біраз оқыранып тұрды. Қалғандары ұрқы-  
рап-шұрқыраған бойда тасырлата шауып келеді. Бө-  
кенбай биенің арқасынан біраз сипалап тұрып, бір кез-  
де қарғып мінді. Алып жөнелетіндей адырандал, бір-  
екі дүркін шыр көбелек айналды. Қақпайлап отырып  
жолға салғанда көлбендең қарауытқан, тербеліп-тең-  
сслеген тау мен мұндалап шақырғандай болды.

Бөкенбай екі-үш күн Көктебе мен Майтөбенің ара-  
сында жүрді де қойды. Құпті қөнілі де байыз таппады.  
Құла бие де ақыры болдырып тынды. Бүгін құз те-  
рең сайдың қалтарысына жылқыларды бекітіп қойып,  
өзі қайқы кезеңге шығып, жан-жақты көздеді. Уш күн-  
нен бері нәр сызбағандығы бар, оған ат соғып таста-  
ғандық қосылып, сәл қисайып жатып еді, қорылдан-  
шықтап кетті. Себелеп жауған жаңбардың сұтырлаған  
дыбысынан оянып, күннің қай мезгіл екенін ажырата  
алмай мәңгіріп көп отырды. Ешқандай сезік жоқ сияқ-  
ты, көнілінің тынши қалғанына да қайран. Ал қолға тұ-  
сердің алдында Жайпақбай мен Құлханды тақ осы ара-  
дан күтіп алғаны есіне енді түсті. «Құдай-ау, осынша  
есенгірегенім қалай?» деді. Сергіп, серпіле алмай  
отырғанда тағы да соңынан түсіп, іздейтінін ойлағанда  
дегбірі қаша атып тұрды. Мұншалықты қамсыздығына  
қайран қалды. Қайқы кезеңге асып-сасып шыққанда  
сонау көз ұшындағы адырлы белес пен үйіріле дөнгеленген жазық күн шуағына еркінше шомылып тұр екен.  
Мұның жүрген жері ғана бұлт құрсанатын болған ба-  
деген ой санасында қылаңтыты.

Кенет дабыр-дұбырды құлағы шалып, үрейі ұшып  
кетті. Бесқоныс шоқысының қүнгей қапталына қарай  
қараса — екі салт атты салып ұрып келеді. Бектер-  
ген қоржындары тоқ. Құшыңыраудағы жылқыларды  
көрді-ау, шамасы, біраз аялдал, сол жақтан көздерін  
алмай көп іркілді. Қалыптарында алаңсыздық басым,  
дауыстары да ап-анық естіле бастады.

— Анау құла бие Бекеттегі саудагер тараншынің

емес пе, осы, — Бөкенбайға бұл сондай таныс дауыстай естілді.

— Жазғанның қан-сорпасы шығыпты ғой.

— Кой, тұра беріп қайтеміз, жүрелік, — деді екіншісі. «Сағын қараши иттің» деп ойлаған бұл асыға қоймады. Тік еңіске құлдилағанда ғана:

— Тоқтаңдар! — деп, ақырып жіберді.

Аңтарыла жалт қарасқан жолаушылар жұлым-жұлымы шыққан біреудің мылтық кезеніп тұрғанын көрді. Жатаған жадау кескіндерінде үрей мен қоса таңыр-қауышылық та бар. Бөкенбай бер жақтағының Отынбай екенін таныды. Тоқпакты тоздырып, Әндіжанды аздырып жүр деп естіген. Сіріңке қара жүзі күреңіте шымырлап, кілмігендегі нұрсыз көзін кең ашқан Отынбай аттан домалап түсіп, Бөкенбайға тұра үмтүлді.

— Боздағым-ау, асылдың сынығы-ау, аманбысың, — дегенде үні жарықшақтанып шықты. Кезенген мылтықты да елейтін түрі жоқ. Бөкенбайдың арыл-ашқан жүзіне бір аңы мықыл үйірілді. Біреудің алдында құрдай жорғалаған сайын қиянат зорлығын асыра түскісі келетін ниеті жыртқыш құстың тоят ізdegен сәтіне үқсайды. Тарғылданған өніндегі шалдыққандық, жүргегін жайланаған үмітсіздіктің бәрі ізім-ғайым жоғалып, айбаттанып алды.

— Тоқта! — Бұл жолғы жекіруінде кісіні амалсыз кідіртетін қатқылдық бар еді. Ошарыла тұрып қалған Отынбай ұзын кірпіктерін жиі-жиі қағып, көзі жаутаңдал кетті.

— Сонша зарыққандай өңмендеп келе жатырсың ғой, түге, — деді Бөкенбай. Мына сөзден кейін Отынбай бір түрлі еркіндей бастады. Шоқша сақалын селтендетіп, серігіне бұрылды.

— Жұмағұл-ау, кел бері, — деді. Шашауы шыға селдір өскен ағы мол сақал-мұртты, таңқы мұрын біреу Отынбаймен қатарласып келіп, қолын төсіне апарып, амандасудың рәсімін жасады. Кісіге тік қарайтын кой көзінде уыт барын аңғарды.

— Қайдан келесіндер?

— Қырғыз асып кеткен ағайындарға бардық. Айтпакшы, Бәке, сіздің үй-ішінізді Жайпақ қырғызға алып кетіп еді, Қішікеміннен көрдік. Аман-есен, — деп, жақсылық хабарының өтеуі мұның жылы шырайымен қайтатында өзімсіне қалды. Бөкенбай бұл хабарға кәдімгідей елендегенімен, сыр бермеген күйі бедірейіп тұр.

— Ңе, сен де құлық-сүмдықты үйренейін депсің. — Бекенбай бір ілік табудың жолын іздел бакты. Отынбай да ши шығып кетпесе екен дегендей сақ. Мұның қас-қабағына қарай төңкеріліп, өзін сондай кішік, сондай ізетті үстайды.

— Енді қайтеміз, Беке?! Заман болса мынау, баяғы дәурен жок.— Отынбай Бекенбайдың осал тұсын дөп басқысы келіп, түрлі құytұрқылыққа салынды-ақ.

— Эй, алдамшы қу дүние-ай, — деді Бекенбай өзіне-өзі сөйлегендей. Содан соң көзін Отынбайға шатыната қадады.— Сенің де басыңдан дәурен өткен екен ғой, алда жазған-ай, а! — Үні кекесінді шықты.

— Эйтеуір сізді қара тұтушы едік қой, — деп, Отынбай безілдей жөнелді. Бекенбай күйіп кетті. Безбүйректің беті бұлк етпей айтып отырғанын қарашы. Жаңа бір мезетте іші жылышандай болған. Ертеңгі күні пұшайман күйге түспесіне кімнің көзі жетеді. Осы сияқты тексіздер мен құл-құтандар ғой, мұны аялмай сокқыға жыққан. Ендеше бұл да жау. Күні қараған соң амалы әшейін. Отынбай түсі бұзылып бара жатқан Бекенбайдың ұсқынынан кәдік алайын деді. Тағы бірдене десе бәрін бұлдіретінін сезіп, жұмған аузын ашпай қойды.

— Сені атып тастасам, бәйбішенің бір баласы не кемір, не кемімес, — деп, Бекенбай Отынбайға мылтығын тұра кезеніп, шүріппені басып қалуға ыңғайлана бастады. Отынбай жүрелеп отыра кетті. Оның қалтырап-дірілдеген пошымын қызықтаған сыңайда іркіліп барып, қабағын керді де, қараздай куарған Отынбайға төніп келді.

— Іздер-сұрарым жоқ еді, Беке, шиеттей бала-шаганың көз жасы үшін қызыңыз жанымды!

«Бұл сияқты бейшаралардың да сауабы болатын шығар?» Иркілген Бекенбай екіудай күй кешті.

— Екеуің бірдей Бесқоныстың етегіне еңбектеп туусесіндер. Алда-жалда тұра қалсандар, айтпады демендер, әй-шайға қарамай атамын. Болындар! — деп, акырып жіберді.

Жалп-жалп құлаған олар құлдилаған тік құзға жер бауырлай еңбектей жөнелді. Жаңағы бір мезетте Бекенбай осының өзінен ләzzат алатындағы сезінген. Бақса, бұл да алдамшы екен. Көнілінің түкпірінен суман қаққан сұық ой жан-жүйесін жайлап үлгерді. Аналардың біреуі әлденеден тайып кетті ме, бұдыры жоқ тік-

тен екпінін ұстай алмай домалаған күйі қорыс тікенің қалың жынысына қойды да, алаңқай тұстан шықты.

Бекенбай қоржынды алып жерге қойды. Бір басы өрік, мейіз, науат, екінші басы кездеме екен. Қанжығадағы торсықта аздаған сусын қалыпты, төңкеріп салды да Отынбайдың қара атына мінді. Еністегі жылқыларды сырғыта айдалап, терең сайды қуалай жүрді.

Бекенбай Кішікемінге келесі күннің ертесінде жетті. Сәурікті ұстап мініп, қалғандарын матастырып, жыралы терең сайға бекітіп қойды. Тас құрсанған таудың біраз жерін аралап шықты, күдікті ештеңені байқай алмады. Бекеттегі түрмеден қашып шыққалы бері құс үйқылы. «Қапияда қолға түскенімше, өлгенім жақсы» дейді. Сайды сағалап отырып, екіаша кезенге асатын жалғыз аяқ жолға кезікті. Сырт көзден тасалау жерге апарып, атын шалды. Қас қарайып, көз байланғанша осы жерде тұра тұруды үйғарды. Осы кезде арғы беттен ойқастап шыққан үш-төрт кісі бір-біріне әлденелерді айтып, қарқ-қарқ күліп өтіп бара жатты. Ішкен бозалары бастарына шығып, еліріп алған қарашаруа қырғыздар екенін болжады. Мұның да осындай алаңсыз тіршілігі бар сияқты еді. Қымыздың желігінен кейін қызы-қырқынға қырғидай тиіп, кез келген жерде ұят пен ынсаптың бет-пердесін сыпрып тастайтын. Атты кісілерді көзімен ұзатып салып тұрып, бұл неге осы жайды ойлады, білмейді. Неге екені белгісіз, есіне Төкені түсе кетті. Оны да көрмегелі араға жыл салыпты-ау. Мұншалықты уақытта оны бір рет те ойна алмағаны қалай? Жүргегі езіліп кеткендей болды. Тек Назымның бітімі көз алдына келгенде қатайып алды. Шиыршық атып атқа отырды. Желе жортып, Шу өзенінің сағасына тақады. Жаңадан қоныс теуіп, ірге көтерген қырғыздың жатаған ауылның қатын-қалашы мен бала-шағасы бірлі-жарым малды жиыстырып жүр. Ұыздай үйыған тыныштық. «Мына ақжаулықтың бәрі түнге қарай бір-бір еркектің құшағына енеді-ау» деп ойлады. Ауылдың шетін ала қоныстанған үш-төрт киіз үй көзіне оттай басылды. Тынышы қашып, көнілі алабұрта берді. Құн ұясына тақаған сайын алакөлеңке қоюлана түсті. Жақпар тасты құлдилаған жадағай сайда қылтиған тал-дарактар көнілін аулайды. Судың ақшылтым боз түсі ғана табиғаттан оқшаша рең бар екенін еске салып өтетіндей.

Көз байланғанда ауылдың бір бүйірінен келіп кірді. Суды жағалай жүріп, арғы беткейге өтті. Өреленіп қойылған аттар анда-мұнда бір көзге шалынады. Ойсымал тұстың қылтаң беткейіне шығып, сәл аялдады. Ай қараңғысында жұлдыздар ерекше жымың-жымың етеді. Діттеген жеріне жақындаған сайын көңілі алышты. Қазір Құлхан да, Назым да отыруы мүмкін. Екеуін екі бұрышқа тықсырып, үрейін алса да еркі. Тұнімен жортып жем іздеп, құндіз дамылдайтын таутастың ацына үқсаса да, әйтеуір, көзі тіріде бұл екі әйелдің тағдыры өз уысында екенін ойлады. Жыны келсе екеуінің де канын аспанға шашады.

Бір сәт аңдысын аңдып, киіз үйлердің сыртынан орағытып келді. Ептең жылтыраған жарықты нысана етіп көп бөгелді. Осы кезде жогарғы киіз үйдің жапсары көтеріліп, біреу тенселіп шыкты. Қаперіне ештеңе де кірмейтін алаңсыз бітім, «Жайпақбай ма» деп бір ойлады. Анық естілетіндей, бірақ ешкімді дүрліктірмейтіндей:

— Жайпақ, — деп үн қатты. Анау сілейіп барып, әзірейілдей дауыстың қай тұстан шыққанын білмей жан-жағына алақ-жұлақ қарады. — Эй, бері кел! — Жаңағы түбіме осы жететін болды-ау дейтін салбыранқы кейіпте келе жатып, көкейіне тосын қауіп оралғандай бір сәт ошарылып тұрып қалды. — Болсаңшы, ей, тірі әруақ деп тұрмысың? — деді Бекенбай сабыр-шыдамы таусыла.

— О, құдай-ау, Бекен екен гой,— деп, шалғайына орала кетті. · Таныс-біліс адамдардың қалбалактауын жаратпайтын болғалы қашан. Қазір де Жайпақбайға іші жыли қоймады.

— Элгі екі албасты қайда?

— Үйде, Беке, — деді Жалпақбай үрейленіп.

— Тыныштық па?

— Қеше бір-екі адам Назым, Құлхан үшеумізбен сөйлесті. Сіздің серіктеріңіз кім дей ме, тағы бірденелерді сұрайды.

Бекенбай Жайпақбайдың сөзін құлықсыз тыңдады. Күні кеше мұның жылқысын баққан мынаның даусынан сәт сайын естілетін жәдігей құйтырқы сарынға біраз алданып тұрды. Пенде шіркіндердің бір-біріне жасайтын жән-жоралғының жалғандығына көзі жете түскендей еріксіз тосылды.

— Сен жаман жолдас екенсің. Тұнеугұні бір тұсма қорған болудың орнына...

— Ойбай, Беке-ау, о не дегеніңіз, — деп, Жайпақбай шыр ете түсті. — Қыдырәлі иттің ланынан өрең құтылдым.

— Жә, сылдырлама, — деді Бекенбай оның сөзін шорт кесіп: — Төңіректі шолып түр. Атты да оттат!

Бекенбай есікті теуіп ашып кіріп келгендे, Құлханда, Назым да мұны күтпеген кейіпте состыса қарасты. Май шамның өлімсіреген жарығы үй ішіндегі құбылысты қалт жібермей байқады. Қеудесін ашу-ыза тырнап, көз алды қарауытып кетті. Әуелі лып көтерілген Құлхан екі қолын төсіне қойып, бір кішік қалпында Бекенбайға жәудірей қарады. Қорыққандықтан ба, қараторы жүзі ашаң тартып, Назымның жанында үрпіш түрған Төкенді қолынан ұстап, алдына жақындана түсті.

— Төкентай, көкең келді.

— Шыққан жатыры жаман нәллетті тарт әрмен! — деп, Бекенбай қатты жекіп таstadtы.

Текен өзінің атына айтылған жаман сөзді сезді ме, сұсты адамның сұық қарасынан әлде шошыды ма, бақырып жылап Назымның бауырына барып тығылды.

— Көкең ғой, жылама, — деді Назым да булығып.

Бекенбайдың күтусіз өскен сақал-мұрты, теңбіл-теңбіл таңбалы жүзі, көптен ауыстырылмай алба-жұлба болып кеткен киімі осы үйге жұтаңдықты қоса алып келгендей. Кісі шыдамын таусысатын оның қазіргі са拜рылы кейіп екі әйелдің де үрейін алып бітті. Бекенбай бір кезде Назымға төніп келді. Бекенбайдың әрбір қимылын көз жазбай бағып, Төкенді бауырына қыста түсken жазған әйел бір уыс болып бүрісе түсті. Ала-қоленкедегі күйеуінің жабайы үсқыны жат көрінгені сонша, Назым әлденені қарманғысы келгендей төрдегі жүкке қарай жамbastap жылжыса, шошынған Төкен шыңғырып жіберді.

— Сені осы жерде-ақ буындырып өлтірейін, — деп, алқымынан қос шеңгелдеп ұстай алды. Шектен тыс үрейленген Назымның көзі шарасына сыймай атырыла алайып кетті.

Осы кезде Құлхан Бекенбайдың қарынан шап беріп ұстады. Әйелін мұндай батылдыққа барады деп тіпті ойламапты. Көз бен көз түйісті. Жасқа шыланған жанарынан бұл көріп білмеген наза мен ашынғандықтың барын сезді.

— Қасқыр да жолдасына қас қылмайды, баланың үрейін алдың ғой.

Бір мезет аңырып қалған Бөкенбай мына әйелінің дүлей ашудан тайсақтамайтын сыйдайын таныды.

— Қысыр жылан! — деді тістеніп.

— Қысыр жылан болсам қысыр жылан шығармын. Сондықтан салт басты, сабау қамшылы мені-ақ қажа. Кай қияның болса да мен барайын, Төкен болса әлі жас.

Біреу үшін бая-шая болатын мына әйелінің қылышы санаасына сыймағандай Бөкенбай әуелі аң-таң қалды. Жөн-ақ екенін сезсе де осының ырқынан шыға алмай қалу қаупін ойлап, ежірейген күйі сәл іркіліп тұрды. Өре түргелген өзімшіл ашудан көз алды тұманданып кетті де, бүкіл денесімен бұрылып келіп Құлханды бас шекеден қойып-қойып жіберді. Жаңағыдай қаастан Бөкенбай қуыстанғанымен жан алқымға келіп тұрғанда ақжүректік сияқты бірдеңелерден әбден зықысы шыққандай ашуы қатты қозды. Соған бола Құлханды тепкілей жөнелгенде тек басын қолымен көлегейлекен ол қыңқ деп дыбыс бермеді. Әудем уақыттан кейін сап тыйылып, состиып тұрды да қойды. «Апырау, мен мынаны ұрып тепкілекенім қалай?» деді. Бақса, мұның Құлхан арқылы бойына жылу тараитын бірдене бар екен, бірақ ол не екенін, көне, білсе ше. Опынушылық сезім санаасында қанша қылаңытқанымен көз қиығын Назымға салғанда... Женгедей қосылған әйелінің әлпетінен осы сүмдықтардың бәрінен қалай ғана құтылсам екен деген ниетті танығандай болды. Опасыз бұл жалғанда Назымның бұнысы етene жақын көрініп кеткені.

Улкендердің аяқ астынан бұлінгені Төкен үшін жұмбак. Файыптан пайда болған мына адамның жақсылық емес екенін болжады. Енді содан қаймығып, дыбыссыз жылай берді.

Бөкенбай біртіндеп сабасына түсейін деді, дыбыс атаулыны бір тажал жұтып қойғандай ауыр тыныштық орнады.

— Жайпақ!

— Эу, Беке.

— Түйе бар ма?

— Негілайын деп едіңіз?

— О, тексіз ит, мен бір сауға сұрап түр деймісің! Алып келіп қомда, жық мына үйді, арт керектіні, — деп, ақырып жіберді. Тырп-тырп басқан Жайпақбай

біртінде алыстап бара жатты. Бөкенбай жиылған жүкті онды-солды лақтыра бастағанда май шам лап-лап етіп сөніп тынды. Манағы тұста Назым тапжыл-май әлі отыр. Құлхан сүйретіліп тұрып, шығып кетті.

— Беке, — деген Жайпақбайдың тұннің бір уағын-дағы даусынан селт етті.

— О.. не?

— Түйені таба алмай қойдым. — «Бұл ит те құлық-сұмдықты үйренейін денті-ау. Бұған не істемексін. Айтқаныңды қу жаны үшін ғана орындайды. Әйтеуір, ілдәлап жұмсай тұру ғой менікі!».

— Жайпақ!

— Иә, Беке.

— Таң атқанша сыртта жүр. Ертең мына албасты-лар күні бойы қамданады. Тұнге қарай Үрбашыға шығатын тұмсықтан тосындар. Одан арғысын өзім айтам, түсіндің бе? — деді.

Бекенбай таңертеңгісін аттанып кетті. Бекітіп қой-ған жылқыларға келіп ат ауыстырып мінді. Таудың терең қойнауын өрлең, тік қияға жалдатып шықты. Құлдилаған құз етектен аңдыздаған шоқыға дейін корым тас. Адыр-адыр мен қия-кезенді, сай-сайды, өзек-өзекті бойлады. Арналы өзеннің ағыны қатты жылғасынан өтіп, тасты шоқыларды қайта бетке алды. Жайылма судың қалың қорыс қамысына кірді. Сырт кезге түспеудің, әйтеуір, амалы бұл. Осы жер мен тау бір қауым аралық. Төмен сағалап отырып, тіке шап-шыған қапталға тізгін бұрды. Кенет дабыр-дұбырды құлағы шалып, қалт тоқтады. Қөлденең белдің арғы ойы ат шаптырым саздауыт. Өрге аяңдап шыққанда бір топ адамның қарасын көрді. Қоліктерін қаңтарып қойыпты. «Мыналарың қуғыншылардан сау ма өзі? Қарамды тез батырмасам болмас. Бұларға кезікпей Жайпақ көшіп үлгерсе жарады-ау» деді. Келген ізімен дереу кері қайтты.

Еңістегі қаңтарулы ат, шөгерілген түйе, кіршіксіз аппак құндік ораған екі әйелдің бейуақыттағы қаннен-қаперсіз тұрыстары қашып-пысқандықтан аулак, бей-жай қамсыздықтарына Бекенбайдың қаны қатты қарайды. «Тәнірдің тәлкегіне ұшыраған мен, бұлар же-тектегі ит», — деп тістене сыйырлады. Тойға баратын-дай бүкіл жасауын тағынып, керім-кербез басқан анау Назым, қасындағы етжеңділеу әйел — Құлханға үк-самайды. Олар да Бекенбай жаққа «состия қарасты.

Бұл шөгерілген түйенің тұсынан өтіп, екі әйелдің қарсы алдына кілт тоқтады. Назымның кескіні тіксіне қуарып кетті. Ал Жайпақбайдың әйелі Бекенбайдың зілмауыт ұсқынынан сескене аңқайып, кейін шегінді.

— Эй, ана албастың қайда?

— Албастың кім? — деді Жайпақбайдың әйелі сасқалақтап. Өнінен қаймығудан да өткен, осының ақыры кәдік-ау дейтін уәйімнің табы білінді. Қөңіліне орныға қалған жаман ойды сездірмesten:

— Төкен мен Құлханды алып келуге кетті емес пе, — деді.

— Төкеннің көкесі-ау, ол жазған қара кешке дейін бір тыным таппады ғой, — деп, Назым сөзге қаймыға килікті. Әзірейілдей қатқыл суық ренде қайтсем жұмсартам деген үмітпен Бекенбайға жаутаңдай қарады.

— Ой, ата-бабаңың... — деп, Бекенбай шалт қимылға көшетіндей Назымға ақырын таяп келді. Маңдайының бес елі соры барына көзі жеткендей Назым төтеннен келген зауалды қөнбістікпен тосты. Тек жас тұнған жанарын төңкере мөлтілдетіп, бұған үркектеп қарайды.

— Нәсілің жаман ғой, ит!

Назым таңырқаулы сыңайда Бекенбайға назарын тіктеді. Сақал-мұрты қаудиып өсіп кеткен әменгерінің өніндегі жосықсыз ашудың неліктен өзіне бағышталғанын ұқпайтындаидай. Тұптің-тубінде ештенеден қайран жоқтығына қүйзеле кемсендеп, жылап жіберді.

— Менің шыққан тегім жаман болса, менен туған бала қай жетісер дейсің. Керілген кербез қатыныңмен-ақ болмайсың ба?

Қып-қызыл жүзі одан сайын қүреніткен Бекенбай жайлап аттан түсіп жатып, үрейі ұша состия қалған Жайпақбайдың әйеліне қарады.

— Сен қаншық, ана шоқыға шығып, жан-жақты көзде. Біреу-міреудің қарасы көрінсе дыбыс бер.

Зып беріп жөнелген Жайпақбай әйелін көз қиығымен шығарып сала Назымға бұрылды. Назым әуелі мұның езуінен түсініксіз мысқылды байқағандай болды. Бірақ онысы лезде жоғалып, қату кейіпке көшті де, әйелінің абыржыған нышанын қызықтағандай сәл бөгелді. Кенет алқымына кешегідей қос шенгелін апарып, өндіршегін езіп жіберді. Жан дәрмен бүлқынған Назым қолын ербендеткеннен басқа әрекетке бара алмай сілесі қата бастады.

— Сорлы-ау, елден-жүрттап безіп, тентіреп кеткен-дігің осы ма?! Әне, үлкенін қылқындырып өлтіргелі жатыр. Асықпасан, кезек саған да келер, — деп, оқыс шыққан Жайпақбай әйелінің даусынан қалт тынды. Қайқаң кезеңнен жалғыз құлдилап келе жатқан Жай-пакты көріп, Назымды ары сілки итеріп жіберді.

— Қарамызды батырып, бір жағына жылыстайық дедім. Әруақтардан үят деп безілдеп ен, көр енді. Қозіне қан толып кетіпті.

— Эй, қаншық, зарлама! — Ақырып тыйып тастаған Бекенбай Жайпақбайдан: — Әлгілер қайда? — деп сұрады.

Қыртыс-қыртыс маңдайы жиырыла түсіп, жүрегі алыш-ұшқандай деміл-деміл тұтықкан Жайпақбай:

— Бб... Беке, то-торуылдаған солдаттар кетер емес. Бір-екі рет қырындал өттім. Баяғы өзіміздің қаракер айғыр көзіме шалынғандай болды.— «Өзіміздің қаракер айғыр дей ме, мына жазған». Бекенбайдың қаны қаша сұрланған пішінінде түйткілді нәрсенің байыбына ба-ра алмай тосылғандық бар. «Апрай, қаракер Қыды-рәлі сүмның тақымына тиіп еді-ау».

— Түү, Жайпақ-ай, дүние өртеніп бара жатса да асықпайтының-ай, осы сенің!

— Міне, міне, Беке. Торы ит болдырайын деген бе, баспайды, — деп, тізгінді қаққылай берді. Шаршап-шалдыққан Жайпақбайдың рені солғын. Жыртиған көздерінің нұры тайып, сағы сынған. Қонетоз барқыт шапанының ұзын шалғайын көлбендете сүйретіп келе-ді. «Менің шықпай жүрген жаным-ай, бел жазып отыр-мағалы қашан» деп ойлады Бекенбай Жайпақбайды бастан-аяқ шола. Мұның тағы да шұғыл шешімге кел-гелі түрғанын сезгендей Жайпақбай қипақтай бастады.

— Жайпақ, — деді Бекенбай асығып-аптықкан қал-пы. — Сен мына қаншықты қасына алыш, арғы сайды өрлей бер. Алдыңнан түйық кезігеді. Сонда бекітіл-ген жылқыларды айдай-майдай күн шығысты бетке алындар. Тек тез!

Иіні түсіп, мойны салбырап кеткен Жайпақбай аты-на қарай құлықсыз аяңдап барады. Жайпақбайдың әйелі дауыстамағанда бір кәдік болатынына еш кү-мәні қалмаған Назым Бекенбайдың шенгелінің уытын ауырсына тамағын сипалап әлі түр. Тек қабағын жас-қаса бітті — лыпып кетуге әзір қағылез қалпы бар.

— Эй, естідің бе, Жайпақбайдың сонынан түс! —

деп, әмірін қатқыл айтқан Бекенбай шұғыл бұрылып, атына қарай аяндады. Ерге отырған соң да Назым жаққа көз қызыны таstadtы. Қоржынды иығына асып алған Назым ілbi басып кетіп барады. Жайпақбайдың әйеліне қайыр-кош деп айтуға Бекенбай қанша оқталғанымен, көңіліндегі комсынуышылық дес берmedі. Осы кезде Назымның жоқтау айтқандай сыйыған даусын құлағы шалды.

— Тұрар-ау, катар есіп ек, құдай басқа салса амал не, Төкеніме көз қырынды сала жүр!

— Жазған-ау, түбінді сұра, — деп, Жайпақбайдың әйелі жыламсырап тіл қатты. — Ана біздің сорлы бірденеге ұрынып қалып жүрмесін, аман-есен қайтуына бір септігің тисін, Назым-ау!

Осы бір сұнқылдаған дауыстар Бекенбайға жаманаттың хабаршысындаи көрініп кетті. Артына қарауға да дәті жетпей атына қамшыны бастырмалатып сілтеп, шаба жөнелді.

Бұлар түйік тұмсыққа ат басын тірегенде-ақ көз байланды. Ай туғанша дамылдауды үйғарған Бекенбай сәурікті тас қып қантарып, шылбырын сүйрете жіберді де, өзі қыршық тасты жерге жата кетті. Түн тастай қараңғы. Қөңілі құлазып, елегізген Назым жан-жақты үрейлене шолады. Жылқылардың қасына қисайған Жайпақбай да қыбырсыз. Құс па, аң ба, арагідік сарап дыбыс береді. Әшейіндегі жадағай жалаңаш шоқылар қарауыта сұстанып, жақындаи түсетіндей. «Терен қойнауға сіңіп кетіп, тентіреп өлсем бе екен?» деді Назым. Бекенбайдың дәп мына қаперсіз жатысының өзінде әлдебір ашқарақ, беймаза тіршіліктің салқын табы бардай. Шырқырап жылаған Төкеннің даусы құлағына талып жеткендей болды. «Құлыным, ендігі күнің не болар екен?» дегенде көз жасына не бола алмады.

Бір кезде зорайған шоқылардың қалтарысынан сыйық сүйем ай қызығыт сәулеленіп көрінді. Жылқылардың пысқырғаны ма, алыстан шыққан тұз тағысының дыбысы ма, сезіктене басын көтеріп, тың тыңдаған Бекенбай — қантарулы аттың шылбырына бірден жармасты. Жайпақбайды аяғының ұшымен нұқып ояты.

— Эй, ана үзын қара атты ерттеп мініп, адыр-адырды асып жүре беріндер. Мен кезең арқылы өрлей-мін, көз жазып қалмандар!

Айдың көмескілеу жарығында Бекенбайдың күтүсіз

өсken жирен сақалы тұтасып көрінеді. Айналасына алақтай қарап, атқа қонды да, Жайпақбайдың сылбыр қымылын біраз бағып тұрды. Мұның содыр-сойқаны ақырында аярлыққа үласатынын Жайпақбай өзінің ту бастағы шамалы ұғымымен пайымдайтын. Бекенбайдың осы сәттегі ызғарлы қарасын сырт тұлғасымен сезінді. Осынша тоз-тозы шығып, құлақ кесті құлыйндаі аянбаса да мынаның қаперіне кіріп шықпайтынына назалы. Құнжындаған Жайпақбайдың құлықсыз қымылынан Бекенбайдың көніліне төтен түйткіл келді. «Жайпақ екеш Жайпаққа дейін іштегі қыжылын сыртқа шығарады-ау, түбінде» деді. Қара тұтар тірі пенде қалмағаны санасында қылаңытқанымен, соны ойлауға жүргі дауаламай тосылып барып, атын тебінді.

Бір өр, бір еніс. Жыра-жыраға ұйысқан көлеңке ай сәулесінен бейілсіз ығысады. Қосамжарласа қалыспай ілесіп келе жатқан көлеңкесіне көзі түсті. Кейде жінішкере сорайған сұлбасының сыны жіптіктеі таразыланса, бір тұста көлдененінен жалпайып, әлдебір құбыжықтың тұркы сияқтанып кетеді. Енді беткейде кетіп бара жатқандардың көлеңкелеріне қарады. Анда-мұнда ербендеген қозғалыстар мұны мазақтайтындаі бір ұзарып, бір қыскарады. Мұншалықты бейілсіздікке Бекенбай әуелі таң болды. Бойын түсініксіз ашу биледі. «Құдайым-ау, мен алтын басымды катерге тіккенімде, бұлар кім соншалық?» Өңкей опасыздық жайлаған жерде жападан-жалғыз қалу қаупі тыншын кашыра түсті.

Жеме-жемге келгенде кім де болса жандалбасалайтыны белгілі. Мұның ойы, әйтеуір, капысын тауып, синалаап құтылып кету. Жайпақбай мен Назымнан көз жазып қалатындаі, қайта-қайта қарағыштайты. Ойында алан бар. «Ойыр-ай, Қыдырәлі сүмның ойындағысы не? Ізге де түспейді. Элде Қекойрактан тоспақшы ма?» Бекенбайдың жүргі осыған келгенде су ете түсті. Бет жүзін қызу леп шарпып етті. «Ол сүм баяғыда-ақ Қекойракка бекініп, жолымды тосып отырған шығар?» Сабыр-тағаты қалмай Жайпақбайлардың жақындағанын тықырши күтті. Ақыры шыдамай үздік-создық шұбатыла қаракорымданған көленке сұлбаларға карсы шапты.

— Эй, дымдарың құрып қаллы ма, желіп отырышдар, желіп! — деп, катты дауыстады. Бекенбайдың

шанқыл араласқан үні мамыражай тыныштыққа беккен ауаның қат-қабатын жара күшті естілді.

Айдың шымқай қызыл қозы біртіндеп солғын тартты. Тұңғиық түпсіз аспанның қойнауына сып беріп сіңіп кететін жүлдyzдардың қатары селдірей бастады. Тұннің іргесі түрліп, бозала таң білінгенде, шымырлаған түйіршік сағым жібектей есіле жөнелді.

Ойпаңды тұста Бекенбай тізгін тартып, Назым мен Жайпақбайдың кескіндеріне алма-кезек қарады. Жүзіндегі мұн қалындаған түскен Назым Бекенбайға тосырқай қарап, назарын тайқыта берді. Жайпақбайдың кейіпіндегі кіріптарлықта бұған біржола мойынсұнғандыққа үқсамайтын сыз жатыр. Бекенбай соны сезді.

Жайпақбай келесі әмірін күткендей мелшип қимылсыз тұр. Мұның ызбарлы қарасынан назарын қашқақтатқанымен, елгезек қалпынан ажырағандай басалқалы. Назарын енді Назымға тіктеді. Бұл дүниеде ешкімге қатысы жоқтай мұның қарасынан бойын жиып алғанымен, үялы көзін наразы тастайтын секілді.

— Қаужайтын бірденец болса өзірлеп жібер! — деп, жүріп кетті.

Тік шоқыға шығып жан-жақты сыйыра шолды. Құлдилаған етекте көкпеңбек аспан түстеніп мұнартқан ыстықкөл сәт сайын шарасынан төгіліп кететіндей өрекпіп жатыр. Файыптан пайда бола кеткен таңғажақып жаратылысқа біраз алданып тұрды. «Бұл Қыдырәлі сүм абайсызда тағы да қауып түспек пе?» деді кенет. Жан-жағынан жау анталап түрғандай дегбірі қашып, төбе қүйқасы шымырлап кетті. Ас қамдап мұны күтіп отырған Жайпақбай мен Назым сүйт келісінен секем ала антарылып қарасты.

— Дереу атқа мініндер! — Бекенбай бұларды таптап өтетіндей қастарына төніп келді. Қозі қып-қызыл болып от шашады. Сескене кері шегінген Назымға:

— Албастының апасы, неге селтиіп тұрсын, бол, биеге мін, өрге шыға бер! — деді. Орнынан сүйретіліп түрған Назым алаңсыз жайылған жылқыларға қарай беттеді. Биенің тізгінің ұстаган күйі өзекке жетектеп түсті. Әлдене айтпаққа оқталған сыңайда Бекенбайға көзқығын жасқана тастады. Бірақ оның өзіне бағышталған уытты қарасына дәті шыдамай ерге қонып, тік өрді бетке алып жүріп кетті. Қалшиып қатып қалған Жайпақбайға назарын бүрған Бекенбай оның емеурінін жазбай таныды. Атынан түсіп, ерін жөнделеп, айы-

лын мықтап тартты. Жайпақбайға көз қызының тастағанда сақалының үшінде діріл барын аңдады.

— Бөке, ұлықсат етсөніз, қайтайын, — дегенде даусын бұған әдейі сиқырысп, монтаны шығарғандай көрініп кетті. Қойнау-қойнаудағы көлеңкелер тау қалтарысынан аумағы үлкейіп келе жатқан күн көзінен шорт-шорт қырқылып қалса да, шырқымыз қашпаса екен дегендей бүйіры. Бөкенбай әлі селтиіп түр. Атойлаған зіл-зала ашуы алқымына келіп тығылғандай, тынысы тарылып барады. Қисынын таппай қибыжықтаған Жайпақбайдың анда-санда басын көтеріп, жыртиған көзімен сүзіле қалатыны шымбайына бататындай сезінді. «Жок, бұл сонда елге қайтпақ. Жұрт ішіне іріткі салатын да, ұябұзар атанған да менмін фой, бұларға. Қыдырәлі сүмнің бодауына біреу кету керек емес пе». Бөкенбай осы ойға тиянақтағандай болды. Бұл артық қимылға барса, Жайпақбай құлап қалатындағы тізелері қалтылдағанда кетті.

— Бөке, екі дүниеде жақсылығының ұмытпайын. Бір атадан жалғыз ем. Артымда түқәк жок. Ку жаңымды қызыңыз. Төкеніңізге де колдан келген жақсылығымды аямаспын, — деп, маңдайының әжім-катпарларын жиыра түсіп, жалбарына қарады.

— Е, ку кедей, соқ өтірікті! — деді Бөкенбай кекесінді мыскылмен. Кісі жүргегін күпті қылар тұрысынан танбады. Қызылқурең жүзінің қаны қашқандай сұрлана түсті. Жанары шақшия атырылып кетіпти. Көзінен жасын парлата ағызған Жайпақбай кенет тізерлеп отыра қалды.

— Бөке, жалған айтсам мына атып келе жатқан таңұрысын, — деді.

— Жок, сен бар, — деді Бөкенбай өзіне-өзі сөйлемедей. Кірпіктері жыптықтап кеткен Жайпақбай бұған абдырап қарай қалды. — Адам баласы опасыз. Қалай ұмытпаймын дейсің, бәрін ұмытасың. — Бөкенбай сәл іркіліп барып, сөзін қайта сабактады. — Отырсаң да, тұрсаң да, жүрсөң де мені ылғи есіне алатын жасайын.

Бөкенбай иығынан мылтығын жұлдып алып, асықпай кезенді. Жайпақбай әуелі бұған сеніңкіремегендей жайымен тұрған. Мылтық үңғысы сәл жоғары көтөріліп барып, біртіндең төмен түсे бастағанда-ак, мұның әуселесі осы екен фой дегендей өніндегі ұстамдылық лездеғайып болды. Жыртиған көздерінің аума-

ғы дөңгелене үлғайып, не жолы бүл осындайға бара алады деген таңырқаулы да жалбарынулы әрі жабырқаулы кескінде ұзақ ақырды. Мұның зардабы сана-сына енді жеткендей кенет өкіріп-бақырып жерге құлап тұсті. Бекенбай қарасынан төмендеу тұсты көз-деп тұрып, шүріппені басып қалды. Шаңқ еткен дыбыс құлақ жаратында күшті естілді. Баж етіп шира-тыла шоршыған Жайпақбай бүктетіліп түсіп, қолымен әлденені ыңырси қарманғысы келді. «Малдың жуасы қой болса, адамның жуасы сен ең, Жайпақ, обалың Қыдырәліге» деп ойлады Бекенбай сазарған қалпы. Жайпақбай тағы қандай зауалың бар дегендей сұраулы жүзбен басып етеп көтерді. Бекенбайдың безерген кескінінен аяушылықтың аздаған жұқанасын іздегендей сәл іркілді. Кенет жерді қойғылай өкіріп жылап жіберді. Бір уақытта талықсып кеткендей он қырына қарай аударыла сұлық тұсті. Тері шалбардың түймедей қарауыта үңірейіп қалған жерінен шып-шып шыққан қанның орны ұлғая жайылып барады. Қозғала қоймай селтиген Бекенбай атына міне сала шаба жөнелді. Бір белді айналғанда беткейде биенің тізгінінен айрылып қалатындағы тас бол жабысып, үрпіп отырған Назымды көрді. Жандалбасалайтын қорғаншақ сыңайы сәл артық қимыл байқаса жылқының бауырына кіріп кететіндей. Мұның бірақ ешкімді аямайтынына көзі жетіп, не болса да тезірек бітсе екен деген шыдам-сыздықпен:

— Қайда барсаң бір өлім, атып таста, ойбай! — деді.

— Сенен жалғыз оқты аяйды дейсің бе, — деп, Бекенбай иығындағы мылтыққа жармаса бергенде, Назым орнынан ыршып тұрды. Қан-сөлі жоқ құп-қу өңінде шошынғаннан гөрі мені де өлтіруге дәті бара ма деген таңырқау басым. Назымның шарасынан төгілген моншақ-моншақ жас жосыла тізбектеліп барып, өніріне тырс-тырс тамды.

— Текенің үшін қи жанымды, құдай бізді тағы құрқалдырmas,— деді өксіп-өксіп жіберіп. «Ку жанды қолдан беру оңай емес қой, бәсеке» деген Бекенбай мылтығын жөндел асып алды. Жайпақбайдың жаңағы қарасындағы өшпендейлік атаулыдан түк жоқ, лажсыздықтың өкініші тәрізді ақылды үшқын ту сыртынан кадалып тұрғандай дегбірі қашты.

— Жә, боздамай атыңа мін, — деді бір кезде.

Бұлар сай-сайды, жыра-жыраны бойлап дамылсыз жүріп отырды. Саудыраған тасты таулардың қаңсыған дыбысы мен құргақ ауасы тамақты кептіріп жібереді. Бірте-бірте шоқ-шоқ қара тікен, тарбиған тобылғы көзге жиі ұшыраса бастады. Тас төбеде шаңқын тұрып алған күн бір сүйемге төмен құлапты. Ақыры қабак-қабаққа тұтаса өскен сүмбідегі қарағайлар жамырап шыға келді. Көз ұшында қар жамылған шыршалы шыңдардың наизалы ұштарына үйірілген бұлт алтын жиектеніп көрінеді. Бір қапталдан келесі қапталға ойысқанда алдарынан сарқырап аққан өзен кезікті. Осы жерде біраз аялдал, Назымның алып шыққанымен жүрек жалғады. Аттарын ауыстырды. Әбден калжыраған Назым мына тұстың сұсынан жүрексінгендей айналасын көңілсіз шолады. Қарағайлардың кара қошқыл түсіне астасып, шымырлап көз байланды. Өздерінің тиісті орындарына ыршып-ыршып шыға келген жұлдыздар жайрақ қаға жымың-жымың етеді.

Бөкенбай жан-жағына жіті құлақ түріп келеді. Биеден көз жазып қалған жылқылар ұрқырап-шұрқырап келіп табысқанына тынышы қаша кідірді. Пенде баласы болып аяғы тимеген жердің ой-шұқыры кезіккен сайын көңілі қобалжиды. «Жақсылық пен жамандықтың арасында айырма бар ма өзі?» деді кенет. Құғыншылар бұл үшін үйірлі қасқыр, олар үшін бұл бір саяқ көкжал. Әйтеуір, біреуінің ажалы жетуі керек. Қөрдей қаранғылықта осы бір ой зердесіне жылт еткен үшқын болып қонақтап, тұла бойын сергітіп өткендей болды. Әлденені ілдәлап таяныш көру емес, өндірте жүріп, қауіп-қатерден алыстаған сайын көңілі алып-ұшып, мият тұтатын бірдененің үміт қарасы қол созым жақындағандай сезіледі. Жылқылардың пысқырыған дыбысынан Назымды қалыспай келе жатқанға жорыды. «Тұн жамылғын отырып Қекойраққа бір ілік-сем, Қызырәлі тұрмак одан зорына қарамды көрсетпес едім-ау» дейді.

Күн шығыс жақтан көтерілген қызылқұрым толық айдың шеті асқар шынын ұшына ілікті. Қою қаранғылық біртінде сейіліп, қаран-құран көзге анық шалына бастады. Жеті түнде журген бұлар не қылған пенде легендей жас шыршалардың сүлдері көңілсіз карауытады. Арқан бойы көтеріліп үлгерген ай айналаға сүт сәулесін мол төкті. Аңсаган Қекойрағыма да

жеттім бе деп ойлағанша болған жок, абыр-дұбырды естіді. «Апыр-ай, бұл тегін емес-ау». Қөп мылтық жа-мырасып, тарс-түрс атыла жөнелгенде, жер-дүнне жаңырығып кетті. Еріксіз артына бұрылып қараса, еңіске қарай құлдилап түсе бастаған көп қаралы құғыншыны көрді. Осындай қысылшанда Назымның үрей аралас даусы шықты.

— Төкеннің көкесі-ау, иманымды айт, иманымды айт!

Сыбай-сылтаң жылқылардың оқ бойы озып дүркіреп шапқанын, құғыншылардың жапа-тармағай шыңға қарай өрмелегенін, қылаң жылқы мінгел біреудің бірден суырылып шыққанын қас қағым сәтте байқап үлгерді. Осы кезде ышқына шыңғырып шыққан үнге жалт бұрылды. Шалқалап құлап бара жатқан Назымның тарқатылып кеткен аппак күндігінің ұшы көлбен-деп ағарандайды. Қанша жан ұшырса да ажалдың осындай жазатайым жалғыз оғынан кейін басын тауға да, тасқа да ұрганы түкке түрмайтынан шошынды. Ойдым-ойдым өскен шыршаның шетіне іліге беріп, тізгінді тік өрге бұрды. Ат тығылып, кібіртіктең бастаған соң, тағы бір аланқайға қиялай тартып, сәл жа-зықтау тұста құйындантып шапты. Аражікті осылай ұзатып алуды үйғарды. Кар қымтанған шоқының шетіне іліккенде қалыспай келе жатқан жаңағы біреудің екпіні әлі қатты екенін байқады.

— Эй, сүм! Енді сенде не құн қалды, өлсөң жөніңмен өл. Қек мұздың үстінде ку қаңқаң рәсуса болма-сын десең! — Тарғылдана шыққан даусықа амалсыз құлағын тосып: «Құдай-ау, Қыдырәлі ғой мынау, ата-ды-ау, жазым болам-ау деп қорықпағаны ма, сонда?» деп ойлады. Бұл жолы да қу кедейдің дегені бола ма деген қауіп санасына жеткенде іші-бауыры қалтырап кетті. Шашауы шығып, селдірей түскен солдаттар басын құрап үлгеріпті. Бұл енді биік шоқыны жағалай қуалап отырып, жылтыраған аппақ оппа қарға кезікті. Ілгері баспай тартыншақтаған атты үсті-үстіне тебініп, тағы бір кезең асты. Жүрмей әлек еткен атты енді жетекке алып көрді. Болмаған соң қырғызөрім қамшымен сауырынан тартып-тартып жіберді. Сірес-кен сур қардың үстінде жазған жануар аяғын санап басады. Қайтадан қарғып мініп, бас-көзіне тоқпақтап жатып, біраз жер тағы да ұзап кетті. Қаптал жонға шыға бергенде мұны біреусі байқап қалды-ау, шамасы,

әлдене деп айқайлағанын құлағы шалды. Бұл бүлт беріп, қалқаға бой жасырып кетті. Еңбектеп келіп қуғыншыларды шолды. Қыдырәлінің аты ғана сүр қардың үстінде төпеп келеді. Қалғандары аттарын жетектеген күйі онын соңынан жаяу-жалпылап ілесіпті. «Обалы, мұның обалы жоқ» деген сөзі аяқ астынан ойына сап ете түсті. «Қазір, қазір, бұл иттің баласының жанын жаһаннамға жіберейін» деп, тістене сыйырлады. Мылтығын асықпай кезенді. Тұла бойы дуду шымырлап, солқ еткізіп тоқ ұрғандай сәт сайын діріл жүгіріп өтеді. «Жуындымды ішіп жан бақсан құл, өлетін жерің осы» деп, қарауылға асықпай алып, шүріппеге саусағын тиянақтата басып қалды. Ауаны бұзып-жара қақыратып өткен дыбыс нысанадан аулақ көлбеу биіктікке сатыр-сұтыр етіп жұмсақ сіңіп барады. Абайсызда мандайын тасқа ұрғандай Қыдырәлінің мол денесі бұлк ете түсіп, шалқалап барып жерге сылқ құлады. Қалғандары жер бауырлай жата-жата қалысты. Осы сәтте бір түсініксіз күйге тап болды. «Ажалың ақыры менен жетті ме?» деді әуелі айызы қана, содан соң солқылдап жылап жіберді. Дереу тыйылып, атқа қайта қонды. Шоқының ұшар басын алқымдаған шақта амалсыз кідірді. Қойнындағы қанжарын суырып алып, көк мұзды ары-бері осқылауға көшті. Біраз қашықтықтан шан-шүң дыбыстар талып жетеді. Мұның сатылап текшелеген жеріне ат жоламай қойды. Бұл әрекетінен де түк шықпайтынына көзі жетті. Тізгінді шіреп тартқанымен тыртысып тұрып алды. «Бір күшенсең шығасын, иттің малы!» — деді. Бекенбайдың сөзін құптамағандай аясы қып-қызыл болып кеткен көзін төңкере қадайды. Саусыс-саусыс қатқан тері сорланып, енеден жанадан туғандай буынын бекіте алмай дірілдеп түр. Аяғын емін-еркін орнығатындағы бір-екі жерге шүңқыр жасап, ат басын тағда күштеп тартты. Тапжылмастан тыртысып бақсан ол басын кегжитіп, оқыс жүлқынып қалғанда қайыс тізгін шорт үзілді. Бойын бос салып, Бекенбайдың сүйемеліне иек артқан жылқы шоңқия шөгіп барып, серен етіп құлады. Әуелі көк мұз бетімен, содан қар үстімен төмен қарай сырғып барады. Көзімен шығарып салып тұрған Бекенбай мәңгіргендей бей-жай. Ат ойға барғанда екі аяғын алдына созып, тұруға ұмтылып бақты. Бірақ көтеріле алмай үйелеп, Бекенбайға алара қарады.

Бәкенбай жанталасқан қымылға көшті. Өзі жасаған тепкішектермен тырмыса өрлең, діттеген тұсына іліккенде арлы-берлі дүниені байыпташ шолды. Ойлықырлы өнір ай сәулесі арқылы жібек перде тұтқандай шиаратыла есіп жатыр. Аспан мен жердің астасқан тұсында тұрғандай көрді өзін. Мұз қымтанған шоқыға итшілеп отырып жетті-ау, ақыры. «Ел-жүрттан шынымен аласталғаным ба?» — деді кенет. «Қырғыз туған топырағым болмаса да неге ыстық көрінеді сонша!»

Шырқау шыңың мына беткейінің құлдыраған етегіне дейін көкпеңбек мұз жалтырап жатыр. Ұзыннан-ұзақ шұбатылған жонның салмасынан тікке енді-енді өрмелеп келе жатқан солдаттарға қарады.

— Серкелеріңнен айрылып, иіріліп қалған екенсіндер ғой, — деді кекесінмен.

Келесі қапталға ойытай түсіп, біраз тұрып, ентігін басты. Екіудай күйде іркіліп барып, тік құз-шыңын күнгей бетімен сырғанай жөнелді. Таулар селтендеп, шыр көбелек айналып бара жатқандай көрінді. Зымырағаны сонша, екпінін тежеуге әлденеше рет үмтұлып бақты. Кенет бір бұдыр затқа соқтығып, етпетінен құлап түсті. Талықсып барып есін жиды. Сүйек-сүйегі зар қақсан, сыздап ауырғаның да елемеді.

— Құдай-ау, мынау рас па? Тірімін бе? — деді. Қөзінен ақкан ірі-ірі жас тамшылары түзге тотықкан қызылкүрең жүзінен сорғалап барады. Сап тыйылып, сүйретіле көтерілді. Қалың ну шыршалы тұска беттеді. Шың басына солдаттар да шыққан шығар деп жаймен бұрылып қарағанмен ешкімнің сұлбасын көре алмады. Үстық леп тұла бойын шарпып өткендей кескіні ала-бұрта нарттай қызарды. Өзегін жалын қауып, біреуге ме, өзіне ме, сүмдүк өшпенділігі қозды. Қатты айғайлағысы келіп кетті.

— Эй, қараларың өшті ме, қайдасындар?!

Даусы өзіне шіңкілдеп шыққандай көрінді. Мұз құрсанған алпауыт шындар рай бермей бедірейіп түр. Салқын қабақты самарқау қариядай: «Құдай басына не салса, соны көресін» дейтін көсемдік кейіп танытады. Ілбіп басып, белгісіз жат өлкенің қойнауына біртіндең еніп барады.

# ЭҢГІМЕЛЕР



## ҮЙ МЕН ТҮЗ

Есікпе-есік көрші отырған Азаматтың әйелі жайраңдап келіп кетсе-ак, үй ішінің шырқы бұзылатынына Жарасбектің көзі жеткелі қашан. Әшейінде үйге бас сұқпайтын ол — күйеуі оралса бітті, Жадыраға жетіп келеді. Эр жол сапардан қоржыны тоқ қайта ма, Азамат дейтінің әйелі мен бала-шағасына базарлықты үйіп-төгіп тастайды. Бүгін үйіне немере інісі Ілдебай келіп отырғанда, көршісі сол командировкасында журे тұрса еken деп тіледі. «Бұл әйел деген жарықтық, жылтырағанға неге сонша құмар?» деп бір ойлап қойды. Тамақ қамына кіріскең Жадыраның ыңылданап салған әні еміс-еміс естіледі. Бөлме ішінде әрі-бері сенделіп жүрген Жарасбек арагідік Ілдебайдың кескініне танымаған кісіше одырая қарайды. Қенет есіктің конырауы тынымсыз безілдеді. Қалт тоқтаған Жарасбектің санаасында «Дәу де болса бұл әлгі Азаматтың әйелі» деген ой қылаңытып етті. Есікті ашуға тапырақтап жүгірген баласының соңынан аңырып қарап тұрып, көнілі кәдімгідей қоңылтақсыды. «Әке жүрегіндеңі түйткілді бала деген өмір бойы түсінбей кететін шығар?» — деді.

— Арманчик, мамаң қайда? — деп Азаматтың әйелі қашанғы әдетінше баса-көктеп келді. Өзіне тосырқай қараған Жарасбекпен ернінің ұшымен ғана амандасып, ас бөлмеге сып беріп кіріп кетті. Екі әйел әуелі әлденеге сықылықтап күліп алды да, сыйырға көшті. Орнында тапжылмай тұрып қалған Жарасбек «Бәлкім, Азамат әлі командировкасында жүрген шығар?» деп ойлады. Қенет бұған Жадыраның даусы ышқынып шыққандай естілді.

— Жібек-аяу, саған қазір бере қоятын байғазым болмай тұр. Ертең тұра өзім барып көремін.

Жарасбек ешкіммен ісі жок тұксиіп отырған інісі Ілдебайға көз қызыны еріксіз тастады. Ілдебай үйге көлгіштегелі бері Жадыраның қабағында кірбін бар. Сол кірбіңің түбі неге әкеліп соғарын кім білсін. «Әй, мен көрген Жадыра болса, бір сойқаны дайын тұр-ау» дейтін қаупі де жок емес. Өзіне салса, інісінің осы үйде тұрғанын қалайды. Алды-артын танығанша бас-көз болып жүргенім дұрыс қой дейді. Осындай көлденең ой килігіп, ойланып тұрғанда Азаматтың әйелі қалай шығып кеткенін байқамапты. Есік қонырауының тағы бір беймаза шырылынан селт етті. Қорқынышы Азаматтың әйелі еді, енді кім болса ол болсын деген сүлесоқтықпен Жарасбек орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Тағы да тапырақтай жүгірген баласының есік ашуды өзінің міндетіне алғанын ойлағанда манағы-дай қынжылыс емес, езуіне болымсыз күлкі үйірлді.

— Көгершінім әншейін, кісі ғой бұл, кісі, — деп жоғарғы қабатта тұратын Шырақбайдың әйелі мандайынан сипап, сүйсінген райда Жарасбекке қабағын кере қарады. Біреулердің қандай көңіл күйде екенінде түк ісі жок, ешбір тосылып-тосырқамай емін-еркін сөйлесетін әдетіне бағып:

— Қайным, ағаларың ауылдан қой алып келіпті. Соның бас-сирағын асып жатырмын. Үй-ішіңмен түгел жүріндер, — деді.

Азаматтың командировкадан келуі мен мына кіслердің бас-сирақа шақыруының қабаттасқанын қарашы деген Жарасбек нышанында қынжылыс бар.

— Женгей, күнде сіздерден болғанша, бір күн біздерден болмай ма? — Ел аузында жүретін осы сөзді ойламаған жерден орайын келтіріп айтқанына Жарасбек қарқылдалап күліп жіберді.

— Енді біздерге тамақ есептесу ғана қалған екен, — деді Шырақбайдың әйелі.

Әңгіме үстіне кірген Жадыраның бұған бағыштаған көз қызынынан: «Ой, шіркін, неменеңе мәз болып отырын, ауанынды қазір-ақ басып тастаймын ғой» дейтін астамшылықты аңғарды.

— Мына сенің күйеуің... — деп көрші әйел сөзін бастай бергенде, Жадыра дереу іліп алып кетті.

— Тәте, біздің күйеуіміз баяғы заманың мырзасы ғой, білмеуші ме едіңіз. Елдің бәрі мұны тамаққа шақыруы керек. Елдің бәрі мұның алдында құлдық

Ұрып тұруы керек. Ал бұл ешкімді тамаққа шақырмайды.

Бір ілік тапса бітті, содан тас болып айрылмайтын Жадыраның қазіргі қалпындағы ұстамдылықты неге жорырын білмей Жарасбек дал болды. «Апыр-ай, мына Ілдебай бір келгенде осы тығырықтың таялғанын қарашы» деп ойлады. Бетінің үштары сәл қызарып, танауы қусырылып бара жатқан Жадыраның әлпетін байқаған бұл бәрін басталдыға жорыды. Дүниенің мән-жайын терең түсінетін, тек затым әйел ғой, әйтпесе бар ғой дейтін шарасыздыққа ұрынатын Жадыраның жорта сынықтығы мұның қитырына тиіп жүргелі қашан. Ал, Шырақбайдың әйелі жаңағы өзімсіген райынан қайтып, әлденеден тосяла, біресе Жарасбекке, біреке Жадыраға таңырқай қарап:

— Ал, тез келе қойындар, — деп есікке қарай бетегенде, Жадыра:

— Жоқ, тәте, бара алмаймыз, рақмет! — деді.

Қалт тоқтаған Шырақбайдың әйелі:

— Қашан болса да өстітіндерің не, осы сендердің! — деп, Жадыраға көзін төңкере қадады.

Жадыраның сыр бергісі келмей ішінен тынған қалпынан ұрлана қарап, осы бір қолайсыздықты әзіл-қалжынмен жуып-шаюға тырысқан Жарасбек:

— Женеше, бізге кейінгі кездे жас сорпа жақпайтын болып жүр, — деді. Осы сәтте Жадыраның қабағын шытып, әлдебір нәрседен жерінгендей тыжырынғанын анғарса да елемеуге тырысты. Бұдан арғы сөзге бармай Шырақбайдың әйелі шығып кетті. Жадыра столға шынтағын тіреп, көзін жерден алмай тұксіп отырған Ілдебайға ұзақ барлай қарады. Қашан ас бөлмеге кеткенінше өзіне бір назар аударып қоймағанының астарын мұны қолма-кол кіслік санаттан шығарып тастағанға жорыды. «Қандай елдің баласы ың-дыңсыз та-мағын ішіп, тыныш үйқтайды екен» деп ойлады. Тереzenің тұсына барып, сыртты шолды. Аландағы ойын балалары ұрқырап-шұрқырап жүгіріп жүр. Құн ұясына қып-қызыл бол батқан сәтте таң атар алдындағы алакөбен уақыттағыдай шымырлап ымырт қонақтады.

Ерлі-зайыпты екеудің серуенге шыққанын көрді. Бейуақытта жұптары жазылмай қалатын бұлар баяғы Мұрат пен Мәрзия ғой. Ертең немесе арғы құні бір жаққа аттанамыз дейтін қонақ тәрізді, шіркіндер. Құн-делікті тіршіліктің де екеуіне еш қатысы жоқтай. «Осы

Мәрзияның не кереметі бар?» деп ойлады. Эйел болып бір иліксеші. Үй мен тұз шаруасын тындыратын тек Мұрат. Эне, ол тағы да дедектеп келген бойда подъезге сып беріп кіріп, қайта шықты. Қолындағы женіл киімді Мәрзияның иығына апарып жапты. Қәдімгі қызыны әлпештеп, еркелеткен қамқор әке сияқты. Өзін-өзі үстай алмаған Жарасбек мырс етіп куліп жіберді. Сонысынан ыңғайсыздана артына жалт бұрыла бергенде Мәрзия мен Мұратты көз алмай бақылап тұрған Жадыраны көрді.

— Мырс-мырс еткеннен басқа не білуші ең? Мұраттай күйеуі бар әйелдің не арманы бар?!

— Арманыңың зоры-ай, — деді Жарасбек зілдене.

— Зор! — деп шашқ етті. — Азамат бір жаққа барса әйелін елеп-ескеріп жүргені. Шырақбай балаларын қызылсыз қалдырмайды. Қөзінді шел басса да көрмейсің бе, елдің еркегінің не істеп жүргенін?!

Ілдебайдан қатты қысылып барады. «Бала неме көңіліне әлденені түйіп қалмаса екен» дейді. Сонда да ләм демеді. Жадыраның опаланған бетінің бір қабат терісі сұлынып түскендей бұрынғы өңін жоғалтыпты. Қалай байқамаған, тіксініп қалды.

— Неменеге бағжиясын, — деді Жадыра шатынаған күйі. — Біреуді аға, біреуді іні деп жалпандамайсың. Үйіне үш кісінің басы қосылып көрген жок. Ұқым-тұқымыңмен бірқалыптан шыққансындар.

Әңгіменің қайда сайып бара жатқанын жаксы біле-ді. Қарсы тіл қатса, одан әрі өршеленіп кетері кәміл. Үстінгі үй иесінің есімі ауызға тағы алынады. «Бере-ген қолым алаған» дейді. Тышқан мұрнын қанатып көрмегенін бетіне салық қып басады. Ілдебай үйіне келіп жатқалы бері қайдағы бір туыстық сезім жан-жүйесін босататын болды.

— Тамағымызды жөнделеп ішкізші, — деді әйелін мәмілеге шақыргандай басынқы үнмен.

— Катықсыз қара көженді ішे бер!

— Кел, Ілдебай, бұған дауа болмас! — деп дастар-кан басына әуелі өзі жайғасты. Бір шетке сүйретіліп келіп Ілдебай отырды. Інісінің қалпындағы селт ет-пес бейғамдыққа Жарасбек кәдімгідей кобалжулы. Жадыраның қайткенде көнілін аулап, жылы-жылы сөй-лесе ол да адам — жібиді. Кім не десе дүлей кейіп-теніп, түйіле қарағаннан басқа ісі жок. Әйелінің ұрын-шақ мінезіне іштей ашынады. Ақыл сарабына салған-

да кінәнің бір ұшы өзіне келіп тірелетінің де біледі. Сондықтан өзін арашалап актамайды. Жадыранікі жөн бе дейді. Құс екеш құс та шама-шарқынша шырылдайды фой. Намысын қанша қоздырғанмен, бұл бәрібір басқа Жарасбек бола алмайды. Мына бейбак осыны неге түсінбейді. Біртіндеп жайдарылыққа көшті. Оңашадағы көрікті ойлары аузынан шықса әрінен таяды. Жадыраның сарабдалдығы да шамалы. Айтқан сөзін құмға сінген судай зым-зия жоғалып жатқаны. Жадыра санасының қырық құбылуына не түрткі болды?

Тамақ батпады. Ақырын көтеріліп, сыртқа шықты. Ерсілі-қарсылы көп журді. Ойласа, бұрынғы-соңғының жөні деп ұстанар ештеңесі жок. «Осындай әлетке жеткенім бе?» деді. Эйелінің қас-қабағындағы манағы кірбің жазылған ба, бұған қарап, сүйк жымиды.

— Мына Ілдебай айтып отыр. Ағаңың қырық қоңы бар екен.

Жарасбек күйіп кетті. Бұл дүниеде «қой, базарлық, елдің еркегі» дегеннен басқа сөз құрып қалған ба дей жаздал барып тыйылды.

— Шиеттей бала-шағалы, ырымдап-жырымдап жиған малы фой.

Әйелінің өні қайта қатуланды. Қекейіне не келсе соны ірікпейтін дағдысынша:

— Сенікі «байдың малын байғұс қызғанатынның» кері. Әйтпесе қалада түрып жатыр, қызылсыраған шығар деп бір қойдың басын қиятын жөні емес пе, — деді.

Бұл Ілдебайға, Ілдебай жерге қарады. «Әкеңнің қойының санын айт деген кім саған?!» деп зекіп тастағысы келді. Эрең жүрген баланың берекесін алмайын деп тағы ойлады. Жаңағы бір мезетте шығып кеткен Жадыра қайта келді. Жұзіндегі жайдактық па, жайдарылық па, айырып болмайды. Әйтеуір, салқын езу тартты.

— Дүние ақыры сатулы, әркімнің тілеуі өзінде екен. Ендеше бұл проходной двор емес, — дегенде Жадыраның даусына шаңқыл араласты. Жарасбекке мұныма не дейсің дегендей тесіле қарады. Жарасбектің шекесі оқыс дын етті. Қоз алды қарауытып, өне бойы шымырлап барады.

— Тұысканнан, елден, жүрттанды бездірмекші екенсің фой енді, — деп ашу шақырды.

— Сенің туған-туысқаныңды көрсем көзім ағып түс-сін! — Жадыра бұл жолы шаптықпады, байсалды қалып ұстады.

— Ағып түссе ағып түссінші! — деп ақырып жіберді.

Дүниеде қызметке түзу барып, түзу келуден артық қызық жоқ деп білетін. Қараса, онысы түкке де түрмайды еken. Түн баласы дөнбекшіп, көз ілмеді. Қөнілінің күпті болатын не жөні бар? Бір орнында тапжылмай он бес жыл істеген қызметінде сен былайсың деген сөзді әлі ести қоймапты. Жаңсақ баспадым деп те айта алмайды. Кіңі бәрін өз пигылынан табады демеуші ме еді ауылдағы үлкендер. Қоз жұмардан бұрын әкесінің өзімен бір оңаша сөйлескені есінде. «Тауда туған құлынның екі көзі таста, ашаршылықта туған баланың екі көзі аста» дейді еken бұрынғылар, балам. Мына Беделбай жаманшылық уақытта туып еді. Қарманып, қамданып қалғанынан қорқамын. Қөзім тайған соң бет-бетіне кетесіңдер-ау, шамасы. Үйдің дәuletін бір кісі ұстайды. Анау-мынау кісіге дүние құралмайды. Тоқ болып бара жатсан, мұның аштығы бар деп ойла, жоқ болып бара жатсан, бір тоқшылығы бар деп, шүкіршілік ет».

Айтылған сөзді сол күйінде ұстанып қалғанмен, Беделбайды да жамандыққа қимайды.

Таңертенгісін асып-сасып жұмысқа жиналған Жарасбек пен Жадыраға Ілдебай алма-кезек таңырқай қарады. Кеше түні бұл бір ыңғайсыз әңгіме болмағандай аға мен жеңге қалыптарындағы тосаңдықтың жоқтығына таң. Ары-бері жайнаң қағып журген Жадыра кенет жаутаң-жаутаң етіп отырған Ілдебайға көз қызыны таставады.

— Ілдебай, біздің кешегі әңгімемізге таң қалып отырған шығарсың, — деді кулімсіреп.

Ілдебай ләм деп тіл қатпады. Немере інісінің бітімсіз болмысына, селт етпес түйіктығына Жарасбек іштей тағы да қынжылып қойды.

— Ондай-ондай ханның қызында да болады, Ілдеке. Жадыра жеңгенің өзінен-өзі ұрынатын шақтары бар, — деді. Қараторы жүзі ашаң тартып, қысынқы қой көздерін қунақ жылтыратып, әйеліне назарын бұрды.

— Өзіңе кір жуытқың келмейді-ау, Жарасбек, — деді Жадыра жайдары райда. — Елдің өзіңдей еркегін қарасаң бәрін тындырады.

«Елдің еркегінен» басталатын сөз Жарасбектің шымбайына батып қана қоймайды. Жадыраның кеселіне айналып бара жатқан тәрізді көрінеді. Қолындағы кесесін шыра төңкеріп, атып тұрды.

— Өлетін ауқат жоқ қой, зарламашы осы, — деді.

Әлдене деп тіл қатқан Жадыраны тыңдамастан апыл-ғұпым киініп, сыртқа шықты. Тіршіліктің кейде жалғанға ұқсап кететін тұстары көп. Өзі ұнатып, сүйіп қосылған әйелі анау.

Біраздан бері жүргегі сыздал ауыратынды шығарып еді. Қызметінде де тағат тауып отыра алмады. Басы солқылдан, асқазаны бүрді. Қөзі қарауытты. Ауру әбден мендеген адамша әлі бітті. Ақыры болмай қойған соң үйіне келіп бұқтусіп жатып қалды. Ыстыры көтеріліп, тұла бойы күйіп-жанып барады. Санасынан шатаса бастады ма, ілік-шатыс бірденелер көз алдына келді. Университетте жүрген кезі ме дейді. Қішкене қартамыс кісі лекция оқып түрғандай көрінді. «Мизантроп» деп аудиториядағы әрбір студентке шүйіле қарайтын сияқты. «Мизантроп» деп Жарасбек те әлденеше рет қайталады. Жүргегі алқымына тығылып, алқын-жұлқын сокты.

Дүние бір карбаластыққа толып кеткендей. Әлдекім машинаның багажынан қойды манырата түсіріп, үстінгі қабатқа сүрелеп барады. Енді біреулер жасыл желек шыршаның бұтақтарын сындырып, жалаңаштап жатыр. Осындай жайсыз көріністерден құтылғысы келіп, үстіндегі жамылғыны әрі ысырып таставады. Маңдайы тершіп, қызуы сәл басылайын депті. Бір кезде үйге балалары мен әйелі келді.

— Енді қалған өнерің бейуақытта шалжиып жату екен ғой, — деді Жадыра қаперсіз.

— Ілдебай келген жоқ па? — деп Жарасбек талмаусырай үн катты.

— Бауыр етін езіліп бара жатса келер қазір. Ауырып қалғанбысың? Құдай сақтасын, канша қиналсақ та білдірмейміз ғой.

— Ұрсыспайықшы, — деп Жарасбек ұздік-создық айтты.

Базыналыққа жорып, Жадыра асықпады. Ас үйдегі шаруаларды реттеп, Жарасбектің қасына қайта келді. Күйеуінің аласұрып жатқан кейпінен кәдімгідей шошынып:

— Скорый шакыртайын, — деп жүгіре жөнелді.

Жарасбектің ауруханаға түскеніне де екі апта. Эйелі мен бала-шағасынан басқа қызметтес жолдастары да келіп-кетіп жатыр. Бірақ құрғыр көңілі Ілдебайдың бет-жүзін көрмейінше орнықпайтын сияқты. Жадырандан сұраса «білмеймін» деген жауапты қысқа тұжырып қайырады. Беделбай естімеген ғой, естісе қайтіп шыдасын деп ойлады. Балаларын көргенде жүрегі езіліп кетеді. Үшеуі де момақан. «Өзім сияқты ұя бұзбас болып өседі ғой, аман болса» дейді. Сабактарың қалай, қарындарың ашпай жүр ме дегенге дейін сұрайды.

— Ой, шіркін-ай, өзің барда төрт түлігіміз сай еді. Ойсырап қалдық, айтпайын десе де айтқызасың. Кеше ағаңа барып қайттым. Балаларға, саған да көже-қатық керек болған соң барым. Ел құлағы елу — ауруханада жатқаныңды естіпті. Сорпалығы татитын мал жоқ деген қайнағамыз аузын қу шөппен сұртіп отыр. Ілдебай да шекенді қыздырмапты. «Бір Ілдебай үшін от жағып, бір Ілдебай үшін қазан көтермейсіңдер, үйлеріңің бір бұрышын қимағандарың ба» дейді. «Ағам бар деген аңқалаңдал барып, аузы аңқайып қайтты» дейді, кісінің жынын келтіріп. Элі кунге дейін тышқақ лағыңды қимаған Жарасбек те жетілумен келеді. «Күйес үйге құр барма» деген, бір қойыңды арқалатып жіберген үлкендігінді көрген жокпыз дедім.

Жадыраның өңіне қан жүгіре бастады. Қелген заматта-ақ әйелінің әлденеден тығылып тұрғанын сезіп, неге жорырын білмей күдіктеніп еді.

— Жөн сөзді сен айтыпсың, — деді кекесінмен.

— Айтпағанда ше! — деп, Жадыра шап ете қалды.

Жарасбек одан әріге бармай палатасына бетtedі. «Беделбайдың бауырмалдық ыңғайы осы ғана ма? Әйелге тоң-торыс өкпесін білдіргені несі?» Осы бір түйткілдің күрмеу түйінін жаза алмай дал болды. Жолы түсіп ауылға бара қалса, ағасының сыйданған мінезін елемеуші еді. Қөңілі нілдей бұзылды. «Жоқ болсан бере алмайды, бар болсан көре алмайды» дейтін қазақшылықта жүгінер-жүгінбесін де білмеді. Шеке тамырлары білем-білем адырайып, ұясы терендеген көз жанары салқын тартты. Ілдебай мұның, бұл Ілдебайдың керін құшқаннан сау ма өзі? Аңқалақтаған екеуі де аңқау болып шықласа қайтсін.

Шілдей бол тоз-тозы шығып бара жатқан ынтымакты ойлағанда жүрегі сыйзап ауырып кетті.

Бірақ мұның мекен-тұрағында өмір сол қалпы еді.

Жарасбек ауруханаға жатқалы бері Шырақбай тағы бір кой сойды. Азамат кезекті командировкасына аттанды. Мұрат пен Мәрзия кешке серуендеуді әлі бір рет те қаза жіберген жоқ.

## КОҢЫР

Немере інісі қайтыс болғалы қатты шөгіп-шөжіген Қанақожа бүкжиіп, бір уыс болып төрде отыр. Үнта зейіні құраққа ауған кемпірінің қалпындағы іш пыстырар бейғамдыққа таңырқағандай көзін ойнақшыта төңкергенде нұры қашқан қараышқтарының жиектеріне жалқындаған сәуле үйірліді. Адырайған шеке тамырынан қан зор қысыммен жүретіндегі білеуленіп кетті. Сұраулы жүзбен бір сәт ежіреіле қарап, әлденеден жерінгендегі қабағын шытты. «Құрағынмен қоса құрып кеткір» деп, айта жаздал барып тыйылды. «Жалғыз қызы Бағдаттың бірденесіне жаратам ба деген үміті шығар жазғанның. Бұл қатын деген шіркін қарап отыра алмайды екен ғой» деп бір койды іштей. «Әлгі қызы қайда кетті? Төрт жұмадан бері мына тұрған каладан бір келіп кетпегені несі? Эй, жарығым Сейіткерім-ай! Кәрі қойдың жасындағы жасым калғанда жер сипатып кеткенің болмады-ау!»

Қанақожаның алқымына аңы өксік тығылып, іш дүниесін жалын шарпығандай қызып ала жөнелді. Сейіткерімді бір ауық ойламай өзімен-өзі отырып есінен кенет сап ете түскенде «Бағанадан бері қалай шыдадым екен?» деп, өзінің дәтінің беріктігіне таң қалатын әдет тапты. «Көке-ау» деген Сейіткерімнің даусы құлағының түбінен естілгендей көрінді. Қөз жанары ақилана жан-жағына алак-жұлақ қарады. Ет жүргегіне ыстық тамшы тигендегі шым ете түсті. Өзегін өрт шала аh ұрып күрсінді. Өзіне жалт қараған кемпірінің көзі қызырып кеткенін байқады. «Жылаған ба антурған?» деп ойлады. Шалының сұық назарынан сессен-гендей қашанғы монажтопай қалпы сыйық тартып:

— Еншілестің күйігі жалғыз саған түсіп пәле болды ғой бұл. Түк болмағандай жүр ғой әне келінің жайран қағып. Не көрінді сонша?! — деді шаруасын былай ысырып тастап. Қөзін тік қадағанда жалпақ сары қоңды әлпеті шымырлап күренітіп, қараышқтары көзінің

күйрығына тығылғанда аласы ұлғайып, әлденеден абыржып тосыла беретіндігін байқайды. Қемпірінің мысық тілеуінен түңліп кеткендей ошарылып ұзақ отырды. «Мына мыстан не дейді? Сейіткерімнің күйігі маған түспегенде кімге түседі? Экесі де, шешесі де мен емес пе ем, білсе?! Жайрандайтын келін жайрандай берсін». Тынысы тарылғандай жұтынып, отырған орнында бір-екі дүркін ырғала қозғалактағанда иегіндегі аппақ шоқша сақалы шошаңдал кетті. «Мұның сонда Сейіткерім үшін қабырғасы қайыспағаны ма? Бұдан артық опасыздық бола ма? Эке-шешесі бірдей өлгеннен кейін бізді қара тұтқанын, жок, әлде білмей ме?» Шақшия қадалған көзінде ашу-ызбардың уыты жок, тек біржола туңілген бейілсіздік бар.

— Эй, менің соқа басым сопайып қалатын жөнім бе еді, Сейіткерімнің орнына мен кетуім керек еді ғой!

«Е, кетпеген өзіңнен көр, енді маған неғыл дейсің» деген сыңайда кемпірі үнсіз қалды.

— Бәрін құдайдың жазуынан көр, кезек сенікі болса қайт дейсің маған, — деді бір кезде.

Қанақожа мізбакпай мелшиген күйі қалды. «Бұл сорлының ойында бір ғана қыз. Бір үрім-бұтақта ал-памсадай еркектің айбыны болмаса, кісінің көріне дейін басқа шығып кетпей ме» деген ойынан өзі шошынғандай болды.

Манағы орнында тапжылмай сілейіп қатып қалған кемпіріне бұрылды. Ақсары кескіні қуқыл тартып, мұрны қусырылып кеткен жазғанның безерулі әлпетінен бір нәрсеге қуыстанатын түйткіл барын андайды. Діттеп қараған сайын жүзін бұрып әкететін қылышын неге жорырын білмей дал болды. «Мұның берекесі неге қашады сонша?» деді іштей.

Орнынан сүйретіле көтеріліп, есікке таман барып сәл іркілді, бүкіл денесімен бұрылып, кемпіріне аңтарыла қарады. Бір нүктеге тас болып қадалған қосағының қалшиған қалпы жат, сұық. Қанақожа сыртқа шықты. Күн Суықтөбенің оң қапталын иектеп қалыпты. Бейуақытта үйде томырылып отыру денесін үйытып тастаған ба, айналасын бей-жай шолды. Қемпірінің жаңағы кейіп жадына оралғанда: «Бұл бейшараның не білгені бар? Уәйімі сол қыз ғой, баяғы, басқа не дейсің?» — деді. Қанақожаның жүрегі кенет бұлқынып соқты. «Мені қойши, бәріне көндігіп болдым. Бір ауық шешесін ойласа қайтеді!» Үй маңындағы сайда улап-

шулап ойнаган балалардың айқай-үйқайына құлағын тосын, осылардың ішінде Сейіткерімін балалары барын ойлады. «Әй, өншең жетімектер, сендерге де ойын керек. Бұлар өсіп, алды-артын болжайтын кісі болғанша кім бар, кім жоқ. Әй, қайран Сейіткерім жарығым-ай!»— деді Қанақожа тағы. Тыныс алғаш сайын қеудесі тұтас ашып, жанарына жас кептелді.

Күздің салқын ауасынан бойы тоназыды. Батып барада жатқан күннің көзі сөнуге таяу қалған білте шамның әлсіз сәулесіндегі солғын. Тек айналасындағы қызыл арайдың аумағы ұлғайып, ұзақ уақытқы күннің қызыуынан албырай қозданады. Санасы сан-саққа жүгіріп, ақыры ештеңден тиянақ таппаған соң, состиып тұра берді. Кенет жоғарғы көшеден осылай қарай беттеген біреудің қарасын байқады. Оған қанша шүйілгенімен бейілсіздік жайлаған көңілінде бұл кім дейтін қызығу жоқ. Тек іңір қараңғысы қонақтайтын мезгілде бөтен біреулердің бейсауат журмейтінін ойлап барып: «бұл, бәлкім, Бағдат шығар?» деді. Жүргі алыш-ұшып, көзін қолымен көлегейлел тағы қарады. Мынаның ылдым-жылдым жүрісі Бағдаттікіне келмейтін сияқтанды. «Қартайғандықтың қорлығы кеп дейтін бұрынғылардың сөзі рас екен-ау», — деп бір қойды. Бұл жалғанда одан да күйіктің жамандығы сана-сына қайта қосамжарласқанда сәл сергіген қалпынан бүтіндей айрылып, құлықсыздыққа бой алдырыды. Бұдан арғы әрекетке ықыластанбай, шарбактың тұсына орнатылған орындыққа отыра кетті. Қөлденең ойлар қайта-қайта қиіп, ақыры басы қанғырып қалатын болғалы қысымның бәрі көзіне түсетіндей айналасы үздіксіз сыздал ауыратынды шығарып еді. Қазір де көзінің тамырлары жиі-жиі шашып, алакөленке шектен тыс қарауытып кеткендегі көрінді.

— Салаумалейкум! — деп санқ етіп шыққан дауыска басын еппен көтергенде қарсы алдында өзіне ежірейе қарап тұрған жас жігіттің көзімен көзі түйісті. Қарашықтары нұрлы екенін байқады. Шалдың қабағын таныған соң жүзіндегі куакы құлкі ізім-ғайым жоғалып, өні алабұртып кетті. Тағым етуге әзір тұрған кішік қалпынан лыпыған шамдағайлық сезіледі.

— Иә, батыр, жол болсын? — деп, Қанақожа сазара қараган күйі самарқау тіл катты. «Кейпі осындағылардың бірінің өрен-жаранына келеді. Есіме түспей

тұрғанын қарашы, қара басып» деп ойлады. Жас жігіт екі қолын тізесіне қойып, бұған сәл еңкейе түскенде манағы әнтек жымыс езуінде қайта пайда болғанын көрді.

— Ата, сіз көп күй біледі дейді, соны жазып алайын деп ем.— Шаруасын асығып-аптығып айтқан ол алға тағы үмсина түсті.

Қанақожа: «Мынауың дұдық неме ме өзі?» деп, жас жігітке аңтарыла қарады. Ыңғайланып отырды. Мынаның езуіндегі кетпей қойған болар-болмас күлкі қытығына тиетіндегі шарасына біртіндеп қылышық пайда болды, бүйрек беті болымсыз бұлк ете түсті. Мұкісі бар пендеше құлағына қолын апарып, көкейіне бір ой сап ете қалғандай сәл тосылды.

— Эй, сен осы кімнің баласысың, әуелі соны айтшы?

— Шәріpbай күрдасыңыздың баласымын ғой, ата.

«Е-е, бәсе, бағанадан бері кімге ұқсатамын деп ойлаймын. Шіркін, дүниe-ай, бала деген шыр етіп жерге түскеннен кейін өлмесе, адам болып кетеді екен ғой». Шәріpbай басындағы иғлікті еш қызғанған жоқ, жалғыздығы жадына еріксіз оралды. «Біреу тойып секіреді, біреу тоқып секіредінің кері емес пе, мынау Шәріpbай баласынікі» дегенде Қанақожаның ажары шұғыл күреңітіп:

— Шырағым, сенің күйің тұрмак, бір басымды жерсуға сыйғыза алмай жүрмін,— деді.

Шәріpbай баласы әуелі өзімсінгендей райда Қанақожаға таңырқап қараған сияқтанған. Бірақ мұның өңіндегі селқостықты байқап, бөгеліп барып бұрылып жүре берді. Сенсіз де таң атып, күн батар дейтіндегі илікпейтін сырт кейпіне қадала қараған Қанақожаның қеудесі шым-шым сыздал, көнілі коңылтақсып кетті. «Жотанды күжірейтпек тұрмак, жерге емес, ылғи аспанға қарап жүрсөң де өзің біл, қызталақ» деді ішінен. Жалғандағының бәрі қаңыраған қуыс, даңғыраған бірденедей. Осы дүниенің қожасындағы маң-маң басып бара жатқан кос қарғаны кенет көзі шалды. Бір күнгі тіршілігін сондай бағалы санап, ештеңеден қам жемейтін ток нышандарына ойлана қарады. Біреуі әлденені шоқи қалса, екіншісі сұғанақтанып жетіп келеді. Сол мезетте алдыңғысы ондала қомданып, шоқаң етіп көтеріліп, кішкене аралыққа барып жалп етіп конды. «Осы құзғын-қарға жұз жыл жасайтын көрінеді. Ырыздығын шоқып тауып жейтін бейшара-

лар, сонша уақытқа қалай шаршамайды екен?» — деді көз алмай қадалған қалпы.

Кемірлің манағы отыргаң орнына әлі қозғала қоймағанын байқады. Алдындағы шаруасын тарс есінен шығарып жіберіп, бір жайдың байыбына жете алмай ұзак сарылып отырып қалғанынан ыңғайсыздана атып түрді. «Мұның не білгені бар, жегі құрттай іштен жейтін бір пәле болды ғой» деді Қанақожа ашу-ызасы қозып. Құрақ қызымдарын қолапайсыз еңкейіп жинауға кіріскең кемпіріне біраз уақыт тесіреі耶 қарады. «Саған не болды?» деп жөн сұраудың да орайын таба алмайтын сияқты. Үй ішіндегі қараңғылықтан жанары талып, босаға жақтағы басқыш түймеге діңкесі құри телмірді.

— Мына молаға қамап қойғың келмесе, жақсаншы андағынды!

— Бұл мола жалғыз менің түріп жатқан жерім емес шығар, — деп, кемпірі жұлқынып барып, түймені шарт еткізіп басып қалды. Бірден шақырайған жарық көзін қарықтырып жібергенмен көкірек сарайының саңлауынан себезгілеп сәуле құйылғандай іш дүниесі біртіндеп жыли бастады. Қабырғаға тұтылған тұсқиңдің қызылды-жасылды ою-өрнегі қарақұрым матаға жан біте қалса қоңыртөбел тіршіліктің бірынғай түсінен безінуге дайын тұрғандай зорайып көрінеді. Тұмсығынан шашыла ілінген тұлқінің жалтылдақ қылшығы болмаса ырсиынқы қалпында наразылық бардай. Екі құлағы қалқайып, бір шетке қырын қараған домбыраның бүйірі бұлтия шыққан шанағы сыртынан шертіп-шертіп жіберсең жіктерінен шырт-шырт айрылатындақ қаңсып тұр. Баяғыда осы қу ағашты Сейіткерім бір жақтан: «Сізге арнайы әкелдім, көке» деп дүниедей еткеніне бұл іштей ренжіген де. «Басқа бірдене құрып қалғандай мұнысы несі?» деген. Белінен жалғыз ғана қыз өргенін осыдан көретіннің қисыны ешкімге тіс жарып айтпайтын құпия сырына айналғалы қашан. «Андағынды зар еңіретпей көзін күртшы әрі» дейтін. Сейіткерімнің әкесі — өзінің ағасы Нұрберген. «Нұрберген сонда-ақ зар еңіреп қалатынымды білді ме екен?» деді. Қызыл қоңыр шанақты бейіл бұрып, тілін тапса сөйлеп кететін акыл-есі бар бірденеге үқсайтындағы ұзак шүйілді. Сейіткерімнің тілі байланар алдындағы: «Көке, Нәрікбайдың зарын тартыңызшы» деп үзіп-жұлып талмаусырай айткан

сөзі жадына орала кетті. «Сандырақтап барады-ау, шамасы» деп топшылаған Қанақожа інісіне төніп келіп, үнірейіп кеткен көз ұсына көп қадалды. Сондағы дай дәл қазір де тұла бойын шымырлатқан діріл жүгіріп өтті. «Қаршадайынан Нәрікбайдың зарын жадына тоқытқан мен оңбаймын. Қолыма домбыра алсаң бітті, Нұрберген бейшара қитыға қалушы еді. «Әй, мұның ақыры жаман болады, тілеуің алдында, сабыр етсөнші» деген Нұрбергеннің ағалығы қайсы сонда?!

Баяғы жайбасар қымылымен кемпірі шай қамдал, дөңгелек үстелдің шетіне жайғаса бере, бұған алара бір қарап қойды. Жанағы ілік-шатыс сөзді көніліне дік алып қалған оның қабағы жуық арада жадырамайтынын біледі. Күнделікті тіршіліктің күйбенінен жерініп қоймайтын бойында еш кінәздік жок кемпірінің көмбіс әрі сызданулы қалпына қанша еті үйреніп кетті дегенмен, Қанақожа ішінде бір қыжыл жатқандай. «Дастарқан басына келмейсің бе?» деген екі ұштылау емеурінге сelt етпеген күйі қалды. Мұның сүлесоқ сыңайынан сескенгендей кайта-қайта қарағыштай бергенін аңғарса да бүкіл кәрін өніне жиып алып, қимылсыз отыра берді.

— Құдай-ау, келіп тамағынды ішпейсің бе, онысы несі?! — Кемпірінің даусы мәмлеке шақырғандай момақан шыкты.

— Іш, өзін іш! — Көмейіне келіп қалған ашы сөздерді әрен тежеді. Кемпірінің жалпақ кескініндегі әлденеден ши шығып кете ме деген сақтық бар. Жанағы бір мезетте «Қызынның шыққан жатыры жаман, әйтпесе бір келіп кететін жөні емес пе еді» деп айтуға оқталған райынан тез қайтты. «Жазғанды тұқыртып жер ете бергеннен маған келіп кететін не? Қыз деген шіркіннің ниеті басқа жакта бола ма, кім білсін. Әйтпесе жаңағы Шәріpbайдың баласын көрмеймісін. Ол иттің домбыра тартып берінізші дегені несі екен?» Қанақожа алдындағыдай ашуға ерік бермеді. «Сол баланың әүселесін қайтарып жібергенім дұрыс болмады-ау» деген түйткіл көніліне дік болып орынкандай. «О баста Шәріpbай да, мен де бір адамнан тарағанымыз тараған, — деді кенет. — Кіслік нұсқаның кезегі менде емес пе еді. Апыр-ай, жаңағы баланың бетін қайтарып тастағаным жарамады-ау». Домбыраға назары тағы түсті. Жыптылаған пернелі сағасының беті ары қарап, қылқиған ұзын жұмыр мойны құлдиштап

келіп теңкіген шанаққа бітісетін қу ағашка соншалықты телміргенінен құystанғандай кемпіріне бұрылды. Өзіне таңырқаулы пішінмен бағжынып қарап қалған кемпірінің назарын дерек тайқытып әкеткенін аңғарды.

— Эй, сенің ішінді жегі құрттай жеген не пәле, айтшы?! — Осы сөзді қанша үстамды айтайын дегенмен даусына абын шаңқыл араласты. Кемпірі бұған көзін төңкере тастап состыып қалды. Қескіні қызыл күренітіп, көзінің жиектерінен жас моншақтары ытқып-ытқып шықты. Қанақожа таңырқаулы сыңаймен тосыла ұзақ аңырды.

— Албасты, бала емес, шаға емес, мұнысы несі? — деп, шарасы таусылған кейіппен сәл іркіліп барып, сыртқа бетtedі.

Шалқалап туған ай сынық сүйем. Қойнау-қойнауына көлеңкені молынан тықсырып, тау қарауытады. Мың-сан шоқ жұлдыздар шымырлаған теніз бетінде өшпей жанып тұрғанына мәз сияқты жымың-жымың етеді. Қанақожа күздің осынау жайлы түніне ықылас қоймағанмен, серпілтіп, сергітетін таза ауада көп бөгелді. Теріскейден соққан сары жел іштен шыққан жалынды басатындағы салқын. «Кемпірдің бір ені ішінде, осы қыз бірдеңеге ұшырағаннан сау ма? Қап, жаңағы Шәріпбайдың баласынан көрдің бе деп сұрамағым-ай» деді. Осылай жападан-жалғыз тұруының өзін әбес көріп, үйге кірді. Мұның тесегін салып, кемпірі әлдеқашан жатып қалыпты. Қозі ілінбей көп дөңбекшіді. Шәріпбайдың ұлының лыпып тұрған қағілез кейпі есіне түскенде: «Итің кіді ме, қалай? Кетіп бара жатып жақсы деп айтуға жарамады-ау» деді бір кезде. Майтөбеден бері асып, Бесқонысты жалдатып тік төмен келе жатыр екем дей ме-ау. Астында мейіздей қатқан қара айғыр. Сәл еркіне жіберсең, алып жөнелетіндей төпеп келеді. Жайлау тұнып тұр. Құлдилап отырып, көлденең тепсендеге түскенде алдынан аузы құбылаға қараған алтыаяқ кезікті. Төселген кілемнің үстінде сағағына үкі тағылған домбыраны көріп, тізгінді еріксіз тежеді. Бәрінен де үкісі әдемі екен деп ойлады. Аттан түсіп, алтыаяқтың алдына келгенде әлі алтықанатты киіз үйге айналып кетті. Өзіне-өзі сенбей аң-таң болып тұрғанда әлдеқайдан күйдің сазын құлағы шалды. Жаңағы үкілі домбыра қайды ұшып кетті деп таңырқаған бұл — киіз үйдің

ішін тінти шолды. Қілем дегені текемет, сырмақ көрінді. Ал домбыра ұшты-күйлі жоқ. Жаңағы бір саз кісінің діңкесін құртып, тағатын тауысатындау әуелеп-әуелеп барып кілт үзілді. «Ойпыр-ай, мынау үздіктір-ді-ау», — деп алға қарай ұмсынып жатып Қанақожа оянып кетті. Басын жұлып алып, жан-жағына алак-жұлақ қарады. Терезеден түскен ай жарығынан үй ішінің алакөлеңке екенін андады. Қырынан ілінген домбыраның көленкесі сұлық қарауытады. Тумысында естіп көрмеген күйдің сарыны көкірегінде сайрап тұрған сияқтанды. «Түсте домбыра деген қайсыбір жақсылық дейсің. Үкісі несі? Қаракер айғыр ойға-қырға жүйткіген қарасанам шығар. Ал таудан төмен құлдилаганым құлдилаған ғой, енді не қалды дейсің». Жаңағы бір саз кенет көкейінде сол күйі жанғырығып өтті. «Апыр-ай, өлерімнің шағында бірдеңенің шалығы тимесе екен» деді. Ілгеріректе жасаған Әкішбай деген кісі ойына сап ете түскені. Үстіндегі боз шапаны ағарандап, басындағы қырғыз қалпағы қоқырайып, атқа тіп-тік қаздып отыратын жарықтық мылтығын асынып, ерткен тол тазысымен ауылдың түсынан қораздана қоқып өтетін. Қырғыз қалпақ қанша қоқырайғанымен онып кеткен. Ал түте-түтесі шыққан боз шапаннан ескең жұпнылықтан дәл қазір ет жүргегі сыздал ауырғандай болды. Ел біліп айта ма, жоқ, долбарлап соға сала ма, Қанақожа қайткен күнде де сол Әкішбайды ақылы ауысқан пендеге қимайды. Кезінде өзі де: «Сонша тазыны қайтеді, мылтық асынғанына не жорық» деп ойлаған. Енді Қанақожа: «Пенде шіркіннің сонына бір із қалдыру әуелгі арманы емес пе. Әйтпесе жарықтықтың серілігі тасып, саяткерлігі артып тұрған ештенесі жоқ еді ғой» деді. Ары-бері аунал, тыныш таппаған Қанақожа: «Шәріпбайдың ұлы маған пәле болып жабыспаса не қылсын» деп, ойын басқа жаққа бөлуді көздеді.

Қаннен-қаперсіз үйқтаған кемпірінің пысылдаған дыбысынан қашқақтап, теріс қарап жатты. Әр-әр түста салбыраған көленкелер қызының ара-арасынан ай сәулесі белдеу сыйықтанып барып, терезенің түсына қарай жалпайып кетеді. «Құдайым-ау, бұл не? Алжын дедім бе? Біресе түс көрдім, біресе атам заманда сүйегі қурап қалған Әкішбайды ойладым. Өстіп саржамbastanып жатқанша ататын таң тезірек атса екен» деді. Санасы сан-сакқа сарсылып, кірпігі, әйтеуір, ай-

қасып кетіпті. Ояна келсе үй іші жап-жарық, тырс еткен бөгде дыбыс білінбейді. Шай қамдап жүрген кемпірі бұған көз қызының ұрлана тастап қояды. Қескінінен уәйім табы сейілмен тәрізді. «Бағдат қыз болмай үл болғанда үйге келіп-кеңішкі түсін, қоқыр-соқыр бірдеңелер жүгіріп жүрер ме еді» деді ішінен. Осы бір сумандаған ой сыртқа ашып-жарып айтпайтын жанды жарасының аузын тырнал өтетіндегі қөнілін құлазытып, құлықсыздыққа ұрындырыды. Кенет назары домбыраға тұрақтады. «Мұны да ұстамағалы қай заман. Түндегі түске не жорық?»

— Эй, Қанақожа, ауырып қалғанбысың? — деген кемпірінің даусы шырқын бұзғандай қабағын шытты. Қосағының нобайындағы мазасыздықты аңдал: «Мениң бұл жатысым қай жатыс?» деді.

Кініп жатып та көз қызының домбыраға еріксіз тастанды. Әлденені есіне түсіре алмай бөгеліп тұрып, кемпірінің тосырқаған қарасынан қымсынған реңіне қан жүгіріп өтті. «Шәріпбайдың баласының келгенінек бола сонша әуектегенім не?» Кемпірі құрғырдың да бірдеңеден секемі бар ма, мұның әр қимылын қалт жібермей бағады.

— Ой, құдай, не көрінді саған?!

«Шынында маған не көрінді?» деген түйткіл көкейінен саңлау таппай санасында шарқ ұрды. Қөнілін құлазудың сұық лебі қарып, жүрегі шым-шым сыздайды.

Бесконыстың шошақ шоқысының қағаберіс қия-қапталына машина шыға алмайтын болған соң, қойшы-қолаң жеңіл-желпі көшетін әдеті бар еді. Қүнгейдегі жегжат-жүрраттарды аралап қайтуды үйғарып, Майтөбеге асып бара жатқан. Сонда бір алтыаяққа кеziккені қазір есіне сап ете түсті. Түндегі түсінің қисынга келетініне қазір қатты таң қалды. Бірақ сондағы алты-аяқ ешқандай киіз үйге айналмады. Қілем де төсөлінбеген. Ұқыпсыз түйдектеліп жинала салынған көрпе-жастық, іргеде ашық-шашық жатқан ыдыс-аяқ — бәрі мейманостықтан ада-куде құлазушылықтан өзге ештеңені сезіндірмейтін. Тек қолдан шабылған домбыраның ашты қүнге қаңқая қансып жатқанына дәті шыдамай аттан түсіп, көлеңкеге қойғаны бар-ды. Қейіннен сұрастырып білсе, сол алтыаяқ Шәріпбайдықі болып шықты. Сондағы елеусіз бірдене қазір аяулы қимас шағындағы етжүрегі елжіреп, босаң күй кешті.

— Эй, неғып тұрсың? Ерте күнді кеш қылатын болдың ғой.

Ту сыртынан үн қатқан кемпіріне: «бұл да маған пәле болды ғой» деді. Бір кезде апыл-ғұптың жүріп, үйге кірді. Есіктің көзінде анырып тұрып қалған кемпіріне де бөгелмегі. Не істемекші болып едім дегендей қақ ортада селтиіп тұрып барып, домбыраға кол созды. Ілгектен шығара алмай әлкеніп жатқанда:

— Оны не істейсің? — деген кемпіріне одырая қарады.

— Не істеуші едім, Нәрікбайдың зарын тартамын!

— Нәрікбай дегенің кім тағы?

— Менмін, — деп, айғайлап жіберді.

Кемпірі кенет домбыргыны жұлып алып, қолына ұстатты да, «Ал тартшы, тартқыш болсан» дегендей арқасын қабырғаға сүйеп тұрып қалды. Қанақожа әлденеден қолайсыздандығымен: «Осының түлей шалыстанған тұрысы-ай» деп қынжылып та қойды. «Бәрі құрып кетсінші» деді де аттап-пүттап барып төрге жайғасып, домбырасын онтайлап ұстады. Дың-дың дыбыстарға елітіп, ырғалып тербелे құлақ күйін ұзак келтірді. Кемпірін көзінің астымен бір сузіп өтіп, шіркінің мұндан кездегі санасыздау пошымына ашуы келгендей шанақты үсті-үстіне қағып-қағып жіберді. Енді болмаса шанақ шытынал қақ айрылып кететіндей азы саз домбыраның жоғарғы сағағында бебеу қақты. Саусақтары пернені қуалай келіп, төменгі тұста маймаңдай жорғалағанда шынылдаған нәзік әуен қоңыр қою дыбысқа біртіндең ұласты. Қанақожаның бидай өнді ажары ашаң тартып, қоңыр көзінің қарашықтары дег бірсіз ойнақшып, арагідік бір нүктеге кәдік кадалатындей. Он жағына шынтақтай жайғасқан ол әр түрлі саздың ырқымен бір сікейіп, бір шалқайғанда иегіндегі шоқша сақалынан болымсыз діріл білінеді. Анда-санда көзің кең ашқанда қызыл жиектенген шарасында кісі дәт қылып қарай алмайтын айбын бар. Санасында ілік-шатыс бірдеңелердің сұлбасы бір көрініп, бір ғайып болады. Кенет биік шоқының құлдиладан еңісі, құз шынырауда ирелендеп аққан бұлақ, са-мал желге қоғадай жапырылған көгорай шалғын, обадай шошайған алтыаяқ, елтірі бөрікті қисайта киіп қалғып-мұлгіп кетіп бара жатқан әлдекім, бәрінің кө-

ші-қоны түзуленіп, көз алдынан тізбектеле өте бастады. Екпінді қоңыр сазды мезетінде байсалды байып-ка көшіріп, байырқамастан баяу шертті. Сәт сайын қосамжарласқан шіңкілдек дыбыс жүйкесін жұлқып-жұлқып өтетіндей Қанақожаның денесі солқ-солқ етеді. Домбыраның қылша мойнын дедектетіп, секектеп-пей тыңнан тағы бір әуез іздеген Қанақожа көзін тарс жұмып алды. Осы жерден қайыру керек деген ішкі тоқтамына көнбекен шымырлаған үн бастапқы қоңыр сазға құйылыс тауып барып тынды.

Қанақожа бүктүскен қалпында ұзақ отырды. Бір кезде басын еппен көтергенде, жаулығының ұшымен көзін басып, тұншыға жылап отырған кемпірін көрді. «О, тоба, менің тартқан шалдыр-шатпағымның күші кемпірді жылатуға жеткені ме? Осыны әлгі Шәріpbайдың әртіс баласы көрсе онды-ақ болар еді-ау» деді. «Сейіткерім жарығым-ау, Нәрікбайдың зарын емес, өзімнің зарымды тартып отырмын саған» деді. Кемпірі жакқа көз қырығын тастав: «Жыла, жылай түс. Қатын деген халық қеуліндегісін жыласа да сыртқа шығара алады. Ерек жазған жылайын десе қатын емес, жыламайын десе күйік жеп барады» деп ойлады. Кемпірінің әлдене айтпаққа оқталған райын таныды. Жүзінен мұң-наладан гөрі ашу-ыза бүрк етіп шығып, көзіне баяғыдан таныс зәрлі уыт үялаған. «Мына бейбақ қайтеді?» деді іштей сескеніп.

— Эй, әлгі кураған күшінде қанышқа байға кетіп қалыпты. Кісі иісі жоқ жерге бармаса, бір айдан бері алдымыздан өтпей албасты басып жатыр деймісің.

Мынау не сандалып отыр дегендей Қанақожа аңтаң күйде. Кемпірінің өңіндегі манағы зіл-нала ізімғайым жоғалып, назары үркектеп жуаси қалғанына ашуы қатты қозды. «Қап, мына мыстан дымымды құртты-ау! Айтқан соң айта түспей ме, ақыры». Сөйлеуге демі жетпейтіндей көкірек тұсы қызынып барады. Әлдене деп тіл қатайын десе алқымына таскесек тығылғандай булығып, шарасы бітті. Қыздың жатжұрттық екені бесенеден белгілі. Алатаудай ағасы өліп жатқанда байға тиді дегені несі?! «Артынан бірдене ілесе ме деп атын әулиедей ғып Бағдат қойып едім».

— Саған тартқан опасыз болмаса ойламас па еді. — Сөздің жүйесі санасына енді жеткендей кемпірінің кө-

зінен ытқып-ытқып шыққан жас тарам-тарам сауда-  
ды. Солығын баса алмай өксіп-өксіп жылады.

— Жалғыз деп әздектетіл, әуектеткен де, қатары-  
нан қалмасын деп қалаға окуға жөнелткен де, бір ай-  
дан бері өлтірісін әкелдірмей ел-жұртқа қарабет қыл  
деген де мен бе? — деді.

Қәдік қарасынан танбай бөгелген Қанақожа кемпі-  
рінің сөзін салғырт тыңдаған күйі қабағын шытты.  
«Жә, жетті, зарламашы» деп қолын бір жасқап таста-  
ды. Іш дүниесінің қонылтақсып құлази қаңырап, өзегі  
өртеніп барады. Домбыраны бір шетке енді қажеті  
жоқ заттай ықылассыз қоя салды. Тумысында ба-  
сынан кешіп көрмеген тығырыққа таянып, енді одан  
шығудың жолын таппағандай сазарып отырды да қой-  
ды. Кемпірінің күнделікті қу күйбеніне түк болмаған-  
дай кірісіп кеткеніне де бір жағы таң. Жаңа ғана  
ағыл-тегіл жылаған адамға ұқсамайды. Лезде байыз  
табудың мұншалықты жосықсыздығына қайран қал-  
ды. «Сейіткерімнің өлімін қырқы өтпей жатып ұмы-  
тып, ана келін құсал жайтан қақса, Бағдат тәрізді  
күйеуге шығып кетіп жатса, сонда не болғанымыз?  
Пайғамбардың жасынан асқан мынаған не жорық? Әй,  
Сейіткерім жарығым-ай, Нәрікбайдың зарынан да күш-  
ті зар болып кетпесе неғылсын бұл». Пенде шіркіндер-  
дің көрген-баққаны бір бұл емес, ештеңе жоқ, бәрі  
ұмытылады дейтін өзімшілдіктің атамзаманғы сүрқай  
нобайын қосағының казіргі қалпынан анық байқаған-  
дай Қанақожа унсіз томырылды.

— Оразанды ашпаушы ма ең? — деген кемпірінің  
немкеттілеу үнінен басын жұлып алды. Сыңайындағы  
дәл қазіргі өзгерісті Бағдаттың күйеуге шыққанын  
осынша жасырып келіп, ақыры жөнін тауып айтып ты-  
нып, арқасынан бір жүк сыптырылып түскен женілдену-  
ге жорыды. Мынау қу жалғанда артыма тастаған тұл-  
дыр жоқ-ау деген ой көкейіне қапелімде келді. Мұның  
шәлкем-шалыс қылиланған кәдік қарасынан тіксінген-  
дей одырая қалған кемпірінің пішінінен баяғы түйсік-  
сіздікті андағандай шарасы бітіп, дымы құрығандай  
ауыр күрсінді. Элденеден секемі бардай кемпірі өзін  
состиып бағып түрғанын байқады. Шарасының жиек-  
терінен жалқынданған қызыл тал білінеді. «Айтпақ-  
шы, мына жазған жылаған сияқты еді-ау» деді кекесін-  
мен.

— Әй, шал, кешке дейін сазарып отырғанша, ана

ғой, — деп, жазған кемпір көнілі бордай егіліп, боздай жөнеледі. — Осыған дейін жан баласына тіс жарып, жақ ашпай келгей құпия сырды қазір сыртқа шығаратынынан қолайсызданғандай жүзі аяқ астынан түтіге күренітті. Көніл күйінің ауанына қарай тәңкеріле құбылған сэтте опырайған аузы аңқая ашылып, иегінің еркіне көнбей салбырап қалғаны анық байқалады.

Манадан бүрісіп отырған бір уыс шақшақай шал басын көтеріп алды да, кемпіріне сазарып ұзак телмірді. Бір болымсыз жайды ары ойлап, бері ойлап, ақыры есіне түсіре алмаған соң түніліп кеткендей биажат кейіпке көшті. Бір кезде көзіне қуақы ұшқын ұялай қалған шал кеңкілдеп күліп жіберді.

— Қызымыздың тілді ұмытып қалмай өстіп хат жазып тұрғанының өзін тәубе де.

Тосыла аңқайған кемпір қабағын күйзеле шытынып, жүзін бұрып әкетті. Қөрнеу жақтырмай қалғанын байқаған шал:

— Судан жеріген сиyrша тұмсығынды неге шүйіресің, ей, сен! — деді.

— Ой, жерге кіргір қақбас, — деп, кемпір естілер естілместей құңқ етті де, кенет дүрсе қойып, ұрса жөнелді. — Өз тілін ұмытып оған бірдене көрініп пе?! Қартайғанда сөйлемей тыныш қана отыра берсе қайтеді еken осы. Эй, шіркін, бұрынғының кісілері-ай! Қарап тұрсан шеттерінен әулие еken ғой.

Бәкісінің куысын сіреңке шиімен тазалауға көшкен шалдың бір уыс жүзінде ызбар атаулыдан түк жоқ, шұқылап шығарып жатқан шәйір тәрізді әлденеге бүкіл ықыласын аударған қалпынан байыпты жайбарақаттық аңғарылады.

— Әулие болса әулие шығар. Қырымың мен Қыыр Шығысы дегенінді білмей-ақ өтті ғой. Мәндібай деген кісі баяғыда мына тұрған Суықтебеге барып: «Ой-пырм-ой, жүре берсөң жер бітпейді еken» депті. Қызыдың арқасында көз көрмеген, құлақ естімеген жер мен суды көрдік. Ұлдың арқасында тоғыз қабат үйдің төбесіне шықтық. Соғысқа бара жатып баяғыла Наубай-сібірдің бағзалындей бағзал көрген жоқ дегенімнің бәрі бекер еken.

— Эй, жарықтық-ай, а, жер таусылмайды еken ғой дегенін қарашы, әулие ғой. — Осы әзірде ғана болған ренішті мұлде есінен тарс шығарып жіберген кемпір

сөзге емен-жарқын араласты. Ал шал бұған бірден елп ете түспеді.

— Соның бәрін көріп-біліп отырып, енді қалай сөйлемессің?!

Кемпірдің қаракүрең реңіне лыпып қан жүгірді. Етженді денесін ары-бері женіл қозғап, ұзак-сонар әңгіме айтатындаш бейілді шырайға көшті.

— Мына Балымның әкесі де әулие кісі еді ғой, жарықтық!

Шал әлденеден қалт тынды. Бір нүктеге шақшия қадалып қалған оның жат әллетінен шошына состиған кемпір аңыра қарап қалыпты.

— Ібырайымның сол Балымы да күйеуге алысқа кетпеп пе еді?

«Бар айтпағың осы ма еді» дегендей түніле күйініп кетті.

— Ой, жерге кіргір қақбас, — деді тағы да естілерестілмestей ғып.

— Саған бірдеңе көрінгелі отыр ма! — деді шал кенет даусын қатты шығарып.

— Біреудің қызының алысқа кеткенінде нең бар сенің?! Картайған кісі ештеңемен ісі жок отырмаушы ма еді.

— Шіркін, қазір алдында ыстық шай болып бетіңе шашып кеп жіберсе, қалың бетің шым етер ме еді, етпес пе еді, — деді шал сазара қараған күйі.

Ыстық шай бетіне шынымен-ақ шашылатындаш кемпірдің өні қашып, қараторы жүзі шұғыл ашаңдана бозарып кетті. Бұдан арғы әңгімеге құлқы шаппай қалған шал бір жамбастап қисая жатты. Осы кезде сыртқы есік шиқылдал ашылып, әлдекімдер дүсірлете кіріп келді. Кемпір тіктеле жөнделіп отырды. Шал жакқа көз киығын тастағанда оның лезде пысылдал үйқтап кеткенін көріп: «Осының-ақ үйқысы бітпейді екен» деді.

— Амансыз ба, апа, амансыз ба, ата, — деп саңқылдал шыққан дауысқа ернін бейілсіз ғана жыбырлатты. Шал да басын жұлып алды. Есіктің көзінде селтиіп тұрған үлкен келініне қызарған көзімен ұзак қарады. Шешесінің бауырына кіре түсіп тосырқап қалған немесе ресін көргенде өні жылып сала берді.

— Далдиған тұрысынан садағаң кетейін, бері келші!

— Иди, с дедушкой поздоровайся, — деп шешесі

иығынан болымсыз итергенде ғана кішкене бала қолын қақшита ұсынған күйі атасына тұра ұмтылды. Құшағына қатты қысып, маңдайынан, шашынан мейірлене іскеген шал:

— Өй, Сәдуқастікіндей салпиған дорба аузыңнан, Оташ сияқты алайып қарайтын көзіңнен айналайын, — деді.

— Қайдағыны қайдан шығарасың осы, Сәдуақасың да, Оташың да өзімен кетсін, — деді кемпірі.

Шал езуіне қуакы күлкі үйірген қалпы немересінің басынан құшырлана іскеп:

— Аузы он жерден салписа да Сәдуақас бір үйлі жанды асырап отыр де, анау алакөз Оташқа дейін бригадир болып ел басқарғалы қашан. Осы оқымысты болмай-ақ, салпыауыз Сәдуақасқа ұқсан бір үйдің иесі болсам жетіп жатыр деп айт, жүгір! — деді.

Кемпір бұл жолы шал жакқа бейілдене қарап саңқылдап күліп жіберді. Содан соң етженді денесімен үмсина түсіп:

— Әй, кел бері, сақалы сасық жаман шалға бетінді сүйгізгенше, әуелі маған келмейсің бе, — деп, өзіне қарай тартып, бауырына қысты. Содан кейін мандайынан құшырлана іскеп, бетінен шөпілдетіп сүйіп-сүйіп алды. Эжесінің ерні тиген тұсты немересінің алака-нымен қайта-қайта ыскылай бергенін манадан бағып отырған шал кеңкілдеп күліп жіберді.

— Далдам-ау, ку кемпір өзінді тістеп алғаннан сау ма?

Өні аяқ астынан кәдікшалыстынып күренітіп кеткен кемпір зәбір-жапаны жөнсіз шеккендей ұқыны қашып, көз жасына ерік берді.

— Мен өлмей қор қыламын ғой, өліп кетсем еken, сонда бәрін көрер ем.

Әлдебір нәрсені қарманғысы келгендей шал жанжағын сипаланып алды.

— Өлген соң көрдің не, көрмедің не, — деді. Даусы бір түрлі бәсек. Нұры тая қоймаған коңыр көзінің сұғын қосағының өңменіне ұзак қадаған қалпынан осы әзірде ғана мұләйімси мұсәпірсіген кескіннің дереу катуланып ала қойғанына таңырқай абдырағандық сезіледі.

— Сен бұларға бір күн түрмак бір сағат та сыймайсың, — кемпірдің аяқ астынан шыккан даусына зор келгендей қарлығып қалды.

— О, тоба-ай, десенші, жаңа ғана сап-сау сияқты еді, енді бірденепің шалығы тигендей өстетіні бар, — деді шал түціліп кеткендей басын шайқап. Бір кездे бойын ашу-ыза буын, сарайы сәл кешіксе тымырсықтанып бітеліп қалатындаі күшене айғайлап жіберді. — Өлем, өлем дегеннен басқа сен не білесін, өлмесең өмірем қап! — Содан жұлқынып тұрғанымен, бұгілген белін әрең жазды. Кілт еткен ауырсынғандықты сездіре қабағын кіржите шытып, сыртқа беттеді. Осы бір жайсыз әңгімеге өзін қатысты сезінген әлпетпен үлкен шешесінің тұсында басын салбырата жіберіп, сөлпіип тұрған ұлына жетіп келген келін үйріле төніп түсті.

— Жаным, жаным! — Қөп айдан бері қауышпай сағынышы асқынған кісіше ұлын ыстық құшағына алды. — Корқып қалдың ба, жаным? Сейчас с дедушкой на коне будешь кататься, парное молоко будешь пить.

Қанша уатып серпілтейін дегенмен ойын баласына лайықсыз берекеті қаша сүмпие бүріскен немересін сырттай бақылаған кемпір кенет мұның нағашы атасының аузынан түскендей аумай қалғанына қатты таңырқады. «Оңашада не десе о десін, мына келінсұмақтың көзінше тепсініп кеткені-ай, ана қақбастың» дегенде қаны басына шапты. Томырылған қалпынан шұғыл серпіліп, бойын жиып алды. Дүниені арғы-бергіден болжап, байылтайтын сарабдал кейіпке көшті. «Арғы тегіне тартпай қоймайды дегеннің түк өтірігі жок еken ғой» деді немересіне қарап отырған күйі. Көкейіндегісін оқып, тоқып тұрғандай бала әжесіне қарады. Ондайда аузы салпиып ашылып, екі нығы күшия бүріспін кетеді екен. Эбден теперіш көріп, көкірегі шерге толған күддү қамкөңіл баладай кенет өксіп-өксіп жылап жіберді.

— Арманчик, жаным, жылама, қазір сүт пісіріп беремін, қандай вкуснятина, — деп, шешесі ас бөлмеге қарай тұра жүгірді де, онда ұзак бөгелмestен қайта келді. — Апа, ыдыс атауының бәрі кір екен, тазаларын қайда қоюшы едіңіз?

Кескіні құқыл тартқан енесі бірден жауап қатпады. Келініне сазара қараған сайын ішкі діттеген ойының шүбесіз растығына көзі жете түсіп, қаракүрең шырайына бүрк етіп қан тепті.

— Мен ыдыс түрмәқ қу жанымды әрең алып жүрмін. Осылай ербиіп тұрған соң бәрі әшейін деп ойлайтын шығарсындар. Осының алдында ғана үш күн бойы нәр сызбай жатып қалдым. Мына көрші байғұстар болмаса, тіпті күн көретін түрім жоқ. Мына келінің көсегесі көгеретін-ақ жан. Бейшара-ай, десенші. Жұмыстан келді болды, сиырды да сауады, шайды да қайнатады. Бір жағынан мені мына қақбас та өлтіруге айналды. Қайдағы-жайдыны айтып сөйлей береңді, сөйлей береді. «Сенің тапқан балаларын» дей ме, кешке дейін айтатыны ана біреу салпыауыз Сәдуақас пен алакөз Оташ. — Сөзін кілт доғарған кемпір кеңлініне қараган қүйі: — Элгі қайда? — деді. «Әлгісі» кім тағы дегендей таң-тамаша болған келіні енесіне абдырай қарады. Содан соң ғана ұлын сұрап тұрғанын үғып:

— Автобустан түскен бетте-ақ, жолдастары күтіп тұр екен, солар ілестіріп әкетті,— деді.

— Құдай мені пенде ғып жаратпаған екен, бала таппаптын, тас тауыппын ғой мен, тас! — Кемпір күтпеген жерден айғайлап жіберді де, көзінің жасын сыйып-сығып алды. Боркеміктене жасып шыққан даусы біртіндеп қатая бастады. — Тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, толғатқан есіл еңбегім-ай, әшейін! «Апа, халің қалай болып жатыр?» деп сұрағанды бір білмейді. Шалдың сұры болса анау, алжыды. Құдайдың осының бәрін көрсетпей-ақ, алып-ақ кеткені жақсы еді! Элгі Жасұланды көріп тұрасың ба, оның қатыны доғдырға қаралып жүр деп еді, бірдеңе көтеретін түрі бар ма?

— Білмеймін, біз оларға бармаймыз, олар бізге келмейді.

Кемпір қалт тынды. Бағанадан жаулығын сыйрып, ақ шашын жайып тастан зар еніреп жылағанынан түк шықпағанына опынғандай келініне қабағын шытып, оқты көзін қадады.

— Айналайын, ыдыс дегенді білмеймін. Сүтті де шайға қататының қалдырып, қалғанын ана келін алып кетіп жүр. Енді қайтсін, шиеттей бала-шағалы, түстүсінан аузын ашқан балапандай есін алып жібереді. Сиырды өзі сауып, өзі пісірген соң, «алма» деп айта алмайды екенсін.

— Жүр, жаным, дәу апаның үйінен барып сут ішіп келейік, — деген шешесінің соңынан бала томпандалап ілесе жөнелді.

Қатқан қара келінің қайқайып алып, бұрала басып бара жатқанына таңырқаулы кейіпте аңыра қарған кемпір әлдене айтпақ болған райынан тез қайты. «Әй, бұл текке тартпай қоймайды дегеннің өтірігі жоқ екен-ау» дегенді ойлап ішінен тынды.

Сырттағы уақ малды жайғап, шал үйге кірді. Босағаға таман аяғын созып жіберіп жатқан кемпірінің тұсынан іркіліп барып аттап, төрге озды да малдасын құра бүгжиіп отырды. Әуелі тиянақ таптай жан-жағын алақ-жұлақ қаранды. Қекейіне тыңдан бір ой қонақтағандай бір нүктеге сазарып ұзак қадалды. Ақыры одан да жалырып, бір қырына қарай қисайып жатты да мызғып кетті. Бір кездे елегзи оянып, көңілі ала-бұрта бастады. Назарын еріксіз кемпіріне тоқтата:

— Жаңағы келін бір жаққа кеткен бе? — деп сұрады. Еш дыбыс болмаған соң томырылып отырды да қойды. Арбиған ағаш шкафқа көзі түскенде: «Нәсілі басқа болса да Степан бейшара көршілікке жақсы-ақ еді». Баяғыда бұлардың балалары түрмай өле берген соң Степан: «Бастарың жерге жеткен кәрі емессіндер, басқа жаққа қоныс аударып көрсөндерші» деген. Амалы қайсы, оған да барды. Бәлкім, соның да бір себі тиғен шығар, әйтеуір, қарайып мыналар көрінді. Содан бұлар тіл-көзден аман болсын деп сыртта бес-алты жыл жүріп қалды. Қайтып көшіп келген жылы Степан ұзамай өлетінін білді ме, «көзімдей көріп жүр» деп осы шкафты жасап берген еді. Шалдың қекірек тұсы әлденеден түсініксіз сыздал өтті. Бір қызу от шарпып өткендей өзегі шым ете қалды. Сол шым ете қалған жердің орны ұлғая жайылып, әл-дәрмені бітіп бара жатқандай тұла бойы сүлесок тартты. Кемпірінің нақ осы сәтте қекірегін қарс айыра терең күрсінгенінен селк ете түсті де, арқасын қабырғаға бере шалқалап отырды. Балаларының баяғыда мектепте оқып жүргенде жаратқан кітаптарына қайта-қайта назары түсе берді. Ақыры бірін суырып алды да, құлықсыз парактап, аударыстыра бастады. Ирі ғаріптерді бір кезде ежіктеп оқып, «омыртқалы» деген сөзді әрең құрастырып шықты. Эр паракты абайлап ашқан шал ұшырасқан суретке кідірістей берді.

— Сүмдық-ау, мынау не қылған қаптап кеткен жылан, — дегенде даусының шәлкем-шалыс шығып кеткенін өзі де сезбеді.

Басын оқыс жұлдып алған кемпір қаннен-қаперсіз отырған шалға бірауық сүзіле қарады. «Жылан» деген пәлені қайдан ғана шығарып отыр дегендей. Кемпірінің бұл әллетін шал сезбеді. Осының алдында ғана қоңылтақ күй кешкенін есінен мұлде шығарып та жіберді.

— Мынау баяғыда Белғактан көп ұшырасатын көкбас-ау, а. Қаратастың сарыбас, қызылбастарына дейін әкеліп қойыпты ғой. Шал өзімен-өзі сөйлеп, даусын қамсыз созады. — Ойпырым, мынау білезіктей бір-ақ қарысы баяғы жылан патшасы Шахмаранның өзі болып жүрмесін. Әке мен шешеден жүрдай айрылып, тұлдыр жетім қалған әлгі Жамсап деген бала өзінің кебін құшқан бір-екі құрбысымен тезек теріп журмей ме...

Кемпір басын көтерінкіреп, жайланаپ жатты. Шартта жүгініп, кітапқа шүқшиған шал алдындағы парактан керемет құпия сыр аулағандай сол төніп отырған қалпынан бір өзгермеді.

— Бір күні сол бала жай жатқан қойтасты аударып қалса астынан бал шығады. Соны базарға апарап сатып, күндерін көре бастайды. Күн сайын ала берген соң тамтығы қала ма, әлгі жер екі кісінің болынан асатын шүңқырга айналады. Қалған-құтқан балды алып шығу үшін әлгілер Жамсапты түсіреді. Ол жазған шелекке сыпрып-сирып салып береді де, арқанды жөнелтеді. Содан аналар жөндеріне тайып тұрады. Әрі айғайлап, бері айғайлап Жамсап қалады. Жалынып, жалбарынғанмен не пайда, жаман жолдас деген сол. Бір күн жатады, екі күн жатады, еш қайран жоқ. Бір кезде қараса саңылау пайда болып, панаардың жарығындай от көрінеді. Не қылған от, не қылған жарық, оны бала қайдан білсін, қайткен күнде содан көз жазып қалмауды ойлайды. Жолдың қайдан пайда бола кеткенін де білмейді, әйтеуір, сол жарықтан қалмай жүреді де отырады. Бір кезде қараса, қаптаған айдаһардың, ықсырған жыланның тура үстінен шығады. Нөкерлері бәрі бәтуаласып келіп, жанағы Жамсапты өздерінің патшасына ертіп апарады. Неше түрлі ноян айдаһар, жалмауыздарына қарағанда бұлардың патшасы бір-ақ тұтам бірдене екен.

— Ойпырмай, а, жарықтық, — деп, кемпір еріксіз дауыстап қалды.

— Е, ажалым, жеткен екенсің-ау, а, — депті сонда әлгі. — Иә, адамзат баласы, қайдан жүрсін? Жөнінді айт, — дегенде Жамсап бейшарада жан қала ма, осылай деп бәрін қалдырмай баяндап беріпті. Содан Жамсап, не керек, жылан патшасы Шахмаранмен жеті жыл жолдас болыпты, жеті жыл жердің астында журіпті. «Адамзат баласына қайтайын деп қыңқылдан болмаған соң, Шахмардан Жамсапты ақыры жіберіпті. Мұнда келсе сол баяғы өзі көрген тіршілігі екен. Кімнің қайда болып, не істеп, не қоятынын біле беретін заман ба ол. Жамсап та келе салып, күн көрістің қамына кірісп кетеді. Күндердің күні болғанда осы елдің ханы қатерлі дертке үшырайды. Дүниедегі әулие дейтін өмші, домшы, тәуіптердің түгін қоймай қаратқанмен, ештеңе шықпайды. Сонда біреу: «хан жылан патшасы Шахмаранның сорпасын ішкенде ғана жазылады» дейді. «Оны қайдан табамыз?» демей ме сонда. «Шахмаранды көрген адамның кеудесі жыландақіндей шұбарала болады» депті. Содан еңбектеген баладан бастап, еңкейген шалға дейін қарап шықпай ма. Ешкімнің кеудесі ондай емес. «Біреу-міреу ескерусіз қалған шығар, ойлап көріңдерші» дейді. Сонда біреу қарап түрмай: «Әлгі отынши Жамсап қайда кеткен?» демесі бар ма. Айтқанында, бәрі жетіп келіп қараса, Жамсақенің кеудесі жыландақіндей шұбарала екен. «Жөнінді айт, әйтпесе басынды аламыз» дейді. Қу жаннан өткен тәтті не бар, ештеңесін қалдырмай айтып береді. Сөйтіп Шахмаранға түскен жонға бәрін бастап алып келеді. Сонда бір сиқыршы бір күн оқып арбайды, екі күн оқып арбайды, үшінші күн дегенде алтын табаққа салынып Шахмаран шығады. Адамзат баласының арасынан баяғы Жамсапты бірден тани кетеді.

— О, батырекесі, ешкімге айтпаймын деген уәдең қайда? — дейді Шахмаран. Жамсап жылап-еніреп болған жайды баяндап береді. Адамзат баласы опасызын дәмеп пе ем, сонда-ақ ажалым сенен, біржола өлтіріп кет дегенім қайда!» деп дүрсө қойған Шахан: «онда бопты» дейді ғой. «Бірінші сорпамды сиқыршыға бер, екіншісін өзің іш, үшіншісін ханға бер» депті. Айтқанын бүлжытпай орындаиды. Сиқыршы да, хан да сеслей қатады. Ал бұл Шахмаранның екінші сорпасын ішкенде аяқ астынан шөптің де, судың да, оттың, жанжануардың — бәрінің тілін билетін болып шыға келеді.

— Алда жарықтық-ай, өткендердің бәрі шеттерінен әулие болған ғой, — деді кемпір бір түрлі тұшынбай қалғандай тамсана түсіп.

...Баяғы өткен заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың әлпештеп өсірген екі ұл, екі қызы бар екен. Екі ұлы Алматы дейтін үлкен шаһарда тұрыпты. Ал қызының үлкені Қиыр Шығысқа, кішісі Қырым жаққа күйеуге шырыпты. Қиыр Шығыстағы қыздары көзінің жасын көлдетіп отырып, әкесі мен шешесіне үзіліп түсердегі үздігіп жазатын хатын әлі доғармаған көрінеді.

## ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУШЫ

Ауаткомның жерге орналастыруши бөлімінің бастығы Шормақов дембелше, жүріс-тұрысы ылдым-жылдым, кимылды ширак, мінезі шалт кісі. Жарықшақтанған даусы үнемі қатқыл, нығыз шығады. Ұшқын атып тұратын өткір қой көзін тік қадайды. Шолактау мұрлын делдиңкі, қараторы дөңгелек жүзі төтенше ойдың әсерінен күренітіп тұратын секілді. Азан шақырып қойған аты — Мұхамеджан, ал оны жүрт біле ме, білмей ме, шаруасы жоқ. Шореке десе де, Мұқа десе де бәрібір. Тіпті қатын-қалашқа дейін мұны қолымен жаратып алғандай Шормақов, Шормақов деп тақ-тақ еткеніне морт кетіп, шарт сынyp жатқан және бұл жоқ. Ағайын-тұғанның, жора-жолдас, дос-жаранның кей-кейде Шормақов дейтіндеріне не жорық.

Совет әкіметі орнағалы қай заман. Бірақ мына колхоз, совхоздың арасындағы жер дауынан да жаман. Мұның бәріне көндігіп, еті өліп кетті деген күнде де, бұл жолғының беталысынан көңілі әжептеуір қобалжулы. Бірнеше күннен бері «Октябрь» совхозының директоры мұны орағытып, тікелей ауаткомның председателіне барып жүргенін біледі. Ал өзі туып өскен колхоздың председателі Кенес қана жоғары жаққа бармастан тұра мұның алдына келді. Мал ашуы — жан ашуы дегенге сайды ма, Кенес сөзді күйқылжытпай бірден бастады.

— Мұхамеджан, осы қызметте ес біліп, етегінді жапқалы бері отырсың. Содан бергі уақытта ауылға бір жақаттығың тиіп көрді ме, айтшы! Төсте «Октябрь-

ден» көресіні көрсек, төменде «Қырық жылдығын» мен «Көкөзегің» қыстауымыздың өрісін түк қоймай жеп бітеді. Бәрі сенің қаламыңың ұшында тұрған жоқ па, ал енді ол бір мезгіл неге бізге қарай қисаймайды, осы?

Кеңес сөйлегенде бір тәтті тағамды лебімен үйіретіндей аузын шүйіре қоятын әдеті еді, бұл жолы ерні дүрдіңкі. Қунақ жылтырайтын қоңыр көзінен уытты ұшқын ойнақшып, қазанның түп күйесіндей қара қошқыл өні түтігіп кетті.

— Мемлекеттің жеріне қалам ұшы журмейді, Кеңес, оны өзің менен де жақсы білесін. Жер оның үстінен атамзаманда кесіліп, шекара белгіленіп қойған.

— Өзін туып өскен колхозыңа бүйрегің бүрмай-ақ койсын, мейлің. Бірақ «Октябрьдегі» койын, «Қырық жылдықтағы» сиырың бізде де бар. Кішкене жан ашу деген бола ма, болмай ма өзі? Жоқ, «өзі болған қыз төркінің танымай кететіннің» кері ме мынауын?

Кеңес дес бермей үстемелетіп барады. Әлденеге тамсанғандай аузын әнтек шүйіре бастағанын да аңғарды. Шормақов сасып-салбырап, күты қашқандай сезінді.

— Мұндай мәселеге ағайыншылық жүрмейді. Жақын күндерде арнайы комиссия шықпақ, сонда анықканығын айтады, — басқа косып-алатын ештенем жоқ дегендегі алдындағы қағаздарына шүқшия қалды. Бірақ ойы сан-сакты шарлап үлгерді. Оң комиссия шықса да «Көкөзек» колхозына еш үлес тимейтінін біліп-ақ отыр. Соғыстан біраз бұрын әр шаруашылыққа жер кесіліп беріліп еді. Кейіннен «Көкөзектен» басқа колхоздың бәрі іріленіп, совхозға айналды, сөйтіп аумағын әжептеуір кеңейтіп алған-ды. Сондықтан бәрібір заң «Октябрь» жағында.

Алдында отырған Кеңестің амалы таусылды-ау шамасы, мұның үстелінің жақтауына колымен сүйеніп, тұралап көтерілгенде, тұкті борбиған саусақтарынан тіксініп қалған Шормақов адырая қарады. Әлдене айтпаққа оқталған райынан тез қайтып, Шормақовтан біржола түніліп кеткендей қабағын шыта сыртқа шығып кетті.

Шормақовтың бүйрегі «Көкөзекке» бүрмайды емес, бұрады. Қәнілінде бәрі сайрап тұрса да, «бір нәрсені ескермей қалған шығармын» деген үмітпен архив до-

кумситтерін алдырып, қарастырып көрді. Коллективтегіндіруге дейін Серектасты осындағы бір азын-аулақ ел қоныстапты. Кейіннен оның бір жағы Октябрьге, бір жағы Ерназарға беріліпті. Сондағы Ерназары қазіргі «Қекөзек». «Осыны Қеңес білмейді емес, біледі. Әшейін қараниеттілікке салынып отыр» деді.

Бір жаққа жолаушы жүретіндегі бүгін қызметіне алып-ұшып келді. Орнына отырар-отырмастан суырмаларды бір-бір ақтарып шықты. Бір шетке қаттап жиып қойған кешегі архив документтеріне абайсызда көзі түскенде бейтаныс біреу ту сыртынан қадалып түргандай тұла бойы тіксіне шымырлап өтті. Сесті азаматтың порымы емес, сыны келісімсіз Қеңес секілді біреудің қыр көрсеткеніне қатты ұқсайды. «Адамның ойна не болса сол келе береді екен ғой» деп еріксіз мырс етіп құліп жіберді. «Бүгінге өзі не белгілеп қойды екем?» деп іс қағаздарын аударыстырып көрді. Үнтимақ пен Бірлік дейтін ауылдың Қырықжылдықтың құрамына кіргелі қашан, бірақ соның ар жақ, бер жақтарына көрші шаруашылықтар көз алартатын көрінеді. Шормақовқа адам, жер, шаруашылық бір-бірінен ажырамайтын біртұтас ұғымға айналып кеткендей. Тек бір қонылтақсыған сезім көңіліне ондырмай сызат түсіріп, түсініксіз қамығатын күйге ұрындырып жүр. Осы кезде сол жақ бұрыштағы екі құлағы қалқайыңқы, трубкасы кешегі Қеңестің қолдарындағы борбиған қара телефон шошып оянған нәрестедей шар ете қалды. «Антүрган сонша неге толып кеткен?» деп ойлап үлгерді. Жалма-жан құлағына апарып, «алло» дегенді асығып-аптығып айтты. «Шормақович» деген салмақты да сызданған дауысты бірден таныды.

— Иә, Валентин Григорьевич, тыңдалп түрмын.

— «Қекөзек» пен «Октябрьдің» арасындағы жер дауын қашан шешейін деп отырсыз? Арнайы комиссия жасактауды үйғарған сияқты едік.

— Валентин Григорьевич, — дегенді Шормақов күшініп айтты ма, жоқ, ішкі ойын сыртқа шығарар кезде толқыды ма, өні тұтас күренітіп кетті. — Бір дауға бола сонша адамды жұмысынан қол үздіргенде не шығады. Ол жердің кімдікі екенін, қай кезде қалай болғанын мен жақсы білемін. Егер ұлықсат етсеңіз, ертең барып реттеп келейін.

— Мейлініз, — деп, ауатком председателі трубканы қоя салды.

Шормақов ісінے қызу кірісіп кетті. «Сонымен Бірлік дең Ынтымақ. Так...» деп ойлағанша болған жок, жыл-миған біреу монтаисып имене кірді. Сопактау пішінінде көз тиянақтайтын бір бұдыр жоқ, жып-жылтыр. Тек салбыраңқы қап-қара мұрты қияптына салмақтылық беріп түргандай. Қісіге діттеп қарағанда көз аясынан қызылт нұр жылт-жылт білінеді екен.

— Шореке, мен мына Октябрьдің қой фермасының менгерушісімін. Жаңа Әлекең сізді бір топ кісімен ертең шығады деп айтты. Жер шалғай, жол бойындағы Қопаға бір үйді дайындаймыз. Асықпай түстенесіздер ғой, — деп әнтек езу тартты.

Мынаның Шореке дегені Шормақовтың қаперіне қіріп те шықпады. Тек жымықы жымысынан сектем ала аңырған сыңайда сәл бөгелді де қабағын шытты.

— Ешқандай комиссия бармайды, менің өзім реттейтін болдым. Так что, ештеңеге әуре болудың қажеті жоқ.

Ферма менгерушісі түкке түсінсем бүйірмасын дегендей қас-қабағын таңырқай керді. Есіктің тұтқасынан ұстап барып, қолын қайта тартып алды. Әлдене айтпаққа оқталғанмен санда бар, санатта жоқ жер бөлушінің дәл қазір дәурені жүріп түрганы, әйтпесе бүйтіп шолжандатар ма едім деген кейілте сыртқа шығып кетті.

«Газ —69» машинасының үрмалы-соқпалы жүрісін елең қылмай шайқатылған Шормақовтың көзі тарс жұмулы, бірақ ойы шартарапты шарлап шарқ үруда. Туған ауылының ісі өрге бір баспай қойды. Бастықта құтаймады. Осы Кеңес барғанда бір қуанған кісі Шормақов еді. Бәрін бірдей дөңгелентіп әкетпесе де елді ауыз бірлікке шақырап деген. Бұл адам о баста аклейіл болмаған соң қын екен. Дүниенің бәрі Серектаста түргандай ал кеп дауласты. Одан да шөбін шауып, мол жинап алмай ма, қыстау-қыстаудағы корасын жөндемей ме. Мұны айтсаң шалқасынан түсер. Сені де біздің ауылдың азаматы деп аузымызды алты қарыс кереміз ғой, қайтейік дер. Шормақов жөнделе жиналып отырды. Енді қазір Кеңестің өзі бастап, ел қостап мұны ортаға алып шыжғырады ғой. Шормақов шын сасайын деді. Кенет соғыстың алдында Серектасты Қызылсайына дейін жаяу шарлағанын есіне алды. Тәбе-тәбеле өз қолымен орнатқан обаларын ойша са-

нап шықты. Жаман Антон атанип кеткен көмекшісі екеуі осы төніректе шарламаған жері жоқ. Апрыай, сол Антон, ұмытпасам, Серектастағы орнатқан обаға бос шөлмекті бірге көміп еді. Сонда бірдене айтқан, онны есте қалмапты. Қырық жылдан кейін түкке тұрмайтын бос шөлмекті Шормақов далба тұтқанына еш қорынбады, қайта Антон бейшараның әруағына қатты разы болып келеді.

Жол-жөнекей Қопа станциясының асханасынан шофер екеуі тамақ ішті. Тағы да ет пісірім уақыттай жүріп отырып, Қызылсайға тақады. Қаптаған шилі өзекті таспадай тілген қасқа жолда кезіккен әр дөн, белеске қайта-қайта алданып, көз мөрімен мөлшерлеген нысанасынан жаңылып қала береді. Қамшылар жағындағы тізілген шоқыларды омыраулай бекінген қызығылт сүр жақпар тастандардың саудырай қаңсыған құрғақ түстерінен Шормақовтың кенезесі кеуіп, көнілі елегзігендей болды. Қүнгей қапталдың жыра-жыралағындағы арагідік көзге шалынатын жыпырлаған қорым тастандардың мұншалықты көптігіне таңырқай қарайды. Кенет жүрек тұсы әлденеден шым ете түсті. Мынау күз мезгіліндегі сүрқай өңірде сәл шыдалп бақса бір қимас нәрсесімен қайта ұшырасатындей алыш-ұшты. Соғыска дейін де, одан оралып, қайта қызметке кіріскеnde де, жарықтық Қызылсай ойласа бір өзгеріп қоймапты. Енді оны біреу келіп «Октябрьдікі», біреу «Көкөзектікі» дейді. Осы кездे шилі өзектің артында үйіріліп қалып бара жатқанын байқады. Бойын дереу жиып ала қойып, тас түйін отырды. Қарсы алдындағы дөңнен асса, ар жағы — Серектас. Айтқанындей, көз ұшындағы шоқының басына баяғыда Антон екеуі орнатқан оба, баурайындағы Көкбастау көзіне оттай басылды. Сол маңайға жиылған адамдардың мол қарасын көргенде Шормақовтың жүрегі жиі-жиі сокты.

Елді көрсе елірме жыны бар ма, жоқ, қойшылардың қыр-сырын жақсы біле ме, шофер машинасын зуылдатқаннан зуылдатып отырып, топырлаған жүрттың қастарына келіп бір-ақ тоқтады. Малшы қауымның қазақы момақан нышандарында келген дөкейің осы ма дейтін сыншыл байыптылық бардай. Андал қараса, өз ауылдастары түгел бір жағына іріктеліп шығыпты. Ал Октябрьдің бірқатар адамдары бұған жұстаныс екен. Бұлардың тек ата қаздай қоқып шеткерірек

тұрған директорының сыйайын суқаны сүймей қалды. Амандасудың реті осы дегендегі ерніп болымсыз жыбырлатты да койды. Көп нәрсөні ерен саңай бермейтін Шормақов бұған әжептеуір китықты. Тек кешегі ферма менгерушісімін деген мұрттының әлденеден десіңдей қайтқан ба, директорының жаңында тәменшіктерен күйі құр солбырайып қана тұр. Қазанның тұп күйесіндегі Кенес өнінің күреңіте сұрланып алғанын Шормақов тіпті елемеді. Елмен жағалата қол беріп амандасып шықты. Мына қаба сақалды шұбар бет қария жамағайын, ұсқынынан жас кезінен бері бір жылылық сезбейтін. Қазір де мұны бір түрлі сыртымен бағып тұрғандай сұық. Қайнылары ақ жеңеше деп атап кеткен сом бітімді қартаң әйел баяғы бір еркіндігіне салынып, базынасын жеткізіп үлгерді.

— Бәлшебек қайным-ау, сенің төбең көрінгеннен-ақ куанып жатырмыз. Мына жоғарғы ауыл жерімізден кумакшы. Әйтеуір, азамат біздікі, бір жағына шығарар деген дәмеміз де жоқ емес, оны несіне жасырайық.

Шормақов ақ жеңешесін бір түрлі жатырқап қалғандай қадалды. Октябрьліктерге көз қиығын амалсыз тастанады. Олардың да ақсақал, көксақалына дейін өзін бағатынын байқады. Қырғыз қалпакты, шоқша сақалды қағылез қария осылардың сұрқылтайы-ау, шамасы, қамшысын екі бүктей шарта жүгіне жеткірінді.

— Эй, қатын! — деді. Шанқылдаған жіңішке даусы сондай ацы екен. — «Қанына тартпағанның қарысынсын» дегенің бе, бұл. Шормақовтан да жоғары өкімет бар шығар. Жоқ, Қекөзекке еркегі тұрып, қатыны сөйлейтін заман туған ба?

— Эй, теке сақал неме, өліп кетсен де Шормақов біздің адам, — ақ жеңесі бүйірін таяна сала шаптығып барып, сап басылды. Бұған көз қиығын қадап, қолымен бетін жыртты. — Ойбуу, ана біреуге сөйлеймін деп журіп, жәкемнің атын атап қойыптын ғой, — деп, жорта қымсынып, қалың топтың арасына қарай қойып кетті. Бірақ бұған селт етіп, ешкім езу тартпады. Бәрі Шормақовты анталай қараған күйі тұр. Қандай даудамай болсын, ел-елдігін істемей қоймаушы ма еді, бірін-бірі қағытып, қажайтын құрдастық та, көне көздердің алыс-жақынды болжайтын әнгімесі де — бәрі пышақkestі тыйылыпты. Сөздің төркіні қайда ауып бара жатқанын қалт жібермей сезіп, әлденедей күн ту-

са өре тұруға сақадай-сай өңкей тас-түйін кейіп. Шормақов шын састы, бірақ сыр бермеуге тырысын:

— Ау, ағайын, — деді. — Бұл жерді соғыстың алдында бөлгендегі бір мүшесі мына мен болғам. Оған құр арам тер болып қайтесіндер, одан да жөнге көшелік те. — Шормақовтың танауы делдиіл, шеке тамырлары адырая дәңгелек жүзі күп-күрең тартты. — Жер Октябрьдікі, одан басқа мен ештеңе білмеймін, — деп сөзін шорт қайырды.

— Ой, азаматтың кошқары! — деп, октябрліктер қопандаса қауқылдасып қалды.

Қекөзектіктер күжілдесіп барып, сілтідей тынды. Мынауың не әлемет дегендегі жүздерінде таңырқау да, абыржу да бар. Бір орнында тапжылмай қалшиып тұрған Кенес кенет Шормақовтың алдына жетіп келді. Қазанның тұп күйесіндей қап-кара кескіні отка қақталғандай:

— Эй, безбилет, ана Рахымжанов аузынды майлап қойған ғой, сенің. Эйтпесе, — дей беріп тұтығып қалды.

— Мұны Ботағараның әруағы ұрайын деп жүр екен, — деп, шұбар бет қария сөзге араласты.

— Шормақов, Шормақов деп аспан-сайбақ қылғандағыларың осы ма! — деп, тағы біреу дауыстап қалды.

Басы шынылдалап кеткен Шормақовтың анау шетте миығынан құліп тұрған Октябрь совхозының директорына көзі ерексіз түсті. «Жұртым-ау, түбіртекте солай» деп түсіндіріп жатуға уақыты жоқтай асығып-аптығып кетті де, Кенеске:

— Мен емес, сен — безбилет. Мен өліп кетсем де нанымды адал тауып жеймін, — деп, жұдырығымен төсін койғылап жіберді.

Мынау қайтеді дегендегі Кенес аңыра тосылып қалды. Қалған қекөзектіктер де шырылдаған Шормақовтың қалпынан бір нәрсенің жай-жапсарын байытап, не де болса ақырын күтүге бекінген ұстамдылыққа көшті.

Шормақов та сабасына түскендей көрінгенімен, айналасына алақ-жұлак қарап, тиянақ таппай Кенеске назарын қайта тікті.

— Маған сенбесендер, анау обаның астында осыдан қырық жыл бұрын көмілген бөтелке бар, егер ол табылmasa маған сын болсын, — деп, шұғыл бұрылды да машинаға келіп отырды. Өзіне таңырқай қараған шо-

ферға жүр деп ым қақты. Жұырманда ымыраға келе қоймайтын адамдардың тұксиген-тұксиген сұық кейіптері анау, бұлардан ат-тонын ала қашқандай болғақ Шормақов мынау, біріне де түсінбекен шофер таң-тамаша. Ал оның не ойлағанында еш шаруасы жоқ Шормақов көзін тарс жұмып алғып, орындықта шалқая ырғатылып отыр. Бір жаққа жолаушылап шығып, иесі ақыры тізгінді еркіне қоя берген аттай машина аудан орталығына тоқтаусыз заулады. Тек бір рет қана Шормақов артына жаймен бұрылып қарады. Сөйтсе, жаңағы топ әлі тарқамапты. «Дәу де болса жаңағы өзі айтқан бөтелкеге жүгінген екен ғой» деп түйді.

Шормақов ұзақ жолдан шаршап-шалдығып үйіне түнде бір-ақ жетті. Жұынып-шайынып тамағын ішті. Кішкене серуендер қайтқан соң төсегіне құлағаны сол еді, ештеңенің ретімен санаспайтын кенже ұлы мұның үстіне баса-көктеп кірді.

— Қеке, сізді сыртта бір кісі шақырып тұр, — деді де, тапырактап жүгіріп шығып кетті. Ол не қылған кісі деп сұрап та үлгермеді. «Тағы не пәле болып қалды» деп ойлады киініп жатып. «Сол Кенес-ақ, басқа кім дейсің, елді, жерді айтып бір тұқыртып алғысы келген шығар».

Есіктің алдына келіп тұрган жүк машинасының кабинасынан екі адам қарғып-қарғып түсті.

— Оу, Мұқа, Серектастан ай-шайға қарамай тіке тартып отырдыңыз. Жұрт сіздің айтқан бөтелкенізді тауып алғып, жағаларын ұстап жатыр. Сіздің соңынызды ала біз де шығып ек, оны-мұны шаруаларды тындырғанша кешігіп қалдық. Элекен балаларыңызға көже-қатық болсын деп бір-екі қой, сатып ішкенше деп бір мөшек үн беріп жіберді.— Лыпыл қағып тұрганды кешегі қой фермасының менгерушісіне жорыды.

Шормақов состыып тұрып қалды. Қенет мынаның өзін анықтап қарап алайыншы дегендегі ферма менгерушісіне еңкейіп:

— Немене, қой мен үн Рахымжановтың әкесінің қазынасынан ба екен? Қөзіме көрінбей қараңды өшір қазір! — деп, Шормақов қатты айғайлап жіберді. Сасып-салбыраС қипақтаған ананың аузына «енди-енди» дегеннен басқа сөз түспеді. Шормақовтың ашулы кейпінен шошынғандай ферма менгерушісі машина есігінің тұтқасын қармана бергені сол еді: — Эй, сен бері

келші, — деген жерге орналастырушының өктем даусынан қалт тоқтады. — Сен ана Рахымжановқа, «Шормақов өмірін адал өткізуді ұйғарған екен, солай болады» деп айтып бар! Өзіннің дә ол есінде болсын, білдің бе!

— Макұл, Мұқа, макұл! — дегенді анау да әлденеден жазып қалатындағы асығыс айтты.

— Олай болса, бар! — деп, Шормақов қолын шошаң өткізе сілтеп қалды.

Үйдің ауласынан машина бұрынды-сонды осылай шүғыл бұрылмайтын. Үлкен жолға қосылғанша үяттан өртеніп кете жаздағандай артқы фары үздіксіз жылтжылт етіп барады. Ал Шормақов машина көзден тайғанша тапжылмай тұрды, тек көрінбей кеткен соңғана үйіне беттеді.

## МАЗМУНЫ

### ПОВЕСТЕР

ЖАЛА МЕН НАЛА . . . . .	4
ШАЛ МЕН ЖЫЛКЫ . . . . .	140
ҚҰРАЛАЙДЫН САЛҚЫНЫ . . . . .	140
АСПАНҚОРА . . . . .	179/
ҰЯБҰЗАР . . . . .	214

### ӘҢГІМЕЛЕР

ҮИ МЕН ТҮЗ . . . . .	256
ҚОНЫР . . . . .	264
ӨМІР ЕРТЕГІСІ . . . . .	276
ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУШЫ . . . . .	285

**Литературно-художественное издание**  
**ЖУМАБАЙ ШАШТАЙУЛЫ**  
**НАВЕТ И ОБИДА**  
**Повести и рассказы**  
**(На казахском языке)**

Редакторы *Ж. Кепебаев*  
Суретшісі *А. Садуақасов*  
Көркемдеуші редакторы *Ә. Тілеулиев*  
Техникалық редакторы *Р. Винокурова*  
Корректоры *Л. Асенова*

ИБ № 4300

Теруге 4.10.89 жіберілді. Басуга 23.02.90 қол койылды.  
УГ 15038. Форматы 84×108<sup>1/32</sup>. Қазазы тип. № 2. Қаріп түрі «әдеби». Шығынды басылыш. Шартты баспа табагы 15,54. Есептік басылу табагы 16,5. Шартты бояу көлемі 16,32. Тиражы 20000 дана. Заказ № 2240.

Бағасы 1 с. 30 тиши.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық касіпорындары өндірістік бірлестігінің Полиграфкомбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41-үй.

## **Шаштайұлы Ж.**

**Ш 32 Жала мен нала: Повестер мен әңгімелер.—  
Алматы: Жалын, 1990.—296 бет.**

**ISBN 5—610—00606—6**

Жұмабай Шаштайұлы жаңа шығармаларында ел тарихындағы «ақтандықтарға» бүгінгі замандастарымыздың көзімен қарайды, үрпақ жалғастығын тілге тиек етеді. Бір кездегі бұрманланған шындықтарды автор өзіндік шеберлікпен бейнелі жеткізуге тырысқан.

**Ш 4702250201—65  
408(05)90 18—90**

**ББК 84 Қаз7—44**

**ISBN 5-610-00606-6**

I C. 30 1.